

Қарлыға Мысаева



**КАСЫМ КАЙСЕНОВТИН
ӘСКЕРИ ПУБЛИЦИСТИКАСЫ**



Қарлыға Мысаева

**ҚАСЫМ ҚАЙСЕНОВТІҢ
ӘСКЕРИ ПУБЛИЦИСТИКАСЫ**



Қарлыға Мысаева

ASES KONGRE ORGANİZASYON VE YAYINCILIK

Kanununun hükümlerine göre kitabı yayınlanan yayınevinin izni olmaksızın elektronik, mekanik, fotokopi veya herhangi bir kayıt sistemi ile çoğaltılamaz, kısmen veya tamamen

Yayımlanamaz, depolanamaz.

Basım Tarihi: 2026

ISBN: 978-625-93467-5-5

**ҚАСЫМ ҚАЙСЕНОВТІҢ
ӘСКЕРИ ПУБЛИЦИСТИКАСЫ**

(монография)

Baskı, Yayım ve Dağıtım

ASES KONGRE ORGANİZASYON YAYINCILIK

Hamidiye Mah. İnönü Cad. Helvacı İş Mrk. No: 43/19 Battalgazi/MALATYA

Tel: 0850 474 30 06 - www.asescongress.com.tr - e posta: asescongress@gmail.com

Sertifika No: 63715

КІРІСПЕ

Медиажаһандастыру үрдісі бүгінде журналистиканың ұлттық шеңберде қалып қоймай, әлемдік өркениеттен өзіндік орнын табуын талап етіп отыр. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ журналистикасы үшін әлемдік ақпараттық бәсекеге ұлттық құндылықтарымызды сақтай отырып, дәуір үніне сай ену басты мақсат. Себебі, публицистика – қай кезеңде де қоғамдық өмірде болған оқиғаларды шынайы көрсетуге, дәуір үнін жеткізуге бағытталғаны бізге тарихтан белгілі. Ол қоғамдық-саяси басқару қызметінің құрамдас бөлігі ретінде заман тарихын, белгілі бір кезеңнің шежіресін жасауға қатысады. Публицистика – замана ақиқаты, дәуір үні, қоғам дамуының айнасы деп қарастырсақ, сол ақиқат пен шындық үшін күресіп, аянбай еңбек еткен, бүкіл саналы ғұмырын сарп еткен халқымыздың біртуар ұлы перзенттерінің еңбектерін зерделеп, олар жазған көсемсөздің қадірін білген абзал. Соңғы кездері қазақ баспасөзінің тарихын ұлттық мүдде тұрғысынан қайта қарау мәселесі қолға алынуда. Егеменді ел ретінде тарихымыздың өткен беттерін қайта парақтап, ұлттың қамын жеген ұлылар өсиетін ұрпақтар жадында сақтау үшін көптеген игі жұмыстар жүргізілуде. Атап айтсақ, Елбасының жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауы сөзіміздің айқын дәлелі. Бүгінгі таңда ұлттық публицистиканың теориясы мен тәжірибесін жетілдіруде жекелеген қаламгерлердің көсемсөз мұраларын жинақтап, зерттеп, келер ұрпаққа ұсыну – заман талабы.

«Адаммын басымнан сөз асырмайтын,

Ашықпын ішіме сыр жасырмайтын.

Өр мінезім тағы бар кеудем соғар,

Ешкімге тізе бүгіп бас ұрмайтын» [1, 206 б.], – деген өлең жолдары арқылы Қасым Қайсенов өзінің адами, азаматтық болмысын шеберлікпен жеткізген-ді.

Қасым Қайсенов өмір мен өлім белдескен 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының басты қаһарманы ғана емес, сол өзі көрген көкейіне түйген соғыс шындығын жеткізуші.

Қазіргі кезде өздерінің дербес тәуелсіздіктерін жариялаған кешегі КСРО мемлекеттері үшін бұл соғыс – ортақ тарихтың ұмытылмас беттері. 1418 күнге созылған бұл қатерлі айқаста Кеңестер Одағының экономикалық қуаты, халықтың ерік-жігері, олардың саяси бірлігі мен моральдық күші сынға түсті.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақ әскери публицистикасы қазақ журналистикасы тарихында ерекше рөлге ие. Бұл туралы қазақ публицистикасының тарихын зерттеуші ғалым Б. Жақып: «Ұлы Отан соғысы бүкіл халқымыздың өміріндегі сияқты әдебиет пен журналистиканың дамуында да жаңа тарихи кезең қалыптастырды. Жазушыларымыз бен публицистеріміздің барлық күш-жігері мен таланты ортақ мүддеге – жауды тізе бүктіруге бағытталды. Қаһарлы күндерде

мыңдаған қаламгерлер майдан шебіндегі қантөгіс ұрыстарға қоян-қолтық араласты, әрі сол сұрапыл күндердің шежіресін мәңгі өшпестей етіп, халық жадында жазып кетті» [2, 242 б.], – деп атап көрсетеді.

«Соғыс жылдарындағы публицистиканың басты ерекшелігі – абыржу мен күту халіндегі күрескер халыққа әсер ете білді. Өз халқымен үздіксіз байланыста болып, олардың ойлары мен сезімдерін білдіріп, оларды көмекке шақырды және әлем тыныштығы үшін асқан абырой мен үміт отын жақты. Соғыс жылдарындағы публицистика арқылы халықтың сол кездегі көңіл-күйін және заманның бет-бейнесін тануға болады» [3, 12-13 бб.].

1942 жылғы 24 қазандағы Солтүстік Батыс майданының «Отан үшін» деп аталатын Қызыл әскер газетінде Илья Эренбургтың «Қазақтар» атты публицистикалық мақаласы жарық көрді. Осы мақалада: «Бір фриц маған былай деді: «Бізге қарсы айбарлы солдаттар болды. Олар түтеген оқтан тайынбай, бізге түп-тура тап берді. Бұлардың қазақтар екенін маған соңынан айтты. Мен бұрын мұндай халықтың барын білмеуші едім...». Фрицтердің білмейтіндері көп еді. Оларға Ресейдің зор ел екенін айтты, бірақ осындай зор елде зор адамдар тұратынын айтпаған еді» [4] – деп жазады. Бұл ежелден батыр қазақ халқының ерен ерлігін арқау еткен соғыс ақиқаты. Академик З.Қабдолов: «Өз көзімен көрмеген немесе өзі сезіп-білмеген шындықты жазушы жаза алмайды» [5, 329 б.] – деген ой білдіреді.

Бауыржан Момышұлының «Шығарманы қызықты етеміз деп, біз кейде құр оқиға қуалап кетеміз. Шығармаларымыздың елеулі кемшілігінің бірі, міне осында» [6, 2 б.], – деген пікіріне сүйенсек, соғыс тақырыбына қалам тартқан әрбір қаламгерге деректік пен көркемдік қиялдық ара жігін ажырата білу талабы қойылғаны ақиқат. Осы тұрғыдан алғанда Қ. Қайсенов публицистикасына өзі көрген, көкейіне түйген соғыс шындығы арқау болған.

Белгілі қоғам қайраткері, жазушы Әбіш Кекілбаев бұл жайлы: «Ел құтқарарда ерлік қалай керек болса, ес жиғызарда шындық сондай керек болды. Сөйтіп, жеңіске қолын жеткізгендерге жеңіс жайлы шежірені де өз қолдарынан жазып шығуға тура келді» [7, 4 б.], – деп ой түйеді.

Қасым Қайсеновті әдебиетке, публицистикаға үлкен рухани зәрулік, әлеуметтік парыз әкелді. Оның жазған кітаптары мен публицистикалық мақалалары Украинадағы партизандар қозғалысының шежіресі болумен бірге соғыс жылдарының, кешегі өткен азаматтық жолдың айнасы. Қасым Қайсеновтің есімі көзі қарақты кез-келген қазақ оқырманына таныс. Алайда, біз оның публицистік қырын ғылыми тұрғыда толық танып білдік деп айта алмаймыз.

1. ҚАСЫМ ҚАЙСЕНОВ ӘСКЕРИ ПУБЛИЦИСТИКАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

1.1. Қ. Қайсенов әскери публицистикасы – партизандар жорығының шежіресі

Қазақ әскери публицистикасының тарихын зерттеуші Р. Ыдырысов: «...әскери публицистикалық шығармаларды талдаудан бұрын осы әскери тақырыптағы шығармалардың соғыс басталғанға дейін біздің қазақ баспасөзінің бетінен лайықты орнын ала алмағандығын айта кеткен жөн. «Знамя» журналы 1933 жылдың өзінде-ақ Всеволод Вишневскийдің «Әдебиетіміздің бәрі бірдей қорғанысқа даяр ма?» [19], – деген публицистикалық мақаласын басып, келешекте бізге шабуыл жасау мүмкіндігі айқын нәрсе екенін ескерткен-ді. Испаниядағы ұрыстар туралы жазылған Алексей Толстойдың, Илья Эренбургтың, Михаил Кольцовтың, басқа да көрнекті қаламгерлердің уытты мақалалары мен очерктері орыс әдебиетінде әскери жауынгер публицистиканың кең өріс алуына желі болып тартылды.

Ал, біздің қазақ әдебиеті мен журналистикасында әскери публицистиканы мұндайлық өреге көтеруге әлі мүмкіншілік жоқ еді. Әскери тақырыпта жазуға бастықпаған, келер соғыстың ауыр зардаптарын бағдарлай алмаған қазақ қаламгерлері өздерінің шығармаларында соғыстың басталуы мен аяқталуы мәселелерін оп-оңай шеше салатын» [20], – дейді. Ғалым Р. Ыдырысов соғыс басталған кезде әдебиетшілер мен журналистеріміздің соғыс тақырыбын жазуға тәжірибелері аз болғанына қарамастан, олардың әскери публицистиканың дамуына үлкен үлес қосқанын атап көрсетеді.

Сонымен қатар, Р.Ыдырысов: «Біздің аға буын қаламгерлер соғыста өздері көрген қанды оқиғалардың шежірешілері ғана болып қойған жоқ. Олардың көпшілігі өздері қолдарына қару ұстап, зұлым жаумен кескілесе шайқасты. Бұған олардың майданнан оралғандағы омырауларына таққан құрметті наградалары куә. Олардың біразы баспасөз органдарында да басылды. Мәлік Ғабдуллиннің, Бауыржан Момышұлының, Әди Шәріповтың, Жұмағали Саинның, Қасым Қайсеновтың майдандағы ерлік істері соғыс кезінде газет, журналдарда көп жазылды. Ал бірлі – жарым мақала, очеркпен ғана аталып кеткендері қаншама!» [20, 145 б.], – деп жазады.

Қазақ әдебиетінің алыптарының белгілі бір бөлігі майдан тақырыбын межелеп жүргендігі жөнінен Бауыржан Момышұлы майдан тақырыбын беделді жазушылардың иемденіп алуы жалпы көркемдіктің мүддесіне қайшы келетінін ашық айтады.

«Жақында Сәбит Мұқанов біздің қазақ жазушыларының творчестволық бағыт-бағдары туралы мені хабардар ете отырып, Мұхтар

тарихи тақырыпты, Ғабит қазіргі тыл тақырыбын, ал Сәбиттің өзі болса қазіргі заманғы соғыс тақырыбына қалам тартып жүргенін айтып еді. Олар келісіп, қазақ әдебиетінің үш алыбы тақырыпты өзара келісіп, қазақ әдебиетінің үш алыбы тақырыпты осылайша бөлісіп алыпты. Бұнымыз тақырыпты монополия жасау болмақ. Мен мұнымен келісе алмаймын. Сондықтан да бұл қолжазбаның барлығы Ғылым академиясының игілігі болып табылады деп әдейі арнап, хат жаздым.

Соғыс туралы қазір күрделі еңбектер жаза қою мүмкін емес. Ірі еңбектер соғыстан кейін жазылады. Тіпті тау қопарар алып күші бар болған күннің өзінде де Сәбит Мұқанов бүкіл соғыс оқиғаларының дамуын жалғыз өзі бел шеше кіріссе де көтере алмас. Сондықтан да, соғыс тақырыбын ешқандай да жалғыз игерем деушілік (монополия) болмасын, бұл тақырыпты жазып, еңбек еткісі келушілер мен қабілетті адамдардың бәрі жұмыла еңбек етсін, соғыс тақырыбын тек бір ғана менмен әрі қызғаншақ-монополист жазушының ғана игілігіне айналдырмау керек» [21, 19 б.], – деп орынды пікір айтқан еді.

Қасым Қайсенов – сол топтың алдыңғы легінен ойып тұрып орын алған публицист. Ол өзінің жауға қарсы бүкілхалықтық күреске қосқан қаһармандық үлесін кітап, мерзімді баспасөз бетіне түсірген.

Алайда, қаламгерге соғыстан кейінгі жылдары қаруды қаламға бірден айырбастау қиынға соқты. Қасым Қайсеновтің жазушылыққа келуіне себепші болған Жұмағали Саин еді. Бұл жайлы Мұзафар Әлімбаев: «Қасым Қайсеновтің қаламгерлігі атымен де затымен де басқаша. Олай дейтініміз өжеттік пен өлермендіктің ара жігін анық айыра білетін Қасым сөз өнерінің сарайына еруге сан дүние қажетін, сандығында небір асылың болуы қажетін де жақсы түсінетін. Сыры ішіне сыймаған кісі маза таппайды. Қайсенов сондай жағдайда да қаламға жармаспай, ұзақ жүрді. Соғыс аяқталғалы он шақты жыл өткенше де баспасөз бетінде ләм-мим деген жоқ, мен пәленмін, мен түгенмін деп, омырау соққан жоқ, ауызша да тіс жарғанын құлағым шалмады.

– Жаз, сенің жалпақ жұртқа жая айтарың бар, – деп Қасымды бол-болдың астына алғаш алған адуын азамат, әйгілі ақын Саин Жұмағали.

Ағаның ізгі түртпегі бір қаламгерді қазақ әдебиетіне әкелді. Менің де есімде бар: «Қ. Қайсенов алғашқы ерліктерін жазып «Қазақ әдебиеті» газетіне ұсынды. Ол тұстарда әуелі көркем әдебиет бөлім меңгерушісі, одан соң бас редактордың орынбасары болғандықтан партизанның естеліктері менің де қолымнан өтті. Мазмұны мәнді, динамикалы оқиғаға бай, оқырманды тартып алар шыншылдығы басым дүниелерге бұрынғы майдангер – біз де енжар қарағанымыз жоқ» [7, 59 б.], – деп еске алады.

Қалам қайраткерінің ең алғашқы кітабы 1954 жылы «Юные партизаны» деген атпен орыс тілінде шыққан. 1955 жылы «Илько Витряк», 1956 жылы «Переяслав партизандары» жарық көрді.

Қасым Қайсенов 1941 жылғы күзде алғаш рет тоғыз адаммен жау тылына парашютпен түседі. Осы жайлы өзінің «Жау тылында» деп аталатын көркем шығармасының «Сәтсіздік» деп аталатын бөлімінде «...Жау бізді қоршап алды... Әй, азғын-ай, егер арамыздан сен қашып кетпегенде, мұндай күйге әсте душар болмайтын да едік қой. Сенің мұндай қоян жүрек қорқақ, екі жүзді екеніңді білген болсам ...Иә, сен азғын біздің түбімізге жеттің! Минько саған лағнат жаусын!» [22, 12-13 бб.], – деп жазады. Минько опасыздың қырсығынан қасындағы қаруластарының бәрі оққа ұшады. Қасым Қайсенов Панитов орманында жападан-жалғыз қалады. Бірнеше күн бойы ақ қайыңның сөлін қалбырға жинап ішіп, теректің қабығы астындағы ақ шелін сыдырып, шайнап сорып өзегін жалғайды. Аштықтан жүре алмай қалған шағында оған Микола қарт кездесіп, оны аман-сау алып қалады. Микола қарттың екі бірдей баласы Қызыл Армияда – командир. Ол Қызыл Армия шегінген кезде колхоз малын Днепр жағалауынан айдап өтіп кеткенде немістер оның екі келіні мен немерелерін атып тастайды. Содан бері ең болмаса ұлдарымды көрермін деген үмітін үзбей, бір жерге тұрақтай алмай орман кезіп жүрген кезі еді. Микола қарттың көмегімен есін жиған Қасым қанды көйлек достарымен табысады. Осылайша, Қ. Қайсеновтің партизандық өмір жолы басталады. «Жау тылында» шығармасында қаламгер партизандар шежіресін өз атынан баяндайды. Әрбір оқиға бірімен-бірі сабақтасып, бірізділікпен баяндалады.

«Қан майдандағы оқиғалар ойыма түссе, оңашада жылап отырып жазамын. Ештеңе қоспаймын, айна қатесіз өз қалпында қағазға түсіремін. Айттым ғой, бұл өте-мөте өксікті оқиғаларға байланысты. Ал екінші жағдайда жай бір әңгіме үстінде өткен-кеткеннің бір қиығы еске түседі. Бірақ түйір, бір-ақ қыры ғана. Тұтас түгел анықтау үшін, бірнеше күн бойы әлгі эпизод төңірегінде әрі ойланып, бері ойланып, тәптіштеймін. Егжей-тегжейін екшеп, шайқас өткен жер бедерін, қатысқан қаруластар қимылын ойластырамын. Бір штрихтан екінші штрих туындайды, өзектес қимыл әрекеттер тізіле береді. Содан әрқилы кездесулерге барғанда, әлеумет алдында әлденеше рет ауызша айтып пысықтаймын. Баяндайтын оқиғам барлық жағынан айқындалып, жандана түседі. Әуеліндегі ауа жайылудан да арыласың, бостекі сөз, борбас қосалқыдан біртіндеп аршыласың. Бұдан соң ертегідей сүзіліп шыққан, сөзден бояу сырын тапқан дүниені бірден қағазға түсіремін» [7, 60 б.]. Бұл қаламгердің шығармашылық жолының алғашқы бастауы еді.

Осы орайда, біз ғалым Р. Нұрғалиевтің мына пікірін келтіре кетсек артық болмас: «Үлкен әдебиет қашанда халық өмірінің белді кезеңдерін, дәуір тудырған әлеуметтік тартыстарды, қоғамдағы саяси ағымдарды, психологиялық шытырмандарды айналып өтіп кете алмайды. Ерте ме, кеш пе әйтеуір ел басынан өткен оқиғалар өнер тілімен сөйлеп, ұрпақтар талқысына түспек» [23, 14 б.]. Қаламгердің алғашқы шығармаларының өзінен-ақ публицистикалық стильді аңғару қиын емес. Әскери

публицистикасының бастауы болған «Илько Витряк», «Партизан сокпақтары», «Переяслав партизандары», «Жас партизандар», «Жау тылында» шығармаларында қаламгер болған оқиғаны қаз-қалпында, ешбір бояусыз, фактіге сүйене отырып жазады.

Ұлы Отан соғысы – бүкіл кеңес халқымен бірге қазақ ұлтының қаһармандық күресінің отты шежіресі. Ол қазақ деген ұлттың сана-сезімінің, абырой-намысының, наным-сенімінің жәдігері. Ұлы Отан соғысындағы қазақ халқының шежірелі ерлігі қаншама шығармаға арқау болып келеді, әлі де жазыла бермек. Бірақ ол жеңіл өлең-жырға орта қол дүниеге азық болмақ емес. Ұлы Отан соғысы – өте күрделі дүние. Бұл жайлы А. Кривицкий: «Шынында да соғыс табиғаты соншалықты күрделі, жеңіл-желпі бағалауға көнбейтін жан-жақты құбылыс екенін ұмытпаған жөн. Үйреншікті патриотизм мен ұлылық, әсіре мақтаудан бас тартып, соғыс тарихындағы ауыр шындықты мойындауға дайын болғанымыз жөн» [24, 21 б.], – деп жазады.

Әрине, Отан соғысы секілді ұлы тарихи оқиғаны бар болмысымен жеткізу, бейнелеу үшін шебер көсемсөзші, сол алапат айқастың ащы-тұщысын татып, оның азап-тозағын өз басынан өткерген болуы керек. Сонда ғана барып оқырман жүрегіне жол табар шығарма дүниеге келеді. Міне, осы алапат соғыстың басынан аяғына дейін қатысып, дұшпанмен жан аямай айқасқан, жеңіске жетудің себепкері болғандардың ең ірілерінің бірі – Қасым Қайсенов.

Қасым Қайсенов – соғыс алапатын өз басынан өткерген жан. Сондықтан бұл құбылыс – қаламгерге үнемі таныс, үнемі ойында болған және жан-жүрегін тербеген тақырып. Осы орайда академик-жазушы М. Әуезовтің: «Жазушы қаламынан туған барлық асыл бұйым атаулыны алсақ, әр кітаптың тамыр, төркіні ең алдымен жазушының өзінің жанынан терең орын алған күйлерден туады» [25, 397 б.], – деген пікірі орынды.

Қасым Қайсенов публицистикасындағы басты мәселелердің бірі – Кеңес Одағының фашистік басқыншылықтарына қарсы жүргізген Ұлы Отан соғысындағы өмір шындығы. Олар жауынгерлердің қаһармандық – ерлік күресі. Отаны үшін ең жоғары патриоттық-рухтық биікке көтеріліп, дүние жүзін дүр сілкіндірген ерлік шежіресі.

Қазақ әскери публицистикасының даму кезеңдерін алып қарасақ, біздіңше осы күнге дейін зерттеушілердің назарынан тыс қалып келе жатқаны – соғыстан кейінгі жылдардағы қазақ әскери публицистикасы. Соғыс жылдарында майдандық басылым беттерінде қалыптасып, дамыған әскери публицистика кейіннен майдангер қаламгерлердің шығармашылығымен толықты. Сол бір сұрапыл күндердің көркем туындыларда көрініс табуы жайлы академик М. Қаратаев былай деп жазады: «Бұл шығармалар кезінде туып, майдандағыларға да, тылдағыларға да қолма-қол күш-жігер берген, рух, сенім берген таптырмас жан азығы болып табылады. Бұлардың бағасы, тарихи мәні кезіндегі өте қымбат үгіттік,

ұйымдастырғыштық, тәрбиелік рөлімен ғана шектелмейді. Бұлар рухани мәдениетіміздің тарихында үлкен документалдық, дүние танытқыш және этикалық та эстетикалық мәні бар идеялық көркемдік ескерткіш ретінде де үлкен орын алады» [26, 169 б.].

Қасым Қайсеновтің аты аталғанда, екі бірдей бейне көз алдыға келеді, бірі – партизан, екіншісі – қаламгер бейнесі. Қалам қайраткері бойындағы осы екі бірдей қасиет оның тұғырлы тұлғасының көзсіз батырлық сипаттары мен шығармашылық сипатының өзара үндестігін танытады.

Қаламгер публицистік қызметін негізінен 2 бағытта жүргізді. Бірінші бағыт – өзі көзімен көріп, басынан кешірген соғыс ақиқаты, майдан шындығы, партизандар ерлігін қалың жұртшылыққа жеткізу.

Екінші бағыт – қоғамда болып жатқан өзгерістерге көзқарастарын, ой-толғамдарын жеткізу үшін баспасөзді пайдалану еркіндігі, бұған оның газет-журналдарда жария болған өмірдің өзекті мәселелері – ел тіршілігінің түйткіл тұстары, тәртіп, әділеттілік, отаншылдық, адамгершілік, халықаралық жағдай қайшылықтары туралы әр түрлі жанрлардағы материалдары куә болады.

Қаламгердің проблемалық мақалалары арқылы Қазақстанның тәуелсіздігін нығайту, ел қорғау ісін күшейту, елге сүйек болар азаматтар қылығы, мемлекеттік тіл, жер мәселесі төңірегінде ой қозғап, оқырмандарға салмақты ой айтуы да оның публицистикалық шеберлігінің көрінісі.

Публицистің алғашқы кездегі жазбагерлік мұраларын жинақтап, топтастырып, тақырыптық-танымдық жағынан жүйелер болсақ, қаламгердің әскери публицистикасында партизандар тақырыбының қаншалықты дараланып көрінгенін, әрі оның шығарма кейіпкерлеріндегі психологиялық мінез-құлық типтері арқылы ерекше айшықталып тұрғаны байқалады. Қасым Қайсенов әскери публицистикалық шығармаларының тақырыптық-танымдық ерекшеліктерін қазақ публицистикасында бұрыннан келе жатқан соғыс ақиқатын жеткізу проблемасын ашып көрсетудің шығармашылық дәстүрлі мектебі деп қарастырған жөн. Қазақ әскери публицистикасын зерттеуші Рахметолла Ыдырысов Ұлы Отан соғысы тақырыбына халқына танымал болған ақын-жазушыларымыз Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мустафин, Асқар Тоқмағамбетов, Жақан Сыздықов, Әбділдә Тәжібаев, Ғабдол Сланов, Әлжаппар Әбішев, Мұқан Иманжанов тағы басқалары майдан мен тыл өмірінен әңгімелер мен очерктер, публицистикалық мақалаларды жиі жазып, газет бетінде еңбекқор оқырмандармен де, жауынгер оқырмандармен де үзбей тілдесіп отырғанын жазады. Олар отандық мәні, халықтық нәрі бар мәселелерді көтеру арқылы соғыс жылдарындағы майдан ақиқатын ашық та батыл жазды. Әскери публицистиканың сыры мен қасиетінің өзі де осындай қоғамдық ой-пікірдің, қоғамдық шындықтың арқауы бола білуінде. Демек, 1941-1945 жылдары бұрынғы Кеңестер Одағының бірігіп жауға қарсы аттанған Ұлы Отан соғысы ақиқатын өзекті

мәселе етіп көтере білген қазақ публицистерінің қатарында Қасым Қайсенов есімін біз мақтанышпен айтамыз.

Сұрапыл соғыс жылдарында майдандық газет беттерінде қалыптасып, дамыған әскери публицистика жеңіске қол жеткізудегі жауынгерлер ерлігінің рөлін айрықша нақтылап көрсеткенімен, жауынгерлік публицистикадағы батырлардың моральдық, адамгершілік-психологиялық мәселелерінің көкейтестілігі қатты сезіле бастады.

Ұлы Отан соғысын жазып көрсеткенде, кейбір жекелеген мәселелерге ерекше назар аударылғанымен, соғыс жылдарындағы әскери публицистика соғыстың бүкіл ерекшелігін тұтастай қамти алған жоқ. Соғыс жылдарында мерзімді басылымдардағы әскери публицистика – көп ұлттан құралған жауынгерлерге Отанды сүю, партия мен үкіметке, туған халқына адал болу рухында тәрбиелеу үшін, бейбіт елімізге опасыздықпен шабуыл жасаған Гитлер басқыншыларына, олардың кекшілдік, өшпенділік сезімдерін өршіту үшін, әскери тәртіпті қатаң сақтауы мен соғыс өнерін барынша жетілдіруі үшін қызмет етті. Ал соғыс аяқталғаннан кейінгі әскери публицистика көбінесе осы соғысты көзімен көрген майдангер-қаламгерлердің шығармашылығы арқылы дамыды.

Соғыстан кейінгі жылдары әскери публицистикалық тақырыпта жазған майдангер жазушылардың еңбектері жайлы белгілі ғалым Р. Ыдырысов: «Майданда қолдарына автомат алып, шайқасқа тікелей араласқан жазушылардың шығармалары, оқиғалары фактілерге толы болады да, шындық суреті сол тұрғыда айқын көзге елестеп тұрады» [20, 17 б.], – деп баға береді.

Қаламгер шығармашылығының алғашқы кезеңіндегі жазбаларында қарулас-партизандар ерлігін суреттеумен, партизандардың жорық шежіресін ешбір боямасыз, қаз-қалпында жеткізуге тырысқан. Солардың бірін мысалға алсақ.

Қалам-қайраткерінің «Жау тылында» деп аталатын көркем-публицистикасының әрбір бөлімі соғыстың шындық суретінен құралғанына көзіміз жетеді. Аталған шығарманың «Алғашқы сапар» бөлімінде Украина партизандар қозғалысының орталық штабының бастығы генерал-майор Строчак Киев, Полтава облыстарында партизандар қозғалысын ұйымдастыру мақсатында Қасым Қайсаұлы мен комиссар Сельченконы шақырады. Генерал жаңадан құрылған 8-партизан отрядының командирлігіне Қасым Қайсеновті, комиссарлығына Сельченконы тағайындайды. «Генерал менімен бірге келді де, қатар түзеп тұрған партизандардың алдында қысқаша сөз сөйледі: - Аяулы партизан жолдастар! Жаудың тылына аттанғалы тұрсыздар. Сіздер ең алдымен уақытша жау қолында қалған совет адамдарына Совет үкіметінің, Ұлы Отанымыздың туысқандық сәлемін жеткізіндер!» [27, 9 б].

Немесе

«– Сіздердің негізгі міндеттеріңіз: жергілікті халықтардан партизан отрядтарын ұйымдастырып, жаудың тылына іріткі салу, көпірлерді, қатынас жолдарын, коммуникациялық тораптарды талқандау. Немістердің із-өкшесіне түсіп, жеке шыққандарын батыл құрт ыңдар. Жаудың барлық күштеріне бөгет жасап, үрей туғызу – сендердің басты міндеттерің...» [27, 9 б].

«Жау тылында» көркем-публицистикалық шығармасының қаламгер шығармашылығындағы шоқтығы биік және оқырмандар сұранысымен 100 мың дана таралыммен 3 рет қайта басылған. Қалам қайраткерінің партизандық жорық жолы алғаш сәтсіздікпен басталуы жайлы осы шығарманың «Сәтсіздік» деп аталатын бөлімінде публицистикалық стильмен шынайы баяндалады. «Қалың орман пана болатын емес. Қаһармандықпен қаза тапқан достарымды ойласам – қаным қайнап кетеді. Осыдан төрт күн бұрын жан-жағымнан аш қасқырша анталаған жау жоқ. Иен орман ішінде жалғыз қалғанымға қынжыламын» [22, 14 б.], – деген жолдарды оқып отырғанда соғыс ақиқаты көз алдыңызға келеді.

«Ұлы Отан соғысы – халық қаһармандығының отты шежіресі. Оның ақыл-ойының, ар-намысының сенім-нанымның шежіресі» [28, 5 б.].

Соғыс кезінде қазақ халқының тылдағы қажырлы еңбегі, қазақ жауынгерлерінің майдандағы ерлік істері жайлы газет-журналдар беттерінде көп жазылды. Ал, Қасым Қайсенов публицистикасы туысқан Украина Республикасының жерін шексіз сүйіп, қасық қаны қалғанша жаумен алысқан жауынгерлер ерлігін суреттеуімен ерекше бағалы. Қаламгердің публицистикасының өзекті тақырыбының бірі – ұлттар достығы, халықтар достығы, майдандағы жауынгерлердің еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілігі, оны жаудан қорғау үшін жанын қиюға да әзір екендігі бейнеленеді. Ол ұлт достығын жекелеген адамдардың, яғни майдандас ұлт өкілдерінің өзара айырылмас, қайыспас достығы мен жанашыр жолдастығы арқылы береді. Болмаса, достарының бірінің жерін екіншісінің өз жеріндей шын, адал сүюі арқылы сипаттайды.

Қасым Қайсенов басқарған отрядтың бұрынғы комиссары “Сашко” – Григорий Давыдович Алексеенко “Таулар арасындағы алау оттар” естелік кітабындағы қолтаңбасында: “Менің аяулы жауынгер досым! Мынау кітап екеуіміздің Днепрден Закарпатьеге дейін созылған партизандық жорықтарымызға жақсы ескерткіш болсын, біздің қанкөйлек достарымызды, өлісін де тірісін де еске түсірейін. Аяулы менің досым, туысым (біз бірімізді осылай деуге хақымыз бар, неге десен, екеуіміз қанды айқастарда қашан да қатар болдық, Украина жерінде қанымызды қатар төктік) қазақ және украин халықтары өзінің ержүрек ұлын жадында сақтай берсе деп тілеймін” [8, 5 б.], – деген жүрекжарды сөзі нағыз ақиқаттан туған.

“Отан үшін отқа түс-күймейсің, өмір үшін өлгенше күрес!”, – деген Бауыржан Момышұлы ұранымен қазақ жауынгерлері талай тамаша ерлік көрсетті. Қалам қайраткерінің “Арманда кеткен ақын” деген көркем

публицистикасында Кереку қаласында әскерге бірге алынған Хамза Өмірбаев сынды ақын жігіт Қ. Қайсенов жайлы: - „Қасым, сен туа біткен әскери адамсың. Жаугершілік уақытта сен тегін өлмейсің, сенде қайсарлық та, қаталдық та бар. Сен жастығыңды ала жатасың. Түбінде сенен бірдене шығады. Сен қожырайып тұрасың. Үлкен командир болып кетуің де мүмкін” [29, 64 б.], – дейді. Алайда, оның жетістікке жетуін көре алмай Хамза майдан даласында ерлікпен қаза табады. Жауынгерлердің Отанына осындай шын берілгендігі, адал сүйіспеншілігі елімізді жеңіске жеткізді.

Қаламгер публицистикасы Отанын өзі адал сүюмен қатар, жас ұрпақты соған баулиды. 1977 жылы 13 қазанда “Коммунизм таңы” газетінде жарық көрген “Ұмытылмас жылдар еді”, – атты әскери публицистикалық мақаласында: “Бүкіл адам баласына соғыс, фашизм-өлім, адамның қас жауы. Фашизм – жарқын болашақ жауы екенін барша халық енді біледі” [30], – деп қорытынды жасайды. Сондай-ақ Қ. Қайсеновтің публицистикасы сәулетті Отанымызды, бақытты болашағымызды, жарқын жастығымызды қорғаған балалар мен жас жауынгерлер ерлігін, қарттардың бейбіт тілегін бүгінгі ұрпаққа жеткізуші, жаршысы болды.

Оның көркем публицистикасында жиі кездесетін: “Екі бірдей балам Қызыл Армия қатарында – командир. Қазір олардың өлі-тірі екенін білмеймін! Екі келінім мен немерелерімді немістер атып тастады” [22, 22 б.], – деп сақалын қанды жас жуған Микола атай, “Вася, өзімнің Мишам үшін ғана жыламаймын. Өз халқымның тағдыры үшін, менің Мишам сияқты апатқа ұшыраған сәби балалар мен бойынан қайрат кеткен қарттар үшін қайғырамын. Қару ұстауға жарайтын адамдар, ер, әйел демей жаумен күресіп, кек алатынын білемін” [22, 121-122 бб.], – деп булыға өкірген он сегіз жастағы Иван Гаман. “Мен жараланып қалдым. Мені тастамай ала кетіңіз!” [22, 63 б.], – деп жалына жыламсыраған қосшы бала Коля бейнесі қалам қайраткерінің публицистикасындағы майдан ақиқаты.

Қасым Қайсенов публицистикасында жауынгерлердің батырлық сом тұлғасы бар. Отанға деген сүйіспеншілік, жауға өшпенділік, азаптан да ажалдан қорықпайтын қайсарлық, ерлік жолдастарына деген қалтқысыз қамқорлық байқалады. Сондықтан Қасым Қайсенов публицистикасы жас ұрпақты отансүйгіштікке, патриотизмге тәрбиелеу құралы десек артық айтқанымыз емес.

Елбасы 2007 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында “Қазақстандық патриотизм мен саяси ерік-жігер – жаңа Қазақстанды құрудың аса маңызды факторлары” [31], – деп атап көрсетті. Тәуелсіздік алған он бес жылдың ішінде еліміз дамудың жаңа көкжиектерінен көріне білгенін айта келіп, Президент: “Өткен жолымыз лайықты жол болды, ал біздің бірлескен шешімдеріміз бен тындырған ісіміздің нәтижелері таңданарлықтай болды. Мұның бәрі де, жалпы қазақстандық патриотизмнің іргетасын қалап, біздің отанымыздың, біздің барша көп ұлтты және көп конфессиялы қоғамымыздың, біздің балаларымыздың тамаша келешегі бар екеніне

негізді мақтаныш пен сенімділікті туындатады. Тарих халық өзінің ерік-жігерін тарихи ауқымдағы жобаларды іске асыру үшін жұмылдырған кезде жаңа даму деңгейіне көтерілетінінің жарқын мысалын аз білмейді” [31], – дейді.

Осы тұрғыдан келсек, Қ.Қайсенов әскери публицистикасындағы басты тақырып – партизандардың жорық шежірелері мен олардың ерлігі туралы жазу арқылы жас ұрпақ бойында патриоттық сезімді қалыптастыру. Ұлы Отан соғысында әркім әр түрлі әскери бөлімдерде болып, неміс фашистеріне қарсы күресті. Біреу танкист, біреу ұшқыш, біреу артиллерист болса, енді біреулер жаяу әскер қатарында жаумен соғысты. Ал, қаламгердің үлесіне партизандық тиген. Ол алғашында Чапаев атындағы 8-партизан құрамасында №3 отрядтың командирі болып Украина жерінде жауға желке жағынан соққы берді. Одан кейін Закарпатье партизан құрамасының №6 отрядының командирі болды. Міне, сол партизандық жорық шежірелері – Қасым публицистикасындағы басты тақырыпқа айналған.

1955 жылы шыққан “Переяслав партизандары” атты кітапқа алғы сөзінде партизан ақын Жұмағали Саин: “Қасым қатынасқан партизандар құрамасының ертегідей ерлік күндерінің әлі жазылмаған эпопеясы сол күндер, осы жылдар болатын” [32, 7 б.], – деп жазған еді. Расында да кеңес адамдарының Отан соғысындағы ертегіге бергісіз ерлікке толы өмірі әлі қанша ғасыр жырланбақ.

“Вася” – Қ. Қайсеновтің Украинада партизан кезіндегі лақап аты.

– Майдан жылдарында жау тылында: “Вася келе жатыр!”, – деген сөзді естігенде, Отанға опасыздық жасағандар, сатқындар, әсіресе батыс украин ұлтшылдары бандерашылдар қалтырап қоя беретін еді”, – дейді оның майдандас достары. Бұған нақты фактімен дәлелді әскери журналист Р.М. Уткиннің сол жақ жағалаудағы Украинаны азат ету мен Днепрден өтуге арналған “Шығыс белдеуді шабуылдау” атты кітабынан табамыз.

Чапаевшылар Воронеж майданы әскерлеріне Киевтің оңтүстігінде Днепрден өтуге көмектесті, өте-мөте көзге түскендер – Қасым Қайсенов бастаған партизандар. 27 қыркүйекке қараған түнде партизандар Днепр арқылы арғы жағаға 420 автоматшыны өткізуде оарға жәрдемдесті. Одан кейін Кеңес жауынгерлерімен тізе қосып, Григорьевка селосы үшін болған ұрысқа құлшына қатысты. Тапсырма Днепрдің оң жағына өткел ашып, Қызыл Армияның негізгі күші келгенше бекініс ұстау еді. Партизан құрамасының командирі И.К. Примак пен комиссар Е.Д. Ломако бұл сапарды Қайсеновке тапсырып, 120 адам береді. Өзеннен өту тас қараңғы түннен басталған. Жау прожекторлары мен ракеталары су үстінде қарсы алып, соққылай жөнеледі. Жауған оқ, снарядтарға құрбандық бере отырып, оң жағаға ілігеді. Григорьевка селосы таудың аржағынан жау төнген қысаңында. Көшелер де, жолдар да тар. Жаудың жойқын техникасы қапелімде қарымды қимыл жасай алмай қалады. Ақыры бүкіл техникасын

тастап, арғы биікке шегінеді. Түнгі екіде село партизандар қолына өтеді. Таңға дейін Қызыл Армияның негізгі күші жеткенше, олар Днепрден өткенше 22-қырқүйектің сәскесіне дейін бекіністі берік ұстайды.

“Қайран Гриненко!, – деп қамығады Қ. Қайсенов осы оқиға туралы жазғанда. Сан сынақтан бірге өткен ер еді-ау. Өзі осы Луковицы селосының жігіті болатын. Туған үйінің төбесін көре тұрып, табалдырығын аттай алмай көз жұмды”. Мұнда қаламгер жорықтас жолдасы үшін қамыққан пейілін білдіреді. Тарихта болған және қаламгердің әскери публицистикасында ерекше аталатын осы операциядан кейін асығыс жазылған қысқа хаттама Киевтегі мұрағатта сақталған. Міне, оның көшірмесі: “5. Совет Армиясын Днепрден өткізуге командир Қ. Қайсенов, комиссар Гриненко бастаған 120 адам жіберілді. Олар оң жағаға өтіп Григорьевка, Луковицы, Зирубинцы селоларын алып, Совет Армиясының негізгі күші келгенше бекініс ұстады.

№8 Чапаев атындағы партизан құрамасының командирі Примак, комиссары Ломако” [33].

Бұл тарихи құжат Қасым Қайсенов әскери публицистикасы соғыс ақиқатын жеткізуші екенінің бір дәлелі болмақ.

Кеңес Одағының екі мәрте Батыры, авиация генерал-полковнигі В. Лавриненков: “Партизан отрядында басқа ұлттардың да адамдары бар екен. Менің көзіме иықты, төртбақ, қоңырқай қазақ бірден шалынды. Жаңа келгендерді көріп қап, бізбен шүйіркелесе кетті. Біздің кім екенімізді, қайдан келгенімізді сұрап білді. Қазақ халқының перзенті Қ.Қайсенов бұл топырақта өз ерлігімен, тапқырлығымен, жергілікті халықпен достасуы арқылы даңқы шыққан командир екен” [10, 17 б.], – деп баға береді. Бұл 1943 жылы әуе шайқасында фашистер атып құлатқан біздің батыр ұшқышымыз еді. Кеңестік авиацияның айтулы қыраны Гитлер ставкасына апара жатқан жолда ебін тауып қашып құтылып, партизандарға қосылған. Онда тікелей Қ. Қайсенов қамқорлығында болған В. Лавриненков кейін әуе шайқасына қайта кіріп, Кеңес Одағының Батыры атағын екінші рет алған.

Қ. Қайсенов публицистикасында партизандар ерлігін бейнелейтін жорық шежірелерін өз атынан баяндаған, сол арқылы бүкіл партизан отряды жауынгерлерінің ерен ерлігін бізге жайып салады. Закарпатье таулары мен ормандардағы күрес Қ. Қайсенов публицистикасындағы партизан қимылының екінші кезеңі. Ол кездің өзі қанды жүзі қара жер қапқалы тұрған фашистердің зұлымдығы шектен асқан тұс болатын. Қ. Қайсеновтің қаһарлы лақабы Васяға да “Тяжелый бомбардировщик”, “Амангелді”, “Казахский народ”, – дейтін қасиетті есімдер қоса айтылатын, жау тылында жалғыз жүрмін деп жабырқамайтын, бір өзінің басында бүкіл халық қаһары мен қасиеті топталғандай толысқан кез еді. Сол қажырлы партизан Закарпатьеге санаулы десанттың бірі болып түсіп, сан мың адамдық топ болып шыға келді. Тіпті, қасына жалғыз Юзикті алып үш-төрт күн ішінде екі жүз адамдық жасақтап алғанында сөзбен жеткізгісіз ерлік. Партизанның көркем публицистикасында соғыс кезеңіндегі кереметтер жайлы эпизодтар

аз емес. Соның бірін Кеңес Одағының Маршалы А.А. Гречконың: ”Карпатты көктей өткенде”, – деп аталатын кітабындағы мына деректерден көре аламыз: “Гитлершілдер жеті жүздей украин, словак, венгр коммунистерін тұтқындап, Полонина Ровная тауының оңтүстік батысындағы жолы қиын лагерьге қамады. Лагерь төңірегіне шегінген жағдайда қиратып кету үшін мина қойыпты. 19 сағатта Қ. Қайсенов бастаған партизан отряды тапсырманы орындауға аттанды. Лагерьге жақындап барып, партизан саяси тұтқындармен байланыс жасады. Сол жердегі жағдайға қарай Қ. Қайсенов тапсырманы орындау жағдайын өзгертіп, операцияны 19 сағатта емес, 21 сағатта орындауды ұйғарды. Бұл уақытқа дейін партизандардың біразы венгр солдаттарының формасын киіп алған болатын. Лагерь күзетшілері жаңадан тұтқындар әкеле жатыр екен деп ойлап қалды. Партизандар лагерь күзетшілеріне тұтқиылдан соққы берді. Күзетшілердің кейбіреулері ғана қаруларын қолдарына алып үлгерді. Партизандар олардың 24 солдаты мен офицерін қолға түсірді. Тұтқындар азат етілді. Олардың көбі партизандар қатарына қосылды” [9, 259 б.], – деп жазады.

Қ. Қайсеновтің партизан өмірі тақырыбындағы көркем публицистикасының ең шоқтығы биігі: “Жау тылында”, “Переяслав партизандары”, “Днепрде”, “Партизан соқпақтары” атты кітаптары. Бұл кітаптардың қай-қайсысында болсын партизан ерлігін, халықтың батырлық көмек қимылдарын әр жағдайда көркемдік өрнекпен, түрлі-түрлі штрихпен суреттейді. Мәселен, жау офицерлерін қолға түсіргенде, олармен сөйлескен кезде, бетпе-бет кездескенде, гитлершіл басқыншылардың кеңес халқына көрсеткен айуандық істерін беттеріне баса айтады. Фашистерге және олардың қол шоқпары болған сатқын, кешегі кулактардың бөлтіріктері – старосталар мен полицейлерге мейірімсіз болғанын қайсы бір кітабының оқиғаларынан байқау қиын емес. Бұл Қ. Қайсенов көркем публицистикасындағы партизан ерлігін жазудағы тағы бір ерекшелік, яғни партизандардың тек жаудан құтқарушы ғана емес, өз ерліктері, мейірімділігі арқылы халықтарды бейбітшілік пен Отансүйгіштікке тәрбиелеуші болғанының куәсі.

Міне, сондықтан Қ.Қайсенов әскери публицистикасында ең алдымен партизан Қ. Қайсенов жау тылында Панитов, Хоцкий ормандарында партизан отрядтарын бастап, жолбарыстай жортып жүріп жасаған сансыз ерліктері баяндалады. Азық-түлік киім-кешек, қару-жаракпен күн сайын қамтамасыз етіліп отырған Қызыл Армия қатарында, әскери тәртіпке әрекеттенген жауынгерлерді бастап жаумен соғысу мен партизан болып, жау тылында аш-жалаңаш, қару-жараксыз жүріп дұшпанмен күресудің арасы жер мен көктей, Қызыл Армияны туған ел иығымен көтеріп, экономикалық, жауынгерлік, моральдық күш-қуат беріп көмектесіп отырды. Ал, партизандар “Ер азығы мен бөрі азығы-жолда”, – дегендей, ордалы жыланның ортасында жүріп, шыбын жанын шүберекке түйіп,

өздерін азық-түлікпен, қарумен қамтамасыз етіп, оның үстіне жауға және ойран салумен болды. Сондықтан, партизан болу үшін, әсіресе оның взводын, ротасы, отрядын басқару үшін қаншама күш пен жігер, қайрат пен қажыр қайсарлық пен қаһар керек екенін қаламгер публицистикасы арқылы танытады.

Қ. Қайсенов – бойына біткен осындай табиғи қасиеттердің арқасында талай жауды тәубаға келтірген қаһарман. Оған Қ. Қайсенов әскери публицистикасындағы партизан ерлігін оқыған сайын көзің жете түседі.

Нақты мысал келтірсек, Қ. Қайсенов пен Николай Михайлович Попов екеуі партизан отрядын ұйымдастыру жөніндегі сапармен Днепр өзенінің бетіне жұқа мұз жаңа қата бастаған кезде сол жағалауға өтіп, партизандарға қалдырылған қару қоймасының иесі Шпитальмен, дәрігер Алексей Васильевич Крячекпен кездесіп қайтады. Сөйтіп, шала қатқан Днепрден әупірімдеп қайта өтіп, екінші рет ажалдан құтылады. Бер жақтағы Луковец селосына кіре бергенде олар алты полицаидың қолына түседі. Олар ертең аудан орталығындағы комендатураға жөнелтпек болып екеуін етіктерін шешіп, суық сарайға қамап тастайды.

Ертең бұларды комендатураға апарса, екеуі де өледі. Сондықтан, Қасым қалайда бүгін қашып құтылудың жолын ойлайды. Попов қостайды. Қасым күзетшіден рұхсат сұрап “сыртқа” шығады. Қараңғы түн. Қаша жөнелсе, ешкім ұстай алмас еді. Бірақ ол жолдасын жауға тастап кетуді жауыздық деп есептейді. Ол сарайға қайта кіргенде күзетшіні қарулы қолымен қаңбақтай ұшырып, жүгіре шыққан алты полицейді атып жығып, Попов екеуі құтылып кетеді. Партизан отрядын олар осылай күніне бірнеше рет өліп-тіріліп жүріп ұйымдастырады.

Қ. Қайсенов әскери публицистикасындағы партизандардың ерлігіне Козин селосындағы фашистке сатылған комендантты құртуға жау жолындағы жорық шежірелері де атап өтерлік. Себебі, Мироновка ауданындағы Козин селосының фашистке сатылған комендантының жергілікті халыққа жасаған жауыздығында шек болмайды. Қызыл Армияның саяси қызметкері Панас Шафраменконы ауыр жаралы күйінде қолына түсіріп, селоға әкеліп кескілеп, адам баласы істемейтін қорлықпен қинап өлтіргені жан түршіктіреді. Осы хабарды естіген алты партизан Козин селосының комендантын іздеп келеді. Өз серіктерінің бірі Панас өлімін ойлап, Қасымның қаны қайнайды. Комендантты Қ. Қайсеновтің көрген жерде көзін құртуы, партизандардың Отанын сатқандарға ешбір кешірім жасамайтын мінезінің белгісі болса керек.

Партизандардың жау тылындағы ерліктерінің ерекше көрініс бергені біздің жастарды Германияға айдап әкеткелі жатыр деген хабарды естіп, Қасым бастаған төрт партизан селоға келеді. Жастарды жинап әкетуге келген жандармдар төрт адам, олар қазір мектепте отыр деген соң, партизандар сонда барады. Екеуі сыртта қалып, Қ. Қайсенов пен Григорий Алексеенко ішке кіреді. Кірсе бөлмеде төртеу емес, он жеті адам отырады.

“– Қолдарыңды көтеріңдер! Сендерді партизан отряды қоршап алды”, – деп Алексеенко немісше айғай салады. Фашистер сасқалақтап қолдарын көтереді. Оларды тегіс қарусыздандырып, қолдарын байлап, біріне-бірін матап, Қасым екеуі сыртқа айдап шығады.

“– Сендер бұл селоға не үшін келдіңдер? – дейді Қасым фашистерге қатулана ақырып, оны Алексеенко немісшеге аударды.

– Фюрердің бұйрығы бойынша село жастарын Германияға жұмысқа жібермекші едік, – дейді жандармдардың бірі мінгірлеп.

– Жоқ фюрердің бұйрығы бойынша осы көгенделген бойларыңда Днепрдің түбіне кететін болыңдар, – деп Қасым қолын Днепрге қарай нұсқайды.

– Партизандар он жеті жауды ұлы өзенге қарай ала жөнелді. Ал Тихомиров селосының жастары Германияға айдалмай аман қалады. Осы жолдардың астарында өз Отанының келер болашағы жастарды жаудан азат ету арқылы партизандар халық болашағына жарқын бағдар сілтейді.

Қасым Қайсенов публицистикасындағы партизандар ерлігі ешқашан таусылмайтын, халық жадынан өшпейтін, мәңгі өлмес ерлік! Карпат тауын бөктерлеп өтетін теміржолдың Перечень станциясының тұсында шығысқа, Қызыл Армияға қарсы кетіп бара жатқан жау эшелонын құрту үшін олар рельс ортасындағы шпалдар астына миналар қояды. Қос паровоз ышқына сүйреп бара жатқан қару-жарақ, қалың әскер тиелген эшелон төмендегі құзға құлайды.

Айдаһардай ирелендеген ұзын эшелонда біздің әскерлерге қарсы әкетіп бара жатқан қаншама танк, зеңбірек, пулемет, оқ-дәрі бар. Сол қарулардың иесі фашист солдаттары мен офицерлері қаншама! Солардың күлін көкке ұшырған партизандардікі қандай азамат ерлік! Бұл олардың бір күнде ғана жасаған ісі. Соғыс біткенше сондай ерлік еңбектердің қаншасын жасады партизандар. Сондықтан, оларды жазып тауысу мүмкін емес. Тек, айта кетерлігі біз жоғарыда партизан ерлігі жайлы келтірген мысалдардың соғыс ақиқаты екендігінде. Оған Қасым Қайсеновтің “Бейбіт күнгі кездесуі” еңбегінде анық көзіміз жетеді.

“Партизан бастық” атты естелігінде он үш жылдан кейін партизан достары А.В. Крячек, С.М. Шпитальмен кездесуі терең сезіммен әңгімеленсе, “Сөніп жанған шырақ” деректі әңгімесінде екі мәрте Кеңес Одағының батыры, генерал-майор С.А. Ковпактың батырлығы мен адамгершілігі бірдей екендігіне риза болады. Себебі, С.А. Ковпак Қасым Қайсеновке тек соғыс кезінде ғана дем беріп қоймай, соғыстан кейінгі жылдары Қ. Қайсеновтің Москвадағы атақты дәрігер Филатовқа баруына көмегін аянбай тигізген. Сондықтан, Қ. Қайсенов өзінің “Ағалар туралы аңыз” естелік кітабында: “Көз алдыма тағы Ковпак елестеді. Ол туралы бір оқиға есіме түсті. Жау тылында “Ковпак” деген жалғыз ауыз сөз фашистердің зәресін ұшырады. Бірде фашистердің газеттерінде мынадай хабарлама да болды: “Кімде-кім Ковпакты не тірідей, не өлідей ұстап берсе,

сол адамға Ковпактың басының ауырлығындай алтын сыйлық беріледі” делініпті. Осы хабарламаны Сидор Артемьевичтің өзіне айтқанда ол кісі жымылып күліп отырды да, барбиған қолымен басын сипады.

– Біраз алтын алатын еді,- деп қалды біреу. Оған Сидор Артемьевич “сен қусың” дегендей сұқ саусағын нұсқап, басын шайқап күліп, мәз болып қалды”.

Әскери естелік жанрында жазылған бұл жазбалардан батырдың аңғал болатын мінезіне куә боламыз.

Қасым Қайсенов публицистикасындағы өзі көрсеткен ерліктерінің негізгі тұстарын ғана баяндаса, жауынгер жолдастары, олардың қаһармандық қимылын аспандата айтады. Закарпатье партизан құрамасының командирі А.В. Тканконың “Үшінші десант” атты кітабының “Ажал аймағында” деген бөлімінде “Қасым – ержүрек, жаны жайсаң тамаша жас. 23 жасында ол арнайы тапсырмамен Днепр маңындағы орманға түсірілген. Содан Мариновка түбінде және Переяславта әрекет еткен. Чапаев атындағы партизандар құрамасын ұйымдастырушылардың бірі болды. 1943 жылы қыркүйек айында сол Чапаев атындағы партизандар отряды біздің әскерлердің Днепрден өтіп, Бухрин плацдармын алуын қамтамасыз етті. Бірде Қасым басқаны қойып, өзінің бағыныштылары қалшылдап, тұратын жыртқыш, баскесер, Мариновкадағы неміс комендантының көзін жою туралы тапсырма алады. Партизандар штабы Қасымға неміс офицерінің куәлігін жасап береді. Сол құжатпен ол ЮХНО хуторына сәтімен жетеді. Старостадан жұлқынып тұрған екі ат пен жолсерік алады да тапа-тал түсте Мариновкадағы комендатураға жетіп барады... Комендантқа кірген бетте ләм-мим деместен оны атып салады да, үстелдегі құжаттардың қолына ілінгенінің барлығын жинап, бойына тығады да, ешбір қорықпай-үрікпей кабинеттен байсалды шығып кете барады.

„Жаудың жанталасқан дабылы Қасым селодан шығып кеткенде көтерілді”,- деп оның көзсіз батырлығы мен айлакерлігіне орынды баға береді.

Партизан азат еткен селолардан отрядқа қосылушылар саны күннен-күнге артады. Олардың барлығында фашистерге деген шексіз өшпенділік бар еді. Әйтсе де олар соғыс әдісін, партизан өмірін, қару-жарақ жайын білмейді. Топ командирлері ауылға келіп партизан мектептерін ашады.

Верховниктерге арналған сол мектептің ең алғашқы сабағын Қ. Қайсенов бастап жүргізеді. Ол тыңдаушыларға партизан өмірінен әңгімелеп береді. Әңгімесін аяқтай келе: “Осы операцияда жеңісті қамтамасыз еткен нәрсе не?”, - деген сауал қояды және Қасым бұл сұраққа өзі: “Ол нақты болмысқа қарай жаудың психологиялық халін анық білу, тұтқиыл шешім, ең бастысы әрине тапқырлық”, – деп жауап береді. Бұл Қасымның партизандық жорық жолдарынан көкейге түйген өмір шындығы, яғни публицистикалық шындық.

Ұлы Отан соғысы кезінде Украинада 150 қазақ, Белоруссияда 1500 қазақстандықтар партизан отрядына қатысып, жау тылында фашистермен кескілескен күрес жүргізді. Артынан 55 украин партизанына, 73 белорус партизанына Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Украина жеріндегі 1500 қазақ ғана емес, сан мыңдаған партизанның ішінде Қасым Қайсеновтің аты ерекше аталады.

“Жылдар өтті. Соғыстың дүбірі мен даңқты партизан жорықтарының тоқталғанына талай уақыт болды. Бірақ мен өзімді жауынгер, Отанымның қатардағы күрескері екенімді ешқашан ұмытқан емеспін. Ауыр соғыстың зардаптары әлі күнге дейін кәрі солдаттың түсіне кіреді. Ол азаптан ешқашан құтыла алмайтын да сияқтанады. Оны ешқашан ұмытуға болмайды. Сондықтан әркім өзінің жауынгерлік сапында болып, жұмыс істеп, күресе, жеңе білуі керек. Бұл біздің Отан алдындағы қасиетті борышымыз” [22, 268 б.], – деуі өмір шындығы. Бұл публицистикасында өз борышын соғыс бітіп, жеңіске жеткеннен бергі уақытта адал еңбегімен, ел ерлігін, адамдар арасындағы достықты паш етеді. Сөйтіп, қазақ әдебиетіндегі партизан тақырыбының көшбасшысы болды. Рас, бұл тақырыпқа Әди Шәріпов, Тоқтағали Жангелдин, Жұмағали Саин сияқты партизандар да қалам тартып атсалысты. Бірақ, Қасым Қайсенов тынбастан, басқа тақырыпқа аумастан, өмір бойы партизан жырын жырлап келеді. Қазақта партизан өмірін, ерлігін көп баяндаған жалғыз ғана Қайсенов. Оның кейіпкерлері сан ұлттың адамдары. Сондықтан да ол : “Менің екі Отаным бар; бірі – Қазақстан, бірі – Украина”, – деп гуманистік мақтанышпен орынды түрде айтады.

Ұлы Отан соғысы кезінде Украинада партизан қозғалысына қатысқан 500 мыңнан аса адамнан партизандар ерлігін жазып қалдырғандар көп емес. Олар екі мәрте Кеңес Одағының батыры, партизан құрамасының атақты командирі С.А. Ковпак 1949 жылы жазған “Путивильден Карпатқа дейін” кітабы, екі мәрте Кеңес Одағының Батыры партизан құрамасының атақты командирі А.Ф. Федоровтың 1986 жылы жарық көрген “Астыртын обкомның қимылы” және Кеңес Одағының Батыры, партизан дивизиясының командирі П.П. Вершигораның “Ары таза адамдар” атты кітаптарын атауға болады. Бұл кітапқа 1947 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді. Бұлардың бәрі де қарамағында мыңдаған адамдары, жауға жұмсайтын бірнеше полк, батальон отрядтары бар үлкен командирлер еді. Сол сияқты атақты кітапты жаумен шайқасқа қатысып, ажал аузына тікелей кіріп, шығып жүрген қатардағы партизан отряд командирлерінен жазған-жалғыз Қасым Қайсенов. Қазақстанда Қ. Қайсеновтен өзге ешкім партизан отрядының командиріне көтеріле алған жоқ.

Қалам қайраткерінің публицистикасындағы партизандар ерлігінің жазылуы қарапайым, өмірден орын тепкенді өңдемейді, шын қалпында жеткізеді. Қарапайымдылығы қара кесек нәрсіз емес – мәнді, мәнерлі

сырлар. Публицистикасы бірінен-бірі күрделі ой толғап, сөз саптауы жатықтанып, көркемдік сатыға көтеріле түскенін көреміз.

Қасым Қайсенов өз шығармашылығы туралы былай деген еді: «Мен басымнан кешкен шындықтың жадымда қалған негізгілерін жаздым, ештеңені алып-қоспадым, патриот болған, сатқын болғандардың да аты-жөндерін өзгерткен жоқпын, ал бүгінде басқалар артық-кем айта берсе, оларға төреші болып нем бар? Тек өтірік айтпасын!» [34, 3 б.].

Қалам қайраткері публицистикасы арқылы партизандар өмірін, ерлігін, азаматтығын неғұрлым біле түссек, соғұрлым бүгінгі ұрпақ басына тағдыр силаған бақ пен мойнына тарих артып отырған парызы қаныға түсер еді.

«Жазушы» баспасынан жарық көрген «Партизан Қ. Қайсенов» деген кітапта жазушы Ә. Нұршайықов: «Ол Отан алдындағы борышын соғыс бітіп, жеңіске жеткеннен бері 50 жыл бойына адал еңбегімен ел ерлігін, адамдар достығын жазған кітаптармен жас ұрпаққа болашақ үрім-бұтаққа үзбестен баяндап келеді. Қазақта партизан өмірін көп баяндаған жалғыз ғана Қ. Қайсенов» [7, 83 б.], – деп жазады.

Қаламгер соғыс басталғанда 23 жаста еді. 1941 жылы 19-қарашада тоғыз адамдық десанттар тобын басқарып жау тылына түсіп, 1944 жылдың аяғына дейін партизан қатарында болған майдангер Қ. Қайсеновтің жау тылындағы 1125 күннің әр сағаты, әр минөті қилы-қилы оқиғаларға толы.

Қасым Қайсенов әдебиетке кеш келген қаламгер. Ол соғыстан бұрын және соғыс жылдарында шығарма жазбаған. Сонымен қатар, партизан соғыстан ауыр жаралы болып қайтқан еді. Соғыстан кейін де сол жараларды емдеу үшін уақытының көбін госпитальдарда өткізді. Ауыр сырқатпен де соғыстағыдай ерлік жасап, табандылықпен күресті.

Ал, әдебиетке келуіне бірінші себеп; өлім мен өмір айкасқан сәтті өз басынан кешірген қиын тағдыры және жау тылында партизан отрядында төрт жыл бойы көптеген жан алысып, жан беріскен оқиғалардың ортасында жүруі болса, екінші себеп; үлкен майдангер ақын Жұмағали Саинның соғыстан алып келіп, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Тайыр Жароков, Қасым Аманжолов сияқты т.б. көптеген ақын-жазушылармен таныстыруы болды.

Қасым Қайсеновтің қазақ тіліндегі тұңғыш кітабы 1955 жылы, яғни жеңістен кейінгі он жылдан соң ғана жарық көрген. Кітап аты – „Илько Витряк“. Бұған дейін қалам қайраткерінің орыс тілінде 1954 жылы „Юные партизаны“ кітабы жарық көрген еді. Сол 1954-тен бүгінге дейін Қасым Қайсеновтің қазақ, орыс, украин, қырғыз тілінде 34 кітабы шықты. Қаламгер шығармашылығы жасандылықтан аулақ, ойдан шығарылған әңгімелерден таза, публицистикалық сипаттағы соғыс күндерінің, партизан қимылының нақты шежіресі. Мәселен, “Жау тылында” атты шығармасының осындай ерекшелігі бірден көзге түседі. Осы кітаптағы “Днепрдегі кездесу” атты әңгіме былай басталады: “1943 жыл. Қыркүйек айының 16-нан 17-сіне караған түні Чапаев атындағы партизандар құрамасы Хоцкий орманында

жым-жырт жатыр” [22, 131 б.]. Мұнда оқиғаның айы, күні, яғни нақты фактісі бар. Профессор Т. Қожакеевтің: “Публицистика – белгілі бір болмыс құбылысты тек әлеуметтік, саяси жағынан алып бағаламайды, оны практикалық рухани рольдік, парасаттық жағынан да талдайды. Демек, ол өмірді, адам әрекетін бір-бірімен байланысты, өзара бірлікте алып қарайды. Публицистика – нақтылы өмірден орын алып отырған мәнді оқиға фактілер төңірегіндегі пікірді қозғап, сол туралы дұрыс ұғым қалыптастыруға ықпал жасайды. Яғни публицистика – фактінің, нақты оқиғаның жанры” [35, 224 б.], – деген пікіріне сүйенсек, қаламгердің көркем шығармаларынан публицистика сарынын аңғару қиын емес.

“Менің кітаптарым қалың болғанымен, роман да, повесть те жазған қазақ емеспін. Мен басымнан не кештім, не қойдым, қарулас достарым не істеді, соны суретке түсіргендей жаза бердім. Менің кітаптарымдағы кісі есімдері, жер аттары, тағы басқа деректер өзгеріссіз келтірілген. Сондықтан барлық кітабымды бұрынғы партизан отряды командирінің бастан кешкен оқиғалары, естеліктері және Ұлы Отан соғысы кезіндегі партизан қозғалысы тарихының бірнеше беттері деп қана есептеу керек” [36, 5 б.], – дейді Қасым Қайсенов өз жазбалары жайында. Қалам қайраткері әскери публицистикасы өзара жалғас, бір желідегі жорық шежірелері. Ондағы кейіпкерлері де ортақ, тек ерлік көріністері бөлек, оқиға сипаттары әр алуан болып келеді.

Бұл туындыларда дұшпан зорлығына ашынған кеңес халқының қаһармандық ерлік істері, ел бақыты үшін жанын қиған халық батырларының шынайы, табиғи тұлғасы суреттеледі. Фашистерге қарсы астыртын ұйым мүшесі, дәрігер Устимовичтің жау қысымында мойымастан ерлік өлімге басын тигуінен, радистка Зина Крестьянинованың фашистердің қолына маңызды мәліметтерді түсірмеу ниетімен жас жанын құрбандыққа шалуынан патриотизм рухы елес береді. Автордың “Жау тылында” деп аталатын еңбегінде жергілікті халықтың Отанға деген сүйіспеншілігі, жауға қаталдығы, партизан отрядтары мен жасырын ұйымдарға риясыз көмектері өте нақтылы берілген. Еңбектің әр жолында жау тылындағы партизандардың адамдарды фашизмге қарсы күреске ұйымдастырған рөлі бірден-бір дұрыс шешімін тапқан. “Партизанның анасы” атты деректі әңгімесінде: “Сұрланып, әйтеуір бір өлім! Өлсем өлермін, өлмесем балама жетермін. Дарға асылған шалымнан артықпын ба?” [22, 99 б.] – деген Спижевой Софья Павловнаның шешімі көз алдыңызға қайсар да, өжет баласы, Отаны үшін жанын қиюға даяр аналар бейнесін елестетеді. Ол Днепр арқылы өтіп, Панитов орманындағы партизан отрядының командирі ұлы Константин Спижевойға Григоров селосын фашистердің басып алғаны жайлы құнды мәлімет жеткізеді. “Григорьевтықтар өздерін фашистердің қанды қолынан алып қалған анаға алғысын айтып, бүкіл халқы қолдарына қару алып, партизан отрядына қосылды” [22, 101 б.] – деп аяқталады. Бұл көркем публицистикада, қайсар да өжет партизандардың бейнесі нанымды сомдалған.

Қаламгер публицистикасын сөз еткенде, оның жорық шежірелерінің дәл әрі нақты берілуі жорық жолдарының күнбе-күнгі оқиғаларын қойын дәптеріне дәл түсіріп отырған-ау деген ойға қаласыз. Осы ойымызды 1967 жылы жарық көрген кітабына берген: “Сол бір айқас күндерінен есте қалған оқиғаларды сарғайып тозығы жеткен қойын дәптеріме сүйене отырып жаздым. Әзірше майдан шындығынан шығып кеткен емеспін. Қанды көйлек партизан достарымның аты-жөндері сол күйінде жазылды” [36, 4 б.], – деген қысқаша алғы сөзі де растайды. “Партизан достарымның аты-жөндері” демекші қаламгер шығармаларында бір әңгіме, я повесте аталған адамдар екінші бір повесть, очерктерде тағы кездесіп отырады. Олар: партизан құрамасының командирі Иван Кузьмич Примак пен комиссары Емельян Демьянович Ломако, партизан отрядының командирі Николай Михайлович Попов пен взвод командирі Семен Григорьевич Власенко, ерлі зайыпты Николай Мхайлович пен Мария Михайловна Абраменколар, партизан отрядының комиссары Григорий Давыдович Алексеенко мен ағайынды Иван, Мария, Галя, Гамандар, партизан құрамасының бас дәрігері Алексей Васильевич Крячек пен барлаушы Кирилл Иванович Розовик және басқа да көп адамдар бірнеше әңгіменің кейіпкерлері ретінде әр алуан шығармаларда бой көрсетіп отырады. Біздіңше мұндай қайталаулар осы адамдардың бір емес, бірнеше оқиғаға қатысатынын, яғни өмірде болған екенін көрсетсе, екінші жағынан қаламгер публицистикасының жазылуындағы бірізділік пен оқиға сыбайластығынан хабар береді.

Қаламгердің жауынгерлік майдан тақырыбындағы шығармаларын оқып отырып, көркем суреттеудің кәдуілгі үлкен шығармаларға тән стилін байқауға болады. “Жау тылында” атты шығарманың “Алғашқы сапар” деректі әңгімесінде қаламгер жолдастарының бәрінен айырылып, орман ішінде жалғыз қалғанын баяндайды. Аштықтан өзегі талады. Өксіп-өксіп жылағысы келеді. Сөйтіп отырғанда қалғып кетіп түс көреді. Түсіне ағасы Рахымбек кіреді. Өзінен бір жас қана үлкен, құлын тайдай тебісіп, бірге өскен ағасын, Сақыпзада, Шәмшия, Күлзапыран атты қарындастарын, Қабдылқайыр, Қадылбек деген інілерін көреді. Жазушының шегініс жасап, балалық шаққа саяхаттап кететін осынау бір тұстарынан есте қаларлық суреттері көркем публицистика сарынында баяндалған.

«Жау тылында» қаламгердің партизан шежіресін жазған озық шығармасының бірі болып саналады. Неміс басқыншыларының зорлық-зомбылығы мен ана мен бала бейнелері қым-қуыт оқиға барысында суреттеледі. Қаламгер оқырманына түсінікті әрі нанымды болуы үшін нақты деректерге сүйене отырып, оқиға барысында кейіпкерлерді үнемі іс-әрекет үстінде көрсетуге талпынған. Олардың өзара диалогы арқылы жаулардың озбыр бейнелері көз алдына келеді.

Соғыс кезінде қазақ халқының тылдағы қажырлы еңбегі, қазақ жауынгерлерінің майдандағы ерлік істері жайлы газет-журналдар беттерінде көп жазылды. Ал, Қасым Қайсенов публицистикасы туысқан

Украина Республикасының жерін шексіз сүйіп, қасық қаны қалғанша жаумен алысқан жауынгерлер ерлігін суреттеуімен ерекше бағалы. Қаламгердің публицистикасының өзекті тақырыбының бірі – ұлттар достығы, халықтар достығы, майдандағы жауынгерлердің еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілігі, оны жаудан қорғау үшін жанын қиюға да әзір екендігі бейнеленеді. Ол ұлт достығын жекелеген адамдардың, яғни майдандас ұлт өкілдерінің өзара айырылмас, қайыспас достығы мен жанашыр жолдастығы арқылы береді. Болмаса, достарының бірінің жерін екіншісінің өз жеріндегі шын, адал сүюі арқылы сипаттайды.

1988 жылы 4 қазанда «Лениншіл жас» газетінде жарияланған «Ағалар туралы аңыз» атты өмірбаяндық эссесінде соғыстан кейінгі жылдары Әліби Жанкелдинмен кездесуінде бастығы Ғарибжан Досымбеков оны Аманкелді Имановтың ұстазы деп таныстырады. Сонда: «Енді ойыма Украинаның облыс орталығы Каменец-Подольский қаласы есіме түсті. 1941 жылы маусым айының 21-і сенбі күні еді. Дәл осы күні бізге арнайы мектептің курсанттарына Аманкелді киносын көрсетті. Барлығымыз тұнып, көріп отырмыз. Батыр ат құлағында ойнайды. Батыр құралайды көзінен ататын мерген. Ол көз ғана емес, асқан қол мергені. Батырдың жеңісіне айқайлап қол соғамыз. Сәтсіздікке ұшыраған кезін көріп, үнсіз жүдеп қаламыз. Дәл осы айқастарда қиын-қыстау кезде жұрты оған қол ұшыраған кезін көріп, үнсіз жүдеп қаламыз. Дәл осы айқастарда қиын қыстау кезде жұрты оған қол ұшын бере алмағанына бойымды өкініш сезімі билейді. Өзімді дәрменсіз кінәлі адамдай сезінемін» [37], – деп ой түйеді.

Осы киноны көргеннен кейін жүздеген жауынгердің ішіндегі жалғыз қазақ партизан Қасым Қайсеновті Кеңес Одағының батыры генерал С.А. Ковпак пен қаруластары «Аманкелді» деп атап кетеді. Ә. Кекілбаев сөзімен айтсақ, «...Сол бір қайтадан қаулай бой көтерген ұрпақтың қаршадайынан ауыздарына әкелерінің аты күнде түспесе де, күнде айтып, күнде табынып өскен, күнде тамсанып, күнде таңғалып өскен рухани ұстаздарының ішінде алдымен айтыларының бірі – Қасым Қайсенов. Сонау дүрбелең күндерде панасыз елді атының өзі қаралай жұбатып, басқыншы жауды қаралай қалтыратқан Вася партизан. ...Оның өмірін, ерлігін, азаматтығын, кісілігін неғұрлым көп біле түссек, солғұрлым бүгінгі ұрпақ басына тағдыр силаған бақ пен мойнына тарих артып отырған парызы қапысыз қаныға түседі» [7, 5 б].

Кезінде Бауыржан Момышұлы: „Мен неліктен соғыс жөнінде жазып жүрмін? Өйткені, соғыс адам өміріндегі ең бір дүр сілкіндірерлік, жан түршігерлік оқиға. Тылда адам соғыс туралы ойша елестетіп қана жүреді. Майданды ой жүзінде елестету егер де ол ақиқаттан биік тұрса, жақсы, бірақ соғыста қазіргі заманда ақиқаттан биік ешнәрсе де жоқ, сондықтан ақиқат шындықты талап етеді. Сіздер театрдан немесе кино экранынан соғыстың көріністерін көріп жүрсіздер, бірақ сіздер оның ішкі мән-мазмұнын кинодан да, театрдан да көре алмайсыздар, себебі көптеген жазушылар мен өнер

қызметкерлері соғыс туралы шындықты, ақиқатты көрген жоқ, түсіне де алмайды, долбарлап, қиялдан шығарып жазады. Мұнысы шындыққа сай келмейді” [21, 13 б.], – деген еді.

Осы тұрғыдан алғанда Қасым Қайсенов өз шығармаларында соғыстың шындығын, соғыстың ақиқатын айтуға адал болды. Сонымен қатар, сол сұрапыл соғыстың адам тағдырына әкелген қасіретін өз жүрегінен өткізіп барып, көркем шығарманың мұратына орай соғыс зардабын шынайы баяндаған суреткер.

Осы майдан шындығы туралы Бауыржан Момышұлы: „Соғыста шындықты табу өте қиын, ал оны жинақтау, қорыту одан да күрделі. Соғыс туралы ақиқатқа жету – бұл өте үлкен проблема” [21, 14 б.], – деген еді.

Қасым Қайсенов өзінің азаматтық ұстанымын, өмір қағидасын, көркемдік талғам-танымын соғыс бітіп, жеңіске жеткеннен бергі уақытта жазылған шығармалары арқылы таратып, негіздеп берді. Ол халқының мақтан етер ұлының бірі болды. Себебі, оның ғұмыр ғибраты ұрпақтан ұрпаққа жалғасып жататын үлкен өмір өнегесін үлгі етті.

Қасым Қайсенов әскери публицистикасында ерекше атап өтер тақырып – партизан балалар ерлігінің жазылуы. Ұлы Отан соғысы кезінде ересектермен бірге он бір-он екі жастағы жасөспірім жеткіншектер де дұшпанға қарсы күреске шыққаны мәлім. Осы бір шындық қаламгердің әскери публицистикасында өз көрінісін ойдағыдай тапқан. Қасым әскери публицистикасындағы балалар тақырыбына негізінен “Жас партизандар” мен “Жау тылындағы бала” атты деректі повестеріндегі публицистикалық сарынды аңғарамыз.

“Жас партизандар” повестінің кейіпкерлері – 14-15 жастағы балаң жігіттер Илько Витряк пен Микаило Яковленко. Ильконың әкесі – Малый Букринде егіс бригадасының бригадирі болып істейтін Григорий Васильевич Витряк, шешесі – Мария Исаковна. Фашистер Малый Букринге келген күннің ертеңінде мектеп жанындағы алаңға дар ағашын орнатып, үшінші күні Ильконың әкесін дарға асады, онымен бірге тағы он бір адамды асып өлтіреді.

Әкесінің асулы тұрған кейпін көргенде Ильконың жаны езіледі, егіліп көз жасын көлдетіп жылайды. Бірақ көл боп аққан көз жастан әке тіріліп келер ме, келіп ұлын көрер ме? Балаң жігіттің кеудесінде арыстай айбатты кек қайнайды. Ол ашынып күреске шығады. Сол күрестің қилы-қилы кезеңдерінен өтеді. Ақыры әке кегін, ана кегін қайтарады. Әкесін жауға ұстап беріп, анасын қудалап минаға жыққан опасыз сатқын Роман Гедьюсті бірнеше сатқындармен қашып бара жатқан жолында қолға түсіреді. Қасым әскери публицистикасында Илько тапқырлығы мен батырлығының нанымды суреттелуі көпті көрген партизандардың балаларға үлкен адамдардай сенімді қарауы, батырлықтарына әділ баға беруінен де көрінеді.

Қасым Қайсенов публицистикасына ең алғаш қолына қалам алудан бастап арқау болған тақырып – балаларды фашистерден қорықпай, оларға

қарсы қаймықпай әрекет істеуге мәжбүр еткен не? Қасым кітаптары арқылы бұл сауалға жауап іздесек ата жауға деген ыза-кек, Отанға деген махаббат адам бойында бұрын-соңды байқала бермеген ғаламат қайрат-күші оятатынын, өңірдегі жасөспірімдердің сол қайрат-күшпен рухтанып, ерлік жасайтынын байқаймыз. Қасым публицистикасы балалар тақырыбындағы ең алғашқы кейіпкер – Илько Витряк сияқты жас партизанның оқ пен оттың, өмір мен өлімнің, азап пен тозақтың ортасында жүріп, алға қойған мақсаттан айнамаған байыптылығы мен батылдығы, тапқырлығы тәнті етеді.

Бұдан шығар қорытынды Қасымның “Жас партизандар” шығармасының публицистикалық сарында жазылуы, яғни балаларға Отан деген ұлы ұғымның тек от басымен шектелмейтіндігі, ұлан-байтақ қазақ даласы мен Украинаның қалың ормандары сол Отанның бөлінбес бөлшегі ретінде партизандардың жан-жүрегіне қайрат-күш дарытқаны сұрапыл жылдардың нағыз ақиқаты екенін жеткізуімен құнды болмақ.

Қ. Қайсеновтің публицистикасындағы балалар тақырыбының жазылуы өзіндік өмір материалдарымен тартымды. Яғни шығармаларының өзегі өмірдің өзінен алынған. Басқаша айтқанда, Қасым кейіпкерлері өзімен бірге өрт ішіне еніп, өртпен арпалысқан, сан сұрапылдан шыңдалып, суырылып өткен өзгеше тағдыр иелері. И. Витряк пен И. Гаманды, И. Примақ пен В. Спижевойды да сол сияқты басқа да толып жатқан кейіпкерлер қаламгердің майдандас жолдастары болған. Қалам қайраткерінің публицистикасындағы балалар тақырыбына арналған шығармаларының бірі – “Жау тылындағы бала”. Бұл жазушының өмірден көргендерінің бір парасы, яғни көркем публицистиканың жүгін көтерер шығарма. Оқиғасы қызық, бірден-бірге ұласып, шиеленісіп жатады. Оның себебі, сол тұстағы өмірдің қым-қуат аласапыран болуына байланысты. Кешегі Отан соғысында ойда жоқта шешесінен айрылған он жасар Серіктің басынан кешкендері, көрген түйгендері сондықтан көп. Серік пен өз баласы Бористі фашистердің тырнағынан аман алып қалуға жанталасқан Анна Иванованың да аналық махаббаты, балалар үшін басын ажалға тігуі ешкімді де селсоқ қалдырмаса керек. „Анна Ивновна екі баланы бауырына қысып, бұтақты жуан талды паналап тұр. Не істеу керек? Осы сұраққа ол неше күннен бері жауап бере алмады. „Енді поезбен жүре алмаймыз. Біреуді біреу біліп болар емес. Төңіректегі жұрттың бәрі шығысқа беттеп барады. Алдағы бірер күнде азығымыз да таусылады, сонда не істемекпін? Жаяулап қанша жерге бармақпын? Егер жау қуып жетсе, фашистердің қолында қалсам не боламын?” дәл осы ақырғы сұраулы ойға келіп тоқтағанда, оның денесі тітіркеніп кетті” [38, 82 б.]. Біз осы жолдардан қым-қуыт қуғында, аш-жалаңаш жүріп, ақыры партизандарға қосылып, жауға қарсы күрескен балалар мен партизандар біздің еліміздің сарқылмас қуат-күшін, құдіретін көреміз.

Қаламгердің „Жау тылындағы бала” шығармасын көркем публицистика екеніне Ахат Жақсыбаевтың „Қайтпас қайсар” деп аталатын

сұхбат-әңгіме кітабы да дәлел болады. Мұнда автордың: „- Қасеке, Сіздің „Жау тылындағы бала” дейтін көлемді повесіңізді кезінде оқығанбыз. Күні бүгінге дейін әсіресе балалардың ұнататын шығармасы. Сол повестегі оқиғалар өмірде болған ба, әлде жазушының қиялынан туған дүние ме?” [39, 296 б.], – деген сауалына Қайсенов: «Сен өзің қызық адам екенсің. Мені өзің сияқты жазушы деп жүрсің бе?! Кітап жазу үшін қиялданып, ойдан кейіпкер, оқиға табатын жазушы деп ойлайсың ба мені?! Оқиға өмірде қалай болды, солай жаздым. Ойдан қосқан ештеңе жоқ» [39, 296 б.], – деп жауап береді. Шығармадағы Серіктің әкесі армияда командир болған. Ол 1941 жылдың мамыр айында әйелін елге жіберіп, баласын шекараға жақын орналасқан өзі қызмет ететін әскери бөлімшеге алдыртады. Бір айдан соң соғыс басталып, Серіктің әкесі майданға аттанады. Офицерлердің отбасын поезға отырғызып, тылға жөнелтеді. Жау олар келе жатқан эшалонды бомбалайды, Серіктің анасы Жамал осы жерде қаза табады. Қаза тапқан анасының жанында отырған Серікті әкесімен бір полкте қызмет атқарған комиссардың әйелі Анна Ивановна өзінің Борис деген ұлымен бірге ертіп алады. Оқиға желісі ары қарай олардың майданда көрген қиыншылықтары мен екі баланың партизандар тапсырмасын қалай орындағаны жайлы баяндалады. «Сөйтіп, барлаушылар тобында әлгі екі бала да біраз тапсырманы орындады. Кейін сол балалар кім болды, қайда жүрді – ол жағын білмеймін. Соғыста талай жақсылар кетті ғой, талайынан айырылып қалдық» [39, 298 б.], – деп түйіндейді автор. Бұл қаламгер әскери публицистикасында шынайы шындықты, балалардың ғажайып ерліктерін шебер суреттеулерінің бірі. Жекелеген кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы барша кеңес халықтарының ынтымақтастығын, бірлігін сипаттап береді. Жеңіске жету осындай достық пен бірліктің арқасында ғана мүмкін болғанын дәлелдейді.

Қасым Қайсенов әскери публицистикасын саралай келе мынадай тұжырымға тоқталдық:

Біріншіден, Қасым Қайсенов әскери публицистикасы бізге адам баласының ешқашан да қорлыққа, құлдыққа, зорлық-зомбылыққа көне алмайтынын соғыс ақиқаты арқылы көрсетеді.

Екіншіден, адамзаттың ар-намысын аяққа таптап өтуге тырысып, жер шарын жаппай жайлағысы келген фашизмнің күйреуі сондай озбырлығынан, қанқұйлығынан, әлгіндей шындықты ескермеуінен екенін жете танытады.

Қасым публицистикасындағы балалар тақырыбының жазылуындағы тағы бір ерекшелігі жасөспірім партизандардың отрядқа келуін, олардың өсу, тәжірибе алу эволюциясын өте сәтті өркендетуінде. Мұнымен қоса, балалар тақырыбындағы Қ. Қайсенов шығармаларының қай-қайсысы болса да нанымды суреттелуі, түсінікті жазылуымен де ерекшеленеді.

Қалам қайраткерінің әскери публицистикасындағы балалар тақырыбының жазылуынан балалардың қашанда жақсылыққа, ізгілікке,

әділдік пен ерлікке, барша жақсылық атаулыға іңкәр екенін көреміз. Әрине, олардың алдынан әрқилы кедергілер, тағдыр тауқыметі мен ауыртпалықтар жиі ұшырасады. Әйтсе де, Қ. Қайсеновтің әскери публицистикасы балаларды нағыз жігерлі, нағыз мықты азамат болуға ұмтылған балалар ешқандай қиындықтан мойымай күресе жүріп, көздеген мақсаттарына жете білуіне бағдар береді. Адамзатқа алабөтен ауыр зардабын тигізген соғыста да, бейбіт өмірде де балғын ұрпақ өкілдерінің ересектермен, ата-аналарымен, аға-әпкелерімен бірге жарқын болашаққа құштарлығы бүгінгі балаларды да енжар қалдырмайды.

Біз жоғарыда талдап өткен Қ. Қайсенов әскери публицистикасындағы балалар тақырыбындағы шығармалар белгілі бір дәрежеде балалардың көркем шежіресі. Бұларды жазу арқылы қаламгер үлкен тақырыптық идеяның үстінен түсті. Ол соғыстың Отандық сипаты, бабасы, әкесі, баласы, шеше-қыздарына дейін жауға қарсы түгел күрескен кеңес халқының ерлік сипаты еді.

Қасым Қайсенов әскери публицистикасындағы балалар тақырыбы оның жетпісінші жылдардан бастап мерзімді баспасөзде жазылған публицистикалық мақалалары мен берген сұхбаттарында жалғасын тапқан. Алайда, ол жайлы келесі тарауларымызда арнайы сөз етпекпіз.

Тек, Қ. Қайсенов публицистикасындағы жас партизандар тақырыбы өмір шындығы нәтижесінде дүниеге келгеніне біздің жоғарыда келтірген мысалдар дәлел. Бұл жайлы жазушы С. Жиенбаев: «Қасым кітаптары арқылы украин балалары өздерінің әке-шешелерін, аға-інілерін, апа-қарындастарын тауып алып, олардың қалай соғысқаны, қалай мерт болғаны, қай жерде жатқанын біледі, тірі тарих деген осы емес пе?» [7, 85 б.], – деп орынды баға берген.

Сонымен, Қасым Қайсенов әскери публицистикасындағы балалар тақырыбы:

Біріншіден, балаларды Отансүйгіштікке, екіншіден, батырлық пен ерлікке, үшіншіден, адал және шыншыл болуға, төртіншіден, қайсар патриоттық рухта тәрбиелеуде үлкен рөл атқарады.

Қалам қайраткерінің әскери публицистикасындағы партизандар ерлігінің жазылуы қарапайым, өмірден орын тепкенді өңдемейді, шын қалпында жеткізеді. Публицистикасы бірінен-бірі күрделі ой толғап, сөз саптауы жатықтанып, көркемдік сатыға көтеріле түскенін көреміз.

Қ. Қайсенов әскери публицистикасының ортақ мазмұны – оқырманға партизандар ерлігін жеткізуге арналды. Яғни өз заманының көкейкесті мәселелерін сөз етті, сұм соғыс бейнесін көз алдымызға әкеліп, бейбітшіліктің қадірін ұқтырды, халықтар достығын паш етті, жау жүрек қазақ батыры образын танытты.

Мәселен, «Ардагерлер әңгімесі» атты көркем публицистикасында Ұлы Отан соғысының ардагері Мағзом Көшековтің «Қызыл жұлдыз» орденімен наградталуы тақырыпқа арқау болады. Мағзом Көшековтың ерлігі соғыс

жылдарында «Правда» газетінде жарық көрген. Өмірде қарапайым, кішіпейіл Мағзомның бұл ерлігі жайлы: «Мен бар күшімді салып дзоттан басымды көтеріп шыққаным мұң екен, гүр етіп, жаудың бір танкісі мен тұрған дзотқа тірелген кезде гранатпен тұмсыққа көздеп сермеп кеп қалдым. Ал, өзім окопқа қайта құлап түстім» [40], – деп жазады. Мағзом осылайша немістің бір танкісін жайратады. Өзі не істерін білмей тұрған оны жолдастары келіп құттықтауда. Олардың арасында «Правда» газетінің корреспонденті де бар екен. «Әлгі корреспондент менен әр нәрсені сұрай бастады. Аты-жөнімді сұрап алды. Менің жайымды сұрап тұрғанымды біліп не болғанын айтып едім, ол түсінбеді. Бір қазақтың кіші лейтенантын шақырып сөйлесті. Сөйтсем, корреспондент менің танкіні қалай жарғанымды сұрап тұр екен. Корреспондентке қазақ лейтенанты не айтқанын осы күнге дейін білмеймін» [40], – деген жолдардан өз ерлігін мақтан етпейтін қарапайым жауынгердің ақиқат сырын көрсетсе, екіншіден, орыс тіліне шорқақ Мағзом ерлігінің еленуіне кіші лейтенант қазақтың көмегінің тигеніне көзі жетеді. Осы тақырыпқа сарындас «Солдат әңгімесі» деп аталатын көркем публицистикасы да орыс тілін нашар білетін ауылдан аттанған жауынгердің соғыстағы батырлығы сөз болады. Мұнда соғыстағы солдаттың жан-дүниесінің неше бір тебіреністері, адалдық пен тазалықтың, достық пен қастықтың, өмірге деген құштарлық пен енжарлықтың, арақатынасы туралы философиялық ойлары мен толғаныстары оқырманды бейтарап қалдырмайды.

Белгілі қаламгер Сағи Жиенбаев: «Сонда біздің халқымыз Қасекенді не үшін қадірлейді? Ең алдымен, өз денесін оққа төсеп, бізді қорғап қалған көзсіз батырлығы үшін! Еліне, дос-жаранға деген адал азамат, аяулы ағалығы үшін! Жас ұрпақтар ынтыға оқитын, ертегіге бергісіз қызық хикаялары үшін! Бұған Қасымның адам мен адамды, ағайын мен ағайынды, ел мен елді туыстастырып, жақындастырып жүретін үлкен жүрегін қоссаңыз көз алдыңызға бір алып адамның асқаралы бейнесі тұрар еді» [7, 85 б.], – деп орынды бағалайды.

Сонымен Қасым Қайсенов әкери публицистикасының ерекшеліктерін: өмір жаңалықтарын, болмыс табиғатын шебер суреткерлік түсінікпен түсінген. Көсемсөз үлгілері шындық пен сезімге құрылған. Сондықтан да көсемсөзшінің шығармалары көркемдік пен шеберлік тәсілінде сабақтасып, үйлесім тапқан. Бұл қаламгердің дүниетанымын, өмірге оптимистік көзқарасын аңғартады.

Қасым Қайсенов публицистикасында соғыс шындығын қарасөзбен бейнелеуде, оның очерктерінің маңызы, әлеуметтік мәні ерекше. Қаламгердің публицистік шеберлігі болған оқиға құбылысқа байланысты нақты ой айтып, түйінді тұжырым жасауда, әлеуметтік маңызды ерекше құбылыстарды уақытында баспасөзде жариялауымен құнды.

Қалам қайраткерінің публицистикасында қалыптасқан тіл-стиль ерекшелігі деп танылған қысқа сөйлем құрылысы, нақты ой, көркем суреттеулер ішкі сезім толғанысы сияқты сипаттарды кеңінен қолданады

Көсемсөз үлгілерінде замана тынысы, өмір шындығы боямасыз көрініс тапты.

Қасым Қайсенов публицистикасының тақырыптық, проблемалық, идеялық бағыт-бағдары, ауқымы кең, қомақты актуальді шығармаларында ол үн қатпаған, өзінің публицистикалық, тіпті, азаматтық позициясын білдірмеген оқиғалар, құбылыстар кемде-кем.

Көркем публицистикасында да ол жазбаған, көтермеген мәселе, өмірдің қыры мен сыры, көлеңкелі жақтары мен қалтарыстары, жаңалығы мен жақсылығы, өркені мен өскені жоқ десе болады.

Қ. Қайсеновтің соғыстан кейінгі жылдары асынып жүрген бес қаруын тастауға Әліби Жанкелдиннің: «Шырағым, бұл республикадағы ең үлкен мекеме. Әлі соғыс біткен жоқ. Өзің көріп келдің, майданда отандастарымыз қан төгіп жатыр. Ал, біз болсақ мұнда аянбай қызмет істеп майдангерлерге қолымыздан келгенше жәрдемдесуіміз керек. Сен соғысып келдің. Енді ол соғысы құрғырға сен бармайсың. Осы көп тапаншаның енді қанша керегі бар? Өзіңнің аты-жөнің жазылған мынау кішкентай тапаншадан басқасын осындағы ерекше бөлімге тапсыру керек. Анау планшет, дүрбілеріңді үйіңе тастап кетсең де болады», - деген сөздері себеп болады. Осы мақалада қаламгер өзінің майданға қашып кетпек болғанын да қарапайым, әрі шебер баяндайды. Мұнда нақты факт, публицистикалық көркем суретпен бейнелеу бар.

Түйіндей келгенде, Қасым Қайсенов әскери публицистикасы қазақ әскери публицистикасында партизандар ерлігін жазуда өзіндік бағыт қалыптастырды;

қаламгер соғыстың шындығын, соғыстың ақиқатын айтуға адал болды; публицист еңбектері жас ұрпаққа Ұлы Отан соғысы – халық қаһармандығының отты шежіресі екенінің бір дәлелі болды.

1.2. ҚАСЫМ ҚАЙСЕНОВ КӨРКЕМ ПУБЛИЦИСТИКАСЫНДАҒЫ СОҒЫС ШЫНДЫҒЫ

Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейінгі жылдары қазақ әскери публицистикасындағы соғыс тақырыбы көптеген қаламгерлеріміздің шығармашылық ізденісіне жол ашты. Қалам қайраткерлерінің осы тақырыпта жазған шығармалары публицистиканың сапалық тұрғыдан баюына үлкен үлес қосты. Бұл шығармалардың негізгі желісі – Отансүйгіштік, патриоттық сезім болды. Кеңестер Одағын, Қызыл Армияны асыра мадақтау пафосы кейбір шығармаларда орын алып, көркемдік ізденісіне нұқсан келтіргенімен, соғыс тақырыбы сол кемшілікті білдірмей жібергендей әсер қалдырды. Ол кезде 15 одақтас республикадан құралған ұлы держава КСРО құлайды дегенді ешкім болжай алмағанды, ал қаламгерлер болашаққа қандай болжам жасаса да, ондай ойға ерік бермегенді. Яғни публицистика – сол дәуір тынысы мен әлеуметтік орта тіршілігін танытып отырды. Осы тұста қаламгерлер қандай көкейкесті тақырыптарды, өзекті мәселелерді сөз етті дегенде, сөз жоқ жеңістің оңайшылықпен келмегенін айта отырып, сұрапыл соғысты сан қырынан көрсетіп, тереңірек таныту мәселесіне, жауынгерлердің әр алуан қырларын шынайы суреттеуге назар аударды деуге болады.

«Соғыс туралы айтылып та, жазылып та жүр. Өз басым соғыс тақырыбына байланысты сөз қозғаушылардың арасында айтылып қап жүрген: «Соғыстың басталарын, кіммен соғысатынымызды, оның нәтижесі не боларынан бейхабар едік, оны білмей қалыппыз» деушілерге мүлде қосыла алмаймын, бұның бәрі – тарихи шындықты бұрмалау. Мұның бәрінен хабардар едік, тек соғысқа әзірліктің толық болмағандығы, әскери кадрлардың соғыс алдында жаппай репрессияға ұшырауынан ұрысты басқаратын, соғыстың стратегиялық-тактикалық әдіс-тәсілдерін жетік меңгерген әскери қолбасшылардың өте аздығы «жығылған үстіне жұдырық» болғаны, міне, бұл – шындық» [7, 175 б.], – деп жазады Қайсенов.

Әскери публицистикадағы майдангерлер жанын ұғынуға, сезінуге бастап барар публицистік шеберлік, стильдік қолтаңба осыған жетелесе керек. Осы орайда, майдангер психологиясын тап басып, дәл жеткізуге қолайлы әдіс шығарма оқиғасын бірінші жақтан баяндатып, лирикалық кейіпкердің сөзімен, соның ойымен өрбітетін ізденіс өрнегі болып табылады. Соғыстағы жеке тұлғаның рөлі туралы зерттеуші А. Васинкин: „В обстоятельствах войны, когда до предела был заострен выбор между добром и злом, гуманным и бесчеловечным, жизнью и смертью, индивидуальные качества личности проявлялись чрезвычайно быстро и полно. Военная обстановка выявила сущность каждого человека, точно определяя его моральную ценность. Проблема личности, быть может, никогда не стояла так остро, как тогда” [41, 4 б.], – деп жазған еді.

Белгілі жазушы Әбіш Кекілбаев: «Қазір жер басып жүргендер үшін айрықша ардақты ұрпақ бар. Олар кеше аттылы-жаяулы ауылдан аттанып, үйме-жүйме эшелондарға тиеліп, оқтың астына, оттың ішіне жөнелгенде бүкіл ел болып егіліп қоштастық. Араға төрт жыл салып, баяғы қаздай тізілген қалың қатарынан айырылып, сынған тарақтың селдіреген тісіндей сойдиып-сыйдиып кері оралғанда бүкіл ел болып алдарынан шығып, бүкіл ел болып мойындарына асылып, бүкіл ел болып бауырларына тығылып жүректеріміз жарылып қуандық. ...Оларды көргенде өлгендеріміз тіріліп, өшкендеріміз жанғандай көңілімізді бірледік. Олар да аянып қалған жоқ. Қан майданда қан төкті. Қайтып келіп тер төкті. ...Солардың арқасында ошақ аман қалмаса да, Отан аман қалды. Қайтадан тұрмыс түзеліп, қайтадан ұрпақ түгенделді. Сол бір қайтадан қаулай бой көтерген ұрпақтың қаршадайынан ауыздарына әкелерінің аты күнде түспесе де, күнде айтып, күнде табынып өскен, күнде тамсанып, күнде таңғалып өскен рухани ұстаздарының ішінде алдымен айтыларының бірі – Қасым Қайсенов» [7, 4 б.], – деп баға береді. Қаламгер шығармашылығына тән басты ерекшелік – кейіпкерлерінің ішкі әлеміне бойлай ену, сол әлемдегі сан-қилы сезімдерді, солардың қайғы-қасіретін, қуаныштарын қаһармандарының сезім түйсігі арқылы дәл көрсете білу.

Қасым Қайсенов өмірбаянына келсек, ол Шығыс Қазақстан облысына қарасты Ұлан атты ауданның Асубұлақ деп аталатын ауылында дүниеге келеді. Сол ауылда жетіжылдық мектепті бітірген соң Өскемендегі саяси-ағарту техникумына түседі. Техникумды бітіргеннен кейін облыстық оқу бөліміне инспектор болады. Ал, 1939 жылы барлаушылар даярлайтын әскери-барлау мектебіне қабылданады. 1941 жылы оны аяқтап, қараша айында Оңтүстік-батыс майданына аттанып кетеді. Бірден жау тылына келіп түскен Қасымға партизан отрядын құру, оны ұйымдастырып, жасақтау міндеті жүктеледі. Осылайша ол Чапаев атындағы партизан құрамасының үшінші отрядын басқарады.

Қасым Қайсенов 1941 жылдың қараша айынан 1944 жылдың желтоқсанына дейін үш жыл бір ай, яғни 1125 күн жау тылында болады. Жау тылында өткен 1125 күннің мыңдаған операциялары қаламгер шығармашылығының басты тақырыбына айналған. Ол жайлы қаламгер: «Жау тылына түсу дегенің нағыз азап. Ол жаққа аттану тек түн ішінде ғана жүргізілетін. Жабық машинамен аэродромға келер едік. Сол жерде бізді «Дуглас» самолетінің ішіне кіргізіп, карама-қарсы отыруға бұйрық беретін. Арқамыздағы парашют рюкзагына жіп өткізіп, оның ілгегін төбедегі жылжымалы роликке бекітіп қоятыны да есімде. Жасыратын несі бар, майдан шебінен өтердегі оқ шымылдығынан абыржымасын, самолет люгінен секіреді батыл болсын дей ме екен 200 грамнан арақ та беріп қоюшы еді. Белгілі межеге жеткенде есік ашылатын да біріміздің артымыздан біріміз 5 мың метрлік қап-қара тұңғиыққа қарай қарғитынбыз.

Тәртіп бойынша алғашқы 1 мың метр кеңістіктен атқан оқша ағып өтуін керек. Сол сәттегі азапты айтпа...» [7, 164 б.], – деп еске алады.

Сондықтан біздің зерттеу жұмысымыздың бірінші бөлімінің негізгі объектісі Қасым Қайсеновтің ең көлемді де көрнекті шығармасы «Жау тылында» болмақ.

Қ. Қайсеновтің «Жау тылында» шығармасы ірілі-ұсақты елуге жуық әңгімеден құралған. Бірін-бірі қайталамайтын қысқа-қысқа жазылған әрбір бөлім өз алдына бір оқиға болғандықтан, оқушысын жалықтырмай, өзіне қызықтырып тартып отырады. Осы шығарма жайлы жазушы Мұзафар Әлімбаев: «Қасымның қаскөй жауға қарсы бүкілхалықтық күреске қосқан қаһармандық үлесі негізінен кітаптар бетіне түскен. Қ. Қайсенов естеліктерін сүзген оқырмандар, әсіресе оның бас кітабы – «Жау тылында» атты бір томдықты оқығандар әйгілі партизанның және оның қанкөйлек қаруластарының ғажайып ерлік қимылдарымен түгелдей танысып, дән ырза, тәнті болары сөзсіз. Мен оқырмандардың шынайы сыр шертетін шығармаларға көбірек үңілуін, қайталап оқуын тілеймін» [7, 56 б.], – дейді.

Қасым публицистикасында суреттелетін оқиғаларға қатысы бар партизандар есімі өзгертілмей жанды кейіпкер ретінде көрінген. Автор сомдаған образдар, олар қатысатын оқиғалардың шынайылығы мен сенімділігін арттырып және қаламгердің өз шығармасына қажетті тіректі өмір шындығынан алғандығының нақтылығын ұлғайта түседі.

«Жау тылында» шығармасының бірінші бөлімі «Алғашқы сапар» деген атпен, Қасымның партизандық жорығының алғашқы сапарынан басталады. Бұл сапардың қалай болғанын екінші «Сәтсіздік» деген бөлімнің атауынан-ақ аңғаруға болады.

Шығармадағы қаһармандық бейненің майдандағы тағдыры, соғыстың сұмдық қасіреті жағдайында суреттеле отырып, сол қиындықтарға мойын ұсынбай жеңіп шығуға ұмтылған партизанның ерлік рухын алға шығарады. Тағдыр мен адам арпалысында, соғыс пен адам тайталасында рухы биік қаһарман ақыры жеңіске жетеді. Яғни соғыста жеңіске жету үшін адамның өз бойындағы қорқынышты, үрейді жеңу қажет екенін сезінеді.

«Жау тылында» шығармасында Қасым Қайсеновтің жау тылында Панитов, Хоцкий ормандарында партизан отрядтарын бастап, жолбарыстай жортып жүріп жасаған сансыз ерліктері баяндалады. Шығарма кейіпкерлері соғыс өртінің ішінде жүріп, өзіндік өзгеше бір дүниеге еніп, оқырманға өте жақсы таныс адамға айналады. Оқырманды ерекше сезімге бөлейтін тараулардың бірі «Қауіпті тапсырма» деп аталады.

1943 жылы қыркүйекте Украин партизандары Қызыл Армияға қосылғаннан кейін, жарасы жазылған Қасым Қайсенов 1944 жылы маусымда Кеңес Одағының Батыры Тканко бастаған бір топ партизанмен Карпат тауына түседі. Ол топ 6 отрядтан құралған Закарпатье құрамасы аталады. Бір тобының командирі кәнігі партизан Қасым Қайсенов болады.

Бірақ жолда майдан сызығынан өтерде самолетке оқ тиіп, екі отряд апатқа ұшырайды. Қалған төрт отряд Карпатқа жетеді.

Карпатта жергілікті адамдардан және Қайсенов жаудың тұтқындар лагерін талқандап, босатып әкелген 700 саяси тұтқыннан жаңа, бесінші отряд құрылады.

Саяси тұтқындарды жанқиярлық ерлікпен босатып әкеліп, жеке отряд жасақтауға негіз жасаған Қайсеновті соның артынан іле-шала құрама командирі шақырып, жаңа бұйрық береді.

Жергілікті адамдардан жаңа отряд құру туралы Тканконың бұйрығына Қасым қайран қалады. Бір жағынан қан кешіп жүріп өзі құрысқан, бауыр етіндей боп кеткен отрядын, екіншіден, жау тылында соғыстың басынан бірге келе жатқан командирлерін қимайды.

Осы оқиғаға өзіндік пікірін белгілі қаламгер Әзілхан Нұршайықов: «Осы кезде менің ойыма Бауыржан түсті. Генерал Панфилов та Бауыржанды жақсы көретін. Жақсы көре тұра оны өлімге жұмсайтын – жау тылында батальонымен қоршауда қалып, дұшпанды ту сыртынан желкелеуге жіберетін. Қандай апаттың құрсауына кірсе де Баукең жау қоршауын талқандап, дивизияға батальонымен қайта келіп қосылатын. Бес рет сөйткен. Әлде үлкен командирлердің жақсы көретін адамдарын ең қауіпті жерге жіберу әдеті ме екен» [7, 73 б.], – деп жазады. Көз алдымызға нағыз батырлар елестейді. Еш нәрседен қорқу, қаймығу дегенді білмейтін қайсар командир сондай болса керек. Осындай жанның қауіпті тапсырманы орындауға жіберілуі оқырманды күйзелтеді.

Бауыржан Момышұлының: «Команда немесе бұйрық дегеніміз командирдің ерік-жігерінің көрінісі, оның жасаған шешімінің қорытындысы» [42], – деген пікіріне сүйенсек, майданда солдат командир берген бұйрықты қалтқысыз орындаушы. Десек те солдаттың өзіндік жандүниесі, рухани әлемі бар тірі адам. Ендеше қаламгер міндеті соны ашып, көрсету, ақиқатын анықтау. Соғыс жағдайында адам баласынан өзінің ішкі «менін» тыңдауды, наным-сенімінің негізгі тірегін тануды және соған арқа сүйеуді талап етеді. Сол арқылы ол бойындағы қорқынышты жеңу үшін күш-қуат жинайды, алға ұмтылады. Күрделі шиеленістер кезінде адам ойы сан-саққа жүгіреді. Яғни ерлікпен қорқақтық бірге жүрмейді, батыр ерлігін танытса, қорқақ өзінің әлсіздігін байқатады. Қаламгер публицистикасында майдангерлер мінез-құлқының күрделілігі қаһармандық іс-әрекеттің маңызын ашуға қызмет етеді.

Соғыстан кейінгі жылдардағы әскери публицистикаға ортақ сипат - кейіпкерлерін бір бағытта суреттеу болды. Өйткені ол кезде партия белгілеген белгілі бір идеологиялық жолдан ауытқымау қажет болған еді. Алайда, Қасым Қайсенов шығармашылығында коммунистік идеологиядан гөрі отан-сүйгіштікті, адами болмысты, қайтпас қайсарлықты, өжеттікті оқырманға сол қаз-қалпында бейнелеу басым. «Біз жеңдік, жау жеңілді!», – дейді қаламгер «Жау тылында» шығармасының «Партизан дауысы» деп

аталатын бөлімінде: «Біз соғыстың зардабын көп тарттық. Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін көптеген жолдастарымыз қаза тапты. Бала – анасыз, ана – панасыз қалды. Мындаған отандастарымыз мүгедек болып қалды. Еңбек сүйгіш талантты халқымыздың табан еті, маңдай терімен орнатылған сәулетті қалалар мен селоларды жау өртеп жіберді. Мәпелеп өсірген мәуе ағаштары мен жайқалып тұрған егіс жау бомбасы мен снарядтарының астында қалды. Өрістегі мал қырылды. Міне соғыстың кесірі осындай болды» [22, 243 б.].

1943 жылғы 13 қыркүйекте Чапаев атындағы партизан құрамасының Днепрді жалдап өтіп, Букрин плацдармының оң жағын ұстап тұрған ұрыс операциясындағы қимылы үшін Қасым Қайсеновті Украин партизандары арасынан шыққан Кеңес Одағының Батырлары А. Тканко мен Е. Ломако: «Оның бұл ерлігі Кеңес Одағының Батыры атағына лайық» - деп жоғары жаққа хат жазады. Өкініше қарай, Қасымның бұл ерлігіне Кеңестер Одағының Батыры атағы берілмейді. Кейін бұл ерлігі аяқ асты ұмыт қалып, ұзақ жылдардан кейін партизан штабының мұрағатынан бір-ақ табылады. Бұл жайлы қаламгер «Егемен Қазақстан» газетінің 1997 жылғы 26-27 ақпандағы санында «Өзге емес өзім айтам ...» деген мақаласында жаны ауыра жазады. Қасым Қайсеновке Кеңес Одағының Батыры атағын беру туралы тұңғыш хат Украинадағы партизан отрядының мүшесі Н. И. Воронецкаядан келген еді. Ол Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Н. И. Беляевтің атына жолданған болатын. Содан кейін алпысыншы жылдары депутат-жазушы С. Мұқанов бастаған бір топ қаламгерлер КОКП Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Н. С. Хрущевке, ал Украина партизан қозғалысының ардагерлері Е. Ломако, А. Тканко, В. Лавриненковтар Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы И. Юсуповке өз өтініштерін білдіреді. Мұндай хат кезінде Л. И. Брежневке, М. С. Горбачевке де жолданады. Ең соңғы өтініш 1992 жылы Украинадағы Черкасы қаласынан Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың атына Кеңес Одағының Батыры, партизан А. Тканкодан келеді.

«Халық кеңесі» газетінің 1995 жылғы 2 наурыздағы санында жарияланған Ж. Аупбаевтың мақаласында Жеңістің 50 жылдығы қарсаңында Қасым ағаға кезінде бүкіл халық болып ала алмаған қамал – Батыр атағын берудің кезі жеткен жоқ па деген ойға қозғау салған еді. Бұл пікірге республика тұрғындары қызу үн қосады. 1995 жылдың 25 сәуірінде «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына қатысушылардың бір тобын Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтау туралы», - деген Елбасының жарлығымен Қасым Қайсеновке «Майдан даласында көрсеткен жауынгерлік ерлігі, соғыстан кейінгі жылдарда сіңірген еңбегі, белсенді қоғамдық қызметі үшін «Халық қаһарманы» атағы беріліп, айрықша ерекшелік белгісі – Алтын жұлдыз тапсырылады.». Соғыста ең алдымен қажет нәрсе – бірлік яғни майдангерлерде ұжымдық

сезім қалыптастыру. Соғыс кезінде ұжымның қажеттілігі қоғамның ынтымақтастық қағидасына сәйкес келетін еді. Себебі, майдан даласындағы жалғыздық анық қасірет. Біз бұны қаламгердің өз сөзімен жеткізсек: «Қалың ну орман пана болатын емес. Қаһармандықпен қаза тапқан достарымды ойласам – қаным қайнап кетеді. Осыдан төрт күн бұрын жан-жағымнан аш қасқырша анталаған жау жоқ. Иен орман ішінде жалғыз қалғаныма қынжыламын. Бұдан былай не істемекпін?» [22, 14 б.]. Осылайша қаламгер майдан даласындағы өзінің алғашқы сапарының сәтсіздікпен басталғанын шебер жеткізеді. Ары қарай автор өз ойын ішкі монологымен былайша жалғастырады: «...Ұшқан құс, жүтірген аңнан жұрдай мұндай да орман болады екен-ау!.. Тегінде, тірі мақұлықтан тып-типыл орман да емес шығар! Саянды сағалап, жасыл балғынды жайлаған аң да, құс атаулы да ауып кеткен болар. «Ендеше фашистерді аң екеш аңның да, құс екеш құстың құбыжық көргені ғой!» – деген ой келді басыма. Сөйтіп бойымды өрттей бір өкініш билеп, өзегім удай ашиды» [22, 15 б.]. Осылайша партизанды жалғыздықтан гөрі, Үлкен жер белгілеп берген тапсырманы қалай орындаймын деген сауал мазалайды. Осы тұста айта кетеріміз, өзінің ішкі сезім-түйсігі арқылы батыр Отаны үшін ерлік көрсетуге даяр екенін аңғартады. Мұнда ұжымдық кеңеспен шешілген шешім жоқ, жалғыз дара жүріп ерлік жасауға бас тіккен жарқ етпе батырлық бар. Біз бұдан батырлықты жалғыздықпен қарсы қоюға болмайтынына куә боламыз. Себебі, қаламгер публицистикасынан түсінгеніміз, қаһармандық жасау тұжырымдамасы ерлікті қарақан басын қиындықтан құтқару үшін емес, жеңістің игілігі үшін жасауға үйретеді.

Соңғы кездері соғыс жылдарындағы жалпы адамгершілік ұстанымдары біріктірілген адам тағдырының ынтымақтастығы туралы көп жазылуда. Ал оның бастау көзі кешегі майдангер қаламгерлердің шығармаларында жатыр.

Қай кезде де жеке адамның мүддесі топтың мүддесіне қайшы келмейді. Рухы күшті ұжым жеке адамның қаһармандық сезімін оятады, ал жеке адамның батырлық күш-жігері ұжымға ықпал етеді. «Жау тылында» қаламгер осыны көркемдік ізденістер арқылы көрсете білуге ұмтылды. Қарымды қалам иесі мұны өзіндік ерекшелігімен көрсете білді де.

Ғалым Бауыржан Жақып “Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары” атты монографиялық еңбегінде публицистиканы тектік, түрлік, жанрлық және стильдік тұрғыдан талдап көрсетеді [2, 308]. Осында айтылған публицистика түрлерінің басым көпшілігі Қасым Қайсеновтің әскери публицистикасына да тән. Қайсеновтің алғашқы жылдардағы шығармашылығының негізгі тақырыбы – соғыс болғандықтан, оның туындыларын жалпы түрде (түрлік тұрғыдан) әскери публицистикаға жатқызғанымызбен, онда Б. Жақып көрсеткендей, тектік тұрғыдан – ақпараттық-оқиғалы (заметка, есеп, сұхбат), талдамалы (корреспонденция, мақала, рецензия), комментарий, көркем (суреттеме, очерк)

публицистиканың; түрлік жағынан – қоғамдық-саяси, моральдық-этикалық, әдеби, сыни; әскери публицистиканың, жанрлық типологиясы бойынша, жоғарыда айтылғандай, заметка, есеп, сұхбат, корреспонденция, мақала, рецензия, хат, комментарий түріндегі; стильдік жағынан – полемикалық, үгітшілік, насихатшылық, деректі публицистиканың элементтері молынан ұшырасады.

Әдебиеттануда шығарманың тақырыбын оның мазмұнымен, идеясымен байланыстыра қарастырып, кең мағынада түсіндіреді. Алайда шығармада тақырып автордың ғана көзқарасы емес, ол өмірдің талабынан және уақыт қойған міндеттердің дәрежесінен шығады. Публицистикада тақырып өмірден алынады да, оған өмірдің өзі әр түрлі сырлар беріп, толғамды пікірлер туғызады.

Қайсеновтің барлық шығармалары дерек пен фактіге құрылып, нақты өмірде болған оқиғаларға негізделеді. Сонымен қатар белгілі бір даму жүйесі, композициясы бар көркем шығарма ретінде оқылады.

Сонымен, қаламгер әскери публицистикасында қандай тақырыптарды қамтыды? Нендей проблемалар көтерді? Әскери тақырып дегенді қалай түсінуге болады?

Бұл сұраққа жауап беру үшін жазушының әскери публицистикасын тақырыптық тұрғыдан жүйелеу керек.

Мәселеге осы тұрғыдан келетін болсақ, қаламгер көтерген проблемалық тақырыптарды былайша топтап көрсетер едік.

1. Батыр партизандардың қалыптасуы.
2. Украин әскери адамының қалыптасуы.
3. Әскери өмірден бейбіт өмірге бейімделу

Қаламгер қамтыған мәселелерді шартты түрде үш топқа бөлгенімізбен, шын мәнінде олардың әрқайсысы сан тарам тақырыптарға бөлінеді.

Мысалға, “Жау тылында” жалпы тұрғыда кеңестік тұлғадағы партизандар өмірі мен батыр партизандардың қалыптасуы көрсетілген. Әйтсе де, осы үлкен тақырыптың аясында көптеген мәселелер көтерілген. Оларды жүйелеп көрсек, мынадай болады:

1. Украинадағы партизан қозғалысының Ұлы Отан соғысы жылдарында жеңіске қол жеткізудегі рөлі. Бұл бейбіт халықтан партизан командаларын құру, оларды майдан өміріне баулу, сатқындарды жазалау, балаларды патриоттыққа тәрбиелеу, жауға соққы беру, кеңестер армиясына көмек көрсету, т.с.с. эпизодтарда көрініс табады. Мәселен, жаудың бейбіт халыққа көрсеткен түрлі қорлықтарын Қасым Украинадағы партизан қозғалысы кезінде өзі басынан кешірген оқиғаларды еске түсіре отырып әңгімелейді. “Сонау Панитов орманында партизандар маған қарап тұрған сияқты. Кейде мылтықтарын кезеп, осылай жүгіріп келе жатқандай болды. Жоқ. Жоқ... Олар келіп үлгіре алмайды.. Олар алыста. Олар келгенше қара ниет жендеттер мені жапырақтап тілгілейді... Өліп қолға түссем, өлі денемді

кескілейді. Олар маған құзғындай үймелейді... Жендеттер неге оқ жаудырмайды? Мені тірідей ұстамақшы! Жақсы, тірідей ұстады... Менен не білмек! Мен көзімнің қарашығындай халық мақсатын, жау тылында жүрген достарымды, не өзім қан кешіп жүріп жинап алған - өзімнің бауыр етімдей ормандағы батырларымды сатпақпын ба? Олар дәл осы менің жүрегіме түйген сырымды айтқызбақ қой!. Жоқ! Мен Отаныма, халқыма опасыздық істей алмаспын” [7, 41].

Соғыс жылдарында партизандар қозғалысының жау тылында қан кешіп жүріп жасаған ерліктері сол кездегі партизан Қайсеновтің көзімен, сөзімен баяндалады. «Қасым соғыс жылдарында туысқан Украинада, Закарпатьеде партизандық қозғалыстың белсенді күрескерлерінің бірі болды. Отряд командирі ретінде жауға қарсы соққы берді. Жау тылындағы сұрапыл қиыншылықты басынан өткізді. Мұз төсеніп, қар жамылды. Сондықтан Қасым Қайсенов туындыларының орталық кейіпкері - өзі және талай қауіпті өткелден өткен, өмір мен өлім айқасында шыңдалған жауынгер достары болып келеді. Әрине, бұл кітаптарда басы артық бояу жоқ, документальдық негіз мол» [7, 24].

Демек, жазушы көтерген мәселелердің шынайылығы мен тақырыптық өзектілігі әлі сол қалпында. Соғыс жылдарындағы әр түрлі ұлт өкілдерінің бірлесе отырып әскери міндеттерін жеңіспен аяқтауы, жау эшолондарын күйрету, тұтқында азап шеккен жауынгерлерді, Германияға жер аударылатын жасөспірімдерді құтқару, жаңа партизан отрядтарын құрып, дұшпанға аяусыз соққы беру секілді мәселелер қаламгер қаламының өткір семсеріне түйрелген.

2. Соғыс және бейбітшілік. Бұл мәселе бейбіт өмір мен жау тылындағы майдан тақырыбына қатысты әңгімелерде көрініс табады. Ұлы Отан соғысы жылдарының жалыны әрбір ошақтың басын шарпып өткені әскери публицистикасында әсерлі әңгімеленеді. Бұл мәселеде тылдағы жесір мен жетім зары және майдандағы ерлердің елге деген сағынышы, жауға деген өшпес кегі шебер суреттеледі.

3. Бейбіт өмірге бейімделу. Қайсенов әскери публицистикасының қалыптасуы мен дамуында елдегі тарихи оқиғалардың ықпалы аз болған жоқ. Алғаш балалар тақырыбында жазылған «Юные партизаны» мен «Илько Витряк» кітаптары өзінің жазылу мерзімі мен шығармашылық тәжірибе жағынан да, тарихи тағдырдың дамуы тұрғысынан да “Жау тылында” шығармасына барар жолдағы алғашқы асудай болып көрінеді. Өйткені «Юные партизаны» мен «Илько Витряк» кітаптарында суреттелген балалар мен олардың ата-аналары “кеңес халқы”, “кеңес жауынгері” атына ие емес пе еді. Қасым Қайсеновтің қолына қалам ұстатқан, оны қаламгер ретінде толғандырған ең үлкен тақырып та, міне, осы жерден басталады. Бұл – қазақ кеңес адамының, дәлірек айтсақ, Украинадағы кеңес жауынгерінің қалыптасу мәселесі еді.

Осы тақырыптың аясында қалам қайраткері, сонымен қатар патриоттық тәрбие, әскери тәрбие, әскери әдебиет мәселелерін үзбей қозғап отырды.

Көп жағдайда біз соғыс тақырыбындағы шығармалардың материалы – судай төгілген қан мен ботадай боздаған қайғы-қасіретті жазса қызғылықты деген пікір кездесіп қалады. Дегенмен, соғыс тақырыбындағы әскери публицистиканың ерекшелігі бұл айтылғанда емес, кеңес адамының татулығы, өз өмірін бүкіл ел өмірінен бөліп қарамауы, достық, ынтымақтастық, бауырластық сезімдерінің жоғары болуында еді. Ендеше әскери публицистиканың оқырманды тартар басты сипаты адам тағдыры, адамдар арасындағы достық, адамгершілік, адалдық, батырлық секілді қасиеттердің көркемдікпен көрініс табуы.

Қаламгер публицистикасындағы соғыс ақиқатының бір көрінісі – әрбір адамның жеке тұлға ретінде, пенде ретінде қайталанбастығы, ұжымның ынтымақтастығы қаһармандық істе көрінсе, оның астарында жеке адамның дербестігі, бірегейлігі ашылады. Сондықтан адамның істеген ісіне берілетін басты баға оның өзіне қоятын адамгершілік талабының жоғары болуында.

Қаламгер қаһармандарының мінез-құлқы ақкөңіл, жарқын, ашық болып келеді. Соғысқа дейінгі жылдарда жарық көрген публицистикада көрініс тапқан жан дүниенің құлазуы, ішкі шиеленіс бұған тән емес. Сондықтан да қаламгер публицистикасы көз алдымызға қайтпас өр мінезді, берік сенімді, айқын мақсатты ұрпақты елестетеді. Жалпы Қасым Қайсенов шығармаларының қаһармандары рухы күшті адамдар екеніне көзің жетеді. Олар қиын шақтарда адам деген ардақты атын жоғары ұстап, сағы сынбайды, жасымайды, керісінше абыроймен барлық қиындықтарды жеңіп шығады.

«Ақырғы минутыма дейін алысып өлейін деген Петя панға қарай жүгіргенде жендеттер жетіп үлгірді. Есінен танып, аузы-мұрнынан қан кеткен Петя тор әйнекті тұтқын үйінің төрінде жатқанын енді сезді. .. «Мен өзіме ризамын, Отан алдындағы борышымды ақтадым. Намысым, арым, ақырғы тамшы қаным Отаным үшін құрбан болса арманым жоқ. Жаным – арымның садағасы. Жауыздар сендерге құпия сырды ашпаспын. Жан үшін достарды сатпаймын!» Жер сүзіп жатқан басын көтерейін дегенде, әлі келмей қайта жығылды» [22, 79 б.]. Жоғарыда айтылғандай автор майданда жеке тұлғаның бір сәттік шешімінің үлкен маңызға ие екенін аңғартады. Партизандардың «ойландың – жүзеге асырдың!», – деген қағидаға сүйенетінін айта келіп, қаламгер: «Партизан жігіттердің әрқайсысын мен өзім дана адамдар деймін. Оларды әрдайым өр іске, аса өршіл мінезге тәрбиелеп отырдым. Әлемге жорықтарымен аты әйгілі болған Шыңғыс хан: «шибөрінің ұяласын жолбарыс басқарса, бәрі де жолбарыс болады» деген екен. Шынында да біздің сарбаз жігіттер кешегі от пен оқ кешкен жылдарда жолбарыстың айбатын, түлкінің айласын таныта білді. Ал жолбарыс

жігіттердің аса қысылшаң шақтарда ойлап табатын айласы, мың ойласаң ойға кірмейтін әрекеттері көп-ақ еді» [7, 145-146 бб.] , – деп жазады.

Мұндай көріністі біз әскери жазушы Б. Момышұлының «Москва үшін шайқас» шығармасынан да кездестіреміз. «...Тағы бір рет қарсы шабуылға шығып, дұшпанды тойтарып бара жатырмыз. Жау шегініп, біздің жігіттер өкшелей қуып барады. Менің алдымда жүгіріп бара жатқан жауынгердің сол қолын жеңінің шыға берісінен минаның жаңқасы отап кетті. Бір елі теріге ілінген алақаны мен саусақтары қанға боялып салбырап барады. Оны денесі қызған жауынгер байқар емес. Ол әлі де жүгіріп барады. Астапыралла, бұл кім? ...Ол кілт тұра қалды. Енді ғана аңғарды. Бір елі теріге ілініп тұрған қолын ызаланып жұлды да, лақтырып тастады. Өз денесін қар үстіне қарай атты. Мен тітіркеніп кеттім. Ол сау қолымен пистолетін серт ұстап, алға кезеніп, жоғары көтерді де, ашынған даусымен «атаңның аузы...» деп жау соңынан тап бере жүгіре жөнелді.

Мен оны таныдым. Ол бұдан екі жеті бұрын Соколово селосында жаудың 3 танкімен жекпе-жекке шығып, қарсыласып тұрып алған батарея старшинасы Бүркіт Әлішеров. ... «Алатаудың сұңқары, атаңа тартқан екенсің!» – дедім мен ішімнен» [43, 241 б]. Қ. Қайсенов кейіпкері партизан Петя фашистердің қаншама жәбірлегеніне қарамастан, ақырғы минутыма дейін алысып өлейін деген шешім қабылдаса, Б. Момышұлы шығармасындағы Б. Әлішеров бір қолынан айырылғанына қарамастан, жауға қарсы жан аяспай күресуге бел буады. Мұнда ортақ сипат – жауынгерлердің Отан алдындағы парызына адалдығы болса, ерекшелігі біреуі – партизан, біреуі – жаяу әскерлердің батарея старшинасы, екеуі де өздеріне жүктелген міндетке сәйкес ерлік көрсете білген. Десек те, дәл сол жағдайда кейіпкерлердің ойланып, толғануға уақыты жоқ. Оларды ерлікке бастап барған санадан толғанып шыққан шешім емес, бүкіл болмыстың біртұтас болып бірігіп кеткен жан айқайының жігері.

Қаламгердің «Жау тылында» туындысында батыр, ержүрек кейіпкерлер аз емес. Біз қаламгер шығармасынан партизандардың ерлігін көреміз. Қаламгер бұларды жеке тұлғалардың мінездерінің механикалық жай біріге салуы ретінде емес, олардың ортақ мүдделерінің бірлігі ретінде қарастырады. Публицистикасында кейіпкер образының жүйесі белгілі бір схема бойынша қолдан жасалған дүние емес, өмірде болған шынайы қалпында құралған. Қаламгер туындысында жасанды, ойдан шығарылған соғыс көріністері емес, ақиқатқа құрылған, шындыққа суарылған, бас кейіпкердің басынан өткен, сол арқылы оқырман санасына сурет болып басылған нақтылық бар.

Белгілі қаламгер Әди Шәріпов: «Қ. Қайсенов шығармалары – өзара жалғас, бір желідегі жорық шежірелері. Ондағы кейіпкерлері де ортақ, тек ерлік көріністері бөлек, оқиға сипаттары әр алуан. Бұл туындыларда дұшпан зорлығына ашынған совет халқының қаһармандық әрекеттері, ел бақыты

үшін жанын қиған халық батырларының шынайы, табиғи тұлғасы суреттеледі» [7, 24 б], – деп жазады.

Шығармадағы қаһармандардың есте сақталуы әр тараудағы оқиға мазмұнына қарай қойылған тақырыптардың ұтымдылығына тығыз байланысты. Публицистикада тақырыпты таңдау көсемсөзшінің шығармашылық жемісіне әсер етеді. Ғалым Т. Амандосовтың: «...Публицист болашақ шығармасының тақырыбын таңдай білуі керек, оны дамытып және өңдей білуге тиіс. Публицистиканың қандай жанрында шығарма жазғанда да журналист осы үш заңдылыққа сүйенеді. Шығарманың тақырыбы ұнамды, мазмұны тартымды болуы публицистиканың негізгі міндеті» [44, 129 б.]. Бұдан шығатын қорытынды Қайсенов соғыс тақырыбына мол жазды және бұл қаламгерді бұрыннан толғандырып жүрген мәселе болатын. Бұдан біз көсемсөзшінің соғыс тақырыбына баруы үшін, ең алдымен, қалай жазу керектігін ойластырып алғандығын аңғарамыз. Осындай ерекшеліктерден біз қаламгердің публицистикалық шеберлігін танимыз. Мәселен, «Комендант «орнынан» алынды» деп аталатын тарауында автор шығармасының алдыңғы тарауында жауыздығымен оқырманға таныс болған Козин комендантының көзін қалай жойғандарын мәлім етеді. Оқиға желісін өрбітуде қаламгер оқырманды оқиғаға қызықтырып қояды. «Комендатураның алдында, анадай жерде жүресінен үш адам отыр. Олардың жандарында винтовкасын кезеніп, қақшиып бір полицаи тұр. Сірә кілең «қылмысты» адамдар болу керек, өңдері жүдеу, киімдері жыртық. Түрлері талай таяқтың астында болып, талай-талай итке таланған жандарға ұқсайды. Жүздерінде бастан кешкен алуан ауыр азап пен көкіректі кернеген кекті ызаның ізі бар. Менің неміс емес екенімді танып отырса да, үстімдегі басқыншылар мундиріне жағалай жирене қарайды» [22, 60 б.]. Бұл үлкен оқиғаның бастауына оқушыны дайындау еді. Сол арқылы қаламгер оқырманның одан кейінгі қабылдауын жеңілдетеді. Алдына қойған тапсырма орындалады, бірақ әрі қарай жалғасқан уақиға желісі соңғы тарауға жеткенге дейін біріне-бірі сабақтасып, оқиғадан оқиғаға ұласып жатады. Сондықтан оқырман партизандардың тамаша ерліктеріне, жеңіс қуанышына шомып кеткенін де байқамай қалады.

Бұл қаламгердің өзіне ғана тән публицистік шеберлігін танытады. Оқиғаны оқуға алдымен қызықтырып, дайындап алып барып, оқиғалар тізбегіне сүңгітіп жіберіп, соңына дейін бір қарқында ұстап отыру шынында да шеберлік.

Қаламгер публицистикасында басты немесе жанама кейіпкерді бөліп алу тіпті де мүмкін емес. Автор үшін мінез-құлқы маңызды кейіпкердің өзі де шығарма сюжетін дамытуда елеулі маңызға ие болмайды, өйткені олардың ешқайсысы да өз-өзінен фабула қозғалысын анықтап бере алмайды. Тіпті басты кейіпкерлерді бір жерге жинақтағанның өзінде көркем публицистикасының сюжеті бола алады деу қиын. Қаламгер

публицистикасының бір ерекшелігі мына жағдаймен байланысты болса керек: оны жеке тұлғадан гөрі – бүкіл партизандар отрядының тағдыры алаңдатады әрі толғандырады. Нақ осы отрядтың өмірі оның туындыларының басты өзегіне айналады.

Қасым Қайсенов көркем публицистикасында өзінің ой-толғамдары арқылы өзге адамдарға мінездеме беру шеберлігін де молынан аңғартады. Шығармада әр түрлі характер, әр алуан кейіпкер бар. Қаламгер солардың барлығын бас-басына арнайы суреттеп жатпайды, бас кейіпкердің көзқарасымен береді. Қаламгер публицистикасында кейіпкердің тікелей сезім толқындарын көрсету арқылы, оның адамдар жайлы көзқарасын, олармен қарым-қатынасын нанымды жеткізеді. Шығармадағы партизан отрядының командирі Қасым Қайсеновтің өз тарапынан айтылған ойлары осы пікірді дәлелдей түседі. Бас қаһарманның адалдығы – албырт қиялшылдығы, қайтпас батырлығы, ішкі сезімдер ағымы арқылы жете танылады.

Осы мәселені қаламгер Сабырхан Асанов: «Қатерлі жылдардағы қасиетті күресіміз хақында қате сөйлеп, қате жазып байқа – сол оқиғаларды басынан өткерген халық саған не дер екен! Жауынгер жазушы Қасым Қайсенов кітаптары – совет партизандары тарихының тараулары. Олардың әрқайсысында үлкен өмір де бар, жеке тағдырлар да бар» [7, 116 б.], – деп нақтылай түседі.

«- Мен сөздің шындығын айтам, қай кезде болмасын саны көп халықтар ұсақ халықтарға қиянат жасайды. өзім, әсте ұлтшыл емеспін, сөйтсе де мәселені, осы соғыста менің қол астымда болғандардың біразы Совет Одағының Батыры атағын алды. Мен Украинаға барғанда әлгілер Алтын Жұлдыздарын тағып жүргенін көргем жоқ» [7, 179 б.], – деп соғыс ақиқаты жайлы ой қозғайды қаламгер.

Белгілі ғалым Ж. Дәдебаевтың «Адам тағдыры – жазушы үшін шығарма арқауы ғана емес, өмірді танудың өзгеше тәсілі де: өмірде көрген тірі адамдар туралы тебірене, толғана ойланудан көбіне суреткердің сол адамдар өмір сүрген қоғам туралы көзқарасы қалыптасады, нәтижесінде сол қоғамдық шындықты көркем жинақтау мақсатындағы творчестволық әрекеті басталып кетеді» [45, 86 б.], – деген пікірі орынды.

Қайсенов көркем публицистикасында жауынгерлердің рухани байлығын, Отансүйгіштігін, патриотизмін ел мүддесі үшін қандай қиыншылық жағдай кездесе де табандылық жасап, ерлік көрсеткенін, өзара жауынгерлік мызғымас достығы мен ынтымағын шебер суреттей білген.

Қаламгер шығармасында батыр партизандардың бейнесі сомдалады. Осы орайда қаламгер алдына күрделі мақсат қоя білгенін атап айтуымыз керек. Шығарма кейіпкерлерінің мінездерінен байқалған айқын белгілерді, іс-әрекеттерді типтендіріп, бұларды партизанның басты қаһарман ретінде көрінуіне өте тиімді қолданған.

Қаламгер өз кейіпкерінің әлсіз жақтарынан да оқырманды хабардар етіп отырады, көркем бейнелеуде кез келген адам сияқты оған да кемшіліктер тән. Командир өзі туралы аз сөйлеп, жіберген кемшіліктері жайлы көбірек айтады. Жазушы Ахат Жақсыбаевтың «Қайтпас қайсар» деп аталатын кітабында: «Жаңылмайтын жан жоқ, сүрінбейтін тұяқ болмайды. Адамның жақсы жағы мен кемшілігі көзге көрінеді. Егер де жақсы жағын басым болса, сен жақсы адам атанасың. Мен кейде ашу үстінде қатты сөйлеп қалатыным бар. Қазақ тілі ащы дей ме? Қатты ашуланғанда біреуге сол ащы, жаман сөздерді айтатыным да рас. Біреулер өзінің ой-пікірін іште сақтап жүреді. Менде ондай қасиет жоқ. Мен – ой-пікірімді түп-тура айтатын адаммын» [39, 223 б], – деп Қасым Қайсенов турашылдығын өз бойындағы басты кемшілігіне санайды. Қаламгер шығармаларында партизандардың тұтқындарды жауыздықпен жазалауын, командирлердің өз карауындағыларға қаталдықпен қарағанын айғақтайтын көріністер де бар. Мұндай эпизодтар автордың ар-ожданына қаяу түсірмейді, керісінше, басты кейіпкерлердің шынайы бейнесін танытуға көмектеседі, оны қиын сәттерде табиғи сол қалпында қарастыруға мүмкіндік береді.

Ұлы Отан соғысында жеңіске бастаған факторлардың бірі темірдей тәртіп болса, соны орнатушы командир тұлғасы туралы ой-толғамдар шығармаға арқау болған. Партизандар құрамасының командирі, екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Сидор Артемьевич Ковпактың кеңестерін бойына әбден сіңіруге тырысатын Қасым Қайсенов жеке басындағы дара қасиеттерімен кіші әріптестеріне, партизандарға үлгі-өнеге бола білгені анық. Оның талап қойғыштығын майдандас достары оның «әділдігі» деп мойындағаны ақиқат.

Қасым Қайсеновтің тұлғасы характер тұрғысынан да сан қырлы, өзіндік ерекшеліктерге толы. Оның характерінде соғыс командиріне тән мінездік сапалар жинақталып, оқиға қоюлана түсіп, сюжет пісіп-жетілген сайын олар көзге айқынырақ түседі. Академик З. Қабдолов «Әрбір жазушының күллі творчествосының өн бойынан идеялық-көркемдік негіздің тек сол жазушыға ғана тән ерекшелігін аңғарамыз. Міне, стиль – әр суреткерге тән осындай ерекшелік» [5, 364 б.], – деп жазады.

Шығармада көрініс табатын партизандар өз командирлерін үлгі тұтуға, содан үлгі алуға тырысады. Бұл шығармадағы шындықтан бастау алып отыр. Өйткені олардың барлығы бар күш-қуатын жеңіске жетуге жұмылдырғандар. Олар қандай да бір іс-әрекеттерінің нәтижесін жеңіске жету арқылы ақтай алатындығын жете түсінген жандар. Ендеше олардың идеалы соғыс ауыртпалығын өздерімен бірдей көтеріп, шындықтың бетіне тура қарай алатын командирлерінің болуының тарихи шындығы да, көркемдік шындығы да сенімді. Бұл туралы «Бұл Қаскеннің Ұлы Отан соғысы кезінде арнаулы тапсырмамен жау тылында жүріп жасаған ерліктерінің ойына түскенін өзінің жазғаны ғана. Партизандар қатарында болмаған бейсауыт адамның автордың бұл жазғандары шын ба, өтірік пе деп

шүбәлануы мүмкін. Ал, мен Қасыммен бірге жау тылында соғысқан оның бірнеше жолдастарының кітаптарын оқыдым. Қаскен өз кітабында сыпайылық жасап, өз ерліктерінің негізгі тұстарын ғана, оның өзінде де тартына баяндаса, жауынгер жолдастары оның қаһармандық қимылын аспандатып айтады. Олар: Закарпатье партизан құрамасының командирі А.В. Тканконың «Үшінші десант», Қайсеновпен бірге өзге отрядтардың командирлері болған Г. Алексеенко мен М. Бобидоричтің «Тау арасындағы оттар», Г.Д. Алексеенконың «Партизандар шықты шайқасқа», «Украин ССР-і Ұлы Отан соғысы жылдарында», т.б. жинақтар... Қасым Қайсеновке арналады», – дейді Қасым батырлығы мен шығармашылығының тереңіне бойлаған Әзілхан Нұршайықов.

Қасым Қайсенов өмірдегі табиғи болмысымен публицистикаға тұтас дерлік, қалтқысыз қалпында көшкен. «Публицистика – дәуір үні» демекші, соғыс ақиқаты, соның ішінде партизан жорығының шежіресі туралы қаламгер еңбектері бүгінде тарихи дерек көзі ғана емес, тарихи сабақ болуға тиіс. Сондай-ақ, «Публицистика – ақиқат өмірдің сырлы суреті, оның арқауы шындық» [46, 43 б.]. Иә, публицистика қоғамдық санаға ықпал ететін алып күш болғандықтан, оның негізі – тек шындық, тек ақиқат болғаны абзал. Осы ретте публицистердің халық алдында да, тарих алдында да арқалар жүгі ауыр, жауапкершілігі мол. Филология ғылымдарының кандидаты, доцент Қ. Сақ: «Дүниеде екі әділ сыншы бар: бірі – халық, екіншісі – тарих. Бұл екеуінің тезінен өтпеген нәрсенің ғұмыры ұзақ болмайды» [47, 183 б.], – деп тұжырымдайды. Осы тұрғыдан келсек, өмірде шыншыл, өткір мінез адам Қасым Қайсеновтің өз шығармасында да шыншыл кейіпкер болуға батырлығы мен қаламгерлік намысы жеткен. Мұны халық та, тарих та дәлелдеп отыр. Яғни қаламгердің көркем публицистикасы ақты ақ, қараны қара күйінде бейнелеуімен құнды.

«Менің өзегімді өртеп, жаныма жарақат салатын тағы бір мәселе парасы да Ұлы Жеңіс мәртебесінің салмағын арзандатпай, кейбір дуалы ауыздардан айтылып қалып жүрген теріс пікірлер. Бұл кері азу пәлсапаға өзге емес, сол қырғын соғыстың қайғы-қасіретін көзімен көріп, ыстық-суығына тоңған, соған қатысқан соғыс ардагерлерінің де үн қосып, бүкіл халықтық Жеңіс мерейіне қаяу түсіретіндігіне өкінемін» [7, 178 б.], – дей келе қаламгер соғыс ақиқатын тану болашақ ұрпаққа бағыт-бағдар көрсететін идеологиямыз үшін қажет екенін ескертеді.

Сюжетсіз қаһарман мінез-құлқын тану қиын екені сөзсіз. Кейде бір сәттік көріністен-ақ кейіпкердің шынайы мінезінің танылуы немесе сюжет желісіндегі образдардың жан-жақты суреттелуі, бірнеше арналардың тоғысып жатуы шығармалардағы басты ерекшелік болып табылады. «Бір жазушы, айталық, адам мінезін қимыл әрекет үстінде танытуға бейім болса, енді бір жазушы оның көңіл-күйін, сезім-сырын, ой-арманын, әр алуан психологиялық иірімдерін суреттеу арқылы ашуға шебер...» [5, 105 б.], –

деген академик З.Қабдоловтың қаламгерлер шеберлігі туралы ой толғауы Қасым табиғатына дәл келеді.

Қасым Қайсенов адамды жалықтырып жіберер баяндаудан, солғырт композициядан қашып, кейіпкер өміріндегі ерекше маңызы бар оқиғаларды саралап алып, оқырманға ұсынады. Бұл кейіпкер мінез-құлқының басты белгілерін ашу үшін маңызды.

Бұған Қасымның партизан отрядын құру жолындағы көрген қиыншылығының эпизодтарын алуға болады. Эпизодтың шешілуі олар берілген тапсырма бойынша партизан отрядының құрылуы және олардың Қызыл Армияның жеңіске жету жолындағы партизандар танытқан қайрат пен қажырдың, күш пен жігердің, қайсарлық пен қаһардың шексіз екенінің нақты дәлелі. Бұл жерде отряд құру туралы жоспардың қандай қиын да ауыр шешім екендігі және оны жүзеге асырудың өзі үлкен жауапкершілік пен қаһармандықты талап ететіндігі шығармада шынайы шешімін тапқан.

Кейіпкердің адамгершілік болмысын, характерін ашуда көркемдік құралдарды ұтымды пайдаланып, шебер бейнелеу қаламгердің басты табысы. Қаламгердің шеберлік ауқымы кең болуы тиіс. Ол бір ғана көркем құралдарды меңгерумен ғана шектелмейді. Қалам қайраткері көркемдік құралдарды табиғи түрде өзара тұтастандыра алғанда, шығармадағы адам образын, оның ішкі жан-дүниесін барынша аша алады.

Қасым Қайсенов публицистикасында кейіпкердің адамгершілік келбетін даралау үшін диалогтарды да сәтті пайдалана біледі. Қаһарман характерін ашудағы диалогтың маңызы туралы ғалым Р. Бердібаев: «Диалог деген әйтеуір кейіпкер атаулының толғауы емес. Ол дүниетаным, мінез айқындаудың ең төте жолы екені мәлім. Сондықтан да нағыз диалог сөздер мінездің кәміл көрсеткіші тәрізді» [48, 92 б.], – деген пікірі орынды. Сонымен қатар, ғалым диалог қаһарман характерінің қырларын ашуда, ой-өрісі мен сана-сезімін адамгершілік болмысын танытуда үлкен қызмет атқаратынын, сол арқылы уақыт, соғыс шындығын тануға болатындығын айтып, оны жоғары қояды.

Осы орайда профессор Т.С. Амандосовтың: «Публицистикалық шығарманың құндылығы автордың тенденциясына да байланысты. Қандай публицистикалық шығарманы алсақ та оның құнды болуы журналистің негізгі ойынан, оның алдына қойған мақсатынан шығарманы дамыту бағытынан көрінеді» [46, 28 б.], – деген пікірі ойға оралады.

Қасым Қайсенов шығармаларында ерлік қашанда қарапайым болып келеді. Оның қаһармандары өзінің батырлығын айтып, даңғой мінез білдірмейді, олардың ерліктері ешбір айқай-шусыз жасалады. Мұның басты себебі соғыс ақиқаты мақтануды көтермейді. Және соғыста адам ерлікті белгілі бір жоспармен жасамайды. Ол әрбір адамның ішкі қуатының сыртқа шыққан көрінісі. Кейде кенеттен, кейде алдын ала дайындықтан жасалады. Бірақ соғыс жағдайында оған әрқашан дайын болу қажет.

«Жау тылында» Украина жерін жаудан азат етудегі партизандар қатысқан оқиғалар бейнеленеді. Қаламгер шығарманы баяндауды хронологиялық қағида бойынша берген. Қаламгер қатаң уақытқа бағынған бірізділік қағидасы қаламгерге тек соғыс операцияларының барысын ғана емес, соғысып жүрген адамның қаһармандық мінез-кұлқының қалыптасуын көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл еңбектің бірнеше тарауларында жекелеген өткір оқиғалардың («Сәтсіздік», «Алғашқы айқас», «Үйдегі оқиға», «Қатерлі сапар», «Орман ішінде») немесе жеке адамдардың жарқын бейнелерін («Панастың өлімі», «Ана кегі», «Партизанның анасы», «Барлаушылар») әңгімелейді. Бұл тарауларға публицистикалық сарын тән. Себебі, партизандар қозғалысының жорық шежірелерінің болған жері, айы, күні, партизандардың аты-жөндерінің нақты берілген. Осыған орай, белгілі көсемсөз зерттеушісі Т. Қожакеев: «Публицистика нақтылы өмірден орын алып отырған мәнді оқиға-фактілер төңірегіндегі пікірді қозғап, сол туралы дұрыс ұғым қалыптастыруға ықпал жасайды. Яғни публицистика – фактінің нақты оқиғаның жанры» [35, 224 б.], – деген пікірі орынды.

Мәселен, «Киев облысы, Ржищев ауданындағы Македон селосында «соғыс тұтқыны» ретінде ашық жүргеніме оншақты күн болды» [22, 23 б.].

1954 жылы, Қазақстан Жазушыларының III съезінде «Қазақ совет әдебиетінің жайы мен міндеттері туралы» жасаған баяндамасында Ғабиден Мустафин Ұлы Отан соғысы дәуіріндегі әдебиетті сипаттай келіп: «..Әдебиеттің ең кенже жанрының бірі публицистика зор күшке айналды. Әуезов, Мұқанов, Мүсірепов, Токмағамбетов сияқты аға жазушылардың халық ашуымен суарылған мақала, очерктері өз алдына, бұрын үні естілмеген Бұлқышев сияқты жастар окопта жатып жауын оқпен ғана атқан жоқ, өткір мақала, очерктерімен де атып жатты» [49, 227 б.], – деп атап көрсеткен еді. Соғыс жылдарында қазақ әскери публицистикасы ерекше жеделдікпен халықтың патриоттық сезімін оятуға қызмет етті. Яғни сөз қаруға айналды. Бұл үрдіс соғыстан кейінгі жылдары да жалғасын тапты.

Біз зерттеуімізге арқау етіп отырған қаламгер публицистикасы көркемдік биік талаптарға жауап бере алатын дүние деп батыл айтуға болады.

Зерттеуші Т. Ыдырысов: «Публицистика – жазушы мен журналистің әлеуметтік пікір айтуы, күнделікті өмірге, әр қилы қоғамдық шабытпен терең ой топтап, жұртшылықты белгілі бір оқиғаға, құбылысқа ерте, еліктіре білуі. Екінші сөзбен айтқанда, публицистика дегеніміз – саяси-көркем проза қаламгердің әлеуметтік мәселелерді толғауы» [50, 71 б.], – демекші Қайсенов әскери публицистикасы әлеуметтік мәселелерді көтеруімен құнды.

Қ. Қайсеновтің қалам ұстауына негізгі себепкер – өзі көрген жорық шежірелері, яғни партизандардың өшпес ерлігі болғандықтан публицистикалық сарынды ең алдымен қалам қайраткерінің кітаптарынан тауып, таныстық. Себебі, Қасым Қайсенов қазақ әдебиетінде партизандар

соғысы жайлы кеңес адамдарының ерлігін ұзақ уақыт бойы үзбей жазған алғашқы авторлардың бірі. Оған біз алдыңғы тарауда талдаған ерлік естеліктер кітабы дәлел.

«Өзім Алматыда жүргенмен, ойым майданда, сонау жау тылында жүреді. Тіпті, түсімде де партизандар қатарында соғысып жүрмін. Жылдар бойы не қыста, не жазда үйді паналап көрмеген, биік төсекте жатып ұйықтамаған басым көп азап шектім. Үйге кірсем болғаны, үйді сыртынан фашистер қоршап алған сияқты, дереу қайта сыртқа шығуға асығамын. Төсекке жатып ұйықтап кетсем болғаны – самолет есігінде парашют келіп тұрғандай сезінемін де қарғып кетемін, жерге төсектен құлап түсемін», – деуі Қасым Қайсеновтен өзге ешкім айта алмастай жауынгер жандүниесінің аянышты суреті де, қанына жорық шаңы сіңген, үнемі ерлікке шақырған публицистік үні де анық көрінеді.

Жалпы алғанда, жоғарыдағы айтылғандарды жинақтай келгендегі қорытар ой – Қ. Қайсенов публицистикасындағы соғыс шындығын ешбір боямасыз бейнелеген шығармалары соғыстан кейінгі жылдардағы қазақ әскери публицистикасында қайталанбас өнер туындылары екені сөзсіз.

2. ҚАСЫМ ҚАЙСЕНОВ ПУБЛИЦИСТИКАСЫНЫҢ ПОЭТИКАСЫ

2.1. Қасым Қайсенов публицистикасының тақырыбы, проблемасы, идеясы, түрі

Поэтика – бұл әдебиет теориясында әдеби шығармалардың құрылымы мен онда пайдаланатылатын эстетикалық құралдардың жүйесін қарастыратын бөлігі. Кез-келген шығарманы оның баяндалуына, мазмұнына, пішініне қарап зерделеп-зерттеуге болары сөзсіз. Мазмұн мен пішін тегінде философиялық ұғым. Белгілі ғалым З. Қабдолов: «Әдеби шығарманың мазмұны – өз эстетикалық идеалының тұрғысынан суреткер таныған ақиқат өмірі де, пішіні – осы шындық тұтастырыла жинақталған көркем-образдар жүйесі» [5, 17 б.], – деп атап көрсеткен еді.

Егер, осы тұжырымды Қасым Қайсенов публицистикасына сәйкес тарқатып айтсақ, Қасым Қайсенов шығармаларының мазмұны дегеніміз – қаламгердің көзімен көрген, көңілі сенген, өмір ақиқатынан алынған тақырып пен санасында қорытып, көкейінде түйген идеясы. Сондай-ақ Қасым Қайсенов публицистикасының пішіні дегеніміз – қаламгердің өмірден алған тақырыбы бойынша айтпақ болған идеясын көрсету, таныту, жеткізу тәсілі. Бұл тәсіл жеке жолдар мен сөз тіркестерінің өзінше орналастыру, өзара байланысуы арқылы жүзеге асады. Бұл орналастыру мен байланыстыруды ғылыми тілмен Қасым Қайсенов публицистикасының композициясы деп атаймыз. Шығарманың композициясы сәтті болуы үшін ұтымды, шұрайлы сөздер керек. Мұны біз Қасым Қайсенов публицистикасының тілі деп атаймыз.

Әрине, әрбір көркем шығарманың өз ерекшелігі, талдау объектісі, зерттеу әдісі бар. Сондықтан да жалпы поэтикамен қатар, жеке поэтикаларды бөліп қарастырған жөн. Осы тұрғыдан алғанда көркем әдебиет поэтикасы, публицистика поэтикасы, шешендік өнер поэтикасы, фольклор поэтикасы секілді ұғымдар бар.

Публицистика - өзіндік пішіні, фактіге құрылған әдісі, ықпал ету құралы бар әдебиеттің айрықша бір саласы ретінде оның поэтикасын жекелей қарастыруға негіз болады.

В.Г. Белинский: «Публицистиканың негізгі күші – шығармашылығы мен көркемдігінде емес, терең де салмақты ойында» [51, 121 б.], – деп жазған еді. Публицистиканы дәуір шындығын айқындаудың әдісі ретінде жанры, тілі мен стилі бағытында зерттеуге болады. Дегенмен, публицистиканың пішініне, әдіс-тәсілдеріне ықпал ететін басты құрал ретінде оның тілі қарастырылмақ.

Әдебиеттану ғылымында поэтика ең маңызды проблемалардың қатарына саналса, публицистиканың көркем әдебиетпен дәстүрлі байланысы болғандықтан бұл мәселені зерттеу қажеттілігі өзінен өзі

туындайды. Публицистикадағы поэтиканың мерзімді баспасөздегі әр түрлі жанрлардың көркемдік құрылымын ашуда да тәжірибелік мағынасы зор.

Әдебиеттегі синтетикалық өнердің кейбір элементтерімен қаруланған публицистердің шығармаларындағы осы поэтикалық компоненттерді өзара байланыста қарастыру арқылы жанр табиғатын жан-жақты ашуға мүмкіндік аламыз.

Көркем шығарма поэтикасы жайлы әдебиеттанушы ғалымдарымыз: А. Байтұрсынов, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайылов, М. Қаратаев, З. Қабдолов, З. Ахметов, Р. Бердібаев, Р. Нұрғалиев әдебиет теориясын зерттеу еңбектерінде, Т. Рахымжанов, Ш. Ыбыраев, М. Атымов, Ш. Уәлиханов зерттеулерінде поэтика мәселелері жан-жақты сөз болады.

Публицистика поэтикасына қатысты Г.Я. Солганиктің, М.И. Стюфляева-ның, Г.В. Кольцовтың, Е.П. Прохоровтың зерттеу еңбектері атауға тұрарлық.

Сонымен бірге, жекелеген жазушылардың поэтикасын зерттеуде Т. Әбдірахмановтың, Н. Шаухаманованың, М. Әдібаевтың, Ж. Балмағамбетова-ның еңбектері бар.

Жалпы алғанда поэтика – бұл әдебиет теориясындағы көркем шығарманың құрылымдық түрі жөніндегі ғылым, ол жаңа мазмұнның ықпалымен бұл түрлердің өзгеруінің тарихи заңдылықтарын ашып береді. Десек те, біз өнер ретінде тек көркем шығарманы ғана емес, сонымен қоса кез-келген сөздік шығарманы оның баяндалуына, мазмұны мен формасына қарап-ақ оның ғылыми-көпшілік, шешендік не болмаса публицистік екенін зерделеп-зерттеуімізге болады.

Публицистикадағы поэтика – журналистің публицистикалық жанрлар мен олардың түрлерін жан-жақты білуімен қатар, авторлық шығармадағы кейіпкердің логикалық және эмоциялық ерекшеліктерін көрсете отырып, авторлық баяндауда бейнелі сөз арқылы өзіндік «менін» таныта алатындығын, сондай-ақ публицистикалық тіл стилистикасындағы әдіс-тәсілдерді ұтымды пайдалана алу қасиет-қабілетін анықтайды.

Баспасөз теориясын зерттеуші Е.П. Прохоров: «Бейнелеу (суреттеу) поэтикасында публицист кез-келген бір автордың нақты шығармасын немесе шығармашылығының түгелдей кезеңі мен бағыттарына талдау жасайды» [52, 17 б.], деп бейнелеуді (суреттеу) поэтиканың арнайы бір түрі ретінде қарастырады.

Публицистиканың көркем әдебиеттен басты айырмашылығы фактіге, нақты ойға, дерекке құрылуы мен шынайы өмір құбылыстарын сол қалпында жеткізуінде. Сондықтан көркем әдебиетте образды нақты характер арқылы сомдаса, публицист құбылыстың мән-жайын анықтауға тырысады.

Сонымен публицистика поэтикасы дегеніміз – бұл «публицистиканы сөздік өнер ретінде қабылдау принциптері туралы, публицистік баяндаудағы сөздердің қызметі туралы, оның бейнелеуші құралдарының

жүйесі туралы, композиция құрылымы туралы, қысқасы, мазмұнымен, міндеттерімен, бағытымен тығыз сабақтасып жатқан публицистік форма туралы ғылым».

Қасым Қайсенов публицистикасының поэтикасын зерттеудің маңыздылығы қаламгер шығармашылығын жинақтап, сол арқылы бейнелеуші-көркемдеуші құралдары мен түрлеріне: жанрлық, стильдік ерекшеліктеріне, көркемділігіне талдау жасау арқылы ашылмақ.

Қасым Қайсенов публицистикасының тақырыбына – бір ғана өмір шындығы өзек болады. Атап айтқанда: қаламгердің әскери публицистикасына негізінен Ұлы Отан соғысы жылдарындағы партизандар ерлігі; майдан ақиқаты; патриоттық тәрбие арқау болса, мерзімді басылымда жарық көрген мақалаларына – бүгінгі таңдағы дәуір үні, қоғамдағы өзгерістер алынған. Айта кетерлігі, заман ағымына, ұрпақ сұранысына, уақыт талабына сәйкес қаламгер шығармашылығының тақырыбының шеңбері ұлғайып, жаңара, жаңғыра берген. Ұлы Отан соғысында жанкештілік өмір кешкен, қаталдыққа, берік тәртіпке, жауға деген өшпенділікке үйренген адамның бейбіт өмірге үйренуі де оңай болған жоқ. Осы бір қайшылықты жағдайда ол өзін өзі жаңаша тәрбиелеп қана қоймай, жас ұрпақты бейбітшіліктің қадірін ұғуға шақырады.

Осы тұрғыдан алғанда Қасым Қайсеновтің шығармашылығын біз шартты түрде үш кезеңге бөліп қарастыруды көздедік. Алғашқы кезеңге 1954-1980 жылдар аралығы кіреді. Бұл тұста қаламгердің орыс тілінде алғашқы шығармасы «Юные партизаны» және «Народные мстители», «Дневники братство» шығармалары мен қазақ тіліндегі «Илько Витряк», «Переяслав партизандары», «Партизан соқпақтары», «Жау тылында», «Жау тылындағы бала», «Жас партизандар», «Днепрде», «Ажал аузында», «Сол бір жылдарда» «Бейбіт күнгі кездесулер», «Балдай тәтті балалық шақ» т.с.с. партизандардың жорық шежіресіне арналған алғашқы кітаптары, таңдамалы шығармалар жинағы, естелік-әңгімелері жарық көрді. Бұл кезең Қасым Қайсеновтің өзі көзімен көрген соғыс ақиқатын оқырманға жеткізуге талаптану, іздену, шығармашылықпен тұтастай айналысуға қанаттану кезеңі болды.

Екінші кезең 1981-1991 жылдарда қаламгердің «Днепр жағасындағы шайқас», «Ерлік елінді сүюден басталады», «Майдангерлер», «Партизан бауырлар ортасында», «Туысқан Чехославакия жерінде», «Ағалар туралы аңыз», «Баукеңді іздеп», «Соғыстан соң» секілді көркем-публицистикалық мақалаларымен қатар орыс тілінде «Партизанские тропы» және «Страна моего детства» кітаптары жарық көрді. Қаламгер осы кезеңде партизандар өмірі мен ерлігі туралы кітап бетіне түспей қалған ой-толғамдарын әр түрлі мерзімді басылымдарда жариялай бастады. Осы тұсты біз қаламгердің публицистикалық шеберлігінің қалыптасу, даму кезеңі деп айтуға болады.

Үшінші кезең 1991-2006 жылдар аралығы қаламгердің өзіндік жазу стилі қалыптасып, шығармашылық кемелдену кезеңі болды. Осы уақыт

аралығында қаламгердің «Ағалар туралы аңыз» естелік-әңгімелер жинағы, «Елімнің ертеңіне сенемін» атты ой-толғамдарының жинағы мен «Естеліктер мен жазбалары» құрастырылып шығарылды.

Қасым Қайсеновтің алғашқы кезеңде жазылған шығармаларының дені әскери публицистикалық тақырыпты қозғады. Ол өзі көрген, көкейіне түйген Ұлы Отан соғысы шежіресіндегі Украина жерін азат етудегі партизандар өмірі мен ерлігін жан-жақты жазып жеткізуге тырысты. Бұл тұстағы қаламгердің көркем-публицистикалық еңбектері шығармашылығының жаңа тақырыпты игеру жолындағы алғашқы ізденіспен қатар, соғыс ақиқатына үңілу, өз кейіпкерлерімен бірге біте қайнасып өсу, еңбектену нәтижесін байқатты. Оның әскери публицистикалық шығармашылығының басты айырмашылығы – шынайылық, нақтылық сипаттың басымдылығы. Қалам қайраткерінің алғашқы кезеңде жазылған қай шығармасын алмаңыз – Ұлы Отан соғысындағы партизандардың күнделікті өмірінен, яғни жорық шежіресінен бастау алады. Негізгі кейіпкерлері – партизандар, оларға астыртын көмектесуге қол созған қарапайым ауыл адамдары, балалар және өз Отанына опасыздық жасаған сатқындар. Соғыс жылдарындағы халықтың тұрмыс-тіршілігі, қайғы-мұңы мен қуаныш-реніші, қилы тағдыры, фашистерден көрген қорлығы, жан азабы, жетім мұңы соғыс жылдарындағы әскери публицистикалық еңбектерден, соғыс тақырыбындағы кинолардан бізге мәлім. Десек те, Қасым Қайсенов осы сұрапыл соғыста жау тылындағы партизандар қозғалысы туралы шындықты жазуда өзіндік қолтаңбасы бар қаламгер. Мәселен, ол әскери публицист ретінде Украинаны азат ету жолындағы партизан қозғалысының сан қилы жолын шығармашылығына арқау етеді. Қалам қайраткері шығармашылығына тән басты сипат – соғыс ақиқатын жинақтап қорыту, көркем тұжырымдау яғни бір сөзбен айтқанда публицист шеберлігі – оның шыншылдығында.

Қаламгер шығармашылығының шыншылдығын біз оның идея айқындығы, ар тазалығы, халық алдындағы жауапкершілік-суреткерлік шеберлігі және өмірдің қат-қабат сырларын шебер жеткізе білуінен аңғарамыз.

Жазушы шеберлігінің көзі – халықта болса, публицист үшін шындықтың өлшемі - өмірлік тәжірибеде. Жазушы халқының тыныс-тіршілігі туралы көркем полотно жасауы үшін оны өзі жетік те терең меңгерген, қуанышы мен қайғысына ортақтасқан болуы керек. Қаламгердің сөз қолданысы дегеніміз - оның шеберлік мәнері, стильдік ерекшелігі, әдеби дәстүрді игеруі, көркемдіктің жаңа құралдарын жасай білуімен ерекшеленеді. Қоғамның кезек күттірмес мәселелеріне үн қосу, тақырып алуандығы, кез-келген мәселені сюжетпен жеткізуі Қасым Қайсеновтің публицистік портретінен айқын көрінеді. Осы тұрғыда алғанда, біз Қасым публицистикасы поэтикасының бейнелеуші-көркемдеуші құралдары мен түрлеріне: жанрлық табиғатына, сюжеттік құрылысына, көркем-

публицистикалық детальдарына, ішкі монолог пен диалогтарына, авторлық баяндауларының түрлеріне талдау жасап, көркемдік қырларын қарастырамыз.

Публицистика өткенді бүгінмен, бүгінді келешекпен байланыстыра отырып, тіршіліктің сан-алуан оқиғаларын бейнелеу арқылы дәуір тарихын жасайды. Яғни публицистика қаламгерден әрқашан дамуды, ізденісті алға ілгерілеуді талап етеді. Осыған орай қаламгер дәуір үніне сай оқиға мен құбылыстарды беруде мазмұн мен түр ерекшелігін үнемі жетілдіріп отырады. Публицистика баспасөз теориясында өмірді зерттеудің, қоғамдық өзгерістерді талдап, талқылаудың, шығармашылықтың түрі болып саналады. Публицистика – қоғамдық-саяси тақырыпқа жазылған бүгінгі күннің шығармасы. Осы тұрғыда публицистиканы әдебиетпен қоса журналистиканың саласы ретінде қарастырушылар да бар. Мәселен, Ғ. Доскенов: «Көсемсөз – әдебиет пен журналистиканың қоғамдағы көкейкесті, өткір мәселелерді қозғайтын саласы» [53, 197 б.], – десе қазақ публицистикасының қалыптасу, даму кезеңдерін зерттеуші ғалым Б.Жақып: «Журналистика – белгілі бір қызмет саласы және әсер ету сферасы, түрлі бұқаралық ақпарат құралдарын, ұйымдар мен мекемелердің басын құрайтын белгілі бір аппарат, әлеуметтік институт. Ал публицистика – белгілі бір нысаны, орны, функциясы, мазмұны, құрылымы мен пішіні бар, белгілі бір жанрлар жүйесі бар және қоғам мүшелеріне әсер ету тәсілдері бар тұтас шығармашылық түрі» [2, 30 б.], – деп публицистика мен журналистиканың айырмашылығын айқын көрсетеді. Осы тұрғыда алғанда публицистика – дәуір үнін танытушы және қоғамдық өмірдің сырлы шежіресі деген тұжырым жасауға болады.

Поэтиканы біз кез-келген шығарманың болмыс-бітімінің жиынтығы деп қарастырсақ, шығарма бітімі жанр, сюжет, мотив, композиция стий т.б. ұғымдардан құралады. Осылардың жеке ерекшеліктерін қарастырудың өзінен-ақ олардың сыр-сипатын ғылыми зерделеуге ұласады.

В.М. Жирмунский «поэтиканың қамтитын ауқымы кең» [54, 15 б.], – деген пікір айтса, В.В. Виноградов: «Поэтика сөздік-көркемдік шығарма құрылысының пішіні, түрі, құралы және әдісі туралы ғылымы бола отырып, тек поэтикалық сөзді ғана емес, әдеби туынды мен ауыз әдебиеті құрылысының әр түрлі қырын қарастырады» [55, 184 б.], – деген баға береді.

Поэтика мәселесін публицистика табиғатымен ұштастырып қарастырсақ, оның журналистикада алар орнын, амал-тәсілдерін, бітім-болмысын анықтап алмақпыз. Ол зерттеуімізге өзек болып отырған Қасым Қайсенов шығармашылығы арқылы ашылмақ. Қалам қайраткері шығармаларының жанрлық, стильдік және көркемдік ерекшеліктеріне талдау жасауда шығарма поэтикасы негізге алынбақ. Сонымен қатар, шығармалардың поэтикалық құрылымындағы санаттық ұғымдардың да маңызы айқындала түсетін болады.

Сондықтан біз қаламгер публицистикасы поэтикасының бейнелеуші-көркемдеуші құралдары мен түрлеріне: жанрлық табиғатына, сюжеттік құрылысына, көркем-публицистикалық детальдарына, портреттері мен пейзаждарына, диалог пен монологтарына, авторлық баяндаудың типтері мен формаларына талдау жасау арқылы көркемдік компоненттерін қарастырмақпыз.

Қасым Қайсенов Ұлы Отан соғысы туралы сүбелі шығармалар жазып, қазақ әдебиетінің өскелең өміріне, әскери публицистиканың өркендеп, дамуына өзіндік үлес қосқан қаламгер ретінде кез-келген жанрда еркін көсіліп жаза алатын шеберлігін, ой-өрнегін айқындап, тағылымдық деңгейге көтерді. Қаламгер шеберлігі талмай талаптану, іздену, шығармашылық тәжірибе байлығының толығымен қалыптасып, дамиды. Басқаша айтсақ, шеберлік – публицистің шығармашылық қабілеті мен тәжірибесі арқылы танылады. Қасым Қайсенов шығармашылығының алғашқы 1954-1980 жылдар аралығындағы жазбагерлік мұрасын жинақтап, топтастырып, тақырыптық, жанрлық жағынан жүйелер болсақ, он беске жуық көркем-публицистикалық жанрдағы кітаптарын және оншақты естелік-әңгімесін баспасөз бетінде жариялады. Қаламгердің алға қойған басты мақсаты – Ұлы Отан соғысы жылдарында өзі көрген, көкірегіне түйген жайларды ешбір боямасыз, қаз-қалпында оқырмандарға жеткізу болғандықтан, ол шығармашылығының алғашқы кезеңінде еркін көсіліп, жанр таңдамай жаза берген. Сондықтан біз бұл кезеңдегі публицистік шеберлігін қаламгердің жазуға машықтану, бейімделу кезеңі десек те болады. Қаламгердің осы тұстағы ерекшелігі әдебиеттегі партизандар тақырыбының шынайы жазылуына атсалысуы болды. Десек те, қаламгер шығармашылығы көлемі жағынан ауқымды болғанымен, әдебиет теориясының повесть, роман секілді жанрларына қойылар талаптың барлығын бірдей қамти алмаған. Қасым шығармашылығының алғашқы кезеңінде жазылған еңбектері арқылы қазақ әскери публицистикасын жаңа бір қырынан танытты. Қазақ әскери публицистикасын зерттеуші ғалым Р. Ыдырысов Баубек Бұлқышевтің творчествосын зерттей келе мынадай тұжырымға тоқталады: «Отан соғысы жылдарында жарқ етіп шыққан жауынгер жазушы кескілескен қан майданда шайқаса жүріп, екі-ақ мақсатты көздегені мәлім. Ол әуелі – жеңіс, одан соң творчество. Өзі айтқандай, артында ой қалдыру, ойдан мұра қалдыру, өмірге адам болып келіп, адам күйінде қайту» [20, 82 б.]. Ал, Қасым жеңіске өз қолымен жеткізген майдангер ретінде творчествосы арқылы жас ұрпаққа ойтұжырымдарынан мұра қалдыруды, өмірге адам болып келіп, адам күйінде қайтуды мақсат еткен жан.

Ең алғашында 1941 жылы жиырма үш жасқа жаңа келген жас Қасым өз жолдастарымен самолетпен десант ретінде жау тылына түсіріледі. Онда жаумен алысып, жолдастарынан айырылып, бірнеше күн орман кезіп аш жүреді. Сөйтіп, шыбын жанын шүберекке түйіп, жергілікті астыртын

ұйымдармен байланыс жасап, партизан отрядын құрады. Оларды ұйымдастырып, дұшпанға ту сыртынан шабуыл жасап, Қызыл Армияға көмектеседі.

Бұл Қасым Қайсеновтің «Жау тылында» кітабында Панитов, Хоцкий ормандарында партизан отрядтарын бастап, жолбарыстай жортып жүріп, жасаған сансыз ерліктерін баяндауы.

Мироновка ауданындағы Козин селосының фашистке сатылған комендантының жергілікті халыққа жасаған жауыздығында шек болмайды. Қызыл Армияның саяси қайраткері Панас Шафраменконы ауыр жаралы күйінде қолға түсіріп, селоға әкеліп кескілеп, адам баласы істемейтін қорлықпен өлтіргені жан түршіктіреді. Осы оқиғаны естіген алты партизан Козин селосының комендантын іздеп келеді. Панастың өлімі қатты әсер еткен Қасым комендантты көрген жерде атып салады. Аталған шығармада коменданттың сан қилы айуандық іс-әрекеттері шебер суреткерлікпен баяндалады.

Қасым Қайсенов публицистік шығармаларының ерекшелігі кейіпкердің жан дүниесіне үнілу, оны әр қырынан танытатын көркемдік құралдарды шебер пайдалана білуінде. Мәселен, «Қорқақтықтың ылаңы» деген көркем-публицистикасында қорқақ Мишаның кесірінен қолға түскен патриот дәрігер Петя Устимовтың ішкі жан-күйзелісін асқан шеберлікпен жеткізе біледі. Ол сұм ажалдан тайсалмай: Е, достым, мені фашист өлтіргенше, сен өлтір! – деп жерге тіреген шегенің үстіне өз салмағымен кеп, гүрс етіп құлап, мерт болады. Бұл майдан ақиқатының тек бір эпизоды.

Қаламгер тарихтың өткен беті саналатын сол сұм соғыстағы партизандар психологиясын зерттеді десек, демек, ол майдандас достарына тән жалпы және жеке мінез-құлықтарын, қасиеттерін, ерекшеліктерін, батырлығын жеке адамдар арқылы сипаттағаны айқын.

Публицистиканың көркемдігін толықтырып тұратын маңызды шарттың бірі – психологизмнің болуы. Ол қаламгердің шығармаға қажетті жағдайда психологиялық талдауды дұрыс қолдана білуде. Қ. Қайсеновтің әсіресе әскери публицистикасында психологиялық талдау жиі көрініс береді. Бұған қаламгердің «Мен басымнан кешкен шындықтың жадымда қалған негізгілерін жаздым, ештеңені алып-қоспадым, патриот болған, сатқын болғандардың да аты-жөндерін өзгерткен жоқпын, ал бүгінде басқалар артық-км айта берсе, оларға төреші болып нем бар? Тек өтірік айтпасын!», – деген сөзі негіз болады.

Қаламгер публицистикасында уақыт пен кеңістік, өткен күндер мен бүгінгі өмір шығарма идеясына негіз болып, кейіпкер психологиясын ашады. Сондықтан публицист еңбектерінде оқиғалардың өткен мен бүгінді қатар беруінің көркемдік құндылығымен қоса, терең тарихи-философиялық маңызы зор.

Осы тұрғыдан келсек, қаламгер шығармашылығында психологизм тақырып таңдау, кейіпкер образын сомдау барысында айқындалғаны

аңғарылады. Оның публицистикасында кейіпкер іс әрекеті дәуір тынысындағы іргелі әлеуметтік психологиялық құбылыстармен тығыз байланысты суреттеледі.

Қ. Қайсенов публицистикасында автор психологиясын білдіретін ішкі монолог айшықталып көрсетілген. Автордың “Жау тылында” деп аталатын еңбегінде жергілікті халықтың Отанға деген сүйіспеншілігі, жауға қаталдығы, партизан отрядтары мен жасырын ұйымдарға риясыз көмектері өте нақтылы берілген. Еңбектің әр жолында жау тылындағы партизандардың адамдарды фашизмге қарсы күреске ұйымдастырған рөлі бірден-бір дұрыс шешімін тапқан. Бұл көркем публицистикада, қайсар да өжет партизандардың бейнесі нанымды сомдалған.

Сонымен, Қасымның публицистік мұрасының алғашқы кезеңін түйіндеп, тақырыптарға жүйелеп, проблематикасын саралық тұрғыдан бағалағанмызда мынадай қорытынды жасауға болады:

Біріншіден, Қасым шығармашылығының алғашқы кезеңі әскери публицистикаға негізделіп, әлеуметтік-саяси сипатта көрініс тапқан.

Екіншіден, тарих беттерінен орын алған соғыс жылдарындағы партизан өмірінің маңызды оқиғалары қаламгер назарынан тыс қалмаған.

Үшіншіден, қаламгер көбіне-көп жас ұрпақ бойындағы патриоттық тәрбие тақырыбында қалам тартуды жөн көрген. Бұған оның жас партизандардың отансүйгіштігі мен көзсіз ерлігін өз көзімен көруі себеп болған.

Төртіншіден, әскери публицистикасында бірнеше ұлт өкілдерінің рухани татулығы, интернационалдық достығы, азаматтық ерлігі шынайы бейнеленген.

Қаламгер шығармашылығында 1981-1991 жылдар аралығында жазылған еңбектерінің маңызы зор. Бұл кезеңде қаламгердің мерзімді басылымдарда мақалалары жиі көріне бастады. Бейбіт өмірге бейімделуінің қиындықтары мен қызықтары, сол жолда оған көмектескен, қамқоршы болған атақты адамдар туралы естелік-эсселерін, очерк, сұхбаттарын, бейбітшілік қадірін ұғыну тақырыбындағы проблемалық мақалаларын жазды, сөйтіп, болашақ шығармаларының материалдарын да жинай берді. Нәтижесінде, „Ағалар туралы аңыз” естеліктер жинағы жарық көрді.

Қасым Қайсенов майдангерлердің бейбіт өмірге үйренуі мен оларды құрметтеу мәселелері туралы дер кезінде ой айтып, қоғамдық маңызды проблемаларға назар аударып отырды. „Ерлік – еліңді сүйуден басталады”, „Болашағым – боталарым”, „Қызыл галстукты майдандасым”, „Солдат әңгімесі”, „Отанның хас батыры”, „Туысымдай көремін өздеріңді”, „Соғыстан соң”, „Шындық не деп шырылдайды” тәрізді публицистикалық мақалалары жарық көрді. Қалам қайраткері өзінің шығармашылыққа берілген жан екенін осындай тың туындылары арқылы дәлелдей түсті. Қасым Қайсенов 1981-1991 жылдар аралығындағы публицистикасында бейбіт өмірге өзінше бейімделіп, қолдарынан келгенше елдің тұрмыс-

тіршілігін түзеуге белсене атсалысқан еңбекқор майдангерлердің образын жасауды ең негізгі міндет етіп, сол еңбек адамын елінің нағыз отансүйгіш патриоты ретінде көрсетіп, алдыңғы шепке шығарды. Мәселен, „Туысымдай көремін өздеріңді” мақаласында автор Украина жерінің бір шетінен екінші шетіне қару арқалап өткен қарулас қандыкөйлек достарын еске алып, „Украина – менің екінші Отаным, Украиндықтар – мәңгі ұмытылмас бауырларым, осылай ұлы украин халқын шексіз сүйіп, бауыр басып кеткен адаммын” [34, 64 б.], – дейді. Ұлттар достығын арқау еткен публицистикасында қаламгер Украина мен Қазақстан арасындағы әдеби-мәдени байланысымыздың бір көрінісі ретінде Киев қаласының бір көшесінің Абай есімімен аталуын – мызғымас достықтың белгісі деп бағалайды. Қаламгердің „Шындық не деп шырылдайды” атты проблемалық мақаласында тарихтың өткен беті саналатын ашаршылық кезеңін өткір тілмен, шынайы түрде және оқыған адамның жанын толқытар қиянат мәселелердің барлығын ой таразысына салып, тұжырымдайды. Тарихтың кешегісі мен бүгінгісін ой таразысына салған Қасым мақаласында халқымыздың өткен жолына көп жағдайда үстірт қарап келгенімізді көрсетеді. „Сасыққарағай” деп аталатын ауылдағы төкпе ақын Темірбаев Қалиқа деген кісінің зарығып жүріп көрген нәрестесін аштық тұзағынан құтқарып қаламын деп жүріп әйелі қайтыс болады, әбден өлу халіне келген соң ең болмаса баласын аман алып қалу үшін колхоз бастығына уақытша бір сиыр беруін сұрап өлеңмен өтініш жазады. „Одан бері қарай алпыс жылдай уақыт өтті. Есімде қалған өлең жолдары мынадай:

Өтініш басқармаға Сасыққарағай,
Столда қалмаса екен тез қаралмай.
Жылаймын мұңым шағып мен сіздерге,
Дейтұғын аға бар ма „қарағым-ай”.
Осы жыл август айдың сегізінде,
Анадан қалдым жетім мен арманда.
Аналап мен соңынан ере алмадым,
Жас болып қолдан сусын бере алмадым.
Бір сиыр мүмкін болса беріңіздер,
Сөзіме жылап айтқан еріңіздер.
Болады енді менің халім нешік,
Көз жасын мен жетімнің көріңіздер!» [34, 44 б.]

Өкінішке орай, бұл өлең ақынды да, ұлын да ашаршылық тырнағынан құтқара алмайды. Десек те, автор мақаласында арада қаншама жыл өткенімен есте сақталып қалған осы өлең жолдарды беру арқылы ашаршылықтың қазақ халқына тигізген қиянатын бір отбасының жан түршігерлік тағдыры арқылы көз алдына келтіреді.

Қаламгер мақалада ашаршылықтың болуы асыра сілтеушілердің бас әпербақаны Голощекиннің „Кіші Қазан” саясаты екенін айтады. „Қазақ халқы қай заманда да ел басқаратын дана азаматтарға кенде болмағанын

тарихтан білеміз. Қазіргі ақталып, есімдерін қайғыра отырып есімізге түсіріп жатқан халықтың сырын, мұңын білетін, қазақтың көзі тірі еді ғой. Солар тұрғанда Голощекин сияқты бір жақты дүлейге республиканы билету халқымыздың сорына, бақытсыздығына қарай қате шешімдердің бірі болды” [34, 44 б.], – деп тұжырым жасайды.

Қасым Қайсенов 1981-1991 жылдар аралығындағы публицистикасында бәрі де өмірдің, күрделі заманның шындығын еске алғызады, сол шындықтың күрделі сырына терең бойлауға үндейді.

Қаламгер шығармашылығының үшінші кезеңі – 1991 жылдардан 2006 жылға дейінгі аралықты қамтиды. Бұл кезең – Қасым публицистикасының толысқан, публицистік шеберлігінің шыңдалған кезі. Осы кезеңдегі қаламгер шығармашылығына тән сипат – тақырып ауқымдылығының кеңеюі, заман ағымына сай болған өзгерістерді қалт жібермей ой-тұжырымын білдіруі болды.

Осы қаламгер шығармашылығының үшінші кезеңінде әсіресе бастапқы жылдарының мәні зор. Бұл туралы ғалым Б. Жақып: „90-жылдар публицистикасының басты өзгешелігі – бұрын жазуға болмайтын, бұрын айтуға болмайтын мәселелерге еркін қалам тербелді. Шын мәніндегі еркін, азат публицистика қалыптасты. Бұл жаңа басталған дәуірде қазақ публицистикасы, әсіресе, тақырыптық және проблемалық тұрғыдан байыды. Соған сай мазмұндық жағынан да публицистиканың өмірді шынайы қамту ауқымының аясы кеңейді. Ақын-жазушылар, ғылыми, мәдени зиялылардың публицистикаға қалам тартуы бұрынғыдан да жиіледі. Сөйтіп ел тәуелсіздігімен бірге, мәселенің мәнісін тез ашатын, қоғамдағы оқиға, құбылысқа жедел түрде үн қататын публицистика заманы туды. Бұл қазақ публицистикасының даму жолындағы жаңа дәуірі еді” [2, 344 б.], – деп атап көрсетті.

“90-жылдардағы қазақ баспасөзінде көрініс тапқан негізгі тақырыптар мынадай болып келеді: 1) тәуелсіздік; 2) Қазақстан территориясының тұтастығы; 3) тіл саясаты; 4) егемендік; 5) казактар туралы; 6) қоғамды жаңғырту жолдары; 7) қазақтардың тарихи атамекеніне оралу мәселесі” [56, 43 б.].

Қаламгердің осы кезеңдегі шығармашылығынан жоғарыда айтылған тақырыптардың барлығын дерлік кездестіреміз.

Дәл осы жылдары қаламгердің еліміздің егемендігінің еңселі, тәуелсіздігінің тұғырлы болуын сөз етіп, патриоттық рухты биік қойған, жастар болашағына бағыт-бағдар берген „Елімнің ертеңіне сенемін” атты кітабы жарық көрді. Бұл кітапта қаламгердің әр кезеңде жазылған естеліктері, мақалалары, ойлары, пікірлері және сұхбаттары берілген. Бұл публицистикалық шығармалардан сол дәуірдің әлеуметтік-саяси хал-жағдайын, қоғамдық ой-пікірлердің тартысы мен олардың әр түрлі даму бағыттарын аңғарсақ, қаламгердің осы тұстағы шығармашылығынан да замана тынысын байқау қиын емес.

Қасым Қайсенов жазушы, публицист ретінде көпке танымал болып қана қойған жоқ, ол сонымен қатар ел тарихының арғы бергісіне үңіліп, еліміздің егеменділігінің нығаюына, жастарды патриоттық тәрбиеге баулуда тікелей ықпал жасай білді. Мұнысы қаламгердің жан-жақтылығын, ұлт тағдырына деген нағыз жанашырлығын дәлелдей түспек.

Осы тұста қалам қайраткері нағыз публицистік пайыммен қоғамның түрлі саласынан ғылымынан, тарихынан, білімінен, экономикасынан, саясатынан, мәдениетінен, өнерінен мақалалар, корреспонденциялар жазып отырды. Атап айтсақ, „Ой тоқырауынан сақтанайық”, „Тарихтың қатпар беттері”, „Ерлік ескірмейді”, „Халық қалаған тарихи тұлға”, „Желтоқсан жаңғырығы”, „Өткенімізге қара күйе жақпайық”, „Өліден өш алу ма?”, „Қазіргі соғыста жеңімпаз болмайды”, „Шекара түбінен ел неге көшеді”, „Біз осы қандай елміз?”, „Жер анамызды сатамыз ба?”, „Халық сенімі – парламентте”, „Тәуелсіз мемлекетке қорған керек”, „Террор – наразылықтан туады”, „Өнердегі жұлдыздар өмірде де жарқыраса”, „Осы Жовтистер кімдер”, „Жартылай жариялылық кімге керек” т.б. публицистикалық туындылары жарық көрді. Қаламгердің „Ой тоқырауынан сақтанайық” проблемалық мақаласында тоқырау жылдарының халықты күйзелткен мәселелерін өткір тілмен айшықтап, жаны ауыра отырып тұжырымдайды. Тоқырау жылдарының басты себептеріне тереңірек үңілген қаламгер осы күнге дейін сол тоқырау жылдарына көз жұма қарап келгенімізді айтады. Автор мақаласында „Компартия саясатының тоқпағы мықты шақтағы кейбір кедергіге ұшыраған әдебиет-мәдениет саласындағы мәселелер бүкіл халық өмірі тоқырады дегенге дәлел бола алар ма екен? Ендеше „тоқырау” деген жалған айдар – әр салада жасампаздықпен еңбек жасаған бүкіл халқымызға қиянат! Халық мұндай жалған жаланы көтермейді! Ал мен шын тоқырау 1985 жылдан басталды дер едім. Бұл тоқырауды Горбачевтің өз қолымен жасағанына да жұрт куә!” [57], – дейді. Осы кезден бастап халықтың сауда-саттықпен айналысуы, ғылым соңында жүрген жас ғалымдардың ғылымда күн көре алмайтынын сезген соң коммерцияға ауысуын, ғылым, әдебиет қайраткерлерінің өз төлтумаларына күдіктене қарауын, қағаз тапшылығы мен қымбатшылықтан жазған еңбектерінің жарыққа шығарудың қиындағанына қынжылады. „Қазір республикада ондаған мың оқытушылар жетпейді екен, олар сауда-саттықпен күн көруге кетіпті. Ұрпақты тоқырату деген осындай-ақ болар” [57], – деп ой қорытады. Қайта құру заманы – шындығында, тоқырау жылдары болды. Кешегі 15 одақтас республикадан құралған КСРО мемлекеттері аумағында жүргізілген осынау саяси реформаларға сол кезде бүкіл ел араласты, М. Горбачев есімімен тығыз байланысты осы саяси жағдайда ұлттың мүддесі, тұрмыс-тіршілігі ескеріліп жатпады. Қасымның „Ой тоқырауынан сақтанайық” атты проблемалық мақаласы – көтеріп отырғаны бір ғана саяси тоқырау мәселесі емес, елде ғылым, білімнің тоқырауы, халық емшілерінің қаптап кетуі, табиғатты болжау ғылымының құлдырауы секілді келелі

мәселелерді қозғап, ұлтты ой тоқырауынан сақтандыру қажеттілігі туралы өзекті пікір айта білуімен құнды жазылған. Қасым Қайсеновтің осы мақаласы оқырмандар тарапынан ой білдіріп, қоғамдық пікір тудырды.

Сонымен қатар, қалам қайраткерінің „Тарихымызды бұрмаламайық” проблемалық мақаласында Бейсенбай Нұрлыбаевтың „Ана тілі” газетінде жарияланған „Ұлы Жеңіс кімдікі?” [58], тақырыбындағы мақаласында 1941 жылдардағы соғысты „Ұлы Отан соғысы” емес, „Екінші дүниежүзілік соғыс” деу керек, өйткені бұл соғыс дүние жүзіне үстемдік ету үшін Гитлер мен Сталиннің қылмысты соғысы, оны тойлаудың керегі жоқ,- деген пікіріне өзінің ой тұжырымдарымен қарсылығын білдіреді. „Жоқ, ағайын, жаланың да жаласы, жамандаудың да жамандау шегі болу керек қой! Шындықтан шықпайық. 70 жылдай Совет Одағы құрамында болған жаман болсын, жақсы болсын, өз тарихымызды өшіруден, шындықты бұрмалаудан аулақ болайық” [59, 125 б.], – дейді. Ұлы Отан соғысы жылдарын өз көзімен көрген қаламгер халықтар арасындағы достыққа, ынтымақтастыққа іріткі салмай, тарихқа жүгінуге шақырады. Автор мақаласында Ұлы Отан соғысын Кеңестер Одағы тарапынан қылмысты соғыс деу – өрескел қате және осы мәселеге біздің тарихшы ғалымдар төрелігін айту керек деген тұжырым жасайды. Алдыңғы мақалаларға сабақтас „Өткенімізге қара күйе жақпайық” проблемалық мақаласында автор өткен жақсы болсын, жаман болсын – халықтың сол кезеңдегі тарихы. Сол кезеңдердегі қоғам басшылары жаман болсын, жақсы болсын – тарихи тұлғалар. Сондықтан қазір өткен тарихымызға салмақты да әділетті баға беріп, тарихи жағдайдың шындығына жүгіну қажеттілігін алға тартады. Автор мақалада тарихтың ақиқаттан ауытқымауы қажет деген оймен қатар, қоғамда тәртіптің нашарлауын, бұқаралық ақпарат құралдарының отандық өнімдерден гөрі шетелдік тауарларды жиі жарнамалауы, ұрпақтың арақ-шарапқа әуестенуі, мемлекеттік тіл деңгейін көтеру қажеттілігі тәрізді қоғам алдында тұрған көптеген маңызды мәселелерді көтереді. „Кейде үйде теледидар көріп, радио тындап отырып, Қазақстанда отырмын дей алмайсың. Қазақша көретінің де, тыңдайтының да шамалы. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл деген сөз, ол қағаз жүзінде. Барлық іс қағаздар, жиындарда сөйлейтін сөздер тек орыс тілінде екенін жұрт біледі. Теледидар, радиоларда, тіпті, қазақтар бір-бірімен орысша сөйлеседі. Қазақ тілінен қазақтар бұрынғыдан да қатты жерігенге ұқсайды” [59, 129 б.], – дейді. Біз бұдан Қасым Қайсеновтің еліміздегі қоғам алдында тұрған мәселелер төңірегінде дер кезінде ой айтып, тұжырым жасай білгенін аңғарамыз.

Қалам қайраткерінің осы кезеңде мерзімді басылымдарда проблемалық мақалаларымен қатар, естелік әңгімелері, очерк, сұхбаттары үзбей жарияланып отырды. Нәтижесінде „Естеліктер мен жазбалары” (2002) және „Елімнің ертеңіне сенемін” (2004) атты публицистикалық жинақтары дүниеге келді. Бұл қаламгердің жасы сексеннен асқанына қарамай, осындай шығармашылық белсенділік танытуы, қаламгердің қоғам мен халық

алдындағы суреткерлік парызды жоғары қоя білуінің тікелей жемісі екендігін аңғартса керек.

1992 жылы „Балауса” баспасынан Қасым Қайсеновтің „Ағалар туралы аңыз” деп аталатын естелік-әңгімелері жарық көрді. Осы кітаптың алғы сөзінде автор: „Азды-көпті өмір жолымда өзім жақын жүріп, жарқын бейнелері көз алдымда сақталып қалған аяулы ұмытылмас ағалар туралы естелігім еді бұл” [29, 3 б.], – дейді.

Қаламгердің ер жетіп, ат жалын ұстап, қару-жарақ асынған кезінде ерлікке бастап, баулып тәрбиелеген партизан соғысының хас батыр алыптары: Кеңес Одағы Батыры атағының екі дүркін иегерлері: генерал-майор Сидор Артемьевич Ковпак, генерал-майор Алексей Федорович Федоров, генерал-полковник Владимир Дмитриевич Лавриненков, Қасымның бейбір өмірге бейімделуіне көп еңбек сіңірген Әліби Жанкелдин, Жұмабай Шаяхметов, Әбдісәмет Қазақбаев, Садық Нұрмағамбетов, Ғабдолла Шоланов, Иван Куприянович Лукьянец, Ғарібжан Досымбеков, Әдебиет алыптары: Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов пен Тайыр Жароков, Жұмағали Саин, Қасым Аманжолов, Мұқан Иманжанов, Шахмет Хұсайынов, Ғабдол Сланов, Мәлік Ғабдуллин және батыр жазушы Бауыржан Момышұлы мен батыр інісі Рахымжан Қошқарбаев туралы жазылған.

Осы кезеңдегі Қасым Қайсенов публицистикасындағы өзекті тақырыптың бірі – қоғамдағы демократиялық үрдістер. «Демократия» грек тілінен аударғанда «халық билігі» мағынасын білдіреді. Бұл тұрғыда қаламгер өзінің «Өліден өш алу ма?» атты мақаласында «Кей тұста «демократия» деп айқайға басып жатамыз. Рас, сол демократияның да халыққа берер өз үлес-салмағы бар. Бірақ біздер осы демократия ұғымын дұрыс түсініп жүрміз бе? Бұрынғының бәрін даттап, жылт еткен жаңалық атаулыны мақтай беруге үйреніп бара жатқан жоқпыз ба? Жұдырық түйіп алып: «өйту керек, бүйту керек, анау анадай еді, мынау мынадай болсын» деп кіжіне берудің де жөні бар емес пе. Әйтеуір сөз бостандығы берілді екен деп өткенге де жаңаға да жатырқай қарап, өліге де, тіріге де кектене кіжінудің қажеті бар ма? Шындықты айтқанға не жетсін. «Айтпаса сөздің атасы өледі деген». Сол шындықты шындық деңгейінде көрсете алып жүрміз бе?» [59, 129-130 бб.], – дейді. Публицист демократияны дұрыс түсіну мәселесін негізге ала отырып, бүгінгі таңдағы мерзімді басылымдардың онда айтылған пікір, көзқарастардың дұрыс-бұрыстығына ойланбай «редакция авторлардың көзқарасы үшін жауап бермейді» деген жалтарма сөйлемге сүйенетінін айтады. Бұған нақты мысал ретінде Жамбыл облыстық «Ақ жол» газетінде жарияланған «Заман. Адам. Тағдыр» деген айдармен берген «Алуан басшы. Алуан із...» мақаласын келтіреді. Бұл мақаланың авторы соғыс және еңбек ардагері, тарихшы – ғалым, профессор Әбдіқадыр Жүргенов өзі куә болған жылдары облысты басқарған басшыларды сынау арқылы өзін бәрінен жоғары қойғысы келген. Ә.

Жүргеновтің мақаласы ел азаматтарын қорлауға бағытталған туынды деп атап көрсетеді. «Қайткенде де өлілерден өш алу – «өлі арыстаннан тірі тышқанның артықтығын» ғана танытатын «атақ» екенін ескерейік. «Тарих жалған емес, жалған жазатын – тарихшылар» деген осы болар» деп қорытынды жасайды. Бұл өңірлік басылымдардың да қаламгер назарынан тыс қалмайтынының куәсі.

Қаламгер мақалаларындағы демократиялық көзқарастары оқырманға өзіндік ой тастап, өткен тарихқа күйе жақпай, ақиқатты айтуға, шындықтың күрделі сырына бойлауға үндейді. Публицистикасы арқылы қазіргі кездегі өзекті мәселелерді қозғайды. Еліміздің елдігін, тәуелсіздігін нығайту, қорғанысты күшейту, демократияның дұрыс бағытта дамуы, елдің ішкі саясатының дұрыс жүргізілуі, мемлекеттік тіл, жер мәселесіне қатысты ой толғаныстарын баспасөз бетінде жариялап отырады. «Қандай қоғам болсын, оның идеологиясы болатыны белгілі. Идеология деген – қоғамның барар бағытының – мақсатының компасы», – дейді «Өткенімізге қара күйе жақпайық» атты мақаласында, «Ол идеология мықтап насихатталып, халықты баурап алса, ол жойқын алып күш екені тарихтан белгілі» [59, 126 б.]. Қасым Қайсенов қоғамның жеткен жетістіктері мен кемшіліктері де болатынын айта келіп, Кеңес Одағы кезінде асыра сілтеушілік болғанмен, жаппай қара күйе жағудан аулақ болуға шақырады. Тәуелсіз елдің бүгінгі тарихында шынайы демократиялық қоғам құру үшін өткеннен сабақ алу қажеттілігін атап көрсетеді. «Қазіргі қоғамда тәртіп аз. Тәртіп жоқ жерде әділеттілікті мегзейтін ұлттық идеология жоқ. Идеологиясыз қоғам – ол бейбастар қауымына айналмақ. Намыс, ұлт дегеннен гөрі тәртіпсіздікке сүйенген қоғам ілгері баспайды». Бүгінгі таңда қоғамды алаңдатып отырған ұрлау, тонау, зорлау, кісі өлтіру күнделікті әдетке айналғанын, қатігездіктің ел ішін жайлағаны және соған тәрбиеші болып отырған – теледидар тораптары деген пікір білдіреді. Қаламгер көтерген бұл проблемалар көпшілік көкейінде жүрген ойлар. Сондықтан, қалам қайраткерінің публицистикасындағы демократиялық көзқарастар қалың оқырман көкейінен шығып, жастарды жақсылыққа тәриелеудің бір құралы болары сөзсіз. «Халықтың сенімі – парламентте» мақаласында Қасым Қайсенов «Қазір демократия деп жүрген ұғым ең алдымен парламентте көрінуге тиіс. Парламентті – демократияның қайнап жатқан қазаны деп түсінеміз. ...Демократиялық құқықтық мемлекет болған соң, билік халықпен санасып, халықтың сенімді өкілдері – депутаттардың пікіріне, ой-ұсыныстарына құлақ салуға тиіспіз. Олай болмаса, біржақты диктатура болып кетеді» [59, 196 б.], – дей келе депутаттарды сайлауға жауапкершілікпен қарауды ұсынады. Журналистердің депутаттарды «халық қалаулылары» деп атауына қарсылық білдіреді. Бұған ол «Дауыстың өзін қалталылар қаражатын шашып жүріп жинап алғандар» дей келе болашақта адал, әділ, саясат пен экономиканы жетік меңгерген адамдардан сайлау қажеттігін айтады.

Келесі бір «Халық» деген – қасиетті сөз» мақаласында қаламгер бұл күнде халық атынан сөйлеушілер, халық атынан сынаушылар, халық атынан уәде берушілердің көбейгенін айтады. «...Демократия» деген ұғымды жалаулата әркім білгенін айтып, көксегенін көргісі келіп, саясат «майданында» жеңімпаз болғылары бар». Дегенмен, «Демократия» дегенді желеу етіп «халық атынан» сөйлеуді қалқан еткен жәй мансапқұмар болудан сақтауға шақырады. Мақалада халықтан ешкім үлкен емес және оны меншіктеп сөйлеуге ешкімге ерік берілмегендігін ескертеді. «Халық» деген қасиетті және киелі сөз. Ал киелі сөзбен ойнамау, оны саясаттың ойыншығына айналдырмау керектігін меңзейді.

Қасым Қайсенов бұл кезеңдегі публицистикасының негізгі арқауы – жалпы адамзаттық құндылықтар, бейбітшілік, қоғамдағы саяси реформалар, демократия, ғылым, білім, әлеуметтік-экономикалық мәселелер болды. Қаламгер мақалаларының мазмұны мен формасы жаңғырып, көркемдік ізденіс, дәстүр сабақтастығымен ерекшеленеді. Күнделікті ұсақ-түйек мәселелерден азаматтық және адамзаттық ақыл-ой парасатына қарай мойын бұрады. Публицистің поэтикалық ойлау жүйесі алдыңғы кезеңмен салыстырғанда біршама салмақтанып, даралана түседі. Қоғамдық құбылыстарға философиялық ой білдіру жиі байқалады.

Публицистика дәуір тынысынан хабардар ете отырып, өткенді бүгінгімен, бүгінді келешекпен байланыстыру арқылы болмыстың бүкіл шындығын қалың бұқара алдына жайып салады. Публицистика әрдайым дамуда, ізденісте болады. Сондықтан да қоғам ағымына сай оқиға, құбылыстарды берудегі мазмұны мен түрі өзгеріп, дамып отырады.

Публицист шеберлігі оқырманға тіршіліктің болмыс-құбылыстарын дәл сол қалпында берумен шектелмейді. Одан анағұрлым салмақты, қоғамдық мәні бар ой талап етіледі. Бұл публицисте айқын азаматтық позиция болғанда ғана жүзеге асады. Публицистика өнерін зерттеуші орыс ғалымы Е. Прохоровтың: «Қоғамдық пікірден туған мәселелерге жауап бермеген публицистика өзінің азаматтық борышын өтей алмайды» [52, 63 б.], – деген пікірі тұрғысынан алғанда Қасым публицистикасының пәрменді, ықпалды екеніне көз жеткізесің. Публицист дәуір үнін, заман тынысын дер кезінде тап басып, қоғам талғамына сай жаңашыл идеяларын ұсынады. Осыдан барып, оның жазғандары заман талабына сай келіп, өзінің шынайылық болмысын сол күйінде сақтап қалады.

Қасым Қайсенов публицистикасы өз кезеңінің нақты бедерін, динамикасы мен қарама-қайшылықтарын бейнелейді. Ол адамзат алдында тұрған маңызды проблемалар мен жедел шешімін күтетін күрделі мәселелер төңірегінде ой қозғап, елдің ішкі және сыртқы жағдайы тұрғысынан алғанда бүгінгі күн талабынан туған жағдайларды ашып көрсетеді. Өткенге ой тастап, болашаққа болжам жасай отырып, «Біз қайда бара жатырмыз?» деген проблемалық сауалдың жауабын іздейді. «Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан бергі аласапыран уақытта Елбасымыз

ұлтымыздың қамын ойлап, түн ұйқысын төрт бөлгенімен, «зиялы» деп атап, «серіктесім» деп сеніп жүрген қауым ұйқысынан оянар түрі жоқ-ау! ...Олардың түр-түсі ұлтына ұқсағанымен, ішкі дүниесі, іс-әрекеті ұлтына ұқсай ма? Әй қайдам?» [34, 294 б.].

Осылайша еліміздің тәуелсіздігінің баянды болуы үшін басты бағыттарды талдай келе, ұлттықтың негізгі белгісі – тіл болса, қазіргі кезде ұлттық тіліміз де, дініміз де тұралап тұрғанын айтады. Қалыптасқан бір қоғамдық құрылымнан екінші бір қоғам құру – оңай үрдіс емес. Сондықтан ең алдымен ұлттық идеологияны дұрыс бағытта дамытуды, бұқаралық ақпарат құралдарының осы жолда аянбай еңбек етуі қажеттілігін алға тартады.

Әрбір аталған пікірді нақты дәлелдермен айғақтап отыратын қаламгер шығармашылығына тән дәстүр бұл жолы да заңды жалғасын табады: «..ең алдымен ұлттық идеологиямыз – компасымыз болуы керек. Сол бағытпен халқымызды, болашақ ұрпағымызды тәрбиелейміз. Ол бағытта БАҚ-тың атқаратын қызметінің маңызы зор. Бұл салада ішкі радио торабымыз айтарлықтай жұмыс істеп жатса, сыртқы «Азаттық» радио торабы еліміздің біртұтастығына нұқсан келтіретін хабар тарату әрекетіне үйір. Мысалы, соның бір дәлелі – «Қарасай батыр» туралы хабар. Мұндайға ауыздық салар уақыт та жетті емес пе. Ал қазіргі коммерциялық телеарналарда көрсетіліп жүрген бейнекөріністер халықты аздырып-тоздыруға, адамдарды дұшпандыққа, қатыгездікке тәрбиелеуге ықпал етуде. Мұны қысқаша – рухымызға у шашып жатыр деп атауға болады. Кейбір телеарналарды қалталы бай бастықтар қолдарына алып, оны мол ақша табудың көзіне айналдыруда. Ақша тұрған жерде мемлекет мүддесі өз-өзінен кейінге ығысатыны белгілі [34, 296 б.].

Шынында да, қоғамдағы құрылымдық өзгерістер – жаңа заманның орнауы кезеңі секілді екеніне тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында халқымыз басынан кешірген әлеуметтік-саяси жағдай куә.

Осының барлығын саралай, салмақтай келе, Қасым «мемлекеттілік пен ұлттық идеология», «демократия мен халық еркіндігі» сияқты тұжырымдарды алға тартады. Ал бұдан Қасым публицистикасына тән аксиома – «тәуелсіздік тұғыры» деген дәйектеме туады.

Қасым Қайсенов әлемдегі саяси ахуалды да, елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын да салалап, саралап, тұжырымды пайыммен, ғылыми-публицистикалық негізбен жазып отыратынына қарағанда, оның қазақша, орысша шығатын басылымдар мен телеарналар бағдарламалары мен радиохабарларды қалт жібермей, күнбе-күн қадағалап отыратынын аңғарасың. Қаламгердің оқығанының, көргені мен естігенінің барлығын жадында сақтау қасиеті де таңдандырады. Жас шамасының қарттыққа аяқ басқанына қарамастан, осындай табиғи дарын оның ізденімпаздығымен, еңбекқорлығымен астасып, жаңа шығармалардың дүниеге келуіне негіз болады. Сан алуан жауапты қызметтерді атқара жүріп, ол қазақ әдебиеті мен

публицистикасы тарихына үлес болып қосылар отыздан аса кітап жазды. Халқының хал-жағдайы, тұрмыс-тіршілігін әрдайым ойлап жүрген азаматты өмірде өзі көрген көкейкесті мәселелер толғандырып отырған. Содан барып публицистік ой-толғамдарынан құралған кесек-кесек дүниелері жарыққа шықты. Әрбір публицистикалық материалдарды бергенде танымдық тұрғыдан зерттеп, ой сарасы сүзгісінен өткізіп барып береді. Қоғам дамуындағы объективті заңдылықтар мен тарихи тамырларға лайықты баға бере отырып, толассыз толғандырып келген нақты пікірлерін маңызды ойларын, тың идеяларын ұсынады. Мұның барлығы публицист шеберлігіне тән бұлжытпайтын фактілер арқылы дәйектеліп жатады.

Қасым публицистикасының екінші кезеңінде тәуелсіз елдің саясаты, экономикасы мен әлеуметтік жағдайы, мәдениеті мен әдебиеті, ғылымы мен білімі, тілі мен ділі тәрізді маңызды мәселелердің барлығын қамтуға тырысқан.

Сонымен қатар, Қасым Қайсеновтің зиялылық ақыл-ой парасатынан, сана-сезіміндегі өзгерістерден туған ашық тақырыптары да назар аудартады: «Келеңсіз шешімдер қайталана бергенінен халық күйзелді», «Ерлігін қадірлегендер қашан да елдігін сақтайды», «Кінәлі кім?», «Мемлекет репрессиясыз бола ма?», «Шындық не деп шырылдайды?».

Қаламгер шығармашылығында фактісіз, дәлелсіз жазылған дүние жоқ десек артық айтқанымыз емес. Ел тәуелсіздігін нығайту жолындағы маңызды мәселелерді саралай келіп, ғылым, білімнің тоқырауын, жұмыссыз қалған жоғары білімді мамандардың тағдырын талқыға салады. Осындай келеңсіз жайлардан шығу жолдарын қарастырады, ақыл-кеңес береді. Әсіресе, ғылым мен білімнің, адамның ақыл-ойының тоқырауға ұшырауына жол берілмеуін баса көрсетеді. Ел ертеңіне сенім арта отырып, жас ұрпақты отансүйгіштікке, патриоттыққа тәрбиелеудің бастау-арналарын әріден іздеуге ұмтылады. Осылайша, халықтың санасына жаңа жаңғыртулар мен оңды бетбұрыстар әкелген жайлардың шығу тегін өзінің ой-толғамдары арқылы жүйелеп, жеткізуге тырысады. Осы тұрғыдан алғанда белгілі журналист Камал Смайыловтың: «Публицистер шапшаң да қызу қимыл көрсетіп, алдыңғы шепті алға бастаса, әдебиет, әдеби туындылар ауыр зеңбіректер секілді халықтың ақыл-санасын қозғап, шыңдап қопарыстыра бастайды» [60, 200 б.], – деген пікірі орынды айтылған.

Қалам қайраткерінің шығармашылық лабораториясының қат-қабат қырларын тану арқылы, оның партизан жорығының шындығын жазудан басталған естелік әңгімелерінен публицистикаға бет бұрған алғашқы кезеңінің өзінде-ақ (60-70 жылдар) отансүйгіштік пен адамгершілік мәселесін шығармаларының басты діңгегі ретінде сақтап қалуы қаламгердің идеялық-тақырыптық ерекшеліктерді аңғару қиын емес. Қалам қайраткері мейлі бейбітшілік пен соғыс тақырыбына иек артсын, мейлі достық пен татулықты сөз етсін, мейлі тәуелсіздік пен азаматтықты сөз етсін, өз идеясының түп қазығын адамгершілікке, адалдыққа әкеліп тіреді.

Қайсыбір өмірлік мәні бар мәселелерді де нақты фактілерді, өзінің өмірлік тәжірибесін ұсына отырып бейнелейді.

Бұның өзі қаламгер шығармашылығының өнегелік маңызын арттырып, тәрбиелік ықпалын күшейтеді. «Ағалар туралы аңыз», «Елімнің ертеңіне сенемін», «Естеліктер мен жазбалар» жинақтары, көркем-публицистикалық шығармалары, мақалалары, естелік-әңгімелері – бәрі-бәрі нақты дәйек-деректер, құжаттар негізінде жазылған дүниелер. Осылайша фактілер, деректер, құжаттар негізінде жазу стилінің қалыптасуы оның шығармашылығының публицистикадан бастау алғандығында жатыр.

Қасым Қайсенов ел тәуелсіздігін алған тұста қаламынан қол үзбей жалынды публицист ретінде жарқырап көзге түсті. Шығармашылығының алғашқы кездерінде соғыс ақиқаты, партизандардың жорық шежіресі, ерлердің батырлығы мен отансүйгіштігі тақырыбын жеткізе жазуға күш салды. Қоғам заңдылықтарына мойынсұна отырып, егеменді ел мәртебесін асқақтатуға көп күш жұмсады.

Қоғамдық пікірді қалыптастыру – бұл публицистиканың өзіндік әлеуметтік мәні болып табылады. Қасым Қайсенов мақалалары дәуір үніне сай қоғамдық-саяси мәселелерді көтеріп отырды. Оған басты себеп – Қасымның соғыстан келгеннен кейін басшылық қызметтерде болып, еліміздің қоғамдық-саяси өміріне белсенді араласуы еді. Сондықтан да оның публицистік қарымы өз кезеңінің ірілі-ұсақты оқиғаларына үн қосып отырумен шектелді. Публицистика теориясын зерттеуші Е.П. Прохоров: «Партиялық-таптық көзқарас, оның қоғамдық даму тенденциялары мен заңдылықтарына сәйкес келуі немесе сәйкес келмеуі, публицист негізге алатын гносеологиялық принциптерді айқындап береді; дәлірек айтқанда, бұл принциптер публицистің әлеуметтік позициясының бір бөлігі болып табылады» [61, 97 б.], – дейді. Яғни публицист қандай қоғамда өмір сүрмесін, бәрібір өз пікірін, көзқарасын білдіріп отырады.

Қалам қайраткері неге қоғамдық-саяси мәселелер тақырыбына айрықша мән берді десек, ол ең алдымен, оның бай өмірлік тәжірибесі, екіншіден, дәуір үнін жете түсінуі және қаламгерлік қарымының кеңдігі.

Заман талабына сай қаруды қаламға айырбастаған Қасым үшін негізгі мақсат – өзі өмір сүрген қоғам туралы жазу болғанын ескерсек, Қасымның ертеректегі және осы кезеңдегі шығармашылығын өмір шындығын боямасыз беруге ұмтылған талпынысы деп түсінген жөн.

Зерттеу мақсаты – Қасым Қайсеновтің шеберлігін ашып көрсету, шығармашылығын қоғам дамуымен салыстыра отырып, зерделеу болғандықтан, біз оның қоғамдық қызметіне ерекше тоқталып, талдауды жөн көрмедік. Тек сол кезеңдегі публицистикасының шығармашылық сипатын ашуға қаншылықты ықпал еткенін айтуды, сол арқылы оның көтерген мәселелерін жүйелеп көрсетуді мақсат еттік.

Қасымның 90-шы жылдан басталған шығармашылығы өзгеше тың серпіліспен, қоғамда болып жатқан жаңару үрдісіне белсене араласуымен

айшықталды. Қаламгер саяси өзгерістерге тек сырттай бақылаушы ғана болмай, оны ақыл таразысына салып, өз көзқарастарын білдіріп, баспасөз арқылы оқырмандармен тілдесіп отырды.

Осы тұрғыдан алғанда, Қасым Қайсенов қоғамның саяси дамуы мәселелеріне азаматтық қабілетімен қоса, қаламгерлік қарымымен де үн қосып, публицистика әлеміне тың көзқарастар әкелді.

Қаламгер публицистикасынан баспасөздің бүгінгі басты қаһарманы адам емес, күнбе-күнгі экономика, саясат, жұмыссыздық, жекешелендіру, мемлекеттік тіл, дін проблемалары екені айқындала бастады. Адам туралы жазылғанның өзінде халық, жастар, оқырмандар, жемқорлар, шенеуліктер сияқты жалпылама ұғымда көрініс тапты.

Қасым Қайсенов публицистикасындағы жеке адамнан гөрі әлеуметтік топты синтездеу жинақтап, топтастыра баяндау басты ерекшеліктің біріне саналады. Атап айтсақ, жұмыссыздық немесе оралмандар мәселесі, терроризм, репрессия жеке бір адамның ғана проблемасы емес жалпыға ортақ мәселе. Нақтылық қашанда қажет десек те, қаламгер публицистикасының 90-жылдардағы публицистикасы негізінен осындай өзекті мәселелер мен оқиғаларға негізделген.

Біз талдау жасап отырған кезеңдегі Қасым Қайсенов публицистикасының негізгі тақырыптарын былайша жүйелеуге болады:

- саясат;
- экономика;
- тарих;
- ел байлығы;
- патриотизм;
- жұмыссыздық;
- адам және қоғам;
- ғылым мен білім;
- руханият;
- тіл мен дін;
- жер, т.б.

Кеңестер Одағы тарап, еліміз егемендік алып, қоғамда жаңару үрдісі басталған тұста Қасым Қайсенов публицистикасында замана тынысын дәл жеткізген шынайылық, айшықты пафос, қоғамдағы көкейтесті мәселелерді тақырыбына арқау етіп ала бастайды. Осы кезеңде қоғамның маңызды мәселелерін көтеріп, әр түрлі тақырыпта жазған ірілі-ұсақты жүзден аса мақалаларын жинақтап, топтастырып талдағанымызда, әсіресе, нарықтық экономика, ішкі және халықаралық саясат, мемлекеттік тіл, жер, қылмыс, білім, ғылым мәселелеріне ерекше назар аударғаны аңғарылады. Жоғарыда айтылғандай, мақалалары тек бір ғана жеке адамға арналып емес, күнделікті өзекті мәселелерге арналған.

Соңғы жылдары мерзімді баспасөз бетінде нақты адам туралы очерк-мақалалар сиреп кетті, кезінде оқырманның әлеуметтік типке байланысты

дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыру мен қоғамдық пікір туғызуда маңызының зор болғанын айта кеткен жөн деп ойлаймыз.

Қазіргі кезде баспасөз идеология мен саясаттың мінберіне ұқсап бара жатқаны жасырын емес. Баспасөзде нақты кейіпкер образын қалыптастырудан гөрі проблемалық, сенсациялық, көңіл-көтерушілік материалдар жиі көрініс табады. Бұл уақыт талабы, десек те, нақты бейнеленген жағымды кейіпкер образы әрқашан оқырманға ой салып, қоғамдық пікір ағынынан өз орнын табады.

Қаламгер шығармашылығында „Ағалар туралы аңыз” естеліктер кітабы осы олқылықтың орнын толтырады десек артық айтқанымыз емес. Бұл қаламгердің майдандағы және соғыстан оралғаннан кейінгі өмірінде ерекше есте сақталып, ұмытылмас бейнеге айналған ағалар туралы жазылған көркем – публицистикасы.

Қасым Қайсенов публицистикасындағы қайсыбір мақаласын алып қарастырсақ та, оның дәуір үніне сәйкес дер кезінде жазылуы оның басты ерекшеліктерінің бірі деп санауға болады. Басқаша айтсақ, публицист ретіндегі болмыс-бітімінің қалыптасуын оның жедел жазылып, жарияланған еңбектері арқылы танимыз.

Қалам қайраткерінің дәуір үнін жеткізген, бүгінгі таңдағы қоғамның келелі мәселелерін сөз еткен публицистік шығармаларына назар аударып көрейік.

Қасым Қайсеновтің соңғы жылдардағы публицистикасының бір қатарын тәуелсіздік тұғыры, ел егемендігін нығайту жолдарын нақты мысалдармен ашып көрсетуге арналған.

1986 жылғы желтоқсан оқиғасы – тәуелсіз, егеменді еліміздің тарихынан ерекше орын алады. КСРО-ның ыдырауы оның басқару тетігінде отырған ұлы держава үшін қасірет болғанымен, басқа халықтардың арманы -ел тәуелсіздігіне қол жеткізу қуанышы болды. Ендеше осынау өзекті мәселенің Қасым Қайсенов шығармашылығымен айшықтала көрінуі заңды болса керек.

Желтоқсан оқиғасы – теңдесі жоқ Азаттық айқасы. Қайрат пен Ләззат бастаған қаһармандық айқастың жеңісі еліміздің егемендігімен аяқталды. Бұл туралы Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев: „1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының тарихи маңызын толық дәрежеде бағалап үлгерген жоқпыз” деген еді.

Желтоқсан оқиғасында бүкіл халқымызға танылған „қазақ халқы ұлтшыл” деген бағаның шовинистік империяның берген бағасы екенін кейбір ойы озық азаматтар болмаса, жұрт әрі-сәрі дағдарып қалды. Бұқаралық ақпарат құралдарында да бұл мәселеге сол кезеңде теріс баға берілгенімен, қаламгерлік сезімталдығымен, алдағы күндерге болжампаздық қасиетімен танылып отырған Қасым өз мақалаларында Желтоқсан оқиғасына қайта-қайта оралып, ұлттық проблемалардан сырт қалмайтынын аңғартқан.

Қасым Қайсеновтің 2002 жылы шыққан „Естеліктері мен жазбаларында” „Қаһарман атына Ләззат лайықты” деген публицистік толғанысы жарияланған. Мұнда қаламгердің Желтоқсан оқиғасына байланысты үш мәселе төңірегінде ішкі пайымдары білдірілген: біріншіден, желтоқсан оқиғасының тарихи маңызын толықтай бағалау; екіншіден, осы оқиғаға қатысқан жастарға ерлігіне сай атақ беру; үшіншіден, сол бір дүрбелең кездегі қылмыскерлерге тиісті шара қолдану. Публицист толғанысы оған тән фактіге сүйену арқылы өрбіп отырады.

„Жұбан Молдағалиев, Мұхтар Шаханов, Сағат Әшімбаев сияқты заманынан ойлары озық перзенттеріміз хас батырлық көрсетіп, шовинистік империяның дүлей күшіне қасқайып қарсы шықты. Бірі Республикамызды бір шыбықпен айдамақ болған жендеттің халық алдында жағасына жармасты. Енді бірі Империяның қазіргі 15 мемлекет болып отырған елдерінің өкілдері бас қосқан жиынында жанкештілік жасап, мінбеге бұзып-жарып барып, шовинистік зымияндықты әлемге паш етіп, елге оралып, Әділеттік комиссиясын басқарды. Ол Мұхтар Шаханов еді. Үшіншісі қолындағы бар қаруы – телекамерасымен күресіп, болашақ шындықты бейне-көрініспен дәлелдеп берді. Ол Сағат Әшімбаев болатын.

Бұл азаттық айқасында империя сойылын оңды-солды соғушылар да аз болмады. Олардың басшылары Зақаш Камалиденов пен Саламат Мұқашевтар еді. Олардан басқа тікелей жастарды жазықсыз жазалаушы-қылмыстылардың тізімін сол жоғары мәртебелі комиссия дер кезінде жариялаған. Олардың тізімін қайта еске салмай-ақ қояйын! Бірақ олар тасқыннан қашқан тышқандардай әр жаққа бытырай қашып, құтылып кетті. Бірақ оларды жастар қаны алысқа жібере қоймас!” [34, 169 б.], – деп ашына айтады.

Әрі қарай сол аяулы жастардың қанын төккен қара жүрек жандардың арамызда алшаң басып жүргенін айта келіп, ендігі үлкен мәселе – соларды анықтап, жазасын тартқызу екенін пайымдатады. Бұл – елдің тәуелсіздігі жолында құрбан болған жастар кегін қайыру ғана емес, егемендіктің еңсесін биіктетудегі мақсат-міндеті деп түйін жасайды.

Нақтылық, фактіге жүгіну қалам қайраткерінің желтоқсан оқиғасына қатысты басқа да публицистикалық толғаныстарында молынан кездесіп отырады. Публицист осы оқиғаға қатысты қылмыскерлердің жазасын алмақ түгілі, кейбіреулерінің мансап-лауазымдарының өскендігін айыптайды. Осы тақырыпта жазылған циклдарынан памфлет жанрына тән ерекшеліктерді жиі кездестіреміз. „Сыналатын дертті, нысананы жеріне жеткізе әшкерелеу үшін, оның зияндылығына, адамзатқа тиімсіздігіне көз жеткізе түсу үшін оған жағымды нәрсені қарсы қойып суреттеу, контраст жасау, қолдау, қорғау мақсатымен алынып отырған жақты лирикалық шабытпен суреттеу” [62, 464 б.], памфлетке тән әдіс болса, Қасым Қайсенов өзі өмір сүрген қоғамдық құрылыстың әділетсіздігін, зорлық-қиянатын,

эмоциялық сезім-күйдің от-жалынын бірқатар мақалаларына арқау етіп, осы тәсілмен жазып отырған.

Біз публицист – дәуір үнін жеткізуші десек, Желтоқсан оқиғасына байланысты Қасымның алаңдаушылығы негізді. „Менің замандастарым кезіндегі Ұлы Отан соғысында бүкіл адамзат баласын фашизм апатынан аман алып қалғаны белгілі. Бірақ біз азаттық аңсаған халықтарды арманына жеткізе алған жоқ едік. Ол кезде ондай мақсат бізде болған жоқ, ондай мақсатты орындауға шама да жоқ болатын. Сөйтіп, азаттық армандаған халықтарды ұлы империя ауласына қалдырғандай күй кешкенбіз, амал қанша! Ал, Желтоқсан айқасы болса, бір кезде іштей тынып армандағанмен, орындай алмаған арманымызды орындап шықты” [34, 171 б.].

Қасым Қайсеновтің мақалалары көбінесе қоғамдық ой-пікірдің туындауына қозғау салып отырған. Ол публицистік толғамдарын жай ғана дерек беру үшін жазуды мақсат етпеген. Қалам қайраткерінің жазғандары оның жүрегін сыздататын мәселелерден туындап отырған. Қасым Қайсенов үшін ең бастысы – ұлт мүддесі.

Адамдардың барлық қарым-қатынасын біріктіруде ұлт мүддесінің алатын орны зор. Сондықтан халықтың, ұлттың мемлекет ретіндегі біріккен құрылысы осы ұлттық мүддеге негізделеді. Осы тұрғыдан алғанда, публицистің ақпарат айдынында халық атынан ұлттық мүддені қорғаушы ретінде көрінуіне нақты негіз бар. Жеке адамдардың патриотизмі өз ұлтына, Отанға деген сүйіспеншілігі публицист жазбалары арқылы айқын көрінеді.

XX ғасырдың 80-ші жылдардың аяғында ұлттық өрлеу тудырған жағдай халықты тәуелсіздік пен тұтастық жолына жұмылдырды. Заман талабына сәйкес публицистер де халықпен бірге өткенді ой елегінен өткізіп, бүгінді бағдарлап, болашаққа сеніммен қарауға икемделді. Қоғамдық пікірді қалыптастырушы публицистер үшін халықтың қуанышы мен мұңын, мақсат-мұратын дәл басып тану ежелден келе жатқан заңдылық.

Жалпы, 90-шы жылдар қазақ журналистикасының тақырыптық және жанрлық жағынан қарқынды дамыған кезеңі болды. Осы тұста Қасым Қайсеновтің барлық мақалаларынан ұлттық мүддеге деген көзқарасты аңғару қиын емес еді. Қасым Қайсеновтің публицистік қызметінің ең жемісті кезеңі – осы кез. Бұл – халқына ең әуелі партизан болып танылған қалам қайраткерінің майдан тақырыбынан гөрі қазіргі заманның бағыт-бағдарына толықтай бет бұрған шығармашылық шабытты шағы болды. Қайсеновтің азаматтық үні осы жылдары ашық естілді. Сонымен қоса, Қасымның қаламгерлік даралығы айқындалып, қоғамның кез-келген көкейкесті мәселелеріне қалам тартып, тақырып ауқымдылығын кеңейтіп оқырманға публицистік шеберлігін танытты. Қасым Қайсеновтің мерзімді басылымдарда жарияланған үлкенді-кішілі мақалаларын, топтастыра, жүйелей келе, қаламгердің еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдардағы публицистикасының қоғамдық-саяси сипаты жағынан шартты түрде үш үлгіде жазатыныны аңғардық. Оның алғашқысы – публицистің өзі өмір

сүріп отырған қоғам қайшылықтарын саралап, талдап жазатын мақалалары; екінші кезең – ел тәуелсіздігін насихаттап, оның қадірін дұрыс бағалауға шақыратын мақалалары, үшіншісі – мемлекеттік тіл мен жер мәселесін көтеретін мақалалары.

Жалпы қаламгер шығармашылығын осылайша жіктеу тақырыптық немесе жанрлық саралау емес. Себебі, Қасым Қайсенов жанр таңдамай жазатын қаламгер.

Қасымның осы кезеңдегі шығармашылығы туралы айтылар басы ашық бір жайт, жасы жетпістен асқан қаламгер – қоғамның көлеңкелі және күнге тұстарын, көкейіндегі ой-толғамдарын баспасөз арқылы оқырманға жеткізуге асықты. Көркем-публицистикасына қоғам мен адам жайлы пайымдауларын арқау етіп, дәуір үні мен қоғамдық ойға үн қосып отырды. Сондықтан да қаламгер шығармашылығы арада біршама уақыттың өткеніне карамастан, құнын жоғалтпай, жаңа жазылғандай болады.

Осы ойымызды нақты мысалдар арқылы дәлелдеп көрейік.

Қасым Қайсеновтің шығармаларының көбін әлеуметтік ақпараттар құрайтыны сөзсіз. „Әлеуметтік ақпараттар” ұғымының өзі біріншіден, адамзат ойлап тапқан барлық ақпарат жиынтығын құраса, екіншіден, әлеуметтік шындықтың ерекшелігін қарастырады. Қоғам дамуының барлық жақтарын қамтитын публицистика „әлеуметтік ақпарат” ұғымының бірінші мәнімен сәйкес келеді. Себебі ол – жалпыға бірдей бұқаралық ақпарат ағыны. Бұқаралық ақпараттың тарихи жағынан алып қарастырғанда үш формасы бар: біріншісі енжар (ақпарат қоймаларында, кітапханаларда сақталған материалдар), екіншісі, дереккөзі беймәлім материалдар (фольклор материалдары), үшіншісі, бұқаралық ақпараттар ағыны (публицистер мен журналистердің материалдары). Бұқаралық ақпараттар ағыны қоғамдық пікір туғызушы және қоғамдық сананы қалыптастырушы болып табылады. Осы ерекшелікті біз Қасым Қайсенов шығармашылығынан да айқын аңғарамыз.

Қалам қайраткері майдан тақырыбын сөз еткенде ең алдымен, қазақ халқының осы соғыстағы ерен еңбегі жайлы сөз етсе, кейінгі жылдардағы публицистикасы да ел қамы үшін жаны ауыратынын аңғартады. Қаламгер шығармаларының көбі публицистік толғаныс түрінде жазылады, сондықтан кез-келген мақала-толғамында ол халықтың тұрмыс-тіршілігі, хал-ахуалына шолу жасауды дұрыс көреді.

„Тәуелсіз Қазақстан деген атымызға сай мерекемізді, дәстүр-салтымызды, елдік кескін-келбетімізді неге осы бастан сақтауға талпынбаймыз? Неге біз „карнавал” деп сонау мұхиттың арғы жағындағы ел-жұрттың салт-дәстүрін қайталауға тиіспіз. Неге біз, өзіміздің емес, өзге елді сыйлап, соларға ұқсауға, солардан үйренуге, соларға табынуға дайын тұрамыз? Неге біз, өзіміздің Ұлы даланың ұрпағы, ұлы өнері мен ұлттық салт-дәстүрі бар елдің ұрпағы екенімізді ұмытып кете береміз? [59, 179 б.].

Әрі қарай Астананың Ақмолаға көшіп барғалы өтіп жатқан мерекелердің Батысқа еліктеушілік екені, өнердің өзі идеология десек, ұлттық өнерге назар аудару қажеттілігі туралы ашына айтады. „Бұл қалай? Қайда менің құдіретті күйлерім, әуезді әндерім, мың бұралған билерім?” деп жан айқайын білдіреді.

„Еліміздің Тәуелсіздігіне он жыл, Астанамызға бес жыл деп әлемге әйгілеп жатқанда ең алдымен біз қай елміз, қандай халықпыз, қандай ұлттық ерекшелігіміз, дәстүр-салтымыз бар деген сұрақтарға жауап бере отыра, осы бастан мемлекеттік іргетасымызды берік қалағанымыз аса қажет секілді. Жастарымызға бағыт-бағдар беріп, олардың өзге жұртқа еліктеп-солықтап кетпеуін қатты ескергеніміз жөн секілді...” [59, 181 б.].

Қаламгер ел экономикасын көтеруге, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға байланысты өрелі ойларын ортаға салып, „мың өліп, ерлігімен мың тірілген батыр халқымыз тәуелсіздікке қол жеткізді, енді еліміздің өркениетті елдер қатарында дамитынына сенеміз” деп азаматтық пайымын білдіреді. Қаламгердің көрегендігі сонда ол тәуелсіздікке алғаш қол жеткізген тұста халықтың бірлігі мен ынтымағы арқасында елдігіміздің сақталатынына білдірген сенімі бүгінде шындыққа айналған. Демек, публицист шеберлігі тек ақпаратты жеткізіп қоюмен шектелмей, соған сәйкес өз көзқарастарын білдіре отырып, болашаққа деген ел сенімін жетелеумен де айқын көрініс тапты. Қасым Қайсенов публицистикасындағы ең басты ерекшелігінің бірі де осында жатса керек.

Қасым Қайсеновтің тағы бір қыры ол – саясаткер. Оған қаламгердің әр жылдары тек Қазақстан аумағында емес халықаралық проблемаларды газет беттерінде батыл көтеріп, саяси сипаттама беріп, ел мүддесін батыл әрі нық сеніммен қорғай білуі мысал бола алады. Ел егемендігінің алғашқы жылдары яғни 90-шы жылдар ең жауапты кезең болды. Болашақтағы даму бағыт-бағдарын тандау мәселесі тұрды. Осы тұрғыдан алғанда, ел ертеңіне болжау жасайтын публицистердің саяси сараптамалары, талдаулары қажет болғаны заңды еді.

Көршіміздің көздегені не? Басқа елдермен қалай сыйласпақпыз? Экономикалық даму жолымыз қандай болмақ? Біздің алдымызда сан торап жол бар. Соның ішінде қиындықтарды тудырмас үшін қай жол дұрыс, әсіресе көршілес елдермен қарым-қатынасты қалай жүргізу керек. Туындаған мәселелерді шешу жолы қандай?

„Ресей сыртқы істер министрі Козырев ТМД-ның қай еліне барсын, қос азаматтық туралы сөз қозғамай кетпейді. Ал басқа республикалар не Ресейде, не басқа көршілес мемлекеттерде қос азаматтық мәселесін неге көтермейді”, – дей келе қаламгер сонау патшалық Ресей заманынан өз халқының үстемдік дағдысы олардың санасында берік орын алғанын айтады. Республикамызда орыстан басқа да ұлттар аз емес, бірақ олар қос азаматтықты талап еткенде емес және олардың ұлт республикалары қос азаматтықты алға тартқан да емес. Сондықтан бұл ұлттар арасындағы

арандатушылық дейді. Мәскеуде өткен „Орыс қауымдастығының конгресінде” көршілес республикалардың казак атамандарының қатысып, орыс ұлты қорлық-зомбылық көріп жатыр, оларды қорғау керек деген сыңаржақ үндеу қабылдағанына алаңдаушылығын білдіреді. Солтүстік Қазақстандағы қос азаматтық туралы сөз қозғап, Супурнюк жанығып жүрсе, мұның бәрі саясаттың салқыны ма дейміз. Сол облыстағы атаман Тупиков қарулы полкін (өзінің теледидарда айтуы бойынша) тексеріп, егер шынымен бар болса, Ата Заңымыз бойынша қарусыздандырып, ұйымдастырушыларына заңның пәрменін қолданбаса болмайды”, - деген пікір білдіреді. Сөз соңында: „Мұны ұлтшылдықтан жазып отырған жоқпын, жаным күйгендіктен жазып отырмын” [59, 112 б.], – деп түйіндейді.

Қаламгердің саяси сауаттылығы, табиғат сыйлаған көрегендігі мен сезімталдығы, көпті көрген тәжірибесі, жағдайды алдын ала сараптай білетін қасиеті еліміздің қазіргі кезде ұстанып отырған саясатының бағыт-бағдарын тап басқанын ешбір дәлелсіз-ақ айғақтайды.

Қасым бүгінгі таңда әлемді алаңдатып отырған терроризм мәселесіне де ерекше назар аударады. „Бүгінгі елдер мен мемлекеттер бекіп, шекараларын анықтау, біреуді біреу жаулап алу, тәуелсіздігі үшін күресу т.б. с.с. себептермен небір қырғын-қияметті әлі де адамзат қауымы басынан кешіп келеді. Ғасырлар қойнауында қалған қанды шайқастарды айтпағанда, ХХ ғасырдағы екінші дүниежүзілік соғыс империялық саясаттар мен бір нәсілдер өзге нәсілдерге үстемдігін жүргізу мақсатында өршіген еді. Бұл соғыстардың ақыры да миллиондаған адамдардың қаны судай төгілген қасіретпен аяқталғанын айта келіп, сол ХХ ғасырдың соңы мен ХХІ ғасырдың басында соғыс ашудың жаңа бір сылтауы табылды дейді. Кейбір елдерде пайда болып, халықаралық деңгейге қанат жайып бара жатқан террористер ұйымын құрту керек деген желеумен кез-келген елге соғыс ашуға болатынын біртіндеп көрсетіп отырған Америка Құрама Штаттары мен Ресей секілді ірі империялардың іс-әрекетін сынға алады.

„Террор – қастандық – кісі өлтіру десек, террор – наразылық, террорлық іс-әрекет әлсіздің күштіге көрсеткен қарсылығы деуге болады. Ал мұндай қарсылықты күшпен басамын деген, өзі де террористке айналады. Осы халықаралық терминнің мән-мағынасын қазір өзгертіп, күшті елдер мұны саясаттың күшті құралына айналдырып алды” [59, 154 б.], – дейді.

Иә, террорлық қастандық қарапайым халықтың қантөгісіне әкеліп соғатыны белгілі. 2000 жылғы 11 қыркүйекте Америка Құрама Штатында болған террорлық әрекеттен кейін әлемде „халықаралық терроризмге қарсы күрес” ұғымы кең етек алды. Бұған қаламгер өзінің „Террор – наразылықтан туады” атты мақаласында „Жалпы, Американың террорлық әрекетті күшпен тоқтатамыз деуі бекер. Оны тек іспен ғана тоқтатуға болады. Іс деп отырғанымыз – олардың ұстанып отырған саясаты. Сол қан шашуды аңсап

тұрған саясатын бейбітшіл саясатпен алмастырар болса, оларға қарсы бағытталған террорлық әрекеттер де тастүйін тоқталар еді” [59, 156 б.], – дейді.

Сонымен қатар, қаламгер террорды күшпен емес, іспен тоқтатудың қажеттілігін, әйтпесе күшке қарсы күш, қарсылық, наразылық мәңгі өшпей қоздай беретінін айтады. Террорды тоқтатудағы іс дегеніміз – шиеленісті ақылмен, екі жаққа тиімді іспен шешсе – қантөгіске тоқтау боларын атап көрсетеді.

Қасым Қайсенов халықаралық терроризм туралы сөз еткенде дүниежүзінің түкпір-түкпірінде болып жатқан террорлық актілер туралы нақты мысалдар келтіріп, олардың қарапайым халыққа әкелер қасіреті туралы құнды пікірлерін білдіреді.

Публицистің шеберлігі бір ғана мақала арқылы философиялық салмақты ой түйіп, ел бірлігін, әлемде бейбітшілік пен қауіпсіздіктің сақталуын жоғары қоя білуінде. Сондай-ақ бұл жиырма бірінші ғасырдағы халықаралық қатынастардың шиеленісуін зерделі ой елегінен өткізген алғашқы шығармасы болды.

Қасым Қайсеновтің тұрақты қалам сілтеген тақырыбы – ел қорғау мәселелеріне арналған.

Қасым публицистикасынан ерекше орын алатын, Отансүйгіштік, патриотизм тақырыбы оның көптеген шығармасынан жиі-жиі көрініп отырды.

Соның бірі Қасымның „Қорғанысымыз жөнінде” атты мақаласы. Қазақ елі тарихының өткен күндерінде ел қорғау мәселесінің маңызы туралы публицистикалық шолу жасап, ой-пікірін білдірген. Республикамыз Қорғаныс министрлігін құрып, жерімізде бұрыннан бар әскери бөлімшелерден еншімізге алғанымызбен, сол армия қатарындағы солдат-офицерлердің басқа елдердің азаматтары екенін мәселе етіп көтереді. Сондай-ақ, ядролық қаруы бар елдер қатарында екенімізді айта келіп, оны жою саясатында дұрыс шешім керек деп түйіндейді. Еліміздің сыртқы саясаты мен халықаралық саясаттың бағыт-бағдарын зерделеп, өзіндік үн қоса алғанын ескерсек, Қасымның тәуелсіз елдің қорғаныс күшін дамытудың мүмкіндіктері мен нығайту жолдары туралы ұсыныс-тілектерін публицистика тілімен жеткізе алғанын айта аламыз. Публицист Қазақстанда мемлекетіміздің қауіпсіздігін қорғайтын армиямызда әскери мамандарды даярлауды дұрыс жолға қойғанда ғана, қорғаныс күшіміздің жақсаратынын көрегендікпен айта білген. „Туған Отанын қорғау – қай халықтың болсын, қасиетті борышы. Отан қымбат! Отаннан айырылған адам тірі жетім, өмірден өгей күн кешіп өтеді. Ұлы Отан соғысы кезінде сендердің аталарың, апаларың Отанын қорғап кеудесін оққа төсеп, келе жатқан танк астына қолдарындағы гранаталарымен бірге түсіп жатты. Сендер, сол батыр аталарыңның ұрпақтарысыңдар. Сол ата дәстүрі сендерге мирас болсын. Құдайға шүкір, енді дербес жеке ел болдық. Осы елдің қорғаны –

сендерсіңдер. Отан қорғау деген – өзің туып, кіндігіңді кескен жеріңді, өз ата-анаң, аға-іні, апа-қарындастарыңды қорғау. Құс екеш құс та ұясын, онда ауыз ашып отырған сарауыз балапандарын жанын салып қорғайды” [59, 143 б.]. Бұл қаламгердің қолбасшы Кенесары туралы ғылыми конференцияда сөйлеген сөзінен үзінді. Тәртіпті болу адамгершіліктің, әдептіліктің, парасаттылықтың белгісі деген тұжырымды ұстана отырып, әскер қатарындағы жауынгерлеріміздің іс-әрекетіне психологиялық талдау жасайды.

Публицист сонымен қатар, қазіргі кезде жауынгерлердің армия қатарынан қашу мәселесінің де орын алғанын жасырып қалмайды. „Отанды қорғаудан, өз тыныштығын қорғаудан бас тарту – Отанды сату деген сөз. Ондай сатқындықты қай елдің заңы болсын ауыр жазалайды” [59, 144 б.], – деп әскер мәселесін талдап, таразылайды.

Бүгінгі күнде мәнін жоғалта қоймаған осындай мәселелерді қозғай отырып, автор фактілерді молынан пайдаланады. Батырлық, ерлік, намыс, адам психологиясы туралы тағы бір мақаласы „Намысыңды қайрасаң, қамал бұзасың” деген атпен жарық көрді. Егін салып, бау-бақша өсіріп, ел-жұртын жеміс-жидек шырынымен сусындатқан Атымтай Жомарт – сынды бағбандардың тарихта аз болмағанын айта келіп, елдің отырықшы мәдениеттің бір түрі – егіншілікпен айналысу экономикамызды көтеруге қажет екенін қарапайым публицистік тілмен жан-жақты терең баяндап шыққан.

„Байдың малы бір жұттық қана” екенін де ұмытпаған жөн. Ендеше, Жер-Анаға бауыр басып, одан керегіңді ала білсең, сенен бай, сенен мықты адам болмайды. Маңайыңдағы басқа халыққа көз сал. Өзбек, корей, ұйғыр бауырлардан қай жеріміз кем? Өзің білмесең, білгеннен үйрен. Шындап кіріссең, олардан асып түсу қиын емес” [59, 158 б.]. Сексеннің сеңгіріне келген ардагер осы мақаласы арқылы жастарға „Намысыңды қайрасаң, қамал бұзасың” деген аталы сөз айтады.

Сонымен қатар, осы мақалада қаламгер қазақ жастарының көшенің бұрыш-бұрышында немесе жайма базарларда сағыз, шемішке сататынына налиды. Елге барып, қолына кетпен күрек алып еңбек етіп нәсіп қылуды ұсынады. Бұдан біз қалам қайраткерінің қоғамдық өзгерістердің барлығына да дер кезінде ой-толғауымен қатар, жас ұрпақты сол заман талабына сай бейімделуге шақырған публицистік үнін танимыз.

Қасым Қайсенов публицистикасының бір қыры – әлеуметтік очерктері. Ол отызға жуық ірілі-ұсақты очерк жазды. Олардың кейіпкерлері майдандағы қарулас достары, бейбіт өмірде аралас-құралас жүрген жазушы-қаламгерлер, т.б. басты кейіпкер – Адам.

Жалпы Қасым Қайсенов очерктерін тақырыптық-типтік тұрғыдан қарастырғанда былайша жүйелеуге болады:

– оқиғалық-портреттік очерктері. Бұлар негізінен қаламгердің 70-80-ші жылдардағы шығармашылығын құрайды;

- әлеуметтік очерктері. 80-90 жылдардағы еңбектері;
- қысқа очерктер – адамның жан дүниесіне үңілудің жаңа түрлерінен туындаған туындылары;
- жолсапар очерктері.

Қасым Қайсенов публицистикасында әлеуметтік очерктер ерекше маңызға ие. Бүгінгі таңда баспасөзде қоғамда өмір сүріп жатқан адамның іс әрекет иесі ретіндегі әлеуметтік ортамен тығыз байланысын бейнелейтін әлеуметтік очерктер жарияланып тұратыны белгілі. Жеке тұлғаның ой-толғанысы, жан сезімі, ой-арманы арқылы бүкіл адамзатқа ортақ әлеуметтік-экономикалық мәселелерді көтере отырып, очеркист Қасым суреттеп-баяндаудан, талдап – түйіндеуге, жай ғана құрғақ хабарлаудан, маңызды мәселелерді көтеруге талпыныс жасайды. Қоғам дамуындағы ең көкейтесті мәселелерін өзек ете отырып, заман тынысының ең басты айырмашылықтарын Адам образында бейнелейді. Қоғамды ілгерілетуші де, болашақ та адамның қолында екеніне қаламгер очерктері арқылы көз жеткіземіз.

Қасым Қайсеновтің әлеуметтік очерктері „Ағалар туралы аңыз” деген атпен жинақталып, кітап болып басылып шықты. Кітаптың публицистік ерекшелігіне жоғарыда тоқталдық.

Қазіргі ақпарат ғасырында очерк жанры дамуында Кеңестер Одағы жылдарындағыдай қарқынның жоқтығын айта кету керек. Бұл туралы белгілі орыс очеркисі А. Васинскийдің: „Менің жазып жүргендерімді жұрт ескіліктің сарқыншағы деп қабылдайды. Себебі, қазіргі заман – ақпарат заманы. Жан-жағың асығулы, газетке ұзақ шұқшиып отырғаннан гөрі, көлік ішінде тез парақтай қойған тиімді..., [63, 5 б.], – деген пікірі нақты дәлел болады.

Қ. Қайсенов очерктеріне талдау жасай келе, оның адам характерін ашу шеберлігін мынадай тақырыптар арқылы шартты түрде екі топқа бөліп қарастыруға болады:

- әлеуметтік-психологиялық;
- моральдық-этикалық.

Қаламгер очерктерінің адам мінезін ашудағы ерекшеліктері мынадан көрінеді: а) автор мінездеуі арқылы характер ашу; ә) бірнеше кейіпкерлердің қатысуымен өзара мінездеулері арқылы образ жасау; б) кейіпкердің өзін-өзі мінездеуі арқылы образ жасау.

Қасым Қайсенов очерктерінде кейіпкер характерін ашуда өзіндік ерекшелігі – бас кейіпкердің азаматтық тұлғасы, халқының тағдырына деген жауапкершілігі, Отанына деген шексіз сүйіспеншілігі алынады. Көркемдік бейнелеу құралдарын, қосымша детальдар мен штрихтарды қолдана отырып, азаматтық пафосты бәрінен де биік қояды.

Қасым Қайсенов публицистикасының проблематикасы сан қырлы және ол дәуір үнімен үндесіп, уақыт талабына сай көкейкесті мәселелерді көтеруімен бағалы.

Қаламгердің әр жылдары басылымдарда жарық көрген материалдарының мазмұны қазақ журналистикасының даму, өркендеу жолымен үндес екенін аңғарамыз. Бұлардың ішінде сұхбат, очерк, мақала жанрларында әр түрлі проблемаларды көтерген жарияланымдарды топтастырып, жіктер болсақ, Қасымның қоғамдағы қайсібір мәселелерден де шет қалмағанына көзіміз жетеді. Мемлекеттік тіл мен жер, өнер мен мәдениет, сыртқы және ішкі саясат, тарих, бұқаралық ақпарат құралдары – барлығы қаламгер көтерген тақырыптың өзегі болған.

Қасым Қайсенов шығармашылығында 80-ші жылдардағы публицистикасына қарағанда 90-шы жылдары еліміз егемендік алғаннан кейінгі жылдары жаңаша сипатта танылды.

„Өткенге көз жібере отырып, ел ертеңін, ұрпақтар болашағын ойласам – қабырғам қайысып, жүрегім сыздайды. Келешегіміз келісті болғай деп тілеймін. Ол үшін ең бастысы береке, бірлік қажет екені дәлелдеуді қажет етпейтін қағида. Өйткені „төртеу түгел болса – төбедегі келеді” емес пе” [59 151 б.], – деп Қасым жас ұрпаққа шындықты айтып отыруды парыз санаған.

„Қазақстанда жер иесі – қазақ халқы. Ал Қазақстанда жүз, екі жүз жыл тұрған, тіпті кешегі кеңестік дәуірде жер ауып келген ұлт пен ұлыстар ешқайсысы өз отандарынан жер арқалап келген жоқ. Оларға „сен бөтенсің” деп отырған ешкім жоқ. Еңбек ет, өмір сүр, жерді керегінше пайдалан, ортақ отанға қызмет қыл. Бірақ жер иесі, меншік иесі – қазақ халқы екенін білсін, ұмытпасын” [59, 159 б.], – дегенді батыл айта отырып, қаламгер соңғы жылдары жазған материалдарында қодан жоспарланған саясат нәтижесінде келген рухани аштық пен жалаңаштықты, мемлекеттік тілге деген құрметтің өз деңгейінде болмауын, өткен тарихқа дұрыс баға берілмеуін батыл әшкерелей бастады. Осы тұрғыдан алғанда публицистің замана тынысын сезінумен қатар, оның көлеңкесі мен күнгейін дұрыс ажырата білген, өзінің ой-толғамдарын халыққа жеткізе білгенін аңғарамыз.

Қаламгер публицистикасына қоғамдағы әр түрлі маңызды мәселелердің арқау болғанын жоғарыда сөз еттік. Сондай көкейтесті мәселелердің бірі – мемлекеттік тіл мәселесі. Қазақстанда мемлекеттік тіл – қазақ тілі деп Ата Заңымызда жазылғандай, мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту, мәртебесін көтеру, жас ұрпақты өз ана тілінде сөйлеуге тәрбиелеу қажеттілігін нақты дәйектермен дәлелдеуге тырысады. Тіл мәселесі: қанша ұрандасақ та, шынын айтар болсақ, қазақ тілі қарттарымыздың, құлақ естігендей ересектерінің өзара қатынас тілі ретінде ғана қалып қоя ма деген қауіп тудырады.

„Өз ортамызды, ана тілімізді шын мәніндегі мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеруге әлі күнге жасқанамыз. Опат болар Кеңес өкіметі опат болды ғой, енді кімнен жасқанамыз? Жоқ, әлі біз жасқанатын қаһарлы зәрі өтіп қалған күші бар ма?! ...Біздің ана тіліміз байлығы, мәнерлігі жағынан ұялып бетке басатындай сорлы кедей тіл емес қой!” [59, 182 б.], – дейді. Шындықты айтар болсақ, біздегі орыс ағайындардың дені қаншама бауырға

тартып, достық құшақта болсақ та мемлекеттік тілді үйренуге ұлы шовинистік ниеті себеп болса, ал кейбір қазақ бауырлардың үйренген жай орысшылдықтан арыла алмай келе жатқанын ашына жеткізеді. Қазақ елін, қазақтың ақ ниетін сыйлағандарға, ынта қойып болашағын ойлағандарға мемлекеттік тілді үйренудің қиын емес екенін айтады. Сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдық пікірді қалыптастырудағы рөлі туралы да өз пікірін білдіреді. Телеарналардан көретініміз арзанқол мән-мағынасыз шетелдердің кино қойылымдары. Олардың қатыгездік пен бейбастықты, көргенсіздікті дәріптеп насихаттайтынына қынжыла келіп, бізге осындай талғамсыз, кілең тыр жалаңаш, адам жиіркеніп, ұялатын киносымақ ұсынатыны қалай? Бұл көрермендерімізді қорлау емес пе?, – деген сауал қояды.

Халықты тәрбиелеудегі радионың рөлі туралы айта келіп, қаламгер әр күн сайын таңертеңгі алтыда Әнұраннан кейін екі тілде берілетін ата-бабалардың өсиетіне құрылған сөз ұранның мән-мағынасы терең, адамды адамгершілікке, парасаттылыққа, имандылыққа шақыратын тәрбиелік маңызына тоқтала келе, оған ой жіберіп, терең маңызын көңіл алаңдатпай тыңдайын десен қайдағы адамның жүйкесін кеміретін музыкамен араластырып естіртпейтініне ренішін білдіреді.

Қаламгер жер иесі – қазақ халқының бірнеше қасіреттерді бастан кешіріп, тілі мен дінін, рухани байлығын жоғалтуына әлеуметтік ұғым ретінде емес, саяси мәні бар халықтық мәселе сипатында қарастырады.

Бұған қаламгердің „Қазақ әдебиеті” газетінің „Оқшау ойлар” айдарында жарияланған „Жер анамызды сатамыз ба?” [64], – деген жан айқайы дәлел бола алады. Ұлттық байлығымыз – жерді талан – таражға салуға болмайды, дегенмен осынау қиын мәселе жер-жерде, колхоз-совхоз, ауылдарда қалай шешілуде? Қабылданған заңдарымыз өмірде өз қызметін атқара алуда ма? – деген сауалдар төңірегінде жауап іздейді. Бұл мақала газет бетінде қоғамдық пікір тудырып, көптеген оқырмандар осы мәселеге қатысты ойын ортаға салды. Иә, жекешелендіруге, мемлекеттік монополизмнің тамырына балта шабуға тиісті түрлі құрылымдардың өмірге жолдама алуына ешкім де „кет әрі емес”, бірақ бүгінгі адамдар „Ұрпаққа жерді болашақ ұрпақ несібесінен қарызға алатыны жадымыздан шықпауға керек” деген тұжырым жасайды.

Қасым публицистикасындағы тағы бір ерекшелік – өз шығармаларына арқау еткен кез-келген тақырыпты дәуір үнімен сабақтастырып, салыстыра сипаттап, өзінің ой-көзқарастарын білдіретіндігі. Қайсыбір тақырыпты сөз еткенде оның өткен күніне, бүгінгі бағдарына, келешек келбетіне тоқталады. Қоғам дамуында еліміз жеткен жетістіктерді мақала мадағына айналдырады. Басқаша айтсақ, қаламгер шығармашылығына тән „жаңа заман” үрдісі алдыңғы орында тұрады.

Жаһандану үрдісінің ықпалын аңғарып, алдын-ала болжап отыратын, қазақ халқының тілі мен діні, рухани сана-сезімінің тоқырауы хақында

жазған бірқатар мақалалары [65], бұған дәлел болады. Олардың қай-қайсысында да ұлттық құндылықтарымызды орынды бағалап, қастерлей білсек деген азаматтық ой бар.

Соңғы жылдары еліміздің өркениетті даму бағытын ұстануы және соған жету барысындағы реформалар туралы қазақ басылымдарында аз жазылып жүрген жоқ. Елбасы Н.Ә. Назарбаев журналист қауыммен кездесулерінде егеменді еліміздің елдігі мен тәуелсіздігінің тұғырлы болуын танытатын да, осы істің негізгі ұйытқысы да болар да сіздер деген пікірінен танған емес. Бұл Қасым Қайсенов публицистикасында да ерекше маңызға ие болғанын жоғарыда айттық. Сонымен қоса, ол бұқаралық ақпарат құралдарының еліміздің әлеуметтік-экономикалық, саяси-рухани дамуында, әсіресе жас ұрпақты тәрбиелеуде қаншалықты маңызды екенін жиі айтып отырады.

Публицист Қасым Қайсеновтің болмыс-бітімінде, таным-түйсігінде, шығармашылық қарым-қабілетінде өзіндік ерекшеліктері бар. Қаламгердің қайсыбір туындысын алып қарасаңыз да оның өзіне ғана тән „менін” танып отырсыз. Әсіресе қазақ халқының тарихы мен болашағына жанашырлығы, әрбір мақаласынан айқын аңғарылып тұрады.

Осы тұрғыдан алғанда, Қасымның азаматтық тұлғасын айқын даралайтын тағы бір қыры – қазақ тарихына деген жанашырлығы.

Рас, бүгінгі таңда Қазақстан тарихында шешуі табылмаған мәселелер көп. Тәуелсіздікке қол жеткізгенге дейін еліміз Кеңестер Одағының құрамындағы бір ел ретінде өзінің тарихының ақтаңдақ беттерінің ақиқатын тани алмады. Олар тек Кеңестер Одағы жасасын, деген ұранмен бір ғана идеямен өмір сүрді. „... қай қоғам болмасын халыққа жақсы жағы да, жаман жағы да болады. Қоғамды біржақты қарап жақсы, не жаман деуге бола ма? Өткен жақсы болсын, жаман болсын – халықтың сол кездегі тарихы. Сол кезеңдердегі қоғам басшылары жаман болсын, жақсы болсын – тарихи тұлғалар, – дей келіп, қазір сол өткен тарихымызға салмақты да әділетті баға беріп, сол кезеңдегі тарих шындығына жүгінудің орнына, атүсті қарап, айқайға басып жатырмыз [59, 126 б.]. Өткендегі қылмысты, демек, миллиондарды жалғыз Сталин жойды дегенмен шындық ашылмайтынын айтады. Пәленің барлығы шовинистік пиғылдағы орыс саясаткерлерінің озбырлығында, - дейді қаламгер. Сонымен қатар, кеңес үкіметінде қателік – асыра сілтеушілік көп болды, бірақ бүкіл қоғамды – тарихымызды қара түнек көрсетіп, басшыларына жаппай қара күйе жағып, барлығына көз жұмып қарау әділеттік бола қояр ма екен?!, - деген сауал қояды.

„Социалистік қоғамды көз жұмып онды-солды жамандауға болар еді, егер оның алдындағы қоғам халық қамын жеп, жақсы қоғам ретінде танылса, не онан кейінгі қазіргі қоғам сондай болса?! Ал қазіргі қоғам қандай болары белгісіз” [59, 127 б.]. Қаламгер өткен тарихқа біз әрқашан кінә тағамыз, ал, бүгінге ертең қандай баға беріледі. „Демек, қуғын-сүргінсіз мемлекет болмайды. Қуғын-сүргінді жалғыз адам да жүргізе алмайды.

Сталиндік қырғын деп жүргендері – сионистік-шовинистік қырғынды бүркеп, ақтап қалудың айласы” [59, 128 б.], – дейді. Бұдан біз қаламгер публицистикасының халық тарихын, тарих шындығын ел-жұртқа жаңаша таныту қажеттігін меңзеген үнін танимыз.

Қасымның нағыз публицистке тән айбынды үн таныту, қоғамдық пікір туғызу, қалыптасқан жүйенің оңы мен солына дұрыс баға беру оның еншісіне тиесілі еді. Қазақ тарихында өз халқының мұң-мұқтажын жақтап, соның сөзін сөйлеген публицистер аз емес. Олар сол қиын-қыстау заманның өзінде–ақ өздерінің қоғамдық-саяси көзқарастарын астарлап білдіріп отырған.

Қоғам тынысымен үндескен публицистер де осылайша замана шежіресін толғап, тіршілік тынысын тез аңғарып, болған оқиғаларға дер кезінде үн қатып отырады. Осы бір ой-толғамдар Қасымның „Елімнің ертеңіне сенемін” кітабында айқын байқалады. Кітаптың екінші „Мақалалар, ойлар, пікірлер” атты тарауында публицист көптің көкейінде жүрген көп сауалдардың жауабын іздейді, талас тудыратын пікір-пайымдар арқылы дәйекті ой түйіндейді.

Қалам қайраткерінің публицистикасы аумалы-төкпелі қоғамның қайшылықты жағдайларын сөз еткенімен, қарама-қарсы ой-пікір, тұжырымдар мен болжамдар арқылы сол дәуірдің нақты ақиқатын тап басуға, бетпердесін ашуға тырысады. Қаламгер көсемсөзіндегі әр түрлі пікірлер адамдардың ой-толғауларына, рухани жан тебіренісіне, саяси-экономикалық бағалау – талдау арқылы көрініс табады.

Қасым Қайсенов публицистикасына тән басты ерекшелік – ол елге ортақ мәселелер мен құбылыстарға байланысты қоғамдық пікір туғызып, өз пайым-парасатын айқындар белсенділігі. Басқаша айтсақ, көпті көрген қаламгер өмір шындығының проблемалық жайларына назар аударып, тақырыптың батыл беталысына қарай пікір білдіреді. Майдангер-қаламгер өзінің нағыз партизандық болмысын, сөз өнерінде де сақтап қалған жан. Ол қоғамдық пікір білдіруде ешбір жалтақтамай, әлдекімге қарайламай, публицист ретіндегі өз міндетін атқарды.

„Мен ұлтшыл емеспін. Шындықты айтар болсақ, біздегі орыс ағайындардың дені қаншама бауырға тартып, достық құшақта болсақ та, ұлы шовинистік ниеттен, ал кейбір қазақ бауырлар үйренген жай орысшылдықтан арыла алмай келеді. Қазақ елін, қазақтың ақ ниетін сыйлағандарға, ынта қойып болашағын ойлағандарға біздің тілді үйрену қиын емес. Бізге қатар тұрып емес, биіктен, жоғарыдан қарау „қиын” деген қисынсыз пікірлер айтулары мүмкін. Бір-бірінің тілін білу – халықтар достығының дәнекері” [59, 183 б.], – деп мемлекеттік тілді орыс халқының үйренуі қажеттілігіне байланысты ойын жасырмай айтады. Енді бір жерінде: „Елімізде қазақша-орысша шығатын газеттердің өзі біріне-бірі қарама-қайшы пікірде шығатындарына алаңдайсың. Орыс тілді тілшілер де Мәскеу тілінде сөйлейді. Мысалы, радио торабынан Ақмоладағы тілшісі

Надежда Самсонова деген қазақ жерінде емес, сонау Мәскеудегі Ақ үйдің төбесіндегі Ресей жалауын ұстап тұрғандай сөзін „Привет, Казахстан!” деп бастайды. Бізге таратылатын Ресейдің „Известия” газетінің тілшісі Владимир Ардаев деген ашық арандату ниетімен құлаш-құлаш мақала жазды. Әр елде Ресей тілшілерінің тұтқындалып, ұрланатыны тектен-тек емес. Олар жүрген елдеріндегі арандату әрекетін жасыруға болмайды” [59, 184 б.], – деп Ресейлік тілшілердің пиғыл-көзқарастарының басқа жақта екенін аңдатады.

Бұл – публицистің қоғамдық белсенділігін, дәуір үнімен үндескен сезімтал, сергектігін, дер кезінде үн қата білген батылдығы мен даралығын аңғартады. Қасым Қайсеновтің азаматтық тұғырнамасының беріктігі де сонда – қалыптасқан жүйенің жетегінде кетпей, өзіндік дара үнін таныта алатыны.

Қасым Қайсеновтің өмірдің қас-қағым құбылыстарын қалт жібермей қармап қалуға тырысатынын „Егемен Қазақстан” газетіндегі белгілі публицист Шерхан Мұртаза мен Камал Смайыловтың әңгіме хаттарына орай айтқан пікірінен байқауға болады. „Ортақ мүддеден ойластырайық. Шерхан мен Камал хаттарына орай бірер сөз” атты мақаласында қаламгер қос публицистің хаттарының мазмұнына зор мән берген. „Екеуі де халық қамына, мемлекет мүддесіне аса жанашыр жүрекпен бір-біріне ашына, ашыла сыр ақтарып, бірінен бірі пікір тартып, басқалардан да қолдау іздегендей болады. Қолдарындағы қаламдарынан басқаға биліктері болмаған соң, олар амалсыз ақ қағазға мұң шаққандай сезінеді екенсің” [66], – дейді. Сонымен қатар, қалам қайраткері осы мақалада Шерхан мен Камал хаттарының жеке кітап болып басылып шығуын Мұхтар Құл-Мұхаммед інісіне құлаққағыс жасайды. Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту, бұқаралық ақпарат құралдары бағдарламаларының қоғамдық пікір қалыптасуындағы тәрбиелік мәнін арттыру, қазақ халқы тарихының дұрыс бағасын алуы, ұлттық мәдениетімізді, салт-дәстүрімізді дәріптеуге байланысты ой-толғамдарын білдіреді.

Публицистика негізі – терең де нақты, дәл ойлауда десек, ой жоқ жерде публицистика да болмайтыны сөзсіз. Сонымен қатар публицистикаға „үлкен бақылағыштық, фактілер мен құбылыстарды айналадағымен салыстыра, сондай-ақ даму және қалыптасу процесі арқылы көре білу қасиеті” [67] де тән. Олай болса, публицист тек әлеуметтік-саяси ғана емес, ғылыми ойлау жүйесі қалыптасқан, дәуір үнін дәл тани білген үлкен азамат болмақ.

Қазіргі кезде публицистке қойылар талап та күшті. Жай ғана ақылды кеңесші емес, заман ағымына сай көп ізденуге, үйренуге тура келеді. Қасым Қайсеновтің әрбір мақаласының сол ізденіс нәтижесінде туғанын аңғарамыз.

Қасым Қайсеновтің ой-толғамдарын, пікірлерін зерттеу бізге не үшін қажет болды? Біз жоғарыда қаламгер публицистикасының ортақ мәселелер

мен құбылыстарға байланысты қоғамдық пікір қалыптастыра алғанын айтқанбыз. Енді зерттеушілік тұрғыдан келсек, мынадай тұжырымдар жасауға болады. Біріншіден, қаламгер пікірлері бүгінгі күннің өзекті мәселелерін көтеріп, оны оқырманға қарапайым тілде жеткізе алды; екіншіден, қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық мәселелерге батыл араласып, пікірді ашық білдіруге ықпал етті; үшіншіден, өзінің белсенділігі арқылы баспасөз бетіндегі күрделі тақырыптарды тереңнен толғайтын публицистикалық полемикаға өзінің үнін қоса білді.

Осыдан келіп, Қасым публицистикасының танымдық қызметтері де айқындалады. Олар негізінен – кез-келген мәселені дұрыс қоя білуден туындайды: а) қаламгер публицистикасында бір мәселе төңірегіндегі ой-тұжырымдарды салыстыра отырып, кейбір талас туғызатын пікірлерге баруы; ә) публицистикасында өмір шындығының проблемалық тұстарын ашып көрсетуі. Екінші жағынан қаламгердің мәселеге талдау жасап, қорытындылауынан туындайды: а) өзіндік ой-толғамдарында ортақ болған басты мәселелердегі қайшылықтардың мәнін ашу; ә) өмірдегі нақты ақиқатты жеткізу.

Кейбір қаламгердің тақырыпқа өзек болар мәселені белгілеп, нақты айтар ойды айқындап алмаудан ой шашыраңқылығы, бірді айтып, екіншіге кету жайы кездесіп жатады. Қасым публицистикасында бұл жай айтарлықтай орын алмаған. Мәселенің бәрін бірдей қамтуға тырысып, тақырыпты көбейтіп, әрқалай құбылтқанымен, басты проблемадан алшақтамайды. Қаламгер айтар ойын алдын ала белгілеп, түйіндеп алғандай, нақты тұжырым-қисындармен шегелеп отырады. Бір жағынан бұған оның публицистикасына еркін әңгіме стилін өзек етіп алуы да себеп болған секілді.

Қасым Қайсеновтің публицистік шеберлігін жан-жақты ашып көрсету арқылы екінші тарауда мынадай басты-басты жайттар анықталды:

Бірінші, Қасым Қайсенов публицистикасының алғашқы кезеңін сол дәуірдегі қоғамдық-саяси дамуының ерекшеліктеріне сай дүниетанымдық көзқарас тұрғысынан зерделеді;

Екінші, қаламгер публицистикасының ең бір ерекше қыры - әскери публицистикасының қалыптасуына баға бере отырып, проблематикасы мен тақырыптарының түрленуіне мән берді;

Үшінші, Қасым Қайсеновтің әлеуметтік-саяси, азаматтық көқарасын зерделей келе, содан туындайтын басты-басты проблемаларды публицистің төл шығармаларымен сабақтастыра қарастырдық;

Төртінші, Қасымның публицистік қызметімен қатар қайраткерлік тұлғасын ашуға тырыстық.

Қорыта келгенде, Қасым Қайсенов шығармашылығы қазақ журналистикасында ерекше орын алады. Оның публицистикалық мұрасы сан алуан, әрі мол. Көтерген проблемаларының ауқымы кең. Публицист заман тынысындағы әрбір өзгерісті, игі істі, түрлі құбылысты көркем тілмен

кестелеп отырды. Олардың композициялық құрылымы, қаламгерлік шешімі мен шығарма поэтикасы – келер тараудың еншісіндегі нәрсе.

2.2. ҚАСЫМ ҚАЙСЕНОВ ПУБЛИЦИСТИКАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК СИПАТЫ, ТІЛДІК, СТИЛЬДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Публицистика – өзіндік формасы, шындыққа деген көзқарас әдісі, ықпал ету құралы бар әдебиеттің ерекше бір саласы. Осы ерекшелігінің өзі-ақ публицистиканың поэтикасын зерттеуге негіз болады.

Публицистика формасын зерттеудің көп қырлы әдісі бар. Жанр ретінде де, тілі мен стилі бағытында да, шындықты игеру әдісі ретінде де зерттей беруге болады. Десек те, публицистика материалы – публицистік идеялар тоғысқан сөз болғандықтан, оның тілін әдіс-тәсілдері мен формаларына ықпал ететін құрал ретінде қарастырған жөн сияқты.

Публицистиканың жанрлық диапазоны кең, айқындаушы – бейнелеуші ресурстары шексіз. Оған экспрессивті құралдар қажет. Публицистік экспрессия көп жағдайда әлеуметтік сипатқа ие болады.

Сонымен публицистика поэтикасы дегеніміз – бұл „Публицистиканы сөздік өнер ретінде қабылдау принциптері туралы, публицистік баяндаудағы сөздердің қызметі туралы, оның бейнелеуші құралдарының жүйесі туралы, композиция құрылымы туралы, қысқасы, мазмұнынымен, міндеттерімен, бағытымен тығыз сабақтасып жатқан публицистік форма туралы ғылым” [68, 9 б.].

Соңғы кездері журналистика ғылымында жекелеген публицистердің поэтикасын монографиялық жоспарда жүйелі, жан-жақты, кең ауқымда қарастырған, зерттеу еңбектері жазылуда. Осы тұрғыдан алғанда, Қасым Қайсенов көркем публицистикасын шығармашылық табиғатымен тығыз байланыста зерттеу – зерттеуіміздің екінші тарауының мәні мен мақсаты болмақ.

Қайсенов публицистикасының поэтикасын зерттеудің көкейтестілігі публицист мақалаларының түрге бай болып, жинақтап, синтездеп зерттеуге ыңғайлы болғанында ғана емес, алғашқы тарауда жекелей қарастырылып келген шығармаларының тілдік-стильдік ерекшеліктерін айқындап, сол арқылы публицистикалық бітімін толықтай біртұтас ауқымды жүйелейтін мезгілдің жеткенімен де өзгешеленіп отыр. Осы орайда, қаламгердің алуан сырлы публицистикалық мұрасын тез және толық саралап аламыз десек, шындыққа сай келмес. Себебі, тарихи кезеңдердің рухын жинақтаған, дәуір үнінің шежіресін тыныс-тіршілігімізге арқау еткен публицистиканың бітім-болмысын жан-жақты саралап шығу мүмкін емес. Бұған бұрыннан қалыптасқан ғылыми зерде, әдіснамалық тәсілдер керек. Ал, ондай зерттеудің өзі қатып қалған қағида емес, ой-сананың өзгеруімен бірге дамып, түрленіп отырады.

Поэтика мен публицистиканың үйлесімдігі туралы сөз қозғағанда қаламгерге тән шығармашылықтың табиғи бітімін белгілі бір ғылыми тәсілге теліп қоюдан емес, сол мәселеге байланысты белгісіз жайттарды ашып көрсетуден көрініс табады. Поэтика ұғымына біз осы тараудың

алғашқы бөлімінде кеңірек тоқталдық. Сондықтан, осы тарауда біз қаламгер шығармаларының көркемдік болмыс-бітімінің сыр-сипатына тоқталуды жөн көрдік.

Қасым Қайсенов шығармашылығын зерделеуде поэтика мәселелерін публицистика табиғаты тұрғысында қарастырып, оның тілдік, стильдік ерекшеліктеріне талдау жасамақпыз.

Әр публицистің шығармашылығынан өзіне тән жазу стилін, тілдік бейнелеу құралдарын пайдалану ерекшеліктерін тану қиын емес.

Алдымен, Қасым публицистикасының психологиялық әлеміне зер салып көрейік. Публицистік шығармалардағы кейіпкердің ішкі жан дүниесіне үңілу, оны әр қырынан танытатын көркемдік құралдарды пайдалану қаламгердің шеберлігіне, талантына байланысты. Журналистиканың қазіргі кездегі даму жағдайына сәйкес уақыт талабы Н.Г. Чернышевский айтқандай „адам жанының диалектикасын” ашу, бүгінгі қаһарманның рухани әлеміне психологиялық талдау жасау – публицистен көп ізденімпаздықты қажет етеді. Мысалы, Қасым Қайсенов партизандардың психологиясын зерттеді десек, демек ол жалпы партизандарға тән басты қасиеттерін, мінез-құлықтарын жеке адам арқылы сипаттады деп түсінген жөн.

Шығарманың көркемдігін таныту үшін ең бастысы – психологизмнің болуы. Бұл жайлы белгілі ғалым Б. Майтанов: „Көркем шығармадағы өмір шындығының басты бір кепілі психологияда, соны жеткізу амал-тәсілдерінің жиынтығы немесе идеялық-эстетикалық, творчестволық феномен – психологизм” [69, 4 б.], – деп атап көрсетеді. Публицистика – психологиялық талдау арқылы ерекше күшке ие болады. Десек те, психологизм шығармаға қажет болған жағдайда ғана орынды қолданылғаны дұрыс. Ал, Қасым публицистикасында психологиялық талдаудан гөрі өзі өмір сүріп отырған қоғамның қайшылықтарын дәл суреттеу басым.

Шығармада кейіпкердің мінез-құлқын сипаттауда психологизмнің екі түрлі аспектісі бар. Бірі – жеке адамның мінез-құлқын оның ойы, эмоциясы арқылы сипаттаса, екіншісі – адам мінез-құлқын психологиялық суретсіз-ақ беруге болады. Мысалы, „Ғабит аға жайлы бірер сыр” толғанысында Ғабит ағаның ішкі жан-дүниесін тікелей еш жерде суреттемейді, алайда, оның күрделі характерін тек қана іс-қимылынан, азаматтық позициясынан аңғарамыз.

Публицист шеберлігі оның психологиялық құбылыстарды психология ғылымына қайшы келмейтіндей етіп, ақиқат күйінде бейнелеуінде болса, жазушы шеберлігі шығарманың басты идеясын көркем түрде жеткізе білуінде. Осы тұрғыдан алғанда, психологиялық суреттеу көркем шығармалармен қатар, публицистикада да зор маңызға ие.

Белгілі жазушы Э. Хемингуэй: „Егер жазушы өзінің не жазып отырғанын өте жақсы білетін болса, өзінің білетінінің көбісін тастап кетуі мүмкін. Жазушы шындықты жазатын болса, онда оқырман жазушының не

айтқысы келгенін жазушыдан кем түсінбейді” [70, 188 б.], – дейді. Зерттеуші И.В. Страхов өзінің „Психологический анализ в литературном творчестве” еңбегінде екі түрлі психологиялық суреттеуді ұсынады: „біріншісі, кейіпкердің мінез-құлқын оның ішкі ойы, түсі, елесі арқылы суреттеу, яғни іштей психологиялық талдау жасау арқылы суреттеу. Екіншісі, сырттай психологиялық талдау жасау, басқаша айтсақ, кейіпкердің мінез-құлқын оның сөйлеу ерекшелігі мен ым-ишараты және тағы басқа психикалық сыртқы көрінісі арқылы суреттеу” [71, 4 б.]. Қасым Қайсенов өзінің „Майдангер әңгімесі” („Лениншіл жас”, 1991, 11 маусым), „Соғыстан соң” („Жұлдыз”, 1989, №8), „Ардагерлер әңгімесі” („Лениншіл жас”, 1985, 20 шілде), „Кемел кемел шағында еді” („Қазақ әдебиеті”, 1999, 3 желтоқсан), „Қайран апам” („Қазақ әдебиеті”, 1999, 7 мамыр) тәрізді очерк-әңгімелерінде адам сезіміне терең мән бергенімен, оны толық суреттемейді.

Қасым Қайсенов шығармашылығында кейіпкер психологиясын ашуда кешегі мен бүгінгі өмір, уақыт пен кеңістік ұтымды пайдаланылады. Болған оқиғаларда өткен мен бүгінгі күннің сабақтас келуінің тарихи-философиялық мәні зор.

Психологизм жөнінде ғалым Д.С. Лихачев: „Әрбір туындының психологиялық әлемі” болады” [72, 77 б.], – десе, ғалым Т.С. Карлова: „характердің өзін-өзі ашуы – монолог-толғаныста, хаттарда, күнделікте көрініс береді” [73, 68 б.], – деп психологиялық талдаудың психологиялық әлемді жан-жақты тану үшін қажеттігін көрсетеді. Психологиялық талдаудың талдамалы және динамикалық қағидаларын қарастырушы Т. Рахымжанов талдамалы – ішкі монолог та, персонаждың (автордың) жан қозғалысын оның сөзімен, іс-әрекетімен, мәнді де мағыналы штрих детальдарымен өрнектеуін – динамикалық қағида деп тұжырымдайды. Бұл тұрасында зерттеуші Т. Мотылева: „Ішкі сөздің алогизмі – кейіпкердің ішкі психикалық процесін толыққанды етіп берудің құралы” [74, 181 б.], – деп атап көрсетеді.

Олай болса, кейіпкердің ішкі ой-толғанысы – автордың өзіне айтар сөзі. Бұған Қасым публицистикасындағы көп жағдайда негізгі кейіпкер – автордың өзі болатыны дәлел бола алады.

Осы тұрғыдан алғанда, публицистикадағы психологизм мәселесін зерттеудің қажеттілігі неде деген сауал туары заңдылық. Публицист психологияның ғылыми заңдылықтарына емес, оның әлеуметтік түп-тамырына назар аударады. Адамның қоғамдағы орнына, содан туындайтын психологиялық құбылыстарға баға бере отырып, оның әлеуметтік маңызын ашуға талпыныс жасайды.

Сондықтан, публицистикада психологизмді қолданудың басты себебі – туынды тақырыбы, кейіпкердің мінез-құлқы мен оны қаламгердің образды бейнелеу шеберлігі. Мәселен, Қасым шығармашылығындағы кейіпкерлердің тұрмыс-тіршілігі елдегі ірі әлеуметтік психологиялық құбылыстармен тығыз байланыста бейнеленеді.

Публицистикада психологиялық талдау әрбір қаламгердің адам мінез-кұлқын сипаттағанда оның ерекшеліктерімен ғана шектелмей, өзінің мақсат-міндетіне жету жолдарын нақты айқындауы үшін маңызды. Қорыта айтсақ, бүгінгі таңда қазақ журналистикасының даму перспективалары психологиялық талдаудың одан әрі кеңейіп, кейіпкер ішкі жан-дүниесін танудың жаңа әдіс-тәсілдер қажеттілігін көрсетеді. Публицистикадағы психологиялық талдау ғылыми зерттеулерді қажет етіп, қазақ көсемсөзін көркемдік деңгейге көтереді.

Қасым Қайсенов публицистикасындағы психологиялық талдауға тән ерекшелік – автор даусы мен кейіпкер үні (бұл да автор) өзара үйлесімділік тауып жатады. Автор монологы – оның дүниетанымын, көзқарасын, мінез қырларын ашып көрсететін психологиялық құрал ретінде оқырманның ойына ой қосады.

Қаламгер шығармашылығына талдау жасағанда оның негізгі объектісі – адам мен қоғам екені айқындалады. Қаламгердің көркем-публицистикасында адамның сыртқы бейнесін суреттегенде портреттің басты ерекшеліктері автордың тұжырымдамаларымен ұқсас келеді. Осы тұрғыдан алсақ, зерттеуші Е.Б. Тагердің: „Портретті бейнелеу – ең алдымен образ жасаудың, персонажға психологиялық мінездеме берудің тәсілі болып табылады” [75, 376 б.], – деген пікірі орынды.

Кез-келген шығармада адам мен табиғат егіз дүние ретінде танылса, публицист те адам мен табиғаттың өзара ұқсастығын танытуға ұмтылады. Ғалым Б. Майтанов: „Туындыдағы пейзаждың функциясы үш түрлі арнаға саяды. Композициялық тұрғыдан ол көркемдік жолмен қабылданған әлемнің тұтастығын білдіреді. Шығарманың идеялық-мазмұндық астарларына қатысты ол характерологиялық міндеттер атқарады” [76, 46-47 бб.], – деп табиғат суреттерінің шығармадағы орнын көрсетеді.

Жоғарыда келтірген тұжырымды нақтылау үшін Қасым публицистикасынан мысал келтіріп көрейік. Қасым өзінің соғыстың алғашқы күнінде көрген жан-күйзелісін таныту үшін табиғат көріністерін параллель етіп алады.

„...Әттең шіркін, құс болсам! Онда майдан шебінен өзіміздің Қызыл армияға, совет еліне лезде ұшып өтіп кетер едім-ау... Немесе суда жүзген балық болсам, Днепр бойымен төмен қарай қара теңізге түсіп, одан әрі өзіміздің Қызыл армияға барып қосылар едім ...” [27, 14 б.], – деп әр алуан қиялға шомады.

Немесе

„Днепр өзенінің жағасында тұрмын. Су бойын ондаған жау самолеттері бомбалап жатыр. Жүздеген зеңбірек екі жақтан қарама-қарсы оқ атып, бүкіл аймақ күңіреніп тұр. Жер толассыз сілкініп тұрған сияқты. Үлкен өзеннің кейде сабасынан шығып шалқып, кейде сабасына түсіп тартылып тулап жатқанын кім көрген!” [27, 419 б.].

Бұл екі мысалда да адам мен табиғат бірін-бірі толықтырып, өзара үндестігін танытып тұр.

Бірінші сюжетте құстың еркіндігін көксеген кейіпкер кең пафоста суреттеліп, бірте-бірте даралық символында тұлғаланып көрінсе, екінші сюжетте табиғат пейзажының мекендік, фондық қызмет атқарғанын, кейіпкер сезімінің диалектикалық бірлікте қарастырылғанын байқаймыз.

А. Веселовский психологиялық параллель туралы: „Психологиялық параллельдің жалпы схемасы бізге белгілі: екі мотив салыстырылады, бірі екіншісін толықтырады, бірін-бірі айғақтайды, дегенмен негізгі артықшылық бәрібір адамда болып қалады” [77, 144 б.], – дейді.

Жалпы алғанда, қаламгер публицистикасындағы психологиялық бейнелеуші-көркемдеуші құралы болып табылатын монолог, диалог, пейзаждар шығарма поэтикасының маңызды компоненттері болып табылады.

Қасым Қайсеновтің мерзімді баспасөзде заметка, очерк, естелік әңгімелерімен қатар нақты ой айтып, қоғамдық пікір туғызған және әлі күнге құндылығын жоғалтпаған отансүйгіштік, патриоттық тәрбие тақырыбындағы мақалалары аз емес. Қасым шығармашылығының алғашқы кезеңін танытатын солардың бірқатарына тоқталып өтсек.

„Осыдан төрт-бес жыл бұрын жолым түсіп Украинаға бардым. Әдетте бұрын бірден Украина ССР Жоғары Советіне кіріп, Сидор Артемьевич Ковпакқа сәлем беретін едім. Енді ол аяулы адам жоқ. Ендігі бас иіп, қол қусырып сәлем берер адам Алексей Федорович Федоров. Бұл аттары аңызға айналған, әрқайсысы Совет Одағының Батыры атағын екі реттен алған қос генерал қатар тұрғанда бүкіл партизан қозғалысының символы, халық кегін алушы қаһармандарының асқақ тұрған ескерткіші сияқты еді” [30].

Газет бетіндегі алғашқы мақалаларының бірі осылай басталады. Оқиға одан ары қарай былайша өрбіді.

Федоров қазір Украинаның мемлекеттік қауіпсіздендіру министрі, Жоғары Совет жанындағы бұрынғы партизандар ісі комиссиясының председателі. Қабылдау бөлмесінде кісі көп екен.

– Министр өзінде ме? – деп сұрадым көмекшісінен.

– Өзінде. Қабылдауында кісі көп, - деп көмекшісі отырған жұртты нұсқады.

– Сонда да Қазақстаннан партизан Қайсенов келді деп айтсаңыз, - дегенім мұң екен, көмекші орнынан тұрып:

– Олай болса қазір кіресіз. Онда отырған адамдар шықсын, қазір шығады, - деп әбігер болды да қалды.

Амандықтан соң Алексей Федорович:

– Біраз адамды чех достар шақырып отыр. Соның ішінде сен де барсың, Вася. Екі күннен кейін поезбен Ужгород қаласына жүресіңдер.

Енді автор мақаласын былай түйіндейді.

„Бұл соғыс планетамыздан 50 миллион адам өмірін бар болашағымен қиып кетті. Соның жартысы дерлік совет адамдары еді. Біздің елде қайғырып, қазалы болмаған семья кемде-кем шығар.

Бүкіл адам баласына фашизм өзінің қан құйлы қара жүзін көрсетті бұл соғыста. Фашизм – соғыс, фашизм - өлім, фашизм – адамның қас жауы. Фашизм – жарқын болашақ жауы екенін барша халық енді біледі.

Біз чех жерінде фашизмнің қара жүзін көрген, олардың қаталдығының, орта ғасырдан асып түскен тағылығының куәсі болған адамдар сонда бас қосып, алуан тілде: „Фашизмге қарсы күресеміз!- деп ант еткенбіз дейді” [30].

Бұдан біз Қасым публицистикасына тән дәстүрлі түйінді байқаймыз. Оқиғаны егжей-тегжейімен баяндау арқылы кейіпкер характерін, іс-әрекетін ашып көрсетеді. Қасым публицистикасына тән ерекшелік – не кейіпкер сөзімен түйіндейді, не болмаса, жазылған жайға баға беруді оқырман еншісіне қалдырады. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы оқиғаларға көз жүгіртсек, партизандар қозғалысының бұлайша өрбуі – соғыс ақиқаты. Қаламгердің нақтылыққа жүгіну, фактіні беру ерекшелігінде, публицистік пайымында да ешқандай кемшілік жоқ. Бірақ, өмірін Отаны үшін құрбан еткен партизандардың өлім мен өмір арпалысқан тіршілігін суреттеу не үшін қажет болды? Кейіпкер характері деп осыны айтамыз.

Қаламгердің тұғырнамасы, өмірге деген көзқарасы әдебиет пен өнердегі басты проблемалардың бірі – талас-тартыс арқылы көрініс табады. Публицистің ішкі қарама-қайшылыққа толы ой-толғаныстарында әлеуметтік, моральдық мәселелерге терең сезім толқынынан жауап іздеу талабы аңғарылады. Осы арқылы қалам қайраткері қоғам дамуының негізгі тенденцияларын бойына жинақтаған типтік характерлер жасайды. Қай дәуірде болмасын талас – тартыс әлеуметтік, тұрмыстық салаларда көрініс тауып отырады сөзсіз. Бұл тұрғыда зерттеуші Р. Нұрғалиев: „Өмір қайшылығы қисапсыз... Мұны ұмытуға өнердің хақы жоқ” [78, 172 б.], – дейді.

Қаламгер шығармашылығында уақыт ағымына сай болатын өзгерістер, оқиғалар төңірегінде кездесетін талас-тартыстарды ажырата білген. Ол өмірде болған талас-тартысты табиғи қалпында шынайылықпен ешбір боямасыз суреттейді. Мәселен:

„Бұл күнде халық атынан сөйлеушілер, халық атынан сынаушылар, халық атынан уәде берушілер көп. „Демократия” деген ұғымды жалаулата әркім білгенін айтып, көксегенін көргісі келіп, саясат „майданында” жеңімпаз болғылары бар.

Бір жағынан, кеше бір партияға, бір орталыққа бағынған жұрт, мемлекеттер өз дербестігін, өз тәуелсіздігін алған соң көкейдегісін айтып, көңілдегісін ақтарғаны дұрыс та шығар. Дегенмен, „демократия” дегенді желеу етіп, әркім өз пайдасын көздеп, өз араздығының есебін айырысқысы келсе, оның үстіне өз атынан ғана сөйлеп қоймай, қит етсе, халық атынан

сөйлегілері келетіні кейде күлкіңді келтіреді. Партия құрды ма, сол партияның атынан сөйлесін. Ал бүкіл республика халқын арқаланып кейбіреулер аузын айға білейді. Тіпті, „халық қалаулылары” деп парламенттен орын алған депутаттарымыз, шын мәнінде, сол атқа лайық па? Олар – парламенттегі орнын белгілі бір сайлаушылар тобынан, немесе партиясына тиесілі орындарын шын беделімен немесе қаржысына сүйенген насихаттың күштілігінен алған шығар. Олардың көбінің бүгінде халыққа тиімді заң қабылдауда жалтақтыққа салынуларынан-ақ (мәселен, жер туралы), шын мәнінде, халық өкілдері, халық қалаулылары емес екендіктерін дәлелдегендей. Олар белгілі бір топтың, қаржылы ұйымдардың, билікке ұмтылған партиялардың сойылын соғып, сөзін сөйлеп, „халық атынан” дегенді қалқан еткен жәй мансапқұмарлар болып шығуда” [59, 189 б.].

Қаламгер кешегі зиялы қауым мен бүгінгі халық қалаулылары арасындағы тартысты осылай өрбітеді. Сол арқылы дәуір үнін, уақыт тынысын білдіруге, кейіпкерлердің әлеуметтік-рухани бет-бейнесін ашуға, олардың мақсат мүдделерін көрсетуге тырысады. Бұл әдебиет сыншысы А. Бочаровтың „характер табиғатына терең бойлау, адамның көңіл құбылыстарындағы сансыз ерекшеліктерді байқау” [79, 416.], – деген пікірімен үндес келеді.

Қасым Қайсенов публицистикасында көркем бейнелеудің теңеу, метафора, символдар да жиі кездеседі. Олардың арасындағы айырмашылықтар туралы „Теңеуде теңелетін нәрсе мен теңейтін нәрсенің екеуі де көз алдымызда тұрады. Сөз метафоралық ұғымында қолданылса, құбылысты көрсететін бір сөз араларындағы жақындығы арқылы екінші сөзге ауыстырылады. Ал, символда теңеудің бір ғана мүшесі болады. Сол кеңейтіліп, жеке образға айналдырылады” [80, 123 б.], – дейді белгілі ғалым Қ. Жұмалиев.

Қасымның ертеректегі шығармалары Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналғанымен, кейінгі жылдардағы пікірлерінде „Ұлы Отан соғысы” символикасы басқаша сипатта көрінеді. „Бұл соғыс жалғыз қазақ халқына ғана қасірет әкелген жоқ, бүкіл Совет халқының басына келген нәубет еді. Сол апаттың бетін барлық ұлт бірігіп қайтарған еді.

9 Мамыр – Қазақстанда Ұлы Жеңіс мерекесі ғана емес, ұлттар бірлігі, халықтар достығы мерекесі десек те, еш артықтығы жоқ. Өйткені ортақ жауды халықтар достығы мен жанқиярлығы арқасында жеңген едік. Ал бірлік пен достық бұл заманда да керек” [34, 214 б.].

Қаламгердің „Ұлы Отан соғысы” бұл жерде параллель ретінде келтіріліп отыр. Бұл – Кеңестер Одағының символы. Зерттеуші А. Веселовскийдің: „Символ – образды параллелизмнің ерекше түрі. Атап айтқанда, ол параллельдің бір мүшесінің айтылмай қалуы жолымен жасалады. Өйткені, екінші мүше оның көрсеткіші болып табылады” [77, 144 б.], – деген пікірі нақты дәлел болады.

Ғалым З. Қабдолов символға қатысты мынадай ой айтады: „Символ – бір нәрсені не құбылысты тура суреттемей, бұларға ұқсас басқа бір нәрсеге не құбылысқа құпия теліп, жасыра жарастырып, бүкпелей бейнелеу, ойды да ашық айтпай, тартымды тұспалмен түсіндіру” [5, 219 б.]. Осы тұрғыдан алсақ, жоғарыда келтірілген мысалда параллельдің қос мүшесі де қолданылып тұр, десек те, автордың ешбір айқындауынсыз-ақ шығармадағы „Ұлы Отан соғысының” символдық образ екендігі аңғарылып тұрады.

Тәуелсіздік алған еліміз өсіп, өркендеп, көркейген сайын көпті көрген қаламгердің де дәуір үніне айтар ой-толғамдары да кемелденіп, даралана түседі. Сонымен қатар, өткенді ой елегінен өткізіп, бүгінгі күндегі қоғам қайшылықтарына деген көңіл толмас наразылығы да арта береді. Осындайда публицист өзінің ішкі монологын психологиялық талдаудың құралына айналдырады.

„Халықты алдамай, қайта құрудың шын мақсатын бірден ашық жариялап, „капитализмге көшеміз” дегенде, мұндай саяси және экономикалық апатқа ұшырамауымыз да мүмкін еді. Алдау, асыра сілтеу, катеден-категе ұрындыру елді адам айтқысыз апатқа ұшыратты.

Халық алдында жасалған осы ауыр қылмысқа кім жауап бермек?..” [34, 109 б.], – дейді қаламгер қазіргі кезде елде қылмыстың көбейгенін суреттей отырып.

Қалам қайраткері қазіргі кездегі қоғамдағы көкейкесті мәселелерді осылайша ақыл таразысына салып салмақтап, өз ой-толғауларымен оңаша қалмай, азаматтық позициясы тұрғысынан ашық үн қатады.

Қаламгер публицистикасының кейбір монологтарында оның ішкі жан дауысы көтеріңкі патетикалық екпінмен беріліп отырады. Сөйлемдердің семантикалық-синтаксистік құрылымы көбінесе риторикалық сауалдарға құрылып, әрбір сұрақтардан соң публицистің ашық не үнсіз жауап бергені аңғарылады.

Қасым Қайсенов публицистикасында негізгі объекті ретінде басты екпін қоғамдық шындық туғызған әлеуметтік-психологиялық қайшылықтарға түседі. Қаламгер публицистикасындағы жеке монологтардың сипатын оның екпінді леппен жазылған сөйлемдерінің не леп не сұрау белгісімен қорытындылауынан айқын аңғарамыз. Автордың бұл монологтарында ой-толғауларымен қатар, оқиғаға түсініктемелер-ескертпелер де ілесе жүреді.

Қасым Қайсенов шығармашылығындағы образдардың типтік айырмашылығына келер болсақ, оларды шартты түрде жағымды және жағымсыз кейіпкер деп бөлуге болады. Оның мерзімді баспасөзде жарық көрген көсемсөздерінде олардың ара жігін ажырататын айқын белгілері жоқ. Қаламгер туындыларында кейіпкерді типтендіргенде оның адамдық қасиеттері мен болмыс-бітіміне, дара қасиеттеріне баса назар аударған. Бұдан біз публицистке тән шеберлікті танимыз. Қасым Қайсеновтің психологиялық талдау арқылы сипаттаған ертеректегі Кеңес Одағының

батырларына, партизан қозғалысының мүшелеріне, майдангерлерге және бертіндегі ауыл адамдарына, жастарға, т.б., сонымен қатар халыққа кеңінен танымал Д. Қонаев, М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, С. Мұқанов, Б. Момышұлы, М. Ғабдуллин, Ж. Саин, К. Тоқаев сияқты азаматтар туралы кейіптеулері – соған дәлел болады. Сондай-ақ, жағымсыз кейіпкер ретінде суреттелген Н. Хрущев, Ғ. Колбин, М.С. Горбачев, А. Жовтис т.б. кейіптеулер де олардың ұстанған позициясына, ой-өрісіне лайықталып, қоғам дамуындағы тартыс арқылы бейнеленеді.

Қалам қайраткері қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, әлеуметтік-экономикалық жағдайын басқа елдермен салыстырмалы түрде сипаттайды. Бұл – Қасымның кейбір публицистік ой-толғауларына тән сипат. Нақты бір мысал келтірер болсақ:

„Сөз жоқ, республикамызды жүзден астам ұлт өкілдері мекендейді. Астана – өзін „қазақстандықпын” деп санайтын әр ұлттың астанасы. Бірақ бұл тойда республиканың негізгі тұрғыны қазақ халқы ғана емес, орыс, неміс, ұйғыр, кәріс секілді өзге ұлттардың ән-күйі немесе олардың киімін киіп шыққан жастарды онша көре алмадым. Оның есесіне көшедегі шеру мен негізгі сахнада билеп тұрған жас қыздардың кубалық па, бразиялық па, әлде мексикандық па білмеймін, денелерінің жартысын жалаңаштап, белі мен мықындарын ойнатып билеулері мен секілді қарт адамның қызықтауына қиын тиді...

Тәуелсіз Қазақстан деген атымызға сай мерекемізді, дәстүр-салтымызды, елдік кескін-келбетімізді неге осы бастан сақтауға талпынбаймыз? Неге біз „карнавал” деп сонау мұхиттың арғы жағындағы ел-жұрттың салт-дәстүрін қайталауға тиіспіз.

Неге біз, өзіміздің емес, өзге елді сыйлап, соларға ұқсауға, солардан үйренуге, соларға табынуға дайын тұрамыз?

Неге біз, өзіміздің Ұлы даланың ұрпағы, ұлы өнері мен ұлттық салт-дәстүрі бар елдің ұрпағы екенімізді ұмытып кете береміз?” [59, 178 б.]. Қаламгер басқа елмен салыстырғанда өзіміздің ұлттық ерекшеліктеріміз, дәстүр-салтымыз бар ел екенімізді ескере отырып, осы бастан мемлекеттік іргетасымызды берік қалағанымзы қажет деген ой тастайды. Жастарымызға бағыт-бағдар беріп, олардың өзге жұртқа еліктеп-солықтап кетпеуін қатты ескеру керек дегенге келіп саяды.

Екінші бір мысалда автор басқа елмен салыстырмалы түрде қарап, өз даму жолымызда ең алдымен халықтың қамын ойлау қажеттігін сөз етеді.

„Сондай-ақ, біздің елде жұмыс істеп жатқан шетел компаниялары мен фирмалары өздерімен бірге ала келген жұмысшы-қызметкерлерінің өздері инвестиция деп салған қаржының мол үлесін қалталарына салып, ал, біздің елден жұмысқа кірген жастарымызға тым аз мөлшерде жалақы тағайындаған әділетсіздіктеріне жол бермеу керек деп есептеймін. Өз елінде біреудің қолына қарап кіріптар болған мұндай жағдайларды үкіметіміз қатаң бақылауға алып, өз жастарымыздың еңбегінің қаналмауына,

намысының тапталмауына, болашаққа деген сенімінің сөнбеуіне қамқорлық жасағаны жөн деп ойлаймын” [59, 194 б.].

Қасым Қайсенов публицистикасының басты мақсаты – ел мен жер қамы екені айқын. Осы тұрғыдан алсақ, қаламгер салыстырманы екі түрлі сипатта қарама-қарсы пайдалану арқылы халықтың мұң-мұқтажын жеткізуге талпыныс жасайды.

Қаламгер публицистикасына тән сипат ең алдымен сөйлемдердің қысқалығы десек, кейбір мәселеге қайта-қайта екпін түсіре қайталауға баруы, аяқталмаған ойдың көп нүктемен берілуі немесе риторикалық сауалмен аяқталуы автордың ой-толғауына, айтар ойына өткір сипат береді. Қасым публицистикасында әрбір абзац көбінесе экспрессивті-эмоционалды түрде аяқталуы жиі кездеседі. Мысалы: „...екен!”, „...еді-ғой!”, „...едіңіз!”, „...жол болсын!”, „...керек екен!”, „...болғай!” осылайша кете береді.

Әрбір қаламгер шығармашылығында өзіне тән тақырып ерекшелігі сақталған. Мысалы, К. Табей шығармалары – Желтоқсан оқиғасының, К. Смайылов шығармалары – замана үрдісінің, ғасыр ғаламатының жаңалықтарын жеткізеді. Сол секілді Қасым Қайсенов шығармалары – Ұлы Отан соғысындағы партизан қозғалысының, дәуір үнінің, қоғам дамуының жанды шежіресі. Қасым публицистикасы өзінің өмір тәжірибелеріне негізделіп, басынан кешірген, ой таразынан өткізген толғауларын көпшілікке ешбір боямасыз жеткізе білуімен де құнды.

Жалпы, Қасым Қайсенов публицистикасын оқып отырғанда, „Партизан соқпақтары”, „Жау тылында”, „Илько Витряк”, „Переяслав партизандары”, „Ағалар туралы аңыз” атты көркем шығармаларынан бастап, „Елімнің ертеңіне сенемін”, „Өткеніме жоқ менің өкінерім”, „Ой тоқырауынан сақтанайық”, „Болашағым боталарым”, „Ортақ мүддеден ойластырайық”, „Біз осы қандай елміз”, „Террор – наразылықтан туады”, „Соғыс қашанда апат әкеледі” тәрізді көсемсөздерінің қай-қайсысынан да автордың өзіне тән тілі, стилі, қолтаңбасы, әдісі айқын аңғарылып тұрады.

Қасым Қайсенов публицистикасына тән тағы бір ерекшелік – адам қабілеті, құдіреті, мүмкіндігі туралы жазғанда қоршаған ортамен тығыз қарым-қатынаста суреттеп, әлеуметтік-психологиялық дәйектемемен дәлелдейді. Адамның динамикалық портретінде таным, түйсік, сана айрықша көрініс табады. Мысал келтірер болсақ: „Адам болып туған соң адам болып жүрмесе, адамға қызмет етпесе, мына тірліктің несі қызық?” [81], – дейді публицист.

Ғалым-сыншы Ш. Елеуқеновтің: „Психологиялық талдау адамның белгілі бір әрекет үстіндегі сезім күйінің өзін ғана емес, негізінен оның бір күйден сан күйге ауысып дамыған диалектикалық процесін суреттейді” [82], – деген нақты тұжырымына сүйенсек, қаламгер публицистикасында адамның қарым-қабілетіне қатысты дәлелдер, тұжырымдар көптеп кездеседі.

Қаламгер шығармашылығының баяндау жүйесіне талдау жасау үшін оның жеке стилін зерделеп көрейік.

Алдымен стиль дегеніміз не деген сауалға жауап іздесек, оны біз әдебиеттанушылар М. Бахтин, В. Виноградов, В. Ковалев, Л. Тимофеев, Л. Новиченко, В. Чичерин пікірлерінен табамыз. Десек те, бұл ғалымдар публицистік стильден гөрі көркем шығарма стиліне баса назар аударған.

Публицистік стиль туралы ғалым В. Здровега: „Егер публицистика стилі туралы айтар болсақ, мұнымыз публицистің идеялық-әдеби өзгешелігі, дүниетанымдық көзқарасы, өмірлік тәжірибесі, мәдениеті, мінез-құлқы, темпераментінің көрінісі болып шығады” [83, 206 б.], – дейді.

Публицист – өзі өмір сүріп отырған қоғамының ұлы десек, шығармашылығына негізгі арқау – сол қоғамның тыныс-тіршілігі болып табылады. Публицистік творчествоның мәні туралы белгілі орыс журналисі Анатолий Аграновский: „Публицистика ойға құрылуға тиіс. Әдебиетші жазуға отырып, тақырыптың тамаша бұрылысын, жаңа сюжетті, жаңа сөздерді іздеген кезде, бұл ең алдымен, оқырманды ойдың жетегімен алып кету үшін жасалады.. Жақсы жазатын адам жақсы жазбайды, жақсы ойлайтын адам жақсы жазады” [84, 5 б.], – дейді. Публицист ойы – қоғамдық маңызға ие ой болу керек деген тұжырым жасауға болады. Кешегі және бүгінгі публицистердің қайсібірін алсақ та, қоғамдық ойды жеткізудегі өзіндік даралығын, жеке стилін көреміз. Алысқа бармай-ақ қазіргі кезеңдегі публицистердің еңбегін Кеңестік дәуір шығармаларымен салыстырып, байқау арқылы көз жеткізуге болады. Егер, бүгінгі таңда кешегі күннің стилімен жазсақ, жұрт бұны басқаша түсінері сөзсіз еді.

Қасым Қайсенов ХХ ғасырдың басында дүниеге келіп, ХХІ ғасырдың алғашқы онжылдығын басынан кешірген қаламгер. Сондықтан, оның шығармаларында Кеңестік дәуірге тән стильде жазылғандары кездесіп жатады. Бұл тек Қасымға тән жағдай емес, сол кезеңде өмір сүрген публицистерге ортақ нәрсе еді. Десек те, Қасым публицистикасының негізгі мақсаты – ақиқатын айту болғандықтан, оның жеке стилі әр кезеңде әрқилы болды десек, қателескен болар едік. Қаламгер шығармаларындағы кейіпкер характері заман ағымына сай өзгергенімен, публицистің жеке стилі өзіне тән бояу-нақышымен сол күйі сақталып отырды.

Қасым Қайсеновке тән жеке стилі шығармаларының тақырып ауқымдылығынан, проблематикасынан, жанрлық-композициялық ерекшеліктерінен айқындалады. Бұған қаламгердің тілі, стилі, баяндау әдісі, авторлық екпіні қосылады.

Қаламгердің қоғамдық-публицистикалық стиліне тән ерекшеліктерді қарастырып көрейік. Ең алдымен қаламгердің қоғамдық-публицистикалық стилінде жиі ұшырасатын жалқы есімдер құрамы публицистің газеттегі мақала және кітап мәтіндерінің тақырыптық және жанрлық-стильдік ерекшеліктерімен анықталады. Ол жарияланған мақалаларының тақырыптары мен проблемаларының характерімен байланысты. Осы

тұрғыдан алғанда, ғалым Р. Сыздықова: „Мерзімді баспасөз беттерінде туған қазақ тілінің қоғамдық-публицистикалық стилін онда жарияланған әлеуметтік, мәдени, экономикалық мәселелерге байланысты материалдар танытады” [85, 174 б.], – деген пікірі орынды.

Қасым Қайсеновтің қоғамдық-публицистикалық немесе ғылыми-көпшілік стильді мәтіндерінде географиялық ерекшелігі бар сипаттамаларда қолданылған жалқы есімдердің көп кездесуінің мәнін, біріншіден, қаламгер мақалаларында көбірек ақпарат беруге ұмтылуынан, басқаша айтсақ, мәдени, идеологиялық, географиялық ақпараттарды нақты деректермен дәлелдеу қажеттілігінен, екіншіден, публицистикалық, полемикалық бағыттағы мақалаларына, әлеуметтік-публицистік толғауларына дәйектемелердің көптеп қажет болғанынан деуге болады.

Қасым публицистикасында жалқы есімдердің тілдік қатысы көп жағдайда публицистік мәтіндердегі семантикалық типі ең алдымен тақырып арқылы анықталады. Публицистикада әрбір қаламгердің тақырып таңдауы оның шығармашылығына тікелей ықпал етері сөзсіз. Бұл жайлы ғалым Б.Жақып: „Публицистикада тақырыпты таңдау шығармашылық жемісіне тікелей әсер етеді. Шығарманың сәтті немесе сәтсіз болуы, оны оқырманның оқу, оқымауы да сол тақырыпты таңдаудан басталады” [2, 255 б.], – деген орынды пікір айтады.

Осы тұрғыдан келсек, Қасымның тақырыпты таңдауында да өзіндік қолтаңбасы бар. Мәселен, қаламгер публицистикасының тақырыптары мен тақырыпшаларында топонимдер жиі ұшырасады: „Түркістан – діни, рухани орталығымыз”, „Тарас жерінде”, „Карпаттағы кездесулер”, „Жетісу жеріндегі қуаныш”, „Атырауда да адастым”, „Тарас еліндегі табысу”, „Өскеменге Қаракерей Қабанбай өгей емес”, „Ресейлік басшылардан империя пиғылы жойылар емес”, „Ақ Орданың айбары” т.б.

Топонимдік атаулар мақала мәтіндерінің ішінде жиі ұшырасып жатады.

„... „дүние жүзіне қауіп төндіріп отыр” деп айыптап, Иракқа қарсы соғыс ашу үшін оның шекарасына жүз мыңдаған әскері мен техникасын жеткізіп жатыр. Президент Буш елі мен конгресінің алдына күнде жүлқынып шығып, Қытай, Ресей, Германия, Франция, тағы да басқа елдердің өзін қолдамайтындығына қарамастан, тіпті оны қостап отырған Англия ертеңгі күні жақтаспай кетсе де, жеке өзі соғыс ашатынын жариялап, алған бетінен қайтар емес” [59, 192 б.].

„Қасиетті Қожа Ахмет Иассауи мавзолейі орналасқан, қаншама әулие-әмбиелері, Арыстан баб секілді ұлы аруақтар тыныштық тапқан бұл Түркістан жерін мұсылман жұрты тәу етіп, бас иетін өзінің екінші Меккесіне айналдырғанына қаншама уақыт өтті” [59, 169 б.].

„Астана – саяси орталығымыз, Алматы – ғылым мен мәдениет, өнер ордамыз болса, Түркістан – мұсылман қауымының бас иер, діни, рухани ордамыз болып саналады” [59, 169 б.].

„Ирак астанасы Бағдат АҚШ пен Англия тарапынан аяусыз бомбаланды. Бұл өзім білемге салыну, озбырлық, АҚШ пен Англия территориясы бөлек болса да, Иракты соққыға алып, жер шарындағы басқа ұсақ мемлекеттерге де ертең көрсететінім осы деп әлімжеттік жасап отыр” [59, 152 б.].

Бұл Қасым Қайсенов стиліне тән тақырыптардағы жазылған жайдың сипатын жан-жақты ашып көрсету үшін қолданылатын әдіс, яғни ғылыми тілмен айтсақ – топографиялық телулік.

Публицистік стильдің тіл байлығы жағынан көркем әдебиеттен айырмашылығы – әдебиеттегі суреткер бір жазған жайға екінші қайта оралмаса, публицист бір тақырыпқа бірнеше рет қалам сілтеуге тура келеді.

Тақырып қайталану бұл – журналистика саласына тән қасиет. Десек те, көп жағдайда публицист бір сарынды жадағайлықтан шығу жолын өзіндік стилі мен тіл байлығынан іздейді.

Қасым Қайсенов публицистикасын зерделей келе, оның жеке стилінің қарапайым екенін аңғарамыз. Біздің бұл пікірімізге Қасымның шығармашылығына талдау жасаған қаламгер Мұзаффар Әлімбаевтың мына бір пікірі де дәлел болмақ: „...Қасым Қайсенов өмірден орын тепкенді өңдемей, әлем-жәлем әшекейлемей, шын қалпында қағазға жанды түсіреді. Өзі де зорланбайды, қаламын да зорламайды. Ащысын да жасырмайды, автор сонысымен оқырманды үйіреді, ақиқатына айызың қанады. Қарапайым жазады, бірақ бұл қарапайымдылығы қара-кесек нәрсіз емес – мәнді мәнерлі сырлар. Әңгімеден екінші әңгімеге ауысқан сайын Қасымның қаламы ұштала, сөз саптауы жатықтана, ойы өрнектене, көркемдік сатысына ыспарлана түскенін көреміз” [7, 61 б.]. Қасым шығармашылығының қарапайымдылығын өзара сабақтаса өрілген жай сөйлемдерден емес, өзінің кесек те нәрлі ой-толғауларын оқырманға жеткізе алған шеберлігімен бағалаған жөн. Қалам қайраткері қоғамдағы әлеуметтік-саяси күрделі мәселелерді жазғанда да оның өзіндік стилі аңғарылады.

„...Тағы бір өтіріктің дәлелін айта кетейік. Мысалы, Иракқа АҚШ бастаған бірнеше мемлекет соғыс ашқанда бір газеттің тілшісі көп көріпкелдің бірінен: „Осы соғыста кім жеңеді?” – деп сұрады. Ол ойланбастан: - Әрине, Ирак жеңеді, – деп жауап қайтарды. Соғыс қалай аяқталғаны дүние жүзіне мәлім. Көріпкел болмай-ақ Ирак сияқты шағын мемлекетті АҚШ сияқты аса қуатты мемлекет бастаған оншақты дамыған елдер әскерлері жеңетінін ақылы толмаған жас бала да айтар еді” [59, 108 б.].

Жалпы, Қасым Қайсеновтің шығармашылық стилі мынадай әдістер арқылы даралана түскен:

1. Қаламгер шығармашылығындағы жаңалық іздеуге талпынысы. Көп жағдайда бұл қалам қайраткерінің дәуір үнін тап басуымен және оқырман көкейіндегі сауалға жауапты тандап алумен ерекшеленеді.

2. Публицистің белгілі бір тақырыпты „*иемденуі*”. Осы тұрғыда Қасымның партизандар тақырыбын, отаншылдық, патриоттық тәрбие туралы үзбей жазып отыруы дәлел бола алады.

3. Қаламгер публицистикасының *шолулық* сипатқа ие болуы. Қасым кез-келген мәселені көтергенде оған салыстырмалы деректер арқылы талдау жасайды, өткен мен бүгін, жетістік пен кемшілік қатар дәйектеліп, сарапталады.

Қ. Қайсенов публицистикасын жеке бір стильмен айқындау қиын, ол жанрлық, тақырыптық, композициялық, тілдік ерекшеліктерімен де сабақтасып жатыр.

Қалам қайраткерінің публицистикасы – сан қырлы құбылыс. Публицистикасының жанрлық сипаттарына тоқталғанда, ең алдымен публицистік толғамдары мен очерктерін ерекше атауға болады. Көптеген материалдары ақпараттық сипатына қарай мақала, корреспонденция жанрына да келеді. Қаламгердің әдеби рецензия түрінде жазылған сын мақалалары да кездеседі.

Қасым Қайсеновтің қоғамдық мәні бар мәселелерді көтерген публицистік толғаулары ерекше атауға тұрарлық. Қаламгердің публицистік толғамдары көбінесе, сыни, полемикалық және лирикалық болып келеді. Негізінен публицистикалық толғауда факт образға негізделіп, ал образ құралдары фактіні ашуға қызмет етеді. Қайсенов публицистикасындағы шығармашылық ізденіс оның газет жанрларын публицистік мазмұнмен байытуға үлес қосқанын атай кету керек.

Публицист өзі жинақтаған, көріп-білген материалдарының тақырыптық-мазмұндық мәнін ашу үшін публицистік шығармалардың жанрлық және сюжеттік-композициялық ерекшеліктерін таңдайды. Қаламгер публицистикасының дәстүрлі жанрлары – проблемалық мақалалар, корреспонденциялар. Қ.Қайсенов әскери публицистикасы дерлік көркем-публицистикалық сарында жазылса, бертін келе баспасөз бетінде жарияланып жүрген жарияланымдарының дерлігі мақалалар мен корреспонденциялар.

Ғалым С. Смирновтың: „Публицистика өз халқының және басқа мемлекеттердегі халықтардың қоғамдық-тарихи тәжірибесін игеруі шарт” [86, 4 б.], – деген пікіріне сүйенсек, заманға сай қоғамдық өзгерістермен қатар, қазақ публицистикасы да жаңа бір сатыға көтеріліп, жанрларының байып отыруы заңдылық.

„Публицистика белгілі бір болмыс-құбылысты тек әлеуметтік, саяси жағынан ғана алып бағаламайды, оны практикалық, рухани, моральдық, парасаттық жағынан да талдайды. Демек, ол өмірді, адам әрекетін бір-бірімен байланыста, өзара бірлікте алып қарайды.

Публицистика нақтылы өмірден орын алып отырған мәнді оқиға-фактілер төңірегіндегі пікірді қозғап, сол туралы дұрыс ұғым қалыптастыруға ықпал жасайды. Яғни, публицистика – фактінің, нақты

оқиғаның жанры” [35, 127 б.], – дейді белгілі ғалым Т. Қожакеев. Яғни қоғамның дамуына, публицистердің идеялық-саяси көзқарастарына қарай жанрлар түрлі сипатқа ие болып, ішкі заңдылықтары алмасып, өзгеріп жатады. Қоғамның өзгеруіне, баспасөздің дамуына сәйкес жаңа жанрлар пайда болады. Белгілі ғалым Т.Қожакеев пікіріне жүгінсек: „Белгілі бір дәуірдегі пафосқа, рухқа, идеялық-саяси міндеттерге орай күрес құралдарының өзгеріп отыратыны сияқты, жанрлардың өзі де, қасиет белгілері де жаңғырып, толығып, молығып жатады” [35, 28 б.], ал, кей жағдайда баспасөз теориясында дәлелденген кейбір жанрлардың жойылып, жаңа шарт белгілерімен ғана көрініс табуы жиі кездеседі. Бұған Кеңес дәуірінде үгіт-насихатты мақсат еткен бас мақаланы немесе еңбек адамының ерлігін асыра мақтап көрсетуге бағытталған очерк жанрларын мысал етуге болады.

„Публицистика жанрларының ғылыми теориясы әлі толық зерттеліп біткен жоқ” [87, 5 б.]. Десек те, газет жанрларына талдау жасап, зерттеу нысаны еткен зерттеулер баршылық.

Публицистиканың айқындаушы рөлін арттыру үшін баспасөз жанрларының көбеюі мен газеттің түр-сипатының жақсаруы ерекше ықпал етеді. Осы тұрғыда профессор Т.Қожакеевтің: „Жанрларды саралау, жанр молдығы өмір-болмысты, тыныс-тіршілікті бүкіл бітімімен, даму тенденциясымен шебер ашып көрсетуге ... септігін тигізеді” [35, 28 б.], – деген тұжырымы орынды айтылған. Көптеген публицистердің шығармашылық өсу жолында кейінгі кездері газет жанрларын байытуға деген талпынысын байқаймыз. Мұнда әрбір қаламгердің өзіндік өлшемі бар екені ескеру керек. Осы ойымызды: „жанрларды түрлендіре, құбылта қолдану нәтижесінде барлық шындық тұтастай, жан-жақты ашылады” [35, 28 б.], – деген пікір толықтырып тұрғаны айқын.

Осы орайда Қасым Қайсенов публицистикасының жанрлық ерекшеліктеріне ортақ сипат – бүкіл қоғам қайшылықтарынан туындап отырған келелі мәселелер төңірегінде ой қозғап, қоғамдық пікір туғызып, оны нақты деректермен, фактілермен дәлелдеу. Яғни қаламгер шығармаларының материалдық тірегі – деректілік, ақиқат детальдарды тілге тиек ету, өткенді еске түсіру т.б. Мұндай ізденістер, сөз жоқ қаламгердің жанрлық-стильдік өзгешелігін аңғартады.

Қасым Қайсеновтің көркем публицистикасының басым көпшілігін очерктері құрайды. Зерттеуші Б. Удодов жанрға тән ерекшеліктерді „деректікке жақындығы, көркем және публицистік бастаудың ажырағысыздығы, очерктің тек көркем әдебиетпен ғана емес, ғылыммен де байланысы” [88, 25-26 бб.] ретінде қарастырады. Көркем публицистика фактілерді образды түрде беруге ұмтылғанымен, оны биллестрикамен жақындастыратын тек образдылық ғана емес, өмір шындығын характер арқылы, драмалық қақтығыстар арқылы беруге талпынатындығы.

Очерктерден біз „адам мен адамның”, „адам мен қоғамның”, „адам мен табиғаттың”, „адам мен оның іс-әрекетінің” арақатынасын көреміз.

Осы тұрғыдан алсақ, Қасым очерктері арқылы қоғам үнін тануға болады. Очеркші айтылған жайдың шынайылығын нақты оқиға-құбылыстармен фактімен дәлелдеп отырады. Тәуелсіз мемлекетіміздің гүлденетініне, ғылым мен техниканың қарқынды дамитынына, жастардың өз Отанының патриоты болып өсетініне, адамзат алдында тұрған күрделі мәселелердің шешімі табылатынына сендіреді.

Қасым Қайсенов очерктері әдемі пейзаж, сұлу суреттеуге құрылмаған. Мұнда эмоционалды көркем-публицистикалық формаларды талдау арқылы оқиғалар мен құбылыстарды синтездеу арқылы толықтыруға ұмтылады. Қаламгер очерктерінде жазылған әрбір жайға баға беріп, оның қазіргі кездегі тәжірибелік құндылығы қаншалықты деңгейде деген сауалға дәйек-деректер арқылы жауап іздейді.

Қасым очерктерінде оқиғаның саяси жағына, тәжірибелік мәніне көңіл бөліп, солардың әлеуметтік маңыздылығын ашу әдісі орыс очеркшілері А. Аграновскийдің, В. Песковтың көзқарастарымен, шеберліктерімен ұқсас келеді.

Қаламгер очерктерінің идеялық мазмұны өз оқырманына типтендірудің көркем құралдары арқылы (образдылық, деталь, жағдайды суреттеу, көзқарас т.б.), дүниетанымдық қисын, аргументация, талдау мен пайымдау арқылы (сандар, цитаттар, тарихи салыстырулар, фактілер, деректер, т.б.) жетеді. Бұлардың барлығын қаламгердің жеке тәжірибелері мен жазбалары арқылы негіздеп отыратынын аңғару қиын емес.

Нақты детальдар өмірді абстарктылы ұғымда емес, жекелеген қасиеттері тұрғысынан да түсінуге мүмкіндік береді. Очеркте кей жағдайда кішкентай детальдың өзінің шығарма идеясын ашуға көмегі тиеді.

Қасым Қайсеновтің „Ұлы ғалым” деп аталатын Кеңестер Одағына танымал болған көз дәрігері, академик Владимир Петрович Филатов туралы очеркінде жоғарыда айтқан тұжырымымызды дәлелдеген сияқты: „– Немене, бізді көре алмай тұрсыз ба? Көресіз! Сау адамның көзін неше күн бойы таңып тастап, оны шешкенде бірден еш нәрсені көре алмайды. Қазір біраздан соң көріп кетерсіз! Қорғанбаңыз!, – деді сенімді түрде Владимир Петрович. Айтқандай біраздан соң көз алдымдағы қалың тұман айыққандай болды. Бірден сақал- мұрты аппақ, маңдайы кере қарыс, құс мұрын, орта бойлы, қарт адам көзіме түсті. Жанындағы ақ халат киген бір топ адам „не дер екен” дегендей ол адамға телміре қарап тұр екен” [29, 72 б.].

Қайсенов очерктеріндегі образдылықтың публицистің шығармашылық танымының сабақтастығымен тығыз байланысты екенін зерттеу барысында аңғардық. Көптеген теориялық еңбектерде „публицистикадағы образ” және „публицистік образ” ұғымы мағыналас, синоним сөздері түрінде қатар қолданылғанымен, екеуінің айырмашылығы публицистикадағы образ ұғымына – публицистикада қолданылатын кез-келген образдар (көркем,

тарихи, мәдени, діни т.б.) жиынтығы тән болса, публицистік образға нағыз публицистік сипат тән. Осы тұрғыдан келгенде, Қайсенов шығармаларындағы публицистік образдар жиынтығын былайша бөлуге болады:

- публицистік портрет;
- публицистік салыстыру;
- нақты суреттеулер (әлеуметтік-саяси жағдайлар көріністері);
- жеке публицистік образ.

Көркем образ бен публицистік образдың басты ерекшеліктері мынада: а) көркем образдың өмірдің барлық құбылыстарын жан-жақты ашып көрсететін көп қырлы қасиеті басым болса, публицистік образдың айқын бағыты бар, бір қырлы; ә) публицистік образ болмыс-бітімімен тұтастай публицист идеясына бағынышты; б) публицистік образ көркем образға қарағанда лирикаға, сезім иірімдеріне ерік бермей, нақты суреттеумен баяндалады.

Қасым шығармашылығына тән образдылық - қоғамда болып жатқан өзгерістерді, күнделікті тұрмыс-тіршілікті суреттеу арқылы психологиялық талдау жасау, оны нақты фактімен, дерек-дәйекпен негіздеу болып табылады.

Публицист өзі жазып отырған мәселені жан-жақты ашу мақсатында анықтама материалдарды – дәйексөздерді, фактілерді, сандарды жиі пайдаланады.

„Публицистік шығарманың базистік элементі – фактімен жұмыс істеу” [89, 120 б.], – демекші шеберлікті жетілдіру үшін оның маңызы зор.

Журналистикада шындық туралы таным элементі ретінде факті алынады. Ол көп жағдайда әлеуметтік сипатта көрініс табады. Осыдан келіп, журналистің қоғамдық-саяси дүниетанымының қаншалықты кең екенін байқауға болады. Зерттеуші А. Рубиновтың „Журналистика әрдайым әлеуметтанумен қатар келе жатыр” [90, 24 б.], – деген пікіріне жүгінсек, журналистика мен әлеуметтанудың бір-бірімен тығыз байланыста екенін аңғарамыз. Әсіресе мақалаларға қажетті фактілерді жинақтауда әлеуметтанудың әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы қазіргі қоғамның қыр-сырын терең меңгеруге болары сөзсіз.

Журналистің фактілі материалдарды жинау әдісін эмпирикалық әдісі деп айтуға болады. Бұл Қайсеновтің азаматтық дүниетанымы ғылыми публицистикалық таным зерделілігімен сабақтасып жатыр.

Қаламгер шығармашылығын зерттеу барысында оның фактілі материалдарды пайдалану шеберлігін ерекше атауға болады. Әрбір шығармасының құрылымындағы, композициясындағы факт жаңаша түрленіп, жаңа сипатқа ие болады. Жеке фактілерінің өзінде негізгі объектінің мезгілдік-кеңістіктік мағынасы ашылып отырады. Ол көп жағдайда әрбір детальға жеке-жеке мән беріліп, хроникалық заметка (не, қайда, қашан) белгілерімен сабақтасып жатады.

Қасым Қайсенов публицистикасында фактіні алудың тік, көлбеулі және коммуникативті әдістері қолданылады.

Қаламгер не, қайда, қашан, кім, қалай, не себепті деген сауалдарға жауап іздегенде фактіні тік дамыту әдісін хроникалық сипатта пайдаланады.

Фактіні көлбеулі ашу әдісі тік дамыту әдісін толықтырып, оған түсініктеме береді, соның нәтижесінде жаңа детальдар мен жаңа деректер пайда болады. Түсініктеме берудің өзі объектіні ашу ыңғайына қарай тақырыптық, мазмұндық, мезгілдік, құрылымдық, себеп-салдарлы болып бөлінеді. Соның ішінде Қасым публицистикасында мезгілдік-кеңістіктік әдіс-тәсіл жиі қолданылады. Қаламгер көсемсөздерінде мезгілдік даму деңгейі өткен мен болашаққа талдау жасаса, кеңістіктік фактіні жан-жақты, толықтай талдаумен ерекшеленеді.

Фактімен жұмыс барысында публицистің әдіснамалық ойлау жүйесінің негізі – мақала тұжырымдамасы ұғымы да айқындалады. Әлеуметтік зерттеулер жүргізу арқылы концепция құрудың объективті маңызы анықталады. Қасым Қайсенов әсіресе әлеуметтік мәселелерде зерттеулер жүргізіп отырған. Оның публицистикасындағы кез-келген факті сол зертеу нәтижелері.

Қайсеновтің фактіні беруіндегі ерекшеліктері: жеделдігі, аудиторияға түсініктілігі, ауқымдылығы және нақтылығы.

Қазіргі кезде журналистика тәжірибесінде ақпараттық материалдар зор маңызға ие. Осы тұрғыдан алғанда ақпараттық жаңалықтардың ешбір талдаусыз, қысқа берілетін фактілерден құралған „қатты” жаңалықтар және жеке-жеке талдау жасалатын фактілер негізінде жазылған „жұмсақ” жаңалықтар ұғымы бар. Қасым публицистикасына „жұмсақ” жаңалықтар тән.

„Жұмсақ” хабарларға қолданылатын бірнеше „арнаулы лидтер” бар. Соның бірнеше варианттарын Қасым Қайсенов өзінің публицистік ой-толғамдарына өзек еткен.

Болған оқиғаны баяндау стилінде жазылатын кәдімгі публицистік әдіс „әңгіме лиді”. „Осылайша соғыстан кейінгі жүдеу өмір жүйткіп өтіп жатты. Майданға аттанған ақын-жазушылардың көбі аман-есен қайтып оралды. Жұмағали Саинның арқасында ел қорғау шебінде болып қайтқан дарын иелерінің көбімен танысып, араласып-құраласып, бауыр басып алдым. Солардың ішінде Әбу ағаның да жөні бөлек еді” [34, 174 б.].

Оқиғаның, құбылыстың мәнін ашу мақсатында дәйексөз пайдалануды „дәйексөз лиді” дейміз.

„Сұрау лиді” – белгілі бір ой сұрақтар тізбегімен беріледі: „Қоғамды бір жақты қарап жақсы, не жаман деуге бола ма? ... Социалистік қоғамды көз жұмып оңды-солды жамандауға болар еді, егер оның алдындағы қоғам халық қамын жеп, жақсы қоғам ретінде танылса, не онан кейінгі қазіргі қоғам солай болса?!” [59, 12 б.] немесе „... Бірақ біздер осы демократия ұғымын дұрыс түсініп жүрміз бе? Бұрынғының бәрін даттап, жылт еткен

жаңалық атаулыны мақтай беруге үйреніп бара жатқан жоқпыз ба? ...Сол шындықты шындық деңгейінде көрсете алып жүрміз бе?” [59, 129-130 бб.].

Публицистің „детальдармен жұмыс істеуіндегі” ерекшелік ретінде көмекші материалдарды - сілтемелерді, цитаттарды, фактілерді ұтымды пайдалануын айтамыз. Осы атрибуциялар арқылы автордың айтар ойы оқырманға нақты әрі дәлелді жетеді.

Қасым Қайсенов публицистикасында жазылған жайды қызықты деректермен байыту үшін сілтемені пайдаланған. Қаламгердің „Намысыңды қайрасаң, қамал бұзасың” атты мақаласында Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі „Көктемнің әр күні – жылға азық”,- деп аталатын акцияны ұйымдастырғанын айта келіп автор сол кездегі министр Алтынбек Сәрсенбаевтың көпшілікке арналған сөзіне сілтеме жасайды: „Бұл акцияны бүгінде ғайбат сөзге айналған „насихат” деп атағысы келгендер атай берсін. Бірақ мен мұндай „насихат” біздің қоғамымызға бейшаралыққа салынып, күңкілдеушіліктен гөрі, әлдеқайда пайдалырақ деп ойлаймын”, – деп жанға батыра айтқан екен. Мына сөз кімнің де болсын, намысын қозғап, санасына сәуле түсірсе керек” [59, 157 б.]. Мұнда қаламгер мақаланың мазмұнын тереңірек ашу мақсатында айтар ойға орайлас келер сілтемені пайдаланған. Қасым публицистикасында сілтемелерді пайдалануда көбінесе әр түрлі көзқарастарды салыстыру арқылы оқырманға қосымша ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Зерттеуші В. Здровега: „Публицист дәлелдеу арқылы ғана сендіріп, талдау, салыстыру, ойлау және оқырманды ойлануға үйрету арқылы ғана дәлелдей алады” [91, 151 б.], – дейді. Яғни Қасым публицистикасында сілтеме автордың өз ұстанымын көрсету, негіздеп отыру үшін қолданылған.

Қасым Қайсенов публицистикасының тағы бір ерекшелігі – деректілігі. Зерттеуші В. Ученлова: „Деректілік (документтілік) – әр түрлі құралдармен негізделетін күрделі гнесеологиялық феномен. Ол сыртқы бейнелерден” – сөздік және фотографиялық – тұруы мүмкін. Ал олардың деректілігі мынадан көрінеді: а) қарапайым тілде „айтпаса да түсінікті” деп айтылатын детальдардың ақиқаттығы; б) көпшіліктің „сенім беделіне” ие болған көз көргендердің ой-пікірлері; в) келтірілген фактілердің дәлдігі, қажеттігі” [92, 136-137 бб.], – деген тұжырым айтады. Осы тұрғыдан келгенде, Қасым шығармаларында деректер дәйек ретінде қолданылып, оның публицистік пайым-парасатына, азаматтық позициясына сай әрбір дерек астарынан үлкен мәселе іздеп, ауқымды проблема етіп көтереді. Мысал келтірсек, „Мен сөздің шындығын айтам, қай кезде болмасын саны көп халықтар ұсақ халықтарға қиянат жасайды. Өзім, әсте ұлтшыл емеспін, сөйтсе де мәселені, осы соғыста менің қол астымда болғандардың біразы Совет Одағының Батыры атағын алды. Мен Украинаға барғанда әлгілер Алтын Жұлдыздарын тағып жүргенін көргем жоқ. Соғысқа әскери барлаушылар мектебін бітірген кезде алған аға лейтенант атағымен кірдім де, бірден диверсиялық рота командирі қызметіне тағайындалдым. Жарты жылдан кейін партизан

отрядының командирлігіне жоғарылатылды. 1942 жылы рациямен алынған хабар бойынша майор шені берілгендігін білдім. Қызыл Армияға қосылған кезде менің қол астымдағы батальон, рота командирлері подполковник шендеріне ие болды, мен әлгі майор атағыммен қалдым. Елге оралғанда сол шенім де болмай, жалғыз ғана „Ұлы Отан соғысының партизаны” деген медальмен келгенмін. Қазір көріп отырған орден-медальдарың соғыстан кейінгі жылдары көзге түсіп қалған құжаттар негізінде қолға тиген наградалар ғой. Ішінде шетелдік орден-медальдары да бар. Мәселен, мына бір чех ордені әр түрлі ұлт өкілдерінің 700 саяси тұтқындарын бұғаудан босатқандығым үшін берілген. Мені бірнеше рет „Батыр” атағына соғыс кезінде де, соғыстан кейін де ұсынған-ды. Ондай құжаттар жыртылып артылады, тек қисыны келмеген шаруа ғой. Біреу мұнымды өкпе-наз дер, мейлі, тек арымның тазалығына жасаған ғұмырым мен еткен еңбегім куә” [7, 179 б.]. Бұл мысалда қаламгер Ұлы Отан соғысына белсене қатысқан аз ұлттар мәселесі төңірегінде әлі де ашылмаған сырлар бар екенін, өз басынан кешіргендерді мысал ете отырып, аңғартады. „Батыр” атағын алуда аз ұлттар мен басқа ұлттың арақатынасы негізінде кез-келген оқырманды ойландырар толғақты пікірін білдіреді. Бұл - бір күндік мәселе емес. Бүкіл он бес елден құралған кешегі алып Кеңес Одағының тарих, тағдырына қатысты зор қоғамдық мәні бар мәселе. Қаламгер деректерді пайдалана отырып, тақырыпты жан-жақты жазуға тырысқан.

Осы тұрғыда ғалым В. Литвиновтың мына бір пікірі орынды айтылған: „Публицистиканың ауқымы кең, ол адамзат қызметінің кез-келген саласына немқұрайды қарай алмайды. Публицистика әлемі – бұл бүкіл әлем деп толық сеніммен айтуға болады” [93, 3 б.].

Публицистика әрқашан сол кезеңдегі ең өзекті мәселелерге үн қатуы керек. Мұндайда көпті көрген қаламгер өз ойын газет бетінде жайып салады. Өз пікірін батыл білдіріп қана қоймайды, өз ұсыныстарын айтумен бірге, басқа да азаматтарды маңызды бір мәселе төңірегінде толғануға шақырады. Дәл осындай ыңғайда жазып – жарияланған Қасым Қайсеновтің бір мақаласы: „Өткенімізге қара күйе жақпайық” деп аталады. Мақалада тарихтың, бүкіл қоғамның өткен бетін толықтай жоққа шығару керек пе, жоқ әлде жақсысын жақсы, жаманын жаман деп дұрыс таразылау керек пе? – деген сауалдар төңірегінде ой өрбітеді. Кеңестер Одағының халыққа тигізген пайдалы тұстарының да барлығын тілге тиек етеді, әсіресе, ғылым, білімнің дамуында ілгерілеу болғанын атап өтеді. Бірақ қаламгер бір жақты пікірге ұрынып, тек Кеңестер Одағы дәуірінің жақсы жақтарын көрсету керек дегенмен тоқталып қалмайды. Өткеннің әділ бағасын бергенде ғана біз бүгіннің қадірін ұғынып, болашаққа айқын бағдар жасай аламыз деген салмақты тұжырым жасайды.

Қасым Қайсенов публицистикасын талдай отырып, біз оның сол кезеңдегі қоғам дамуына сай дүниетанымдық көзқарастарының

ерекшеліктерін, әскери публицистикасына тән жазбагерлік шеберлігін де қарастыруды жөн көрдік. Бұның басты себебі, Қайсенов публицистикасының дәстүр сабақтастығы нақ сол кезеңде айырықша дараланып, ерекшеленетіні байқалған еді.

Қаламгер публицистикасының шеберлігі мен жаңашылдығын біз оның кез-келген факті мен оқиғаны құбылтып, оларды қоғам дамуы мен қозғалысы арқылы дәлелдеп көрсетуге тырысуынан, болған әрбір оқиға мен құбылысты догмалық және субъективті пікірлерге ұрынбай, сол қалпында ішкі және сыртқы заңдылықтар арқылы жүйелеп беруінен көрініс табады.

Қасым Қайсеновтің факті жинаудағы басты әдісі өзі басынан кешірген оқиғалардың көптігі, жауынгерлік өмір тәжірибесінің молдығы мен соны қаз-қалпында қағазға түсіре білген еңбекқорлығы болды. Бұл қаламгердің шығармасын өмірлік деректерге сүйене отырып, жазу стилін қалыптастыруға ықпал етті.

Қасым Қайсенов материалдарында жер-су аттары, деректілік көп. Дәйекті деректер арқылы болашаққа болжау жасау – Қасым публицистикасының бір ерекшелігі.

Жоғарыда айтқанымыздай, Қасым публицистикасының бір қыры – деректерге жүгінуі, сол арқылы тұтастай бір ойды түйіндеп жеткізуі. Журналистика теориясында деректер – фактілі материалдар құрамына жатады. Яғни қаламгер әскери публицистикасында деректерді, құжаттарды соғыс ақиқатын ашып көрсету үшін пайдаланады. Сөйтсе де, көп жағдайда құжаттық деректерге тек фактілі материал ретінде ғана қарау секілді біржақты ұғым қалыптасқан сияқты. Құжаттық деректердің рөлі бұқаралық ақпарат құралдарымен де пайдаланылатын басқа да құралдармен қатар маңызы зор. Қасым публицистикасының қайсібірін алсақ та, деректілік бар. Ол оны шебер қолдана алды. Мысалы: „1938 жылдың 26 ақпанында (бұйрық № 00260238) 37 адамды ату жазасына қаралап қол қойған сол кездегі ішкі істер халық комиссарының орынбасары Воладько, ал жоғары соттың көшпелі сессиясының төрағасы А.А. Горячев үкім шығарып сол күні Жансүгіров, Майлин, Шаниндерді аттырған” [34, 122 б.].

Түйіндей айтқанда, публицистика жанрына нәр беретін құжаттық деректерді тиісті жерінде орынды қолдану арқылы Қасым қазақ журналистикасында тың сүрлеу салды. Қасым әскери публицистикасында зерттеуді қажет ететін құндылығы мен ерекшелігі де сонда – ол Ұлы Отан соғысы тарихынан мұрағатта қалған құжаттық деректермен, журналистік шеберлігімен деректі публицистиканы толықтырды.

Қасымның деректі материалдарының танымдық рөлі, көзқарас бағыты тұрғысынан мынадай санаттарға бөлуге болады:

- 1) әскери публицистикасында жекелеген партизандар мен соғыс оқиғаларының мәнін ашатын деректер;

2) әскери публицистикасында өзі мен қарулас достары және соғыс оқиғаларының салыстырмалы түрде ерліктерін айғақтап, жинақтайтын деректері;

3) көркем-публицистикасында пайдаланатын деректері.

Әрине, осы негізде біз оның публицистикасындағы барлық құжаттық материалдарды толықтай қамтыдық деп айта алмаймыз. Құжаттық деректермен қатар, сандар да кезігіп отырады. Қасым Қайсенов публицистикасындағы құжаттық деректер – оқиға мен құбылыстың деректік-дәйектік маңызын, ақиқатын анықтау құралы болып табылады.

Қасымның құжаттық деректерді пайдалануы қарапайым, оқуға жеңіл, әрі оқырманға түсінікті.

Қаламгер шығармашылығында кішкене детальдың өзінен ауқымды ой өруге тырысады. Публицист өз позициясы мен көзқарасы тұрғысынан шығармаға лайық детальды таңдап алады. Ол детальдар қоғам дамуының жетістіктері мен өзгерістеріне қарай дамып, жаңа сипатпен көрініс тауып отырады. Атап өтсек: Голощекин саясаты, ашаршылық, социализм дәуірі, қазіргі қоғам, капитализм, терроризм болып жалғаса береді. Әскери публицистикасында тарсылдаған пулемет пен автомат, гүрілдеген самолет, зуылдаған зеңбірек детальды сипат алушы еді. Сол кезеңдегі материалдарының денінде „бояу-нақыштық” („Қызыл галстукты майдандасым”, „Таудан құлаған эшелон”, „Қауіпті тапсырма”, „Қиян-кескі”, т.б.), „мінез-құлықтық” („Қорқақтықтың ылаңы”, „Батыр Роберт”, т.б.), „дыбыстық” (самолет гүрілі, зеңбірек, пулемет, автомат тарсылы, т.б.), „топонимикалық” („Днепрде”, „Козин коменданты”, „Венгр батальоны”, „Карпатта”, т.б.) детальдар басым болды.

Публицистің қай кезеңдегі детальдары да оқырманға болған жайды көз алдына елестетіп, естіп-сезіну үшін пайдаланылады.

„– Комендант қайда? – деп сұрады Роберт немісше. Бір ауыз неміс тілін білмейтін добалдай полицаи Роберттің комендантты сұрап тұрғанын тек „комендант” деген сөзінен аңғарып:

„Пан комендант өзінде, өзінде, - деп жауап қатып, комендатураны нұсқады. Екі барлаушы жедел басып комендатураға кірді. Коменданттың қабылдау бөлмесіндегі жас әйел орнынан ұшып тұрып, екеуіне бас изеп амандасқан болды. Барлаушылар кідірместен кабинетке кіріп келді. Робертке ілескен Петр кабинеттің қос есігін соңынан мықтап жаба берді. Стол басында отырған комендант амандасайын деді ме, болмаса кабинетке кірген өзінен шені үлкен офицерлерге ілтипат білдіргісі келді ме, әйтеуір орнынан тұрды. Сол кезде столға жақындап барып қалған Роберт оған немісше:

– Көтер қолыңды! Дыбысыңды шығарма! – деді пистолетін кезене зекіп” [27, 68 б.].

Болған жайдың егжей-тегжейлі баяндалуы мен репликалар соғыстағы неміс комендатурасының оқиғасын сол күйі көз алдымызға әкеледі.

Қаламгер көрініс пен оқиға динамикасын көз алдыңызға әкеле отырып, „жаңалықтар легін” де ұйымдастыра алады. Сол арқылы көз алдыңызда тізбектелген хроникалық сурет пайда болады. Қасым публицистік шеберлігінің бір көрінісі де осында. Ол маңызды оқиғалар мен құбылыстар легін хронологиялық тәртіппен тізбектеп беруге ұста. Мұны қайсібір публицистикасынан кездестіреміз. Мысалы қаламгердің „Келеңсіз шешімдер қайталана бергенінен халық күйзелді”, - деген мақаласынан үзінді келтірсек: „Сонау жоңғар шапқыншылығынан Октябрь революциясына дейінгі қанды, қайғылы, қасіретті кезеңдерді айтпағанның өзінде, „бостандық алдық, бақытқа қол жетті” деген Совет өкіметі тұсында халқымыз талай-талай келеңсіз шешімдердің қайталануынан тартқан қайғылы да қанды кезеңдері аз болған жоқ.

1954 жылы республикамызға Шаяхметовтың орнына Пономаренко келді. 1986 жылы Қонаевтың орнына Колбин келді. Бірақ бұл күнде де Қонаевтың орнын басатын мемлекет қайраткерлері республикамызда баршылық еді” [34, 236 б.]. Қаламгер стилі оқырманға таныс, әрі бірнеше мағлұматты қатар беріп отыр. Десек те, Қасым шығармашылығында оқырман қабылдауын жеңілдету мақсатында „ритмикалық” стиль де кездеседі. Мұнда әрбір деталь қысқа, нақты, тұжырымды айтылады. „Ұлы ел, ұсақ ел деген ұғым жоқ. Елдердің бәрі тең, барлық адамдардың өмірі өзіне қымбат. Әркім өмірге келген соң өмір сүргісі, ұрпақ сүйгісі, жарық дүниеде жүргісі келеді. Ал, біреудің өміріне қол салу – қарақшылық, өмірін қию – қанішерлік.

Соғысты бастауды ешқандай сылтаумен ақтауға болмайды” [59, 193 б.]. Не болмаса бір детальға айырықша назар аударту мақсатында бір сөзді үстемелей қайталай отырып, ритмикалық екпін береді.

„...Мені Баукең сияқты алыппен салыстыруға бола ма? Ол шағын төбе мен заңғар биік тауды салыстырғандай болады ғой. Баукең – заңғар биік тау. Баукең – табиғат барлық жақсы қасиеттерін аямай ерекше жаратқан адам. Ол – ақын. Ол – жазушы. Ол – философ. Ол – екі тілде бірдей шешен. Ол – қас батыр. Ол – полководец” [34, 36 б.].

Қасым Қайсенов публицистикасының тақырып таңдаудағы ерекшелігі де публицистік шеберлігінің бір қырын көрсетеді. Тақырып „шығарманың, еңбектің негізгі мағынасы, мазмұны, түйіні” [93, 555 б.], делінгенімен публицистік мәтіннің мән-маңызын ашуда бұл нақты тұжырым бола алмайды. Себебі, кез-келген тақырыпта жазылған публицистикалық шығарма көптеген фактілерден тұрады. Ал, факт қаламгерлік шеберлікке қарай әр түрлі тақырыптарды туғызады.

Публицистика құрылымдық жағынан өзгеріссіз болғанымен, екі маңызды компоненттен тұрады: 1) нақты шынайы жағдай; 2) қоғамдық проблемадан туындайтын ауқымды жағдай. Сондықтан публицист шығармашылығына қоғамның ауқымды проблемалар арқау болып, ол

шынайылығымен ерекшеленеді. Яғни Қасым публицистикасы өзіндік ерекшелігімен айшықталып, үлгілік негіз құрай алады.

Ғалым Т. Амандосов: „.. Публицист болашақ шығармасының тақырыбын таңдай білуі керек, оны дамытып және өңдей білуге тиіс. Публицистиканың қандай жанрында шығарма жазғанда да журналист осы үш заңдылыққа сүйенеді. Шығарманың тақырыбы ұнамды, мазмұны тартымды болуы публицистиканың негізгі міндеті” [44, 129 б.], – дейді.

Қаламгер қоғамдағы маңызды тақырыпты қозғай отырып, суреткерлік детальға қажетті жағдайларды есте ұстайды. Публицист нақты жағдайдың сол проблеманың бастау көзі бола тұрып, жаңа ойлардың тууына себепші болатынын, ішінара қайшы пікірлер туғызып, талдау жасауға негіз болатынын ерекше атап өтеді.

Демек, қаламгер үшін жақсы тақырып табудың өзі шеберлік бастауы болады. Сол арқылы ол халықты ойландырып жүрген мәселе төңірегінде жаңа мағлұмат беретін, не болмаса одан шығудың жаңа жолын ұсынатын, не әлі де қоғамдағы тың мәселелерді көтеруге мүмкіндік береді.

Ал, тақырыптың бастауы – идея. Идея – шығарманың басты ойы. Бұл турасында З. Қабдолов: „Тақырып пен идея - әдеби шығарманың мазмұны” [95, 174 б.], – деген ой түйеді. Шығармашылығының мазмұны бай болу үшін кез-келген қаламгер өмірінің өзі мазмұнды болуы керек. Осы тұрғыдан келсек, қалам иесі шығармашылығының тақырып ауқымдылығының кеңдігі оның бай өмір тәжірибесімен тығыз байланысты. Қасым Қайсенов шығармашылығындағы негізгі идеялары қоғамның дамуындағы тарихи, саяси, мәдени, әлеуметтік өзгерістердің жетістігі мен кемшілігіне бағытталған. Көркем-публицистикалық сарындағы мәтіндердің өзіндік ерекшеліктері бар. Публицист әрдайым қоғамдық пікір тудырушы. Ғалым Е. Прохоров: „Жұртшылық сынаптай жылжып бара жатқан тарих ағымында заман дамуын тұтастай сезіну үшін жай ғана шебер сипаттай салу жеткіліксіз. Публицистен одан көп нәрсе – болып жатқан жағдайды түсініп, соған орай көзқарасын айқындап, оқырманға өз ойын, пікірін, қорытындысын жеткізу талап етіледі.

Ал бұл – тек айқын да нақты позиция болғанда ғана жүзеге асатын жағдай” [52, 151 б.], – деп ой түйіндейді.

Қасым Қайсенов шығармашылығы негізінен қоғамдағы шындықты жеткізуге арналды. Шығармашылығы кеңестер одағы кезеңінде бастау алғанымен, ақиқаттан еш ауытқымаған. Қаламгер публицистикасында „тақырып – проблема – идея” сабақтастығы бар.

Тағы да зерттеуші Е. Прохоровтың пікіріне жүгінсек, ол тақырыптың проблемамен және идеямен сабақтас келуі туралы мынадай ой түйіндейді: „Публицист шығарма жазу барысында тақырып айқындай отырып, өмірдің қайсыбір тұсын қалай көрсете алатынын анық біледі, проблема көтере отырып, өзін толғандырып жүрген мәселелерді шешу үшін өмірлік материалдарға зер салатын көзқарасын айқындайды; таңдаған тақырыбы

аясында проблемаларын талдай отырып, өз түйіндері мен толғамдарын идеяға жинақтайды” [52, 158-159 бб.].

Осы тұрғыдан келсек, шығарманың тақырыбы мен идеясы және олардың жинақталған сипатынан құрылымдық-композициялық ерекшелікті байқаймыз. Өмірдегі шындықтың шынайы көрінісін көсемсөзге айналдыру, көркем-публицистикадағы мазмұнның мазмұнды пішінге көшу, тақырыптың идеялық-көркемдік шешімін табу үрдісінде сюжет пен композицияның атқарар рөлі зор. Публицистикалық мәтіндерде оқырман факт арқылы нақты жағдай жөнінде хабардар болса, образ арқылы шығарма характері ашылады.

Публицистік мәтіндердің композициясы ішкі қисынға сай құрылып, монтажі – элементтердің ретіне қарай сәйкес құрастырылып, образы идеялық-тақырыптық шешім болуы тиіс.

Публицистік шығармалардың композициялық тұрақты элементтері ретінде проблеманы айқындау, аргументтер келтіру, мәселені қою, т.б. атауға болады. Ал, монтаж варианттары тақырыптық жол (хедлайн) – лид (әсерлі бастау) – корпус (мәтіннің қалған бөлігі) болып бөлінеді.

Қасым Қайсеновтің тақырып таңдауы мен қоюы да ерекше. Біз тақырыптың өзінен-ақ материал мазмұнын пайымдаймыз.

Қасым Қайсенов публицистикасындағы тақырып қою ерекшеліктерінде біріншіден, тақырып дербес шағын мәтін түрінде, екіншіден, тақырып мәтінмен қабыса байланыса, бөлінбес бөлшегі ретінде көрініс табады.

Қаламгер шығармашылығының алғашқы кезеңінде жазылған әскери публицистикасының тақырыптары көбінесе хроникалық сипатта қойылған. Мәселен, „Жау тылында” еңбегі отыздан астам тақырыпшаларға бөлініп берілген. Мұнда Украинадағы партизан жорығы хроникалық сипатта жалғасып отырады: „Алғашқы сапар”, „Сәтсіздік”, „Жеңіс жолында”, „Үйдегі оқиға”, „Орман ішінде”, „Қатерлі сапар”, „Ана кегі”, т.б. мұнда тақырып мәтіннің бір бөлігі ретінде ғана көрініс табады, толықтай мағлұмат алу үшін оқырман материалды оқып барып, түсінеді.

Ал, екінші және үшінші кезеңде қаламгер шығармашылығының тақырыптық ауқымы да кеңейе бастады. Бұл әсіресе қаламгердің 90-жылдары жарық көрген публицистикалық шығармашылығынан айқын көрініс тапты. Қазақ публицистикасының даму жолдарын зерттеуші ғалым Б. Жақып 90-жылдардағы қазақ публицистикасы жайлы: „Дәл осы кезеңде қазақ публицистикасының дамуында да жаңа бір дәуір басталды. Ол – азат ойдың, еркін сөздің дәуірі еді” [2, 311 б.], – деген ой түйеді.

Кей жағдайда Қасым публицистикасы тақырыптарының аяқталмаған ой жиынтығын құрауы, оқырманның түсінуіне қиындау соғады. Мұндайда оқырманға материалды толықтай қарауға тура келеді. Мысал келтірсек: „Өзге емес өзім айтам..”, „Жадымда жүрер жаңғырып”, „Бейнесі қалған жатталып”, „Олардың атымен аталды”, т.б.

Қасым Қайсенов шығармашылығындағы басты ерекшеліктердің бірі ретінде – тақырыпты тауып қоюын атауға болады. Себебі, қаламгер тақырыптарының бояуы қанық, мұнда қысқалық және нақтылық, жинақылық бар, туындыларының тақырыбы мазмұнымен үндес, бір-бірін біртұтас толықтырып тұрады. „Шындық не деп шырылдайды” дейді бір тақырыбы. „Асылды ардақтау парыз” деген тақырыбы тағы бар. Қаламгер публицистикасында жаттанды тақырыптар жоққа тән, мұнда Қасымның ішкі жан тербелісі, айтылар ойдың желісі, лирикамен, күшті әсермен берілген. Яғни Қасым публицистикасы тақырыптарынан өзіндік қолтаңбасы аңғарылады, оның философиялық және әдеби маңызы зор.

Қаламгердің тақырып қоюында өткірлігімен ерекшеленетін тұстары да бар. Оны „Өткенге топырақ шашпаңыз” немесе „Өскеменге Қаракерей Қабанбай өгей емес” тақырыптарынан – ақ айқын аңғаруға болады.

Публицист шығармаларында мәселені қалай нақты көтерсе, тақырыптары да қысқа, нақты болады: „Ерлік ескірмейді”, „Ой тоқырауынан сақтанайық”, „Халық” деген – қасиетті сөз”, „Жер иесі – қазақ халқы”, т.б. Жақсы тақырып – жарты мақала десек, жоғарыда келтірген тақырыптардан мақала не жөнінде екенін оқымай-ақ түсінуге болады.

Кейбір жағдайда қаламгер шығармашылығынан жан айқайын сездіретін, ашына айтатын тұстарын тақырып арқылы да тануға болады. „Кінәлі кім?”, „Осы Жовтистер кімдер?”, „Отанымды қорғағаным ақы сұрамаймын”, „Намысыңды қайрасаң қамал бұзасың”, „Біз осы қандай елміз?”, „Шекара түбінен ел неге көшеді?”, „Көршіміздің көздегені не?”, т.б.

Қасым публицистикасы тақырыптарының бір өзгешелігін тілдік-семантикалық, емлелік қасиеттерінен байқаймыз. Сұрау белгісі, леп белгісі, көп нүкте, сызықша, сияқты грамматикалық тұлғалар публицист тақырыптарынан жиі кездеседі. Мәселен, „Жер-анамызды сатамыз ба?”, „Халық сенімі – парламентте”, „Өткенімізге қара күйе жақпайық!”, „Оралман” деген бір сөз бар..”, т.б.

Қаламгер публицистикасының тақырыптары арқылы оның өзіне ғана тән дара қолтаңбасы, айшықты мәнері бар екенін аңғардық. Бұл көп жағдайда қаламгердің тақырып таңдаудағы талғампаздығымен, сауаттылығымен астасып жатады.

Қасым Қайсенов публицистикасының айтарлықтай бөлігін публицистикалық, әлеуметтік нысанды көздейтін естелік әңгімелері, ой-толғаулары мен әдеби көркем сын мақалалары құрайды. Ол 2004 жылы „ҚазАқпарат” баспасынан „Елімнің ертеңіне сенемін” деген атпен жеке кітап болып басылып шықты. Естеліктерінде публицист өзінің өмір жолында тағдырлас болған жандар туралы өз пікірін білдіреді. Ал, әдеби сын мақалаларында публицист соңғы кездері жарияланған көркем әдебиет жөнінде ой толғап, ондағы автордың шеберлігін айқындайды, шығармашылық ойлау сабақтастығы туралы сөз қозғап, шығарма образы, сюжеті, стилі тәрізді аспектілерді сөз етеді. Бұл қаламгердің көркем-

публицистикалық шығармасы, себебі, теориялық қағидаларды кей кездері өз шығармаларымен үндес келеді.

Осы тұрғыдан алғанда, қалам қайраткерінің әдеби және публицистикалық шығармашылығы оның әлеуметтік, теориялық көзқарастарымен бірге қарастырылады. Бұл жайлы публицист Камал Смайылов: „Публицистикалық немесе, қазіргі тілмен айтқанда, социологиялық сын деген болады. Оның зерттеп, зер салатыны - әдебиеттің қоғамдық жағы. Публицист-сыншы бәрінен бұрын шығарманың мағынасын, мазмұнын талдайды” [60, 16 б.], – деп орынды баға береді.

Мысал келтірсек, қаламгердің „Шындық шежіресі” деп аталатын әдеби сыны 1997 жылы „Қазақстан” баспасынан шыққан Александр Сергеевтің „Талғаттың жұлдызды аспаны” кітабына арналады. Кеңестер Одағының батыры атағын екі мәрте алған Талғат Бигельдиновтің аспандағы айқастары мен шайқастардағы аңыз ерлігінің шежіресін автордың шебер суреткерлікпен жеткізгенін атап өтеді. Сонымен қатар, Талғат Бигельдинов туралы жазылған Сәуірбек Бақбергеновтің туындысымен салыстыра қарайды. „... бұл кітаптың бір ерекшелігі – қаһарман ұшқыштың әрбір ерлік іс-әрекетін, шалт қимылды жан сүйсінтер сәттерін, қас пен көздің арасындағы өлім мен өмір айқасын шынайы да дәлме-дәл суреттей білгендігінде. Тіпті оқып отырып автор Т.Бигельдиновпен соғыстың басынан аяғына дейін бірге болған адам-ау деген ойға қалатының да рас” [2, 228-229 бб.], – дейді.

Қаламгер А. Сергеевтің жазуы, болған қым-қуыт оқиғаларды суреттеуі, сол сәттегі Талғаттың көңіл-күйін, тапқырлығын, темір құсты көк жүзінде қыранша құйғыта бағындыруын келісті де дәл өрнектеуі – автордың қаламгерлік асқан шеберлігі, ой ұшқырлығы деген тұжырым жасайды. „Жазушы – адам жанының инженері” дегенге көзі жеткендей болады. Шығарманың тағы бір ерекшелігі ретінде кітаптың өн бойында Талғаттың өзі туралы „ләм” деп аузын ашпауы, керісінше өзін үйретуші ұстаздарын, командирлерін мақтаумен, соларды мақтан тұтумен болады. Бұл нағыз хас батырға тән қасиет деп бағалайды. Қаламгер өз ойын бұл кітап - шынайы қаһармандықтың шежіресі деп түйіндейді.

Қаламгер публицистикасында айтылып отырған жайдың тереңірек ашу мақсатында, не болмаса сол айтылар ойдың дәлелі ретінде мақал-мәтелдерді, қанатты сөздерді ұтымды қолдана біледі. Сонымен қатар, белгілі қоғам қайраткерлерінің айтқан сөздерін мысал етіп келтіреді. Сол арқылы айтар ойының тұспалын, дерегін білдіреді. Мәселен „Ертеңімді ойласам, елге сүйеу болар ерді іздеймін” [59, 147-148 бб.] публицистикасында қанатты сөздер тізбегі молынан кезігеді. Қаламгер әрбір қанатты сөз бен сөз тіркесін әдептілік, тәртіптілік, тәрбиелік, адамгершілік сияқты адам бойындағы асыл қасиеттерді дәріптеуге арнайды.

Қасым Қайсенов публицистикасы түрлі метафоралардан, аллегориялардан, кездейсоқ анықтамалардан құралған. Қасым

публицистикасы әдеби тілге тән – коммуникативті тілдер яғни көркем әдебиет тілі, газет, журнал тілі жиынтығынан тұрады.

Десек те, қалам қайраткерінің публицистикасына халық тілі, диалектісі өзіндік әр беріп, байыта түседі. Қасымның көптеген мақалалары осындай ауызекі әңгіме иллюзиясын құрайтын лексиконнан тұрады. Яғни біз қаламгер публицистикасының сұраулы сөйлемдер тізбегінен, фразеологиялық айналымдардан, қысқа да эллиптитті сөйлемдерден және сандаған тыныс белгілерінен құралғанын талдау барысында көз жеткіздік.

Қайсенов публицистикасының тілдік ерекшеліктерінде мақала тақырыбы, мақаланың басы, мақала соңы тәрізді мәтіннің ең маңызды тұстарын ұтымды пайдаланатынын айтуға болады. Бұл мәтіннің мазмұндық және эстетикалық бірлігін айқындап, белгілі бір кезең аралығын қамти мол мағлұмат беретін элементтер жиынтығынан да құралады. Басқаша айтсақ, қаламгер публицистикасында мәтін мен тақырып бірыңғай құрылыста өзара үндестік тапқан.

Қасым шығармашылығына тән белгілерді даралап көрсете отырып, мәтіндегі элементтерінің оның біртұтастығы мен өзара байланыстылығын қамтамасыз ету үшін қолданылып отырғанын ескеру керек. Осыған сәйкес, қаламгер мақалаларынан тілдік нормаларға сай заңдылықтарын ашып көрсетуге тура келеді.

Қалам қайраткері мақалаларының мәтіндік ерекшеліктерін ең алдымен – шығармаларының басталуынан аңғарамыз. Бұл мәтіннің ең қажетті қыры ретінде жоғары маңызға ие. Осы тұрғыда, шығарманың басталуы деп оның алғашқы сөйлемін аламыз ба, әлде мәтіннің бірінші бөлігін қарастырамыз ба деген заңды сауал туындайды. Бұл жайында орыс ғалымы Н.В. Петрованың: „Мақаланың басталу шегі деп автордың мәтінді мағыналық-құрылымдық бөліктерге бөлуі деп қарастырған жөн. Шағын мақалада мұндай мағыналық-құрылымдық элемент кіріспе абзац болып табылады” [97, 60 б.], – деген пікірі орынды деп есептейміз.

Қасым Қайсенов шығармасының басталуындағы қысқалық пен нақтылық - мақаланың мазмұнын ашуға, аз сөзге көп мағына сыйғызуға ұмтылған мақсатының дәлелі болмақ. Мысалы, „Асылды ардақтау парыз” мақаласы былай басталады: „Біздің қазақ халқы – планетадағы ескі халықтардың бірі, әрі тарихтың талай қанды дауылына тап болып, тар кезең, тарпаң уақыт сынына төтеп беріп, бүгінгі күнге жеткен халық. Оның ұланғайыр жері талайлардың көзін қызықтырған, көңілін арбаған. Міне, осындай ел шетіне жасанып жау келген тұста ақ білекті сыбанып, егеулі найза қолға алып, қалың қолды бастаған батыр бабаларымыздың еңбегі ерекше болғандығын, тарих сахнасынан шығып қалмауымызға олар себепші болғандығын көбіміз енді біліп жатырмыз. Дегенмен, арада үш ғасыр өтсе де, кезінде көп батырдың арасынан халқымыз дарабоз деп даралаған баһадүр бабамыз Қабанбайдың есімін әлі ұмытпапты. Осының өзі-ақ оның қазақ халқына сіңірген орасан үлкен еңбегін әйгілесе, оған деген

сүйіспеншілікті аңғартса керек” [59, 103-104 бб.]. Автор тақырыпқа өзек етіп алған антитеза кіріспе абзацтың алғашқы сөйлемімен түйінделіп, әрі қарай оқырманға айтылар жай жөнінде мәлімет беретін жалпылама түсінікке көшеді.

Зерттеуші И.Р. Гальперин өзінің „Текст как объект лингвистического исследования” еңбегінде: „Шығарма тақырыбы – бірде ашық та айқын формада, бірде бүркемеленген, имплицитті формада мәтінді жасаушының ойын, идеясын, концептін айғақтайды” [98, 21 б.], – деп атап көрсетеді.

Қаламгер шығармашылығында кіріспе абзац көп қырлы, кейде мәтін өткенге оралу, түрлі суреттеулермен басталса, көп жағдайда ешбір суреттеулерсіз, сипаттамаларсыз бірден оқиғаға жетелей жөнеледі.

Қайсенов публицистикасының тақырыбы кейде әлдебір тұжырымды сөзді немесе сөз тіркесін құрайды. Мысалы: „Кітап-шежіре”, „Ерлік ескірмейді”, „Судан құрғақ шықпақ” тәрізді болса, кейде мәтінмен біртұтаса келетін метафораға негізделеді. „Өткенге топырақ шашпаңыз” дейді бір мақаласы, тағы бір тақырыбы „Ғасыр апаты”, „Желтоқсан жаңғырығы” болып өріледі.

Қасым публицистикасында мәтіннің экспрессивтік және мағыналық мазмұнын арттыру мақсатында қайталауларды жиі қолданады. Қайталамаларды зерттеуші Н.В. Устина: „Ақпараттылықтың қосымша арнасы” [99, 154 б.], – дейді. Яғни Қасым Қайсенов публицистикалық стилінде қайталамалар құрылымдық та, мағыналық та қызмет атқарады.

Қайталамалар мәтіннің стилистикалық, композициялық, ырғақтылық құрылымына ықпал етіп, сөйлемдердің мағынасы мен мазмұнын ашуға көмектеседі.

Қайталама – бұл бірдей тілдік бірліктердің бірнеше рет белгілі жүйелікпен тікелей немесе жанама қолданылып қайталануы. Белгілі ғалым А. Ысқақов: „Қазақ тілінде сөзді қайталау және қосарлау тәсілі - өзінше ерекшелігі мол құнарлы жүйе. Бұл жүйе бойынша сөзді қайталаудан я қосарлаудан белгілі мағыналар туады, сөздің неше алуан жаңа формалары жасалынады, олардың мағыналары түрленеді” [100, 107 б.], – дейді. Қазақ тілінде сөздердің қайталануы жай ғана қайталану емес, айтылар ойдың мағынасын тереңдетіп, қосымша әсер беріп күшейту үшін қолданылады.

Қасым публицистикасындағы қайталамалар қаламгердің стильдік даралығын танытады. Солардың кейбіреуіне тоқталып өтейік.

1. Қаламгер шығармашылығында жекелеген сөздердің немесе сөз тіркестерінің қайталануы, біріншіден тақырыптардың қайталауы а) „Ерлік ескірмейді”, „Ерлігі бабалардың рух берсін!”, „Ерлігін қадірлегендер қашанда елдігін сақтайды”, „Ерлік – еліңді сүюден басталады”, „Ертеңді ойласам, елге сүйеу болар ерді іздеймін”; ә) „Халық” деген – қасиетті сөз”, „Халықты мазақтағанды қойсақ қайтеді”, „Халық сенімі – парламентте”, „Жер иесі – қазақ халқы”, „Халық қалаған тарихи тұлға”, т.б.

Екіншіден, қаламгер қайталауларды мәтін ішінде де жиі қолданады. Мысал келтірсек: „Фашизм Совет елін басып алса, қазақ жерін де фашизм темір табанымен таптайтын еді. Ал, фашизм тепкісіне түскен қазақ халқы не болар еді? Совет Одағы ыдырағаннан кейін кейбір тоғышарлар „фашизмді жеңбегенде, әлдеқашан капитализм орнап, ұшпаққа шығатын едік” дегендер шыққан” [99, 245 б.].

2. Қасым Қайсенов публицистикасында қайталама шылаулар өте жиі кездеседі. „Сондықтан”, „содан”, „шынында”, „ал”, „осы” деген сияқты сөздер өте жиі кездесіп жатады. „Ал іс жүзінде ең алдымен елді әлсірету саясатын қолға алды... Ал өздеріндегі ядролық қарулар туралы сөз көтермейді... Ал біздер жағынан сөз көтеруге шамамыз да жоқ болу керек... Ал Американың ядролық ракеталарының көбі бұрынғы совет жеріне тура көзделіп, тетігін басуға дайын тұрған... Ал осы тарихымызда бұрын-соңды болмаған экономикалық дағдарыс неден болды? ... Ал халық болса, ол қоғам жүйесі бірінші дүниежүзілік, өзімізде болған азаматтық соғыстан ойсырай қираған шаруашылығын аз уақыттың ішінде жөндеп, елді аяғынан тік тұрғызғанын көрген” [34, 258 б.] („Ғасыр апаты”).

3. Қайталамалардың „ол”, „біз” есімдігі арқылы берілуі: „Ол сол айтқан елдердің жөндері, берген нұсқауларын орындау жолында аса шеберлікпен екіжүзділік саясат жүргізді... Ол ойын сатқындықпен Совет басшыларына жала жапты.. Ол заңсыз „Президент салығын” ойлап шығарғаны да тегін емес екен.. Ол да сол Брежневтің сойылын соққан, оң қолы болған...” [34, 259 б.]. Мұнда қаламгер ол есімдігі арқылы КСРО-ның соңғы басшысы М.С. Горбачев образына оқырман назарын аудартады.

„Біз жеңдік, жау жеңілді!.. Біз соғыстың зардабын көп тарттық... Біз соғысты тілемейміз.. Біз бейбітшілікті сүйеміз.” [34, 112-113 бб.]. Бұл сөйлемдерде автор есімдіктерді қайталау арқылы мәтіннің көңіл аударушылық қызметін арттырып, бейбітшілікті үндейді.

4. Географиялық атаулар жиі қайталанып беріледі. Мәселен, „Украинаның қасиетті топырағына қаным тамған жерлер көп. Украина – менің екінші Отаным. Украиндар – мәңгі ұмытылмас бауырларым. Осылай ұлы украин халқын шексіз сүйіп бауыр басып кеткен адаммын” [34, 274-275 бб.]. Не болмаса „Бірақ империялық сыбайластарының басшылары „Ресей тұтастығын қолдаймыз” десе, бұрынғы Ресей тепкісінен босаған республика басшылары шетел пікірлерін қостап, ығынып отыр. Ол Ресей империясына „әлің жетеді, не істесең де еркін” дегенмен бірдей болды... Егер Ресейге жер керек болса шешен халқы өзінің атамекен жерін бір жаққа алып кетпейді ғой. Ал Ресейге шешен халқы да Ресей халқы десе, онда өз халқын өзі аяусыз неге қырады?” [59, 289-290 бб.]. Қаламгер Ресей сөзіне екпін түсіре отырып қоғамдағы әділетсіздікті сөз етеді.

5. Қасым Қайсенов публицистикасында қайталама сөздер мен сөз тіркестері графикалық-емлелік белгілермен дараланып отырады. Бұл ең

алдымен авторды сөз шұбалаңқылығынан сақтаса, екіншіден, оқырман назарын бірден аудартады.

Қалам қайраткері публицистикасында мұндай қайталамалар баяндаудың негізгі жүйесінен ауытқымай, мәтіннің бірқалыпты ырғақтылығы мен мағыналық және эмоциональды қабылдауға ықпал етеді.

Сондай-ақ, Қасым Қайсенов публицистикасындағы қайталаулар мәтіндік компоненттерді айқын көрсетіп, оның тұтастығын қалпына келтіреді. Басқаша айтсақ, қайталамалар мәтінге мағыналық мән береді. Қаламгер қайталама параллельді-салыстырмалы құрылыммен сабақтастыра шебер пайдаланады.

Сонымен қатар, Қасым публицистикасында қайталаулар мәтіннің тұтастығын қалыпқа келтіріп, айтар ойын тұжырымдап, нақтылауға, қысқа қайыруға негіз болады. Кейбір мақалаларындағы, публицистік ой-толғауларындағы негізгі тұжырымдарын „бірінші”, „екінші”, „үшінші” деп түйіп отырады. Мысал келтірсек, „Меніңше, ішкі тыныштық сақтаудың жолдары көп. Соның бірі – теріс пиғылды, елірген саясатшылар мен сондайлардан жасақталған топтарды қатаң қадағалауда ұстап, Конституциялық Заң негізінде тезге салып отыру. Екіншісі – дін саясатына баса назар аудару. Өйткені, жат дінді уағыздау ел арасында етек алып кету қаупі бар. Үшінші – тәртіп. Тәртіп жоқ жерде береке-бірлік, ырыс-құт болуы мүмкін емес” [34, 148 б.].

Жалпы алғанда, мәтіндегі түрлі қызметті атқарып отырған қайталаулар Қайсеновке көркем-публицистикалық әдістің бірі ретінде қалыптасып, дамыған.

Қаламгердің публицистикасында жазып отырған оқиға, құбылысқа субъективті ықпалын ашу мақсатында газет лексикасында жиі кездесетін қыстырма сөздерді де қолданады. „Рас, кеңес үкіметінің кезеңінде мал бағуды біздің ұлттық дәстүріміз деп түсініп, жастарымызды солай қарай жетелеген кездер де болды. Мал да қажет, әрине. Алайда, „Байдың малы бір жұттық қана” екенін де ұмытпаған жөн. Ендеше, Жер-Анаға бауыр басып, одан керегінді ала білсең, сенен бай, сенен мықты адам болмайды” [34, 158 б.]. Модальды элементтерді пайдалану арқылы публицист хабарланып отырған жайды еркін баяндап, қарапайым стильмен болған жайдың ақиқаттылығына көз жеткізеді. Қаламгер қыстырма сөздерді қолдану арқылы басты тақырыптың мән-маңызын ашып, фактіге ерекше назар аудартады.

Қаламгер публицистикасынан диалогтық үзінділер келтіру арқылы баяндаулар да кездеседі. Кей жағдайда ол диалогтық композиция түрінде көрініс табады: „ - .. Әлгі үш адам менімен амандаспай-ақ

– Қазақстаннан екенсіз ғой, – десті де дәмге кірісті. Үшеуінің де кеуделері толған ордендер мен медальдар.

– Бір кездері әлгі үшеуінің ең ордені көбі:

– Сендерде, Қазақстанда Бауыржан Момышұлын неге сонша аспанға көтересіңдер? Ол туралы кітаптар жазасыңдар. Кино шығарасыңдар. Ол соғұрлым Отан үшін елден ерекше не істепті? – деп қадалды маған.

– Ол Момышұлын сендер білесіңдер ме? – деп сұрадым.

– Білеміз, білгенде қандай, бір дивизияда, тіпті кейбіреуіміз полкте бірге болдық, – десіп жарыса жауап қатты.

– Момышұлынан, бірге болғанда лауазымдарың, әскери шендерің жоғары ма еді?

– Жоқ. Менің шенім жоғары болғанымен, лауазымым бірдей еді де, мына екеуінің шені де, лауазымы да төмен еді, – деді ордені көбі.

– Олай болса, сендердің сұрақтарыңа жауап берейін, бірақ соның алдында сендерге бір сұрақ қояйын, – дедім.

– Қой, жауап береміз, – десті жамырап.

– Егер сендердің Момышұлынан лауазымдарың жоғары болмаса, екеуінің онан әскери шендерің төмен болса, бірге жүріп, бір полкта соғысқандар, неге сендердің әрқайсысыңда сегізден онға дейін орден бар да, ал Момышұлында бір-ақ орден бар? – деп қадалдым. Олар жауап бере алмай, мүдіріп қалып. Біріне-бірі қарады да біреуі:

– Сонда да қазақтар оны орынсыз дәріптеп, кітаптан кітап жазып жатыр, – деді түтігіп.

– Момышұлы туралы кітапты алдымен қазақтар емес, Александр Бек, Александр Кривицкийлер - өздерінің осы москвалық жазушыларың, тіпті сол соғыс уақытында жазды ғой. Сендер кеуделеріңдегі көп ордендеріңе сай батыр болсаңдар, олар сендерді неге жазбаған? – деп қадалдым ол үшеуіне. Олардың дымы құрығандай орындарынан тұрып-тұрып кетіп қалды” [59, 114 б.]. Қайсенов шығармашылығында мұндай диалогтар айтар ойды дамыту үшін, жанрлық сипатын ашу үшін жиі қолданылады.

Ғалым Ю.М. Малиновичтің „Бір-бірімен қабаттаса өрілген бірыңғай синтаксистік бөлшектердің шоғырлануы синтаксистік симметрияны құрайды” [101, 60 б.], – деген пікіріне сүйенсек, сұраулы және лепті сөйлемдерді қаламгер мәтіннің экспрессивті және хабарламалық қасиетін арттыру үшін қолданады.

Сұраулы, лепті сөйлемдер қаламгер публицистикасында мәтін ішінде, мақала соңында жиі кездесіп отырады. Шығарма соңының сұраулы сөйлеммен аяқталуы композициялық тұрғыдан алғанда түйінделген ойды білдіргенімен, көпшілік оқырман үшін аяқталмаған мақала ретінде қабылдануы мүмкін. Мысалы, „... Бізде түк жоқ дегенге сенбейміз. Бізде бәрі бар. Тек соны әжетке жарата алатын сергек ақыл, темірдей сенім, ниет пен іскерлік керек. Елбасы бір сөзінде: „Мені аяудың керегі жоқ. Елді аяу керек” деп еді. Шынында да онсыз да түрлі уәделерден, тәжірибелерден шаршаған халықты мазақтағанды, келемеждегенді қойсақ қайтеді?!” [34, 188 б.]. Автор өзі айтар ойын толықтай айтпастан, оқырманға өзіндік ой қорытуға мүмкіндік береді.

Қалам қайраткері шығармашылығының көркемдік тәсілдерінде метафора мен метаномия жиі ұшырасады.

Публицист шығармашылығында эстетикалық, танымдық, мәтін мен форма жасаушылық қызметін атқарушы метафора жиі кездеседі. Әсіресе қаламгердің қандай да бір затқа, құбылысқа, оқиғаға сипаттама беретін суреттемелі түсіндірмелі метафора өте көп қолданылады. „Террор – қастандық – кісі өлтіру десек, террор – наразылық, террорлық іс-әрекет әлсіздің күштіге көрсеткен қарсылығы деуге болады. Террорлық қастандық халыққа қарсы жасалмайды” [59, 153 б.] („Террор – наразылықтан туады”).

Қасым Қайсенов публицистикасындағы метафоралардың басты ерекшелігі екі бөліктен тұратын метафорланған күрделі сын есімдері мен күрделі етістіктер деп бөліп қарастыруға болады. Алғашқысына: „жап-жақсы”, „артық-кем”, „аман-сау”, „қиын-қыстау”, „нақпа-нақ”, „үлкенді-кішілі”, „мәдени-рухани”, „ұлан-байтақ”, т.б. сөз тіркестерін атауға болады. Екінші күрделі етістіктерге: „қиратып-талқандау”, „өсіп-өркендеу”, „атылу-шабылу”, „араласып-құраласып” т.б. қаламгер публицистикасында сөйлемдердің семантикалық-синтаксистік айырмашылықтарын образды көрсетіп, синонимдік тұрғыда айқындап тұратын күрделі зат есімдер де өте көп кездеседі: „газет-журнал”, „партизан-бауыр”, „өндіріс-сауда”, „жол-жоралғы”, „шарап-шырын”, „отансүйгіш-патриот” т.б.

Қасым публицистикасында жекелеген сөздерді метафоралау арқылы мәтіннің образдылығын ашады. Ол метафораны маңызды ойды айқындау үшін образды сурет арқылы баяндайды. „Орталықтың өктемдігіне, озбыр-оспадар саясатына қасқайып қарсы тұрғандарға, ең алдымен соларға құрмет көрсетейік. Нағыз ерлік иесі – жастарымыз, оқиғаға қатысқан ұл-қыздарымыз. Ал олардың алаулаған албырт сезімі алғыр әрекетін қолдаған, қуғын-сүргіннен қорғаған азаматтарымыздың да мәртебесі биіктей берсін!” [59, 242 б.]

Яғни Қасым Қайсенов публицистикасындағы метафора оны құрылымдық-синтаксистік, мағыналық-мәндік, образдық мәнін ашып, эмоционалдық және әсер етуін арттырады.

Қайсенов публицистикасында метафорамен қатар ауыспалы мағынадағы метонимияны да жиі кездестіреміз. Метонимияның мәтінде атқаратын өзіндік қызметі бар, ал стилистикалық жағынан елеусіздеу болады. Әдебиеттанушы ғалым З. Қабдоловтың: „Құбылтудың бір түрі – алмастыру яки метонимия - өзара шектес заттар мен себептес құбылыстардың, өзара байланысты ұғымдар мен шартты сөздердің бірінің орнына бірін қолдану” [95, 237 б.], – деген анықтамасына сүйенсек, қаламгер шығармашылығында образ нұсқалығы мен ой ықшамдығы үшін метонимияның қолданылуын аңғару қиын емес: „Желтоқсан жаңғырығы”, „Ресей саясаты”, „Террор – наразылықтан туады”, „Ақ орданың айбары”, „Идеология деген – қоғамның барар бағытының – мақсатының компасы”,

т.б. Қаламгер публицистикасында жинақтық-нақтылық маңызының басым екенін тану қиын емес.

Қайсенов публицистикасында экспрессивті құралдардан басқа жалпы поэтикалық метонимияларды да кездестіреміз. „Ой тоқырауынан сақтанайық”, „Қос астанаға құт қонады”, „Жер иесі – қазақ халқы”, т.б. Қаламгердің публицистік ерекшелігі „әр нәрсенің бар болмысын бір-ақ танытар шағын деталь – метонимияны” [34, 237 б.] қолданылуы арқылы да ерекше танылып тұр.

Публицист өз заманының кескін-келбетін көрсететін саясатты көсемсөзбен жеткізу қызметін атқарып, жаңалықтың жаршысы болуды, дәуір үнін танытуды мақсат ететін болса, оның осы негізгі қызметі баспасөзде публицистикалық стильдің бір тармағы – қоғамдық-саяси лексика арқылы көрінеді. Бұл лексика қаламгер публицистикасында тұрақты қолданылуымен ерекшеленеді.

Газетте қоғамдық-саяси лексика журналистің таным-тағылымын, пайым-парасатын танытуда жиі байқалады. Себебі, мұнда әлеуметтік баға беру сипаты басым. Мысалы, Қайсенов публицистикасында жиі ұшырасып отыратын „әлеуметтік-экономикалық”, „нарықтық”, „ғаламдану”, „өркениеттік” сияқты ұғымдар терминдік сөздердің логикалық ұғымын берумен қатар, оқырманның эмоциональды сезіміне әсер етеді. Көп жағдайда қаламгер мәтіндік контекстін салыстырмалы түрде өрбітеді.

Қайсеновтің қоғамдық-саяси лексикасының мазмұн-мағынасына қарай өткір қарама-қайшылық сипаты да бар. Бұл қаламгердің заман ағымындағы әр түрлі әлеуметтік-саяси көзқарастарына қайшы пікірлерінен туындайтын тәрізді. Бұған көсемсөзшінің жиі қолданатын „сөз бостандығы”, „ой тоқырауы”, „тоталитарлық”, „шовинистік”, „тәуелділік” секілді лексикондары дәлел.

Қасым Қайсенов шығармашылығының алғашқы кезеңдеріндегі мақалаларынан кеңес дәуіріне сай партия, комсомол, Сталин, Хрущев, Голощекин, социализм, коммунизм секілді сөздерді жиі кездестірсек, соңғы кезеңдегі еңбектері лексикасы қоғамның тыныс-тіршілігін білдіретін „өміршең” сөздермен ерекше.

Қасым Қайсеновтің қоғамдық-саяси лексикасы газет лексикасының негізгі белгілерінің бірі болып табылатын синхрондық сөздерден тұрады. Басқаша айтсақ, қаламгер дайын сөз жасамды пайдаланушы.

Қайсеновтің әлеуметтік сипаттағы лексикасында бағалауыштық басым. Кеңес заманындағы лексикадан қазіргі кездегі қоғамдық-саяси лексиканың айырмашылығын ажыратуда зерттеушілердің осы лексиканың бағалауыштық бояуы туралы жағымды бағалауыш сипаттағы және жағымсыз бағалауыш сипаттағы лексикасы деп екіге бөлуін [102, 27 б.] пайдалануға болады. Мысалы, кеңес дәуіріндегі жағымды бояуға ие болған „социализм”, „партия”, „комсомол”, т.б. сөздердің көпшілігін қазіргі мерзімді басылымдардан кездестірмейсіз, Оның орнына сол дәуірді

сипаттаған әкімшілік-әміршілдік, авторитарлық жүйе, тоталитарлық жүйе, қоғамдағы алауыздық, шовинистік пиғыл т.б. жаңа лексикондар пайда болды. Бұл үрдіс Қайсенов публицистикасына да тән.

Қайсенов публицистикасында сөздерді бейнелі қолданып қана қоймай, басқаша сипатта түрлендіріп береді. Мысалы, Қайсенов лексиконындағы „күш-қуат”, „тамыр-таныс”, „атақ-дәреже”, „солдат-офицер”, „жендет-жаналғыш” сияқты сөздер жиі қолдану арқылы өзінің төл лексиконына айналып кеткен.

Публицистикалық стильде бағалауыштық дәстүрлі экспрессивті қолданыс. Сондықтан оны ауыспалы мағынада жиі қолдану арқылы штамп сөздерге айналуы да мүмкін. Көптеген ғалымдарымыз бұны газет лексикасында жиі кездесетін ерекшеліктің бірі деп қарастырады.

Қайсенов мақалаларында публицистік стильде қолданылатын газеттік „кезекші сөздер” де жиі кездеседі. Бұл қаламгер мақалаларының тілін типтендіріп, стандартқа келтіреді және дәстүрлі публицистикалық стильдегі бағалауыш лексикамен бірдей қызмет атқарады. Мысалы, „елдің әлеуметтік-тұрмыс жағдайы”, „ел егемендігі”, „нарықтық экономика”, „басқа елдермен салыстырғанда”, „елдің даму стратегиясы”, „заман талабы”, „экономикалық реформа” т.б. сонымен қатар қаламгер публицистикалық стильдің өзіндік ерекшеліктерін жасайтын „керек”, „мүмкін”, „тиіс”, „қажет”, „дұрыс” т.б. сияқты сөздер тобын да пайдаланады.

Қасым Қайсенов публицистикасы лексикасының семантикалық дамуын ішкі контекст белгілеп отырғанымен, сөз оралымдарын жаңаша құбылтуда оның өзіндік жеке қолтаңбасының барлығын айта кету керек. Мысалы, ол „кезекші сөздердің” жадағайлығынан қашу мақсатында кейде сөз оралымдарын былайша құбылтып отырады: „кешегі бұлдыр бақытымызды”, „соған ұмтылуымыз, соған жетуіміз керек”, „сол жағдайда, солай ғана”, т.б.

Стильдің шығарма формасы, мазмұны, жанры, тілі, композициясы, лексикасы, баяндау әдісі сияқты көп мағынасы бар. Ол қаламгердің өмірге деген көзқарасынан туып, оның өмірлік тәжірибелерімен қоса дамып, өзгеріп отырады.

Ғалым Р. Бердібаевтың: „Стиль дегеніміз – жалпы көркемдік компоненттердің қосындысы ғана емес, суреткердің дүниені поэтикалық қабылдауы мен бейнелеп ойлануының жүйелі көрінісі” [103, 133 б.], – деген пікіріне сүйенсек, поэтика мен стильдің бірінен-бірі өріліп, дамып отыратын сабақтас жүйе екенін аңғарамыз.

Қазіргі ақпараттық ғасырда публицистикаға жеделділік, шынайылық, нақтылық және демократияшылдық сипаты тән. Осыған сәйкес барлық жанрлар ақпараттық мәнге жақын келеді. Ақпараттық жанрларда берілген газет-журнал, ақпарат агенттіктері материалдары көп жағдайда бір-бірімен ұқсас болғандықтан оларды айыру қиын болады. Сондықтан публицистің

жеке стилі туралы нақты тұжырым айту да оңай емес. Десек те Қайсеновтің жеке қаламгерлік лабораториясын зерттегенде оның даралық стилінің бар екеніне көз жеткіздік. Қаламгер шығармашылығында стиль қарапайымдылығы, ой айқындығы сезіліп жатады. „Публицистика дегеннің өзі жанып тұрған „партизан” жанр ғой. Украина ормандарында фашистерден біресе қашып, біресе қуалап күн кешкен менің де ондай партизандығым кей-кейде ұстап кетіп, бұл жанрға жақынырақ жүруге тырысамын” [34, 145 б.], – дейді ол өзі туралы.

Бір мысал:

„Қазір экранда көретіндеріміздің басым көпшілігі – шетелдердің бейнежазбалары. Онда қаншама айқас-атыс, төбелес, зорлық, зомбылық, қатыгездік, тасбауырлық. Адамның жаны түршігерлік қан сасыған ойран-асыр. Оның белортасында қандықол, қанды балақтардың ішінде әйелдер де, балалар да жүреді. Осы арада қасиетті Құран уағыздайтын адамға адамның достығы қайда? Адамның ізгілік, парасаттылығы қайда? Осы ізгі қасиеттер қанды табандарға тапталып жатса, қазіргі және болашақ мұсылмандыққа қалай әсер етпек?” [59, 117 б.].

Жоғарыда келтірілген мысалда гиперболалар мен синонимдер философиялық ой-тұжырымдармен ұштасып, телебағдарламалар сапасының төмендеп кеткені туралы оқырманға қарапайым, түсінікті тілмен жеткізілген. Бұл Қасым Қайсенов публицистикасына тән сипаттың бірі. Қаламгер шығармаларында соғыс пен бейбітшілікті, жақсылық пен жамандықты негізгі объект етіп ала отырып, ел бірлігі мен тыныштығын, ізгілік пен парасаттылықты, рухани даралықты жоғары қояды, дәріптейді. Сондықтан қалам қайраткерінің публицистикасында психологиялық, лирикалық сарындармен бірге психологиялық ой-толғамдар қатар жүреді.

Қайсенов публицистикасында „адам-қоғам” мүддесі әрдайым көрініс беріп отырады. Ол мақалаларында адам тағдыры мен қоғам келбетін жасау үшін өз оқырманының рухани жан-дүниесі арқылы ашып көрсетуге тырысады. Қасым публицистикасында қоғам келбеті – өмір мен өлім айқасқан Ұлы Отан соғысы жылдары, социалистік құрылыс шарықтаған кезең, одан кейінгі „қайта құру” дәуірі, бертін келе тәуелсіздік таңы атқан тұс болса, адам тағдыры - өмірдің сол бір өткелең кезеңдерін басынан кешірген, тыныс-тіршілігімен, болмыс-бітімімен жеке тұлға ретінде сомдалған характерлер. Басқаша айтсақ адам тағдыры оның өмірінің мән-мағынасымен қатар өріліп отырады. Қасым публицистикасының әлеуметтік-философиясы адамның жан дүниесінің аса құпиялығында, оны тану ең күрделі мәселенің бірі екенін аңғартады қаламгер. „Ия, шіркін нысапсыз көңіл-ай! Бір кезде жау тылында жүргенде елді-жұртты, туған-туысқанды сағынып, зарығып жүргенде, жау қоршауының екіталай күндерінде „шіркін, туған емес, туысқан емес, тіпті туған жер де емес, солардың бір ұшқыны сияқты советтің бір ғана солдатын көріп, соны құшақтап өлсем арманым жоқ” деген жандардың бірімін. Енді, міне, аңсаған

арманға жетіп қана қоймай, сол арманның төріне шығып отырып жиырма жыл өмір сүрдім. Үйлі-баранды болдым. Өткен күнді ұмыттым. Тағы да өмір сүре бергім, сүре бергім келеді. Әй, мен де ұятсыз пенденің бірі екенмін!” [59, 92 б.], – дейді ол бір ой-толғауында өзі жайлы.

Қасым публицистикасының тілін ерекшелейтін құралдар ретінде түрлі лексикалық қайырымдарды, еркін композиция мен публицистикалық жанрлардың өзара үйлесім табуын атауға болады.

Қайсенов творчествосының ерекшелігі дегенде өз ой-толғамдарын жеткізетін ішкі „авторлық образының” маңызы зор. Сол арқылы қаламгердің азаматтық және саяси сипаты танылады. Публицистің ішкі ойын оқырманға жеткізуінде конструктивті рөл атқаратын көсемсөздік мәтін және образ секілді элементтері басым.

Публицист барлық туындыларында адам бойында отаншылдық сезімі ана сүтімен даритын қасиет екені айтылса, қоғам әрқашан дамыған сайын кездесетін келеңсіздіктердің алдын алу қажеттілігі сипатталады.

Қорыта келгенде, Қайсенов творчествосының ерекшелігі яғни публицистикалық шеберлігі жас журналистер үшін тәрбие мектебі болмақ. Себебі, оның публицистік ерекшеліктері қазақ журналистикасының болмыс-дәстүрі мен таным-тағылымын өзіндік жеке стилімен, айшықты көсемсөздік қасиетімен толықтырды.

Қасым Қайсенов публицистикасын зерттеу барысында оның мазмұндық және стильдік ерекшеліктерін түйіндей келе, оның поэтикасына қатысты негізгі теориялық ой-толғамдар мен қағидалар айқындалды. Біріншіден, қаламгер публицистикасында мәтіндегі ой сабақтастығы мен антитезаның шынайы сипаты арқылы шығарманың мән-маңызы ашылады. Екіншіден, шығармада құрылымдық және мағыналық қызмет атқаратын түрлі қайталамалардың қолданылуы яғни жеке сөздер мен сөз тіркестерінің қайталануы; ой сабақтастығы үшін дәстүрлі қайталамалардың жиі пайдалануы. Үшіншіден, публицистикасында өзекті мәселелерге оқырман назарын аударуда қыстырма сөздер кеңінен пайдаланылады. Көбіне бұл әскери публицистикасында жиі кездеседі. Төртіншіден, мәтін мазмұнын жан-жақты ашып көрсету мақсатында әр түрлі емлесік белгілер (нүктелі үтір, сызықша, қос нүкте т.б.) көп келтіріледі. Бесіншіден, сұраулы және лепті сөйлемдерді жиі қолдану арқылы мәтіннің ақпараттық және экспрессивтік маңызы ашылады. Алтыншыдан, Қайсенов публицистикасында мәтін жасағыштық, эстетикалық және танымдық секілді қызметтерді метафоралық тіркестер атқарады. Жетіншіден, Қайсенов көсемсөздері соңында авторлық ой-толғамы беріліп, белгілі бір тұжырымға келіп, түйінделіп отырады.

Сонымен қатар, Қасым Қайсенов публицистикасына тән бірнеше ерекшеліктерге тоқталсақ:

Қасым Қайсенов публицистикасына шұғылдық, оперативтілік тән. Қаламгер публицистикасында адам мен қоғам өзгерістеріндегі өзекті

проблемалардың көтерілуі. Қайсенов әскери публицистикасының басты ерекшелігі - патриоттық тәрбие, жастарды отансүйгіштікке баулуы. Публицист шығармашылығының көбінесе мақала жанрында жазылуы. Қалам қайраткері публицистикасының тақырып аясы кең. Қайсенов публицистикасына қысқа жазу стилі тән. Қаламгер публицистикасында полемикалық сарын басым. Қасым публицистикасының көркем әдебиетпен өзара үйлесім табуы яғни көсемсөздерінде көркемдік тәсілдерді шебер қолдана білуі. Өткенге көз жүгірте отырып, бүгінді бағалау арқылы болашаққа бағдар жасау оның публицистік шығармашылығына тән ерекшеліктердің бірі.

Қ. Қайсеновтің өзіне тән шығармашылық ерекшелігі оның азаматтық көзқарасы мен дүниетанымынан, бүгінгі таңдағы дәуір тынысын тап басып сезінуінен туындайды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ журналистикасында әскери публицистика тақырыбы Ұлы Отан соғысы жылдарында ерекше даму деңгейіне көтерілгені тарихтан мәлім. Өмір мен өлім белдескен сонау бір қиын кезеңде зұлым жаумен алыса жүріп, бір сәт қолы босағанда қалам тербеген жазушылар мен журналистердің шығармашылығы халыққа зор рухани күш болды. Соғыс жылдарындағы әскери публицистика кеңес халықтарының фашизммен күресте бір жағадан бас, бір жеңнен қол, бірауыздан сөз шығаратын мызғымас ұлы бірлігінің насихат құралына айналды. Ал, соғыс аяқталғаннан кейін майдангер қаламгерлер соғыста өздері көрген қанды оқиғалардың шежірешілері болды. Сөйтіп, олар қазақ әскери публицистикасын тамаша әскери шығармалар мұрасымен толықтырды. Сонау елуінші жылдардан бастап өз басынан өткерген соғыс ақиқатын жас ұрпаққа таныту мақсатында әскери публицистикаға ерекше үлес қосқан публицистердің бірі, әрі бірегейі Қасым Қайсенов. Ол егеменді еліміз тарихында тұңғыш Халық қаһарманы және шебер публицист ретінде орын алады. Оның қаламынан туған шығармалары соғыс тақырыбына арналып оның ақиқат беттерін көркемдік шындыққа айналдырып, соғыстың дүние жүзіне тигізген кесапатын, оның бүкіл халық пен жеке адам тағдырына қатысын көрсетіп, соғыс кезіндегі партизандар өмірінің терең иірімдеріне бойлай алуымен құнды.

Қаламгердің публицистік шеберлігінің басты критерийі қазіргі кездегі баспасөз қағидалары мен қызмет ету жүйесінен көрініс табады. Сондықтан қаламгер тек соғыс тақырыбымен шектелмей, уақыт талабына сәйкес тәуелсіз ел өміріндегі маңызды мәселелерге де ой тұжырымын дер кезінде білдіріп отырды. Белгілі ғалым, профессор Н. Омашұлы «Қазір журналистиканың бағы ашылып, жұлдызы жанған кезең деп білген жөн. Бұрынғы қырсық тым идеологияшылдық, партияшылдық, тақырыптық диапазон тарлығы, жазар объектінің аздығында еді, - дей келіп, - ең бастысы журналистика стилі, жазылу машығы өзгеріске ұшырады, бұрынғыдай жадағай марапат, қарадүрсін мақтау, шексіз шадымандықтың уақыты келмесе кеткен. Ұшқырлық, тездік, батылдық, қандай да проблеманы ашық жазу, астарына үнілуге ұмтылу журналистикамыздың жаңа сипаттары деуге болады» [104, 168 б.], – деп сипаттама береді. Қ. Қайсенов те өз кезеңінің қоғамдық сипатын көсемсөз тілімен жеткізу арқылы осы заманның бейнесін жасады. Өмірінің елу жылға жуығын қаламгерлікке арнаған Қайсеновтің жинаған бай тәжірибесі оның публицистік қызметінің жалпы міндеттері жөнінде тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді. Біздің ғылыми жұмысымыз Қ. Қайсеновтің публицистік шеберлік қырын ашуға бағытталады.

Қ. Қайсенов өз заманының өзіндік қолтаңбасы бар қаламгерлерінің бірі болды. Оның шығармашылық жолы – 1954 жылдан, нақтырақ айтсақ,

балаларға арналған орыс тіліндегі «Юные партизаны» атты көркем публицистикалық сарында жазылған шығармасынан бастау алды.

Ал 1991 жылы «Ағалар туралы аңыз» естеліктер жинағы, 2004 жылы дәуір шындығын арқау еткен «Елімнің ертеңіне сенемін» ой-толғамдары кітабы жарық көрді. Қаламгердің қайталанбас шығармашылық жолында отыздан аса көркем туындылар жазылды. Қайсенов публицистикасы бізге көп жайтты аңғартады, халқымыздың өткен күнінің шежіресіндей сыр шертеді. Ел өмірінде болған маңызды оқиғалардың Қ. Қайсенов публицистикасынан көрініс таппағаны кемде-кем.

Монографияда Қ. Қайсенов шығармашылығының үш кезеңі айқындалды. Әр кезең нақты хронологиялық ретпен баяндалып, публицистің шығармашылық қызметін танып-білуде белгілі бір жүйені құрайды.

Бірінші кезең – 1954-1980 жылдар аралығын қамтиды. Бұл кезең – Қ. Қайсеновтің публицистік шығармашылығының алғашқы кезеңі. Осы тұста қаламгердің орыс тілінде алғашқы шығармасы «Юные партизаны» және «Народные мстители», «Дневники братство» шығармалары мен қазақ тіліндегі «Илько Витряк», «Переяслав партизандары», «Партизан сокпақтары», «Жау тылында», «Жау тылындағы бала», «Жас партизандар», «Днепрде», «Ажал аузында», «Сол бір жылдарда», «Бейбіт күнгі кездесулер», «Балдай тәтті балалық шақ» т.с.с. партизандардың жорық шежіресіне арналған алғашқы кітаптары, таңдамалы шығармалар жинағы, естелік-әңгімелері жарық көрді.

Бұл кезең Қасым Қайсеновтің өз көзімен көрген соғыс ақиқатын оқырманға жеткізуге талаптану, іздену, шығармашылықпен тұтастай айналысуға қанаттану кезеңі болды.

Екінші кезең 1981-1991 жылдар аралығы. Қаламгердің «Днепр жағасындағы шайқас», «Ерлік еліңді сүйоден басталады», «Майдангерлер», «Партизан бауырлар ортасында», «Туысқан Чехославакия жерінде», «Ағалар туралы аңыз», «Баукеңді іздеп», «Соғыстан соң» секілді көркем-публицистикалық мақалаларымен қатар орыс тілінде «Партизанские тропы» және «Страна моего детства» кітаптары жарық көрді. Қаламгер осы кезеңде партизандар өмірі мен ерлігі туралы кітап бетіне түспей қалған ой-толғамдарын әр түрлі мерзімді басылымдарда жариялай бастады. Осы тұсты біз қаламгердің публицистикалық шеберлігінің қалыптасу, даму кезеңі деп айтуға болады.

Үшінші кезең 1992-2006 жылдар аралығы қаламгердің өзіндік жазу стилі қалыптасып, шығармашылық кемелдену кезеңі болды. Осы уақыт аралығында қаламгердің «Ағалар туралы аңыз» естелік-әңгімелер жинағы, «Елімнің ертеңіне сенемін» атты ой-толғамдарының жинағы мен «Естеліктер мен жазбалары» құрастырылып шығарылды.

Қасым Қайсенов ел тәуелсіздігін алған тұста қаламынан қол үзбей жалынды публицист ретінде жарқырап көзге түсті. Шығармашылығының

алғашқы кездерінде соғыс ақиқаты, партизандардың жорық шежіресі, ерлердің батырлығы мен отансүйгіштігі тақырыбын жеткізе жазуға күш салды. Қоғам заңдылықтарына мойынсұна отырып, егеменді ел мәртебесін асқақтатуға көп күш жұмсады.

Әр публицистің өзіндік қолтаңбасы болуы керек деген қағидаға сүйенсек, Қасым публицистикасына тән мынадай ерекшеліктерді атауға болады:

- қаламгердің әскери публицистикасына партизандар шежіресінің шындығы арқау болған;

- публицистің назарынан қоғамдағы кез-келген жағдай тыс қалған жоқ;

- публицист шығармашылығының маңызы қоғамдық пікір туғызумен, оқырманның дәуір үніне сай рухани қажетін қанағаттандырумен, заман тынысына жедел үн қосып отыруымен айқындалады;

- көсемсөзшінің проблема қоя білу және оны талдап жеткізу шеберлігі.

Қаламгер мақалаларында мәселенің қоғамдық-саяси, әлеуметтік, мәдени астары күн тәртібіндегі маңыздылығымен астасып жатыр.

Қасымның шығармашылық даралығы оның азаматтық дүниетанымынан және бүгінгі күн талабын терең сезінуінен туындап жатады.

Қаламгердің пайым-парасатынан заман тынысын, қоғамның маңызды мәселелерін, азамат тұлғасын тани білген ерекше қасиеті дараланып көрініп отырады.

Қазіргі қазақ публицистикасындағы жанрлық, стилистикалық, композициялық, архитектуралық сан алуандылық қазақ публицистерінің көп жылғы ізденістерінің нәтижесі болып табылады. Бұл ізденістерден Қ. Қайсенов те тыс қалған жоқ. Қаламгер журналистикадағы түр мен мазмұнның өзара тығыз байланыстылығын жете сезіне отырып, көптеген публицистикалық формаларды қолданды. Қ. Қайсенов әсіресе мақала, очерк, естелік жанрларында көсілте жазды. Ал өз шығармашылығында публицистік және проблемалық мақалалар белгілерінің басын қоса отырып, публицистикалық-проблемалық мақаланың өзгеше түрін қалыптастырды. Бұл ретте оның композициялық шеберлігін жүйелі түрде берілуін ерекше атауға болады. Қ. Қайсенов баяндау-түсіндіру, суреттеу-түсіндіру, суреттеу-баяндау секілді аралас тәсілді пайдаланды.

Сөз жоқ, Кеңестер одағы дәуірінде қаламгер шығармашылығына тоталитарлық жүйенің идеологиялық ықпалы болғаны рас. Десек те, Қ. Қайсенов публицистикасындағы басты ерекшеліктердің бірі – қаламгерлік дүниетанымының коммунистік идеалдар бетпердесінің астында қалып қоймауы, ол әрқашан шындық пен өтіріктің, мейірімділік пен қатыгездіктің аражігін айырып ұғынуға, бюрократтық жүйенің кемшіліктерін танып-білуге ұмтылған жан. Сондықтан қолына алғаш қалам ұстаған кезден бастап – ақ пікір-көзқарасы дұрыс, ойы ашық қаламгердің әр сөзін нықтап, діттеп айтуға сабақ болды.

Қасым Қайсеновтің публицистік қызметінің қалыптасуы мен дамуында бірқатар объективті және субъективті факторлармен айқындалды. Әсіресе, оның публицистік сөзге, ел егеменділігіне, халықтық салт-сана мен әдебиет пен өнерге, тіл мен дінге деген сүйіспеншіліктен туған табиғи сезімталдығын ерекше атап өткен жөн.

Оның публицистік қызметінің қалыптасуына, сондай-ақ, қоғамдық қатынастардың демократиялануы мен ізгілікке ұмтылуы сипатымен ерекшеленген 90 жылдардағы тарихи жағдайлар да игі әсер етті.

Қ. Қайсенов публицистикасы соғыстан кейінгі жылдары жазылса да, соғыстың ызғарлы үнін, яғни ақиқатын жеткізеді.

Қ. Қайсенов тарихи нақты жорық жолдарын, маңызды тарихи оқиғаларды жазды.

Қасым Қайсенов публицистикасының кейіпкерлері – өмірде болған батыр партизандар. Оның шығармаларында бір әңгіме, я повесте аталған адамдар екінші бір әңгіме, я повесте, очерктерінде кездесіп отырады. Олар партизан құрамасының командирі И.В. Примак пен комиссары Е.Д. Ломако, партизан отрядының командирі Н.М. Попов пен взвод командирі С.Г. Власенко, ерлі - зайыпты Абраменколар т.б. Қаламгердің «Соғыстан кейінгі кездесулеріндегі» өз кейіпкерлерімен жүздесуі, олардың ерліктері жайлы сыр шертуі олардың нақты өмірде болған адамдар екенінің дәлелі.

Қ. Қайсенов жазбаларында жер-су, қала-село, орман аттары нақты аталады.

Қ. Қайсенов халықтар достығын паш етеді. Әскери публицистика сарынындағы жазбалар арқылы бейбітшілік тірегі – халықтар бірлігі екендігін жеткізеді. Сондай-ақ Украина халқының ұлттық қасиеті, ерлік тұлғасы, достық сезімдері ерекше аталады.

Қасым Қайсенов публицистикасы арқылы біз соғыс жылдарындағы партизан қозғалысының қызметімен жете танысамыз. Сондай-ақ, әр түрлі ұлт өкілдерінің рухани татулығы, азаматтық ерлігі мен шексіз патриотизміне куә боламыз. Мұның өзі академик Зейнолла Қабдоловтың: «Қасымды мақтаудың керегі жоқ. Қасыммен мақтану керек. Қасым еткен ерлігі, қаһармандығы. Оған ешкімнің таласы жоқ» [14, 4 б.], – деген пікірі айғақтайды.

Монографияда қаламгердің шығармашылық жолында ұстанған азаматтық позициясы адалдық, тазалық болатын болса, публицистикалық туындыларында оның қалай көрініс тапқандығы нақты мысалдар арқылы көрсетілді. Сонымен қатар ақпаратты жинау мен жария ету, оқырманның оны қабылдау үрдісіндегі қаламгердің болмыстағы дерек пен оқиғаны бейнелеу шеберлігі барынша талданды. Публицистикасындағы мәселені көтеру мен оны шешу жолдарын көрсетудегі қаламгердің байқампаздығы мен алғырлығын Қ. Қайсенов туындыларынан айқын көруге болады.

Қаламгер әрі қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаевтың: «Партизан Қасым Қайсенов майданда да, әдебиетте де, Отан алдындағы, шындық алдындағы,

ұрпақ алдындағы, халық алдындағы борышын адал ұғынып, ақаусыз атқарып келеді. Оның өмірін, ерлігін, азаматтығын, кісілігін неғұрлым көп біле түссек, соғұрлым бүгінгі ұрпақ басына тағдыр силаған бақ пен мойнына тарих артып отырған қарызы қапысыз қаныға түседі. Ел тілегін тілеген Ер Азамат ғана осындай мерейге жете алады» [14, 3-6 бб.],- деген пікірі де дәлел болады.

Қ. Қайсеновтің публицистикасын жан-жақты сөз ете отырып, төмендегідей ерекшеліктер анықталды:

Біріншіден, Қасым Қайсенов дәуір үнін шынайы түрде жеткізе білетін қаламгер. Өзі соғыста басынан өткерген соғыс ақиқатын оқырманға қаз-қалпында жеткізуге тырысты. Қалам қайраткерінің әскери публицистикасы нақты өмірден алынған деректердің нәтижесінде автордың өз атынан жазылатынымен, болған оқиға мен құбылысқа өзіндік көзқарасын білдіруімен де құнды.

Екіншіден, қаламгер заман көрінісін, уақыт ағымын бағдарлап, өзіндік ой-пікір айтып, қоғамдық пікір қалыптастыруға ықпал еткен. Бұл орайда қалам қайраткерінің алдын-ала болжағыштық, баға берушілік, талдай білушілік қасиеттерін айтсақ та жеткілікті. Ал, мұндай қасиеттер жас тілшілерге үлгі болары сөзсіз.

Үшіншіден, қаламгер әлеуметтік, қоғамдық-саяси жағдайларды талдап жаза білген. Шығармаларында ел тәуелсіздігін нығайту, тарихи шындықты әділ таразылау, мемлекеттік тілдің беделін арттыру, ұлтараздықты болдырмау, отаншылдық, патриоттық тәрбиені қалыптастыру тағы басқа да маңызды мәселелерге қатысты ойларын шебер жеткізе білді. Қоғамдағы болған оқиға мен құбылысқа публицист ретінде өзіндік көзқарасын, идеясын үнемі жариялап отырған Қ. Қайсеновтің шығармашылығынан үйренеріміз мол.

Төртіншіден, соғыс ақиқатын әскери публицистикасы арқылы көрсетіп, Ұлы Отан соғысындағы партизандар ерлігін әр түрлі әдіс-тәсілдермен беруге шебер. Қазақ әскери публицистикасын дамытудағы қаламгер қолтаңбасының ерекше иірімдері жайлы сөз етілді.

Бесіншіден, Қ. Қайсенов көркем-публицистикалық шығармаларындағы образ жасау, метафора, теңеу секілді көркемдік әдіс-тәсілдерді ұтымды пайдалана білген. Бұл қалам қайраткерінің ерекше қолтаңбасын көрсетеді.

Қ. Қайсенов публицистикасының көркем құралдарды жанрлық, композициялық, тілдік, стильдік ерекшеліктерді ашуға жан-жақты талпыныс жасалды. Көркем-публицистикалық шығармаларын сюжеттік-композициялық тұрғыдан танып, монолог, пейзаж, психологизм сияқты әдебиет құралдарды қолдануы нақтылы шығармаларды талдау негізінде дәлелденді.

Батырлықтың, қайсарлықтың қайнар көздерін публицист Қасым Қайсенов ұлттық дәстүрлерден табатыны, егемендік пен тәуелсіздікті

бәрінен де жоғары қоятын халық өмірінің терең қатпарлардан іздеп табатыны зерделенді.

Қасым Қайсенов өмір шындығын көркемдік шындықпен сабақтастырып, деректі әдебиеттің шын үлгісін танытты. Публицистің болмыс құбылысты бейнелеуде тарихи оқиғаларға баға беруі мен өзіндік пікір білдіруінде қазіргі қазақ әдебиеті мен журналистикасының тарихына қажетті нақты мәліметтер айқындалады.

Қ. Қайсенов - екі ғасырдың куәгері. Қаламгер өзі өмір сүрген ортаның, қоғамның көкейкесті мәселелерін, көзі шалған кемшіліктерді дер кезінде жаза білу шығармашылық ғұмырының барлық кезеңін қамтиды.

Қасым Қайсенов қаламгерлікке деген шынайы сүйіспеншілігін көрсете білді. Өмірінің соңына дейін мерзімді баспасөзден қол үзбеген қаламгер ел мұратын қадірлей білуді жас ұрпаққа үлкен жауапкершілікпен паш етті.

Әрине, біз өз жұмысымызда Қасым Қайсенов шығармашылық мұрасын толық түбегейлі зерттедік дей алмаймыз. Ол алдағы уақыт міндеті. Сондықтан да қалам қайраткері Қасым Қайсенов шығармалары болашақта да зерттеу нысаны бола беретіні шындық.

Түйіндей айтқанда, Қ. Қайсенов соғыстан кейінгі жылдары қазақ әскери публицистикасының дамуына ерекше үлес қосқан қаламгер екені жоғарыда айтылды. Осы соғыстан кейінгі жылдардағы майдангер қаламгерлердің еңбектері толығымен әлі күнге зерттелмеген. Бұл дегеніміз бүгінгі ұрпақ кешегі сұрапыл соғыста жаумен алысып, елге оралғаннан кейін өзі куә болған соғыс ақиқатын сол қалпында жеткізуге тырысқан қаламгерлердің еңбегінен бейхабар. Зерттеу барысында түйгеніміз, қазақ әскери публицистикасының қалыптасуы мен дамуына атсалысқан қаламгерлер еңбегі мен олардың егеменді ел жастарын отаншылдыққа, патриоттыққа тәрбиелеудегі рөлі мектеп және жоғары оқу орындарының оқулықтарына енгізілуі қажет.

Екіншіден, жоғары оқу орындарындағы журналистика факультеттеріне әскери публицистика тақырыбы пән ретінде жүргізілгені абзал. Себебі, әскери тақырыпта жете жаза білетін маман даярлау бүгінгі күн талабы.

Қасым Қайсенов публицистикасы жас қаламгерлер үлгі-өнеге аларлық шеберлік мектебі. Қаламгердің публицистикалық мұрасы ұрпақтан ұрпаққа танылып, шынайы суреткерлік деңгейге жетуге тұрарлық мол қазына.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қайсенов Қ. Естеліктер мен жазбалар. – Алматы: Атамұра, 2002. – 303 б.
2. Жақып Б. Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары. – Алматы: Білім, 2004. – 367 б.
3. Публицистика периода Великой Отечественной войны и первых послевоенных лет. – М.: Советская Россия, 1985. – С. 285.
4. Отан үшін // Солтүстік Батыс майданының Қызыл әскер газеті. – 1942. – 24 октябрь.
5. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.
6. Момышұлы Б. Әдебиет және әскери өмір // Қазақ әдебиеті. – 1964. – 31 июль.
7. Қайсенов Қ. Партизан. – Алматы: Жазушы, 1997. – 203 б.
8. Алексеенко Г.Д. Таулар арасындағы алау оттар. – М., 1978. – 320 б.
9. Гречко А.А. Через Карпаты. – М., 1972. – 267 с.
10. Лавриненков В.В. Возвращение в небо. – М.: Воениздат, 1983. – 240 с.
11. Уткин Г.М. Штурм «Восточного вала». Освобождение Левобережной Украины и форсирование Днепра. – М.: Воениздат, 1967. – 148 б.
12. Тканко А.В. Третий десант. – М.: Воениздат, 1967. – 245 б.
13. Сланов Ғ. Алтай баласы. – Алматы: Жазушы, 1980. – 165 б.
14. Кекілбаев Ә. Ерліктің ерен тұлғасы // Кітапта: Партизан Қасым Қайсенов. – Алматы: Жазушы, 1997. – 3-6 бб.
15. Шәріпов Ә. Жалын кешкен жазушы // Кітапта: Партизан Қасым Қайсенов. – Алматы: Жазушы, 1997. – 23-27 бб.
16. Әлімбаев М. Хас батыр Қасым Қайсенов // Кітапта: Партизан Қасым Қайсенов. – Алматы: Жазушы, 1997. – 35 б.
17. Тоқаев К. Арнаулы тапсырма. – Алматы: Жазушы, 1988. – 389 б.
18. Жиенбаев С. Аға туралы сөз // Кітапта: Партизан Қасым Қайсенов. – Алматы: Жазушы, 1997. – 84-88 бб.
19. Вишневский В. Готовность нашей литературы к защите Родины // Знамя. – 1933. – №10. – С. 18.
20. Ыдырысов Р. Отты жылдар шежіресі. – Алматы: Жазушы, 1979. – 210 б.
21. Момышұлы Б. Қанмен жазылған кітап // Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 2000. – 1 т. – 480 б.
22. Қайсенов Қ. Жау тылында. – Алматы: Санат, 2005. – 128 б.
23. Нұрғалиев Р. Арқау // Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1991. – 2 т. – 576 б.
24. Кривицкий А. Москва түбіндегі қарауыл / Ауд.: Қ. Әбілдаев. – Алматы: Жазушы, 1972. – 200 б.
25. Әуезов М. Өмір мен шығарма // Шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 18 т. – 448 б.
26. Қаратаев М. Эпостан – эпопеяға. – Алматы: Жазушы, 1969. – 444 б.
27. Қайсенов Қ. Партизан соқпақтары. – Алматы: Жазушы, 1978. – 450 б.

28. Ілиясов Н. Жауынгер жолы. – Алматы: Қазақстан, 1988. – 200 б.
29. Қайсенов Қ. Ағалар туралы аңыз. – Алматы: Балауса, 1992. – 139 б.
30. Қайсенов Қ. Ұмытылмас жылдар еді // Коммунизм таңы. – 1977. – 13 қазан.
31. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы // Ақиқат. – 2007. – №2. – 6-9 бб.
32. Қайсенов Қ. Переяслав партизандары. – Алматы: Жазушы, 1955. – 5 б.
33. Қыдырханов У. Батыр партизан // Социалистік Қазақстан. – 1985. – 20 апрель.
34. Қайсенов Қ. Естеліктер мен жазбалар. – Алматы: Атамұра, 2002. – 303 б.
35. Қожакеев Т. Жас тілшілер серігі. – Алматы: Рауан, 1961. – 224 б.
36. Қайсенов Қ. Таңдамалы // Шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1967. – 450 б.
37. Қайсенов Қ. Ағалар туралы аңыз. // Лениншіл жас. – 1988. – 4 қазан.
38. Қайсенов Қ. Жас партизандар. – Алматы: Жалын, 1980. – 253 б.
39. Жақсыбаев А. Қайтпас қайсар. – Алматы: Фолиант, 2002. – 303 б.
40. Қайсенов Қ. Ардагерлер әңгімесі // Лениншіл жас. – 1985. – 20 июль.
41. Васинкин А. Героические годы. Жанр военного романа в литературах народов Поволжья. – М.: Марийское книжное издательство, 1987. – 128 с.
42. Момышұлы Б. Әдебиет және әскери өмір // Қазақ әдебиеті. – 1964. – 31 июль.
43. Момышұлы Б. Москва үшін шайқас. – Алматы: Жазушы, 1976. – 241 б.
44. Амандосов Т. Совет журналистикасының теориясы мен практикасы. – Алматы: Мектеп, 1978. – 273 б.
45. Дәдебаев Ж. Қазіргі қазақ әдебиеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 311 б.
46. Амандосов Т.С. Публицистика – дәуір үні. – Алматы: Мектеп, 1968. – 43 б.
47. Сақ Қ. Ұлттық сана ұйытқысы. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 183 б.
48. Бердібаев Р. Биік парыз. – Алматы: Жазушы, 1980. – 238 б.
49. Әдебиет және искусство журналы. – 1954. – 82 б.
50. Ыдырысов Т. Шеберлік бастауы. – Алматы: Мектеп, 1984. – 71 б.
51. Белинский В.Г. Избранное. // Собр. соч. – М., 1948. – 1 т. – С. 804.
52. Прохоров Е.П. Искусство публицистики. – М.: Советский писатель, 1984. – С. 289.
53. Доскенов Ғ. Көсем сөз: Әдебиеттану терминдер сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 197 б.
54. Жирмунский В.М. Теория литературы. Поэтика. Стилистика. – Л.: Наука, 1977. – С. 15.
55. Виноградов В.В. Стилистика. Теория поэтической речи. Поэтика. – М.: Изд. АН СССР, 1963. – С. 184.
56. Сарсенбаев А. Новое информационное пространство Республики Казахстан, проблемы и перспективы. – Алматы: Ақыл кітабы, 1998. – С. 43.

57. Қайсенов Қ. Ой тоқырауынан сақтанайық // Қазақ әдебиеті. – 1993. – 29 қазан.
58. Нұрлыбаев Б. Ұлы Жеңіс кімдікі? // Ана тілі. – 2002. – 10 ақпан.
59. Қайсенов Қ. Елімнің ертеңіне сенемін. – Алматы: ҚазАқпарат, 2004. – 282 б.
60. Смайылов К. Оянған ойлар. – Алматы: Жалын, 1991. – 200 б.
61. Прохоров Е.П. Публицистика и действительность. – М.: Изд. МГУ, 1973. – С. 275.
62. Қожакеев Т. Сатира негіздері. – Алматы: Санат, 1996. – 464 б.
63. Веселовский В. Поэтика публицистики // Журналист. – 1997. – №6. – С.5.
64. Қайсенов Қ. Жер анамызды сатамыз ба? // Қазақ әдебиеті. – 1993. – 12 ақпан.
65. Қайсенов Қ. Ой тоқырауынан сақтанайық // Қазақ әдебиеті. – 1993. – 29 қазан.
66. Қайсенов Қ. Жариялылық қайшылықтары // Халық кеңесі. – 1991. – 4 маусым.
67. Қайсенов Қ. Ақпарат ашаршылығынан кім құтқарады? // Халық кеңесі. – 1992. – 20 ақпан.
68. Солганик Г.Я. Публицистика как искусство слова // Поэтика публицистики. – М.: Изд. МГУ, 1990. – С. 9.
69. Майтанов Б. Қаһарманның рухани әлемі. – Алматы: Жазушы, 1987. – 4 б.
70. Хэмингуэй Э. // Избранное произведения: в 2-х т. – М.: Гослитиздат, 1959. – Т. 1 – С. 188.
71. Страхов И.В. Психологический анализ в литературном творчестве. – Саратов: Саратовский Госпединститут, 1973. – С. 4.
72. Лихачев Д.С. Внутренний мир художественного произведения // Вопросы литературы. – 1968. – №8. – С. 77.
73. Карлова Т.С. Вопросы психологического анализа и исследования Л.Н.Толстого. – Казань: Изд. Казанского унив-та, 1959. – С. 68.
74. Мотылева Т. Внутренний монолог и «поток сознания» // Вопросы литературы. – 1966. – №1. – С. 181.
75. Тагер Е.Б. Жанр литературного портрета в творчестве Горького // О художественном мастерстве М. Горького. – М., 1960. – С. 376.
76. Майтанов Б. Көркемдік нәрі. Романдағы психологизм арналары. – Алматы: Жазушы, 1983. – 184 б.
77. Веселовский А. Историческая поэтика. – Л.: Гослитиздат, 1940. – С. 144.
78. Нұрғалиев Р. Телағыс. – Алматы: Жазушы, 1986. – 172 б.
79. Бочаров А. Круги художественного конфликта // Вопросы литературы. – 1974. – № 5. – С. 41.
80. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Мектеп, 1969. – 123 б.
81. Қайсенов Қ. Болашағым-боталарым // Дала дидары. – 1991. – 9-15 мамыр.
82. Елеуқенов Ш. Адамның ішкі сырын ойлап білген // Жұлдыз. – 1975. – №11. – 183 б.

83. Здоровега В. Индивидуальный стиль публициста: Искусство публицистики. – Алма-Ата: Казахстан, 1968. – С. 206.
84. Аграновский А. Своего дела мастер. – М., 1980. – С. 145.
85. Сыздықова Р. 18-ХІХ ғғ. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Мектеп, 1984. – 174 б.
86. Смирнов С. Факт и публицистика (заметки и размышления) // О публицистике и публицистах. – Л.: Изд. ЛГУ, 1964. – Вып. I. – С. 4.
87. Пельт В.Д. Жанры советской газеты // Теория и практика советской журналистики. – М.: Изд. МГУ, 1987. – С. 5.
88. Удодов Б. Проблема жанровой специфики художественного очерка // Вопросы истории, теории и практики местной печати. – Воронеж: Изд. Воронежского унив-та, 1969. – С. 25-26.
89. Пельт В.Д. Факт – документальная основа журналистики // Журналистское мастерство. – М., 1977. – С. 120.
90. Рубинов А.З. Операции без секретов. – М., 1980. – С. 24.
91. Здоровега В. Слово тоже есть дело. – М.: Мысль, 1979. – С. 151.
92. Ученова В.В. Гносеологические проблемы публицистики. – М.: Изд. МГУ, 1971. – С. 136-137.
93. Литвинов В.М. Мир глазами публициста. – М., 1967. – С. 3.
94. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1985. – 8-т. – 555 б.
95. Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. – Алматы: Мектеп, 1970. – 174 б.
96. Смайылов К. Өмірдің өзімен өлшесек. – Алматы: Жазушы, 1983. – 16 б.
97. Петрова Н.В. Вводный абзац как начало художественного текста // Проблемы лингвистического анализа текста. – Иркутск, 1982. – С. 60.
98. Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. – М., 1981. – С. 21.
99. Устина Н.В. О функциональной направленности субстантивных повторов в семантической структуре целого текста // Лингвистика текста. – Пятигорск, 1993. – С. 154.
100. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Жазушы, 1991. – 107 б.
101. Малинович Ю.М. Экспрессия и синтаксис художественного текста: Проблемы лингвистического анализа текста. – Иркутск, 1982. – С. 60.
102. Язык и стиль средств массовой информации и пропаганды. – М.: Изд. МГУ, 1980. – С. 27.
103. Бердібаев Р. Қазақ тарихи романы. – Алматы: Ғылым, 1979. – 133 б.
104. Омашұлы Н. Жол үстінде – журналист. – Алматы: Атамұра, 1999. – 168б.

ҚОСЫМША

Қ.Қайсеновтің публицистикалық шығармаларының тізімі

1. Мақалалары, корреспонденциялары, рецензиялары, хаттары:

1. Қауіпті тапсырма // Жұлдыз. – 1959. – №2. – 92-98 б.
2. Көк орманда // Социалистік Қазақстан. – 1959. – 25 февраль.
3. Партизанский подарок // Казахстанская правда. – 1959. – 22 ноябрь.
4. Кітап тарату – құрметті іс // Социалистік Қазақстан. – 1959. – 17 декабрь.
5. Ұлы ғалым // Білім және еңбек. – 1960. – №2. – 29 б.
6. Ер туралы естелік // Социалистік Қазақстан. – 1960. – 3 март.
7. Барлаушылар // Қазақ әдебиеті. – 1961. – 19 май.
8. Түн қатады партизан // Социалистік Қазақстан. – 1961. – 17 июнь.
9. Мальчик в тылу врага // Ленинская смена. – 1961. – 13 август.
10. Түн қатып жүріп, түс қатпай... // Мәдениет және тұрмыс. – 1963. – № 2. – 4-5 б.
11. Один // Ленинская смена. – 1963. – 16, 19-20 февраль.
12. Ажал аузынан // Лениншіл жас. – 1963. – 31 октябрь.
13. На земле Тараса // Казахстанская правда. – 1964. – 6 марта.
14. Письмо из моего архива. (О партизанах Великой Отечественной войны). // Казахстанская правда. – 1964. – 23 апрель.
15. Өткел // Жұлдыз. – 1964. – №9. – 122-124 б.
16. Партизанскою тропой // Простор. – 1965. – №2. – С. 36-43.
17. Далекое близкое // Казахстанская правда. – 1965. – 16 апрель.
18. Егер қаныңыз тасыса... // Қазақ әдебиеті. – 1965. – 15 ноябрь.
19. Ол майданда қаза болған еді... // Қазақ әдебиеті. – 1966. – 21 январь.
20. Байұзақ партизан // Лениншіл жас. – 1966. – 27 январь.
21. Алғашқы айларда // Жұлдыз. – 1966. – №6. – 79-89 бб.
22. Украинада таныстық // Лениншіл жас. – 1966. – 2 сентябрь.
23. О друзьях – товарищах // Казахстанская правда. – 1966. – 23 сентябрь.
24. Ұшқыш Лавриненков // Лениншіл жас. – 1966. – 12 ноябрь.
25. Туыстар ортасында // Социалистік Қазақстан. – 1967. – 7 декабрь.
26. Құтты қадам // Лениншіл жас. – 1969. – 31 январь.
27. Страна орлиных крыльев // Под знаменем Ленинизма. – 1972. – №6. – С. 23-24.
28. Бала тағдыры // Лениншіл жас. – 1972. – 10 августа.
29. Алшыңнан тұр да, жүзге жет! // Қазақ әдебиеті. – 1972. – 15 сентябрь.
30. Мой побратимы // Простор. – 1972. – №12. – С. 54-57.
31. Шайқастарда шыңдалған // Қазақ әдебиеті. – 1972. – 29 декабрь.
32. Ағаның алды - ақ жайлау // Қазақ әдебиеті. – 1974. – 4 октябрь.
33. Ұмытылмас сол күндер // Лениншіл жас. – 1974. – 17 октябрь.
34. На героической земле // Казахстанская правда. – 1975. – 8 апрель.

35. Спустя тридцать лет // Простор. – 1975. – №4. – С. 86-89.
36. Отыз жылдан соң // Жұлдыз. – 1975. – №5. – 195-202 б.
37. Жауынгерлік даңқ. Музей қажет // Социалистік Қазақстан. – 1976. – 8 июль.
38. Жарқын жол // Қазақ әдебиеті. – 1977. – 25 март.
39. Ұмытылмас күндер // Қазақ әдебиеті. – 1977. – 13 май.
40. Ұмытылмас жылдар еді // Коммунизм таңы. – 1977. – 13 октябрь.
41. Отыз жылдан соң // Жалын. – 1978. – №3. – 115-124 б.
42. Ерлік - Отанды шексіз сүю деген сөз // Пионер. – 1980. – №5. – 16-17 б.
43. Ұмытылмас күндер // Білім және еңбек. – 1980. – №6. – 11-12 б.
44. Той тойға ұлассын // Социалистік Қазақстан. – 1981. – 4 августа.
45. Страна моего детства // Простор. – 1981. – №8. – С. 94-136.
46. Ашық аспан астындағы музей // Лениншіл жас. – 1984. – 1 февраль.
47. Днепр жағасындағы шайқас // Коммунизм туы. – 1984. – 27-28 март.
48. Партизан бауырлар ортасында // Қазақстан коммунисті. – 1984. – №4. – С. 25-27.
49. Живым останется смелый // Казахстанская правда. – 1984. – 4 мая.
50. Сол күндерден бір елес // Социалистік Қазақстан. – 1984. – 18 ноябрь.
51. Ұлы Жеңіске 40 жыл // Жалын. – 1985. – №2. – 5-6 б.
52. Та днепровская переправа // Простор. – 1985. – №5. – С. 42-46.
53. Ерлік еліңді сүюден басталады. // Пионер. – 1985. – №5. – 11-13 бет.
54. Ардагерлер әңгімесі // Лениншіл жас. – 1985. – 20 июль.
55. Баукеңді іздеп // Қазақ әдебиеті. – 1986. – 4 март.
56. Майдангерлер // Коммунизм туы. – 1986. – 8 сентябрь.
57. Туысқан Чехославакия жерінде // Коммунизм туы. – 1986. – 10 сентябрь.
58. Солдат әңгімесі // Қазақ әдебиеті. – 1986. – 14 ноябрь.
59. Мұхаң – Киевте // Қазақ әдебиеті. – 1987. – 27 февраль.
60. Легендарный партизан // Вечерняя Алма-Ата. – 1987. – 25 мая.
61. Ғабанның аулында // Қазақ әдебиеті. – 1987. – 11 сентябрь.
62. Үш жанрда қалам тартқан // Қазақ әдебиеті. – 1987. – 8 декабрь.
63. Ғабдол аға // Қазақ әдебиеті. – 1988. – 1 апрель.
64. Жол үстіндегі адам // Лениншіл жас. – 1988. – 26 апрель.
65. Партизан айтқан тілек // Өркен. – 1988. – 7 май.
66. Ұлы ақынның жерінде // Қазақ әдебиеті. – 1988. – 9 сентябрь.
67. Туысымдай көремін өздерінді // Социалистік Қазақстан. – 1989. – 3 сентябрь.
68. Ағалар туралы аңыз // Лениншіл жас. – 1988. – 4 октябрь.
69. Ақын ағаға // Қызыл ту. – 1988. – 19 ноябрь.
70. Соғыстан соң // Жұлдыз. – 1989. – №8. – 21-23 бб.
71. Бақыт тілеп еді // Қазақ әдебиеті. – 1989. – 8 сентябрь.
72. Естеліктер // Коммунизм туы. – 1990. – 17 қаңтар.
73. Отанның хас батыры // Коммунизм туы. – 1990. – 17 қаңтар
74. Уақыт күтпейді // Қазақстан коммунисті. – 1990. – № 4. – 17-19 бб.

75. Тiрiде қадiрiмiз болмаса, өлген соң жебеген кiмге керек // Өркен. – 1990. – 5 мамыр.
76. Келеңсiз шешiмдер қайталанбасын // Қазақ әдебиетi. – 1990. – 11 мамыр.
77. Мемлекет реприсяссыз бола ма? // Өркен. – 1990. – 13 қазан.
78. Аруақтарға тiл тигiзе бермейiк // Дидар. – 1991. – 9 мамыр.
79. Болашағым – боталарым // Дала дидары. – 1991. – 9-15 май.
80. Аттас аға // Қазақ әдебиетi. – 1991. – 24 мамыр.
81. Майдангер әңгiмесi. // Лениншiл жас. – 1991. 11 маусым.
82. Асылды ардақтау парыз // Дидар. – 1991. – 12 қыркүйек.
83. Елдi қорғау – ердiң iсi // Қазақ әдебиетi. – 1992. – 17 қаңтар.
84. Тағдыр батырды да аямайды // Ақ орда. – 1992. – № 2. – 47-51 бб.
85. Бауыржан Момышұлы аға үшiн егес // Жас қазақ. – 1992. – 14 ақпан.
86. Ақын ағалар // Көкшетау. – 1992. – 19 ақпан.
87. Майдангер һәм қаламгер // Дидар. – 1992. – 13 маусым.
88. Халқы сүйген ақын // Жас Алаш. – 1992. – 5 қыркүйек.
89. Үйренем дегенге бiздiң тiл қиын емес // Ана тiлi. – 1993. – 4 ақпан.
90. Аңыз – адам // Әлеуметтiк қорғау. – 1993. – №3. – 4-6 б.
91. Партизандар өмiрiнен үзiндi // Дидар. – 1993. – 6, 11 мамыр.
92. Пишу о том, что испытал и пережил // Рудный Алтай. – 1993. – 17 июля.
93. Ой тоқырауынан сақтанайық // Қазақ әдебиетi. – 1993. – 29 қазан
94. Ақындар сайысын айтсақ... // Қазақ әдебиетi. – 1994. – 21 қаңтар.
95. Көршiмiздiң көздегенi не? // Ана тiлi. – 1994. – 10 ақпан.
96. Жақсыдан шарапат // Егемен Қазақстан. – 1994. – 20 тамыз.
97. Өткенiмiзге қара күй жақпайық // Қазақ әдебиетi. – 1995. – 31 қаңтар.
98. Сұрапыл күндер // Жетiсу. – 1995. – 15 ақпан.
99. Пишу о том, что испытал и пережил // Казахстанская правда. – 1995. – 14 марта.
100. Ел намысы – ер намысы // Ақиқат. – 1995. – №5. 7-9 бб.
101. Ерлiктi қастерлегендер елдiгiн сақтайды қашанда // Егемен Қазақстан. – 1996. – 25 қаңтар.
102. Чешен Республикасындағы соғыс // Егемен Қазақстан. – 1996. – 7 наурыз.
103. Жамбыл ата // Қазақ әдебиетi. – 1996. – 20 тамыз.
104. “Қазақ әдебиетi” – мәдениет пен әдебиет тiрегi // Ақ жол. – 1996. – 6 қараша.
105. «Партизан» жанрдың жауынгерi // Қазақ әдебиетi. – 1996. – 7 желтоқсан.
106. Өзге емес өзiм айтам... // Егемен Қазақстан. – 1997. – 26-27 ақпан.
107. Тарас елiндегi табысу // Егемен Қазақстан. – 1997. – 29 сәуiр.
108. Жеңiс баршамызға ортақ // Қазақ әдебиетi. – 1997. – 6 мамыр.
109. Елбасы алдындағы ашық сөз // Егемен Қазақстан. – 1997. – 2 қыркүйек.
110. Ортақ мүддеден ойластырайық // Егемен Қазақстан. – 1997. – 18 қазан.
111. Арманда кеткен ақын // Сарыарқа самалы. – 1998. – 3 ақпан.
112. Өткенiме жоқ менiң өкiнерiм // Егемен Қазақстан. – 1998. – 24 сәуiр.
113. Қылыш пен құт // Алматы ақшамы. – 1998. – 22 сәуiр.

114. Намыс найзағайы // Жетісу. – 1998. – 1 мамыр.
115. 9 мамыр – Жеңіс күні // Ақ желкен. – 1998. – №5. 2 б.
116. Дүниеге келер әлі талай Қасым // Заң. – 1998. – 2 желтоқсан.
117. Қайран апам // Қазақ әдебиеті. – 1999. – 7 мамыр.
118. Кемел-кемел шағында еді // Қазақ әдебиеті. – 1999. – 3 желтоқсан.
119. Ертеңді ойласам, елге сүйеу болар ерді іздеймін // Қазақ әдебиеті. – 2000. – 12 қаңтар.
120. Қашанда өз халқымен бірге // Егемен Қазақстан. – 2000. – 12 қаңтар.
121. Солай да солай бұл тағдыр // Жұлдыз. – 2000. – №2. – 31-33 б.
122. Атырауда да адастым // Түркістан. – 2000. – 11 ақпан.
123. Дархан дарын иесі // Түркістан. – 2000. – 3-9 наурыз.
124. Ер қанаты – намыс // Жетісу. – 2000. – 14 наурыз.
125. Еске алу орынды // Жас алаш. – 2000. – 6 мамыр.
126. Жұмағали Саин // Түркістан. – 2000. – 5-11 мамыр.
127. Өткенге топырақ шашпаңыз // Түркістан. – 2000. – 5-11 мамыр.
128. Партизанды арқалаған жазушы // Қазақ әдебиеті. – 2000. – 12 мамыр.
129. Батырдың бастықтарды қалай үйреткені туралы // Ақ жол. – 2000. – 30 қыркүйек.
130. «Оралман» деген бір сөз бар... // Қазақ әдебиеті. – 2000. – 13 қазан.
131. Сағынам шын сағынам күндерімді // Қазақ әдебиеті. – 2000. – 29 желтоқсан.
132. Құлағымда қоңыр үн // Парасат. – 2001. – №9. – 20-21 бб.
133. Олар да бұл Қасымды бір байқасын... // Қазақ әдебиеті. – 2001. – 12 қазан.
134. Тарихи әділеттілік қажет. (Елбасына және ел зиялыларына ашық хат) // Ана тілі. – 2001. – 18 қаңтар.
135. Жасымда мен «тентек қара атандым» // Ұлан. – 2001. – 18 желтоқсан.
136. Абайлайық ағайын! // Ана тілі. – 2002. – 31 қаңтар.
137. Тыныштық бәрінен қымбат // Алматы ақшамы. – 2002. – 9 ақпан.
138. Мен балажан адаммын // Алматы ақшамы. – 2002. – 5 ақпан.
139. Жасымда жүйрік бала атандым // Ұлан. – 2002. – 9 ақпан.
140. Мен қатардағы көптің бірімін. // Спорт. – 2002. – 14 мамыр.
141. Ұзақ жыл сақталған хан суреті // Қазақ әдебиеті. – 2002. – 14 маусым.
142. Халықты мазақтағанды қойсақ қайтеді // Қазақ әдебиеті. – 2002. – 5 шілде.
143. Алыптардың ізін басқан // Қазақ әдебиеті. – 2002. – 5 шілде.
144. Есте қалған екі кездесу // Ұлан. – 2002. – 20 тамыз.
145. Қайран Ғабдол аға // Қазақ әдебиеті. – 2002. – 23 тамыз.
146. Соңғы содырлығымды кешкен аға // Қазақ әдебиеті. – 2002. – 25 қазан.
147. Жылдар бізбен жыр жазысты... // Қазақ әдебиеті. – 2003. – 10 қазан.
148. Азаматтықты қадірлей білетін басылым // Қазақ әдебиеті. – 2004. – 6 ақпан.
149. Қасиетті орынның қадірін біл! // Қазақ әдебиеті. – 2004. – 30 сәуір.
150. Ұлы баба басына тағзым еттік // Қазақ әдебиеті. – 2004. – 11 маусым.
151. Бұл жақсы ырым емес // Қазақ әдебиеті. – 2004. – 6 тамыз.

152. Космополиттер – биліктің барлық саласында // Жалын. – 2005. – № 1. – 5-7 б.
153. Партизан болу – өзінді ажалға айдаумен бірдей еді // Шекарашы. – 2005. – № 3. – 20-24 б.
154. Тағдыр батырды да аямайды // Алтын орда. – 2005. – 6-12 мамыр.
155. Олар бізді «жолдашы» деп кемсітіп күлетін // Алтын орда. – 2005. – 6 – 12 мамыр.
156. «Батыр – аңғал» деген осы // Ұлан. – 2005. – 10 мамыр.
157. Көкжас Барақ – тарихи тұлға болса да тасада қалып келеді // Қазақ әдебиеті. – 2005. – 9 қыркүйек.

2. Қ. Қайсеновтің жарық көрген кітаптары:

1. Юные партизаны. – М.: Воениздат, 1954. – 154 с.
2. Илько Витряк. – Алма-Ата: Қазмемкөркемәдеббасп., 1955. – 92 б.
3. Переяслав партизандары. – Алма-Ата: Қазмемкөркемәдеб. басп., 1956.–118 б.
4. Партизаны Переяслава. – Алма-Ата: Казгослитиздат, 1958. – 115 с.
5. Ажал аузында. – Алма-Ата: Қазмемкөркемәдеббасп., 1959. –126 б.
6. Жау тылында. – Алма-Ата: Қазмемкөркемәдеббасп., 1960. – 135 б.
7. Из когтей смерти. – Алма-Ата: Казгослитиздат, 1960. – 120 с.
8. Жау тылындағы бала. – Алма-Ата: Қазмемкөркемәдеббасп. 1960. 135 б.
9. Мальчик в тылу врага. – Алма-Ата: Казгослитиздат. 1961. – 108 с.
10. Из когтей смерти. – М.: Воениздат, 1962. – 160 с.
11. Днепрде. – Алма-Ата: Қазмемкөркемәдеббасп., 1963. – 84 б.
12. Партизанской тропой. – Алма-Ата: Жазушы, 1965. – 341 с.
13. Партизаны-казахстанцы. – Алма-Ата: Жазушы, 1965. – 227 с.
14. Жау тылында. – Алматы: Жазушы, 1967. – 512 б.
15. Партизанской тропой. – Алма-Ата: Жазушы, 1970. – 343 с.
16. Қоянсирақ. – Алматы: Жазушы, 1972. – 12 б.
17. Жау тылында. – Алматы: Жазушы, 1973. – 2-бас. – 495 б.
18. Сол бір жылдарда. – Алматы: Жазушы, 1975. – 112 б.
19. Жау тылында. – Алматы: Жалын, 1977. – 495 б.
20. Партизан соқпақтары. – Алматы: Жазушы, 1978. – 568 б.
21. Народные мстители. – Алма-Ата: Жалын, 1978. – 363 с.
22. Жас партизандар. – Алматы: Жалын, 1980. – 208 б.
23. Страна моего детства. – Алма-Ата: Жазушы, 1983. – 160 с.
24. Балдай тәтті балалық шақ. – Алма-Ата: Жазушы, 1983. – 145 б.
25. Партизанской тропой. – Алма-Ата: Жазушы, 1985. – 3-е изд. –359 с.
26. Таңдамалы: Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1987. – 526 б.
27. Дневники братство. – Алматы: Жазушы, 1989. – 260 с.
28. Сарғасқаев С., Қайсенов Қ. Повестер. – Алматы: Жалын, 1990. – 464 б.
29. Ағалар туралы аңыз. – Алматы: Балауса, 1992. – 140 б.

30. Бейбіт күнгі кездесулер. – Алматы: Жалын, 1990. – 464 б.
31. Естеліктер мен жазбалар. – Алматы: Атамұра, 2002. – 304 б.
32. Елімнің ертеңіне сенемін. – Алматы, 2004. – 282 б.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	4
1. ҚАСЫМ ҚАЙСЕНОВ ӘСКЕРИ ПУБЛИЦИСТИКАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	
1.1. Қ. ҚайсенOV әскери публицистикасы – партизандар жорығының шежіресі	6
1.2. Қ.ҚайсенOV көркем публицистикасындағы соғыс шындығы.....	31
2. ҚАСЫМ ҚАЙСЕНОВ ПУБЛИЦИСТИКАСЫНЫҢ ПОЭТИКАСЫ	
2.1. Қасым ҚайсенOV публицистикасының тақырыбы, проблемасы, идеясы, түрі	48
2.2. Қасым ҚайсенOV публицистикасының көркемдік сипаты, тілдік, стильдік ерекшеліктері	83
ҚОРЫТЫНДЫ.....	121
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР	127
ҚОСЫМША	
Қ. ҚайсенOVтің публицистикалық шығармаларының тізімі	
1. Мақалалары, корреспонденциялары, рецензиялары, хаттары.....	131



ISBN 978-625-93467-5-5



9 786259 346755